



**«Алматы қаласының  
2025 жылға дейінгі даму бағдарламасы және  
2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективалары»**

**Алматы, 2022**

<b>МАЗМҰНЫ</b>	
<b>КІРІСПЕ</b> .....	3
<b>ЖАҒАНДЫҚ ТРЕНДТЕР ЖӘНЕ МЕГАПОЛИСТЕРДІҢ ДАМУ ҚАҒИДАТТАРЫ</b> .....	11
<b>АЛМАТЫ ДАМУЫНЫҢ ҚАЗІРГІ СЫН-ҚАТЕРЛЕРІ ЖӘНЕ АЗАМАТТАР ҮШІН ӨЗЕКТІ ПРОБЛЕМАЛАР</b> .....	14
<b>АЛМАТЫНЫҢ БЕЙІМДЕЛГЕН ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕ НЕГІЗІНДЕГІ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ</b> .....	19
<b>АЛМАТЫ – ОРНЫҚТЫ ДАМУ ТРЕНДТЕРІ ЖӘНЕ 2030 ЖЫЛҒА ҚАРАЙҒЫ НЕГІЗГІ МАҚСАТТАР</b> .....	22
<b>I-Мақсат. ЖАЙЛЫ ҚАЛАЛЫҚ ОРТА</b> .....	24
1.1. Алматының полиорталықты дамуы .....	24
1.2. Дамыған қоғамдық көлік, полиорталықтар мен қала өзегінің көлік байланысы .....	45
1.3. ТКШ-ғы қызметтер сапасын жақсарту .....	59
<b>II-Мақсат. ОРНЫҚТЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМ</b> .....	71
2.1. Жоғары технологиялық және «таза» өндірістердің дамуы.....	73
2.2. Креативті индустриялардың дамуы.....	83
2.3. Туристік қызметтердің экспорты .....	91
<b>III-Мақсат. БАСҚАРЫЛАТЫН УРБАНДАЛУ</b> .....	102
3.1. Алматы агломерациясының шеңберінде қоғамдық көлікті интеграциялау .....	102
3.2. Агломерациядағы ҚТҚ жинау мен кәдеге жаратудың бірыңғай жүйесі .....	112
<b>IV-Мақсат. ӘЛЕУМЕТТІК ОРНЫҚТЫЛЫҚ ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫЛЫҚ</b> .....	123
4.1. Алматыда инклюзивті орта құру .....	123
4.2. Сапалы білім беру .....	136
4.3. Әрбір адамға қолжетімді және сапалы медициналық қызмет .....	160
4.4. Жастардың дамуы мен өз қабілетін іске асыруы үшін теңдей мүмкіндіктер жасау.....	170
4.5. Алматы – мәдени астана .....	181
4.6. Дене шынықтыру және спорт қалалықтардың салауатты өмір салтының негізгі құрамдас бөлігі	193
<b>V-Мақсат. ЖАСЫЛ АЛМАТЫ</b> .....	206
5.1. Алматы қаласындағы атмосфералық ауа сапасын жақсарту .....	206
5.2. Қолайлы қоршаған орта .....	214
<b>VI-Мақсат. АЛМАТЫ - СМАРТ СИТИ</b> .....	222
<b>VII-Мақсат. ҚАУІПСІЗ ҚАЛА</b> .....	233
7.1. Қала тұрғындарының қауіпсіздікке сенімділігі.....	233
7.2. Жол қауіпсіздігі .....	240
7.3. Қауіпсіз қала – төтенше жағдайларға дайындық .....	247
<b>ҚОРЫТЫНДЫ</b> .....	255
<b>МАҚСАТТЫ КӨРСЕТКІШТЕР (KPI)</b> .....	256
<b>ҚОСЫМШАЛАР</b> .....	257

## **КІРІСПЕ**

«Алматы қаласын дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасын және 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективаларын» (бұдан әрі – Даму бағдарламасы) әзірлеу кезінде – қолданыстағы **стратегиялық жоспарлар зерделенді**, қаланың тіршілік қызметінің барлық салаларындағы жағдайға **талдау жүргізілді**, тұрғындардың мыңдаған өтініштері **қаралды**. Нәтижесінде, әкімдік және сырттан тартылған сарапшылар негізгі мақсаттарды айқындады – бұл **жайлы қалалық орта құру және Алматының барлық аудандарында өмір сүру сапасын жақсарту**.

Құжат қала тұрғындары мен қонақтарының өмір сүруі, жұмыс істеуі, бос уақытын өткізуі үшін агломерациямен, тартымды әрі жайлы орынмен неғұрлым тиімді байланысты үйлесімді мегаполисті қалыптастыру үшін әлем қалаларының тәжірибесі мен практикасын ескере отырып Алматының даму **бағытын** белгілейді.

Құжаттың өзі сарапшылардың кәсіби пікірін, сондай-ақ қала тұрғындарының ұсыныстары мен өтініштерін ескере отырып, қаламыздың қысқа және орта мерзімді перспективаға арналған даму пайымын білдіреді.

Даму бағдарламасымен 5 ай бойы Алматы әкімдігінің қызметкерлері мен және **әртүрлі қызмет салаларында маманданған 130-дан астам сарапшы жұмыс істеді**.

Даму бағдарламасының негізгі басымдықтары осы жылдың шілде айында Алматы қаласы тұрғындарының арасында жалпы талқылаудан өтіп, оның барысында тұрғындар **1280 түсіндірме** жолдады және негізгі басымдықтарды мақұлдады, қолдау деңгейі **63%-ды** құрады.

Даму бағдарламасы Алматы әкімдігінің қала халқының, қоғамдық топтар мен қоғамдастықтардың өміріне әсер ету призмасы арқылы бастамаларды бағалай отырып, адамға бағытталған қағидатты ұстану ниеті мен негізгі тәсілін, сондай-ақ қала тұрғындарын қаланы басқару процестеріне белсенді тартуға бағытталғандығын көрсетеді.

## АЛҒЫС БІЛДІРУ

Алматы қаласының әкімдігі құжаттың жобасын талқылауға қатысқан қала тұрғындарына, сондай-ақ мәслихат депутаттарына, әртүрлі қызмет салаларының сарапшыларына Даму бағдарламасын әзірлеу барысына белсене қатысқаны үшін шынайы алғысын білдіреді:

1.	Айка Адеми	Креативті экономика және Impact Investment мәселелері жөніндегі сарапшы
2.	Ақанова Әсия	Қалалық мәслихаттың депутаты
3.	Алаев Вениамин	Қ. Иманалиев атындағы мүмкіндігі шектеулі адамдардың құқықтары жөніндегі комиссия төрағасы; Алматы қаласы әкімінің мүгедек адамдарды әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі кеңесшісі
4.	Анарбаева Бағдат	«Qamqor» волонтерлік ұйымының басшысы
5.	Апенко Сергей	«M-Line Property Management» ЖШС бас консультанты
6.	Арупов Акимжан	Әлемдік экономика және халықаралық қатынастар институтының директоры, Қазақстан ұйғырларының қалалық этномәдени орталығы төрағасының кеңесшісі
7.	Асаубаев Руслан	«Коркем телеком» ЖШС жетекшісі
8.	Асылбеков Даулет	«Форум МСБ» ЖШС бас талдаушы
9.	Аухинова Назия	Экология саласындағы сарапшы
10.	Ахметов Кайрат	ТОО «Коркем Телеком»
11.	Ахметсадықов Мират	«MOST Holding Ltd» компаниясының басқарушы серіктесі
12.	Ахтанов Ерлан	«Дома Дома» жобасының жетекшісі
13.	Әбдішүкіров Мұрат	Ауғанстандағы соғыстың және жергілікті әскери қақтығыстардың ардагерлері мен мүгедектерінің үйлестіру кеңесінің төрағасы
14.	Әйтенова Шолпан	Циклдық кедейлік мәселелерін зерттеу жөніндегі сарапшы
15.	Әлжанова Аида	Халықтың қоныстануы саласындағы сарапшы, стратегиялық даму жөніндегі маман
16.	Әбдірахманов Ринат	«Шымбұлақ» таулы курортының директоры
17.	Әбілова Әсел	«Форум МСБ» ЖШС директоры
18.	Байғабылова Гүлмира	«Urban Living» ЖШС бас директоры, құрылтайшысы
19.	Байсақова Зүлфия	«Қазақстан дағдарыс орталықтарының одағы» ЗТБ басқарма төрағасы
20.	Барабанов Роман	Көлік жөніндегі сарапшы
21.	Бигелдинов Шалқар	Технологиялық жобалар жөніндегі сарапшы
22.	Бидаралов Қанат	Өнеркәсіптік парктер қауымдастығының төрағасы
23.	Бисембаева Алина	Қалалық көлікті ұйымдастыру жөніндегі сарапшы, STEP
24.	Бискультанов Асқар	Мәлихат депутаты, «Темирбетон - 1» ЖШС бас директоры
25.	Беделбай Исмаил	Экология және Орнықты Даму жөніндегі сарапшы
26.	Бекенова Гүлжан	Мәлихат депутаты, №204 ЖББМ директоры
27.	Беклемишев Андрей	IDC Орталық Азия бойынша аймақтық директоры
28.	Бекмурзаева Кристина	«Youthart» ҚҚ директоры
29.	Белянов Александр	«Express Autoservice» компаниясының президенті, Алматы қаласы Әділет департаментінің жанындағы Сыбайлас

		жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық кеңестің төрағасы
30.	Беркинбаев Галым	«Экосервис-с» ЖШС экологиялық ұйымының директоры
31.	Бесбай Досым	Enlightment Power Group директоры
32.	Ваганов Николай	MegaNet бас директоры, цифрлық инфрақұрылым
33.	Гасанов Рафаэль	«Дорогу молодым» ҚР жастарды дамыту қорының президенті, Independ.kz ақпараттық агенттігінің басшысы
34.	Горожанкин Константин	Ticketon.kz бірлескен құрылтайшысы
35.	Грачев Михаил	Мәлихат депутаты, «ДСУ-13» АҚ директоры
36.	Ғазиз Қайсар	Жастар белсендісі, жеке кәсіпкер
37.	Джепка Богдан	Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі
38.	Длімбетов Еркін	«Ordamed» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы
39.	Дмитрий Панченко	TargetAI коммерциялық директоры, цифрлық инфрақұрылым
40.	Дупик Андрей	Білім берудегі жаңа технологиялардың қалалық ғылыми-әдістемелік орталығының директоры
41.	Жайлаубеков Еркін	Т.ғ.к., Логистика және көлік академиясының профессоры, Ресей көлік академиясының академигі, Халықаралық көлік академиясының корреспондент-мүшесі
42.	Зикрина Зульфира	«Тұрақты өндіріс және тұтыну орталығы» ҚҚ басшысы
43.	Елемесов Асқар	Тәуелсіз директор, «KASE» АҚ, «БҰЗҚ» АҚ, «Сбербанк России в Казахстане» ЕБ» АҚ
44.	Елеусізов Тимур	«KazEcoPatrol» ҚБ құрушысы
45.	Ерғалиева Назгүл	Жария саясат саласындағы маман
46.	Ерзакович Елена	Көлік саясаты бойынша сарапшы, Сәтбаев университетінің қалатану бағдарламасының үйлестірушісі
47.	Ерлан Диана	Отбасы, әйелдер істері және балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі республикалық қоғамдық кеңестің мүшесі, «Kzhol» қайырымдылық қоры» қамқоршылық кеңесінің мүшесі
48.	Есжанова Әсел	Сәулетші-урбанист, Urban Forum бірлеске құрушысы
49.	Жақыпов Нұржан	Қоғамдық даму, мәдениет, спорт және жастар жөніндегі комиссия төрағасының орынбасары, «Путь Домой» ҚҚ төрағасы, «Забота о Ближнем» ҚҚ төрағасы, «Наркостоп» жобасының кураторы
50.	Жампейісов Көпесбай	Мәлихат депутаты, «ҰОС ардагерлерінің, әскери қызмет және тыл еңбеккерлерінің Алматы қалалық кеңесі» ҚҚ төрағасы
51.	Жанысбай Талғат	«Құндылықпен Тәрбие» ҚБ төрағасы
52.	Жұбанова Айнұр	AlmaU Урбанистика орталығы директорының орынбасары, цифрлық сервистерді дамыту
53.	Жұмабаев Бақытбек	Мәслихат депутаты, «Жан-М» ЖШС директоры
54.	Жұмаділ Арман	Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бөлім меңгерушісі, «Ақ жол» ҚДП Алматы қалалық филиалы төрағасының орынбасары
55.	Кажденбек Азиз	«Jas qadam» ҚҚ төрағасы
56.	Канкуров Станислав	Алматы қаласы Мәслихатының хатшысы
57.	Карагулов Ерулан	Мәслихат депутаты, «Алматы сервис қызмет көрсету колледжі» КК директоры

58.	Ким Владимир	«Интеркоммерц Казахстан» ЖШС даму жөніндегі директоры
59.	Ким Вячеслав	Қазақстан кәрістері қауымдастығы басқармасының мүшесі, «Женис» фирмасы ЖШС директоры
60.	Ким Юрий	«Сырмақ» ЖШС басқарушы директоры
61.	Кисиков Бекнұр	Қазақстандық Франчайзинг қауымдастығының президенті
62.	Константинов Федор	Мәлихат депутаты, Кәсіпкерлік, инвестициялар, туризм, жер қатынастары және экология жөніндегі тұрақты комиссия төрағасы
63.	Корецкая Галина	«British Council» Орталық Азиядағы мәдениет және креативті экономика жөніндегі жобалардың жетекшісі
64.	Котенев Артур	Мәлихат депутаты, «AlmatyEngineering» ЖШС директоры
65.	Көпжасарұлы Ерқанат	Журналист
66.	Кураев Ислам	«Almaclub» қазақ ауыз екі тілі клубының құрылтайшысы, «ASHINA MEDIA GROUP» ЖШС директоры, саясаттанушы
67.	Кусков Станислав	Орталық Азиядағы Festo Group директоры, Synergy халықаралық жоғары оқу орны жобасының senior coordinator
68.	Қабашев Асқат	Мәлихат депутаты, «MEGA Бетон Плюс» ЖШС техникалық директоры
69.	Қазыбаева Айман	Менеджмент мектебінің деканы, Associate Professor, ALMAU Нейромаркетинг зертханасының басшысы
70.	Қазыбаева Салтанат	«Смелость быть первым» КҚ атқарушы директоры
71.	Қалдыбаева Гүлзада	«Грин Ланд» ЖШС директоры, көгалдандыру саласындағы сарапшы
72.	Қапасов Думан	«Green Oi» КҚ басшысы, Қазақстан Велоқоғамдастығының негізін қалаушы
73.	Қасымжанова Жанат	Денсаулық сақтау, білім және жұмыспен қамту жөніндегі комиссия төрағасы, «Инновациялық технологиялар мен зерттеулердің ғылыми орталығы» ЖШС бас ғылыми консультанты
74.	Қиясов Нұрлан	МИСиС Ұлттық университетінің білім жөніндегі директоры
75.	Қозбағарова Әсем	SKYWAY LTD басшысы
76.	Қорғанбек Олжас	Жастар саясаты саласындағы сарапшы
77.	Қожалиева Тоғжан	«НАQ» қоғамдық қайырымдылық қорының атқарушы директоры
78.	Қожахметов Руслан	Қаржы, әкімшілік мәселелер және халықаралық даму жөніндегі проректор, ALMAU
79.	Құрабаева Жанар	«Фирма-Тиграхауд» ЖШС бас директоры
80.	Лаумулин Чокан	ҚБТУ профессоры, ҚР ҰҒА президентінің кеңесшісі
81.	Лұқпанова Камила	Маркетинг бойынша сарапшы, GR, 7TANA-ның жетекшісі
82.	Марданов Дидар	Ғылыми-білім беру бағдарламаларының әзірлеушісі, ALMAU және НарХоз бұрынғы деканы
83.	Марини Рикардо	Сәулетшісі

84.	Масалимова Әлия	Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ әлеуметтік даму жөніндегі проректоры
85.	Мурзалинова-Яковлева Салтанат	Әлеуметтік инклюзивті бағдарламалар орталығының басшысы
86.	Мухамеджанов Евгений	«ECO NETWORK» жобасының жетекшісі
87.	Мухаметаали Нажмедин	ҚР-ның Оман Сұлтандығындағы Төтенше және Уәкілетті елшісі
88.	Набиев Әміржан	Мәлихат депутаты, Экономика, қаржы, активтер, мемлекеттік басқаруды дамыту және қоғамдық қауіпсіздік жөніндегі тұрақты комиссия төрағасы
89.	Наурызбаев Әсет	Экология жөніндегі сарапшы, «Алматының таза ауасы» азаматтық бастамасының модераторы
90.	Нахметова Гүлнар	Экология жөніндегі сарапшы, «Алматының таза ауасы» азаматтық бастамасының модераторы
91.	Никифорова Нина	Экономика ғылымдарының докторы, профессор, ALMAU
92.	Нұғманов Асан	Personnel Recruitment Center директоры
93.	Нұрмақов Әділ	Урбанист, Urban Forum бірлескен құрушысы
94.	Нүрпейісов Ерлан	«Здоровье для всех» азаматтық бастамасының жетекшісі
95.	Нысанбаева Любовь	«Урбостиль» ЖШС директоры
96.	Оспанова Әйгерім	Сәулетші-урбанист
97.	Оспанова Гүлден	«Global Air American Express» ЖШС бас директоры
98.	Өмірбаев Мұрат	«Rail Jet» ЖШС бас директоры
99.	Прашкевич Жанна	Қонақжайлылық жүйелерінің маркетингі жөніндегі консультант
100.	Проценко Игорь	Кәсіпкер, Жиназ кластері
101.	Рақышев Еркінбек	Қазақстандық режиссер, сценарист, «Жас Ұлан» киностудиясының директоры
102.	Растопчин Михаил	«Көлік және коммуникациялардың ғылыми-зерттеу және жобалау институты» ЖШС бас директоры
103.	Рахимова Виктория	Онлайн коммуникациялар мен дестинация маркетингі жөніндегі сарапшы, Урбан бюро VRED
104.	Рысмамбетов Расул	Сарапшы, қаржы консультанты
105.	Садуақасов Ерлан	«ЭКОСЕРВИС-С» ЖШС кешенді экологиялық зерттеулер секторының меңгерушісі
106.	Садықов Болат	Мәслихат депутаты, Денсаулық сақтау, білім беру және жұмыспен қамту жөніндегі тұрақты комиссия төрағасы
107.	Сапақова Динара	Баспасөз хатшысы, журналист
108.	Сатыбалдиев Алтай	«Алматыгипрогор – 1» ЖИ директорының орынбасары
109.	Сауранбаев Ералы	Мәслихат депутаты, «Sheber Partners» ЖШС бас директоры
110.	Слудский Владислав	Тәуелсіз арт-консультант
111.	Смыкова Мадина	«Қазақстандағы туризм менеджменті мен маркетингі» зертханасының басшысы, ALMAU
112.	Сулеева Майра	«Кенес» МҚБ бас директоры
113.	Сұлтанғалиев Тамерлан	Мәслихат депутаты, Қазақстан халық партиясының Алматы қалалық филиалының Төрағасы
114.	Сүлейменова Әсел	«M-Line Property Management ЖШС өкілі
115.	Сыргабаев Азамат	«SmartNet» ЖШС құрылтайшысы.
116.	Тайтөлеев Төлеуғали	«Алматы мемлекеттік энергетика және электрондық технологиялар колледжі» КМҚК директоры

117.	Тау Нұрымбек	Мәлихат депутаты, «Daco motors KZ» ЖШС құрылтайшысы, меценат, блогер
118.	Төлеев Дәурен	«Дом 36» креативті кеңістігінің CEO
119.	Тілепов Нұрлан	Медицина ғылымдарының кандидаты, Арчимед кардиология және ішкі аурулар медициналық орталығының негізін қалаушы және акционері
120.	Урисов Амир	«Газомоторная Ассоциация Казахстана» ЗТБ-гі цифрландыру және көміртектендіру басқармасының басшысы
121.	Финогенов Максим	Мәслихат депутаты, «DWS group» компаниясының директоры
122.	Хасенов Махамбет	Мәслихат депутаты, «Нефтебаза Альмерек» ЖШС бас директоры
123.	Цой Сергей	«EICON» ЖШС БҰҰ ESG (Environmental, Social, and Corporate Governance-экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару) Орнақты Даму Мақсаттары жөніндегі сарапшысы
124.	Шардинов Шухрад	Мәслихат депутаты, «АЗМК» ЖШС бас директоры
125.	Шаяхмет Дана	«AlmaU» университетінің креативті индустриялар орталығының директоры
126.	Шегай Павел	«Пилот» жобасының басшысы
127.	Шибутов Мұрат	Құрылыс, жер қатынастары, урбанистика, энергетика және сумен жабдықтау жөніндегі комиссия төрағасы, «Халықаралық социология және саясат институты» ҚҚ директорының орынбасары
128.	Шиманская Полина	Журналист, блогер, ОКА баспасөз хатшысы, Edu Stream білім беру компаниясы
129.	Шишигина Ольга	Қазақстандық жеңіл атлет, олимпиада чемпионы, жаттықтырушы, ҚР еңбек сіңірген спорт шебері, ЦСКА бастығы
130.	Шоқанов Нұрсұлтан	Мәслихат депутаты, Коммуналдық инфрақұрылым, қалалық мобилділік, құрылыс, сәулет және урбанистика жөніндегі тұрақты комиссия төрағасы
131.	Шоранов Марат	С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медицина Университетінің ректоры
132.	Ысқақова Адия	Сертификатталған мансаптық консультант, профориентолог, «Innovation» білім беру орталығының директоры, М.В. Ломоносов атындағы ММУ MBA, PhD;
133.	Яковлева Наталья	«ЭКОСЕРВИС-С» ЖШС Ғылым және аналитикалық зерттеулер департаментінің директоры



## АЛМАТЫ БҮГІНДЕ

Алматы – еліміздің іскерлік, экономикалық, мәдени өмірінің, инновациялардың орталығы болып табылатын және Қазақстан мен бүкіл Орталық Азияның дамуында маңызды орын алатын ең қарқынды дамып келе жатқан қала. Алматы өзінің географиялық тиімді орналасу жағдайымен, ірі көлік артерияларымен байланыстылығымен және дамыған экономикасымен ерекшеленеді.

Соңғы жиырма жылда қала қарқынды өсіп, дамып келеді.

Алматының аумағы 2014 жылы айтарлықтай кеңейді – қала аумағы екі есе ұлғайды – ауданы 33,3 мың гектардан **68,3 мың гектарға** дейін өсті. Қала аумағының бір сәтте екі есе ұлғаюы аудандардың әлеуметтік инженерлік, көлік және басқа да инфрақұрылыммен қамтамасыз етілу деңгейіне кері әсерін тигізді. Қаланың тұрақты өсуі – оны табысты шешу үшін сапалы болжау мен жоспарлауды талап ететін, тәуекелдер мен сын-қатерлерден тұратын тұрақты үрдіс.

Қазіргі уақытта Алматының ықпал ету аймағы оның әкімшілік шекарасынан кеңірек, Орталық Азиядағы әлеуметтік-экономикалық белсенділіктің орталығы ретінде өзіндік бір магнитке айналды. Соңғы 10 жылда мегаполисте **халық саны айтарлықтай өсті** – тұрғындар санының өсуінің арқасында Алматының айналасында Алматы агломерациясы қалыптасты. Алматы адамдарды өзінің **әлеуметтік-экономикалық артықшылықтарымен**: жұмысқа орналасу үшін неғұрлым кең мүмкіндіктермен, білім беру мен денсаулық сақтау **сапасының салыстырмалы түрде жоғары деңгейімен**, демалыс пен спортқа арналған **дамыған инфрақұрылымымен** тартады.

Соңғы жылдары көші-қон есебінен халық санының өсуі шамамен **60%-ды**, табиғи өсім – **40%-ды** құрады. 2012 жылдан бастап 2021 жылға дейінгі кезеңде Алматыға тұрақты тұруға **600 мыңға жуық адам** келген, ал **315 мыңға** жуық адам қала шегінен тыс жерлерге кеткен, көші-қонның оң сальдосы – шамамен **285 мың** адам.

Жалпы, көші-қон ағынының **оң сипаттамалары** бар: келушілердің ішінде көпшілігі **еңбекке қабілетті жастағы** адамдар (олардың үлес салмағы 2021 жылы жалпы саннан 88,5% құрады); білім деңгейі бойынша – жоғары білімі бар 18 жастан асқан адамдардың үлесі он жыл ішінде 30,4%-дан 2021 жылы **61,4%-ға** дейін өсті.

Көші-қонның қарқынды өсуі қазіргі инфрақұрылымға жүктеменің өсуі сияқты **негізгі тәуекелдерді** тудырады, сондай-ақ бір мезгілде мегаполис экономикасының өсуі үшін **жаңа мүмкіндіктер** ашады

Алматы **ЖІӨ-нің** шамамен **бестен бір бөлігін**, бюджеттік түсімдердің **төрттен бір бөлігінен астамын** және Қазақстанның сауда операцияларының **үштен бір бөлігін** қамтамасыз ететін күшті сервистік экономикасымен ерекшеленеді.

Қаламыздың **негізгі байлығы** қала тұрғындарының **сапалы адами капиталы** болып табылады, олар айтарлықтай білімге, дағдыға ие және кәсіпкерлік әлеуетті белсене іске асырады (шағын және орта бизнес **қаланың ЖӨӨ-нің 47,5%-ын қалыптастырады** және қалалық жұмыспен қамтудың **65,4%-ын** қамтамасыз етеді).

Алматының қоғамдық және іскерлік ортасының сапасы ақпараттық даму мен білім экономикасының жаңа бағыттарында өсу үшін **жағдайлар жасайды**. Алматы – **жастар қаласы** (орташа жас – **33,6 жас**), еліміздің жоғары оқу орындарының **үштен бір бөлігі** орналасқан, **255 мың** студент білім алатын, **3 мыңнан астам ІТ компаниялар** мен **15 мың** әзірлеуші жұмыс істейтін **білім қаласы**. Алматыда 31%-дан астам немесе **еліміздің 139 ғылыми ұйымы** жұмыс істейді, оларға ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар шығындарының **39%-ға** жуығы тиесілі.

Сондай-ақ, Алматының әсем әрі алуан түрлі **ерекше табиғаты**, бай **тарихи-мәдени мұрасы** бар, бұл сапалы көлік, туристік, сервистік және өзге де инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген кезде қаланы табысты халықаралық туристік дестинацияға – **ішкі және шетелдік туристерді тартатын орынға** айналдырады.

Сонымен бірге, қаланың даму қарқыны «өсу ауруларының» болуын да көздейді. **Күн санап өсіп келе жатқан адам және көлік ағындары** инфрақұрылым, экология, экономика және қаланың қауіпсіздігі саласындағы сын-қатерлерді күшейтеді. Бұдан басқа, қала экономикасында «орташа табыстың тұзағынан» – экономика белгілі бір деңгейге жетіп, одан да көп табыс әкелмейтін жағдайдан шығу үшін **жаңа өсу нүктелерін табуы қажет**. Қазіргі уақытта қала тұрғындарының **өмір сүру деңгейі айтарлықтай жоғары**: ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша 2022 жылдың 1-ші тоқсанындағы жан басына шаққандағы орташа ақшалай шығыстар мөлшері айына **106 522 теңгені** құрады, бұл орташа республикалық деңгейден **1,5 есе** жоғары.

Қаланың орнықты дамуын қамтамасыз ету үшін барлық **артықшылықтар мен күшті жақтарды**, сондай-ақ уақытша және тұрақты ықпал ету факторларына негізделген сыртқы және ішкі **сын-қатерлерді** ескеретін егжей-тегжейлі пысықталған Даму бағдарламасын іске асыру қажет.

## ЖАҒАНДЫҚ ТРЕНДТЕР ЖӘНЕ МЕГАПОЛИСТЕРДІҢ ДАМУ ҚАҒИДАТТАРЫ

Бүгінгі таңда экологияландыру мен ізгілендіру қалалардың дамуындағы әлемдік трендтер болып табылады.

Бірінші тренд: бұл **табиғи ресурстарды саналы түрде тұтынуға деген қатынас** және қоршаған ортаға теріс әсерді азайту талпынысы.

Екінші тренд: қала – бұл **әртүрлі қажеттіліктері бар адамдардың өмір сүруіне арналған орын**. Жаһандық көші-қон ағындарының бағыты ауылдық аумақтар тұрғындарының шағын қалаларға көшуін, шағын қалалардан адамдар мегаполистерге көшеді, мегаполисте адамдар легі қала шетінен орталыққа қарай ұмтылады, одан әрі – адамдар бір мегаполистен басқа мегаполистерге, болашағы зор және жайлы мегаполистерге қарай бастайтынын көрсетеді. Әлемнің ең тартымды қалалары ең белсенді, ақылды, табысты және барлық жағынан ауқатты адамдардың **таңдаулы адами капиталына** ие болады, олар идеялардың қайнар көзіне, креативті ортаның элементіне айналады. Нәтижесінде олардың өмір сүру ортасы **озық даму үшін** қосымша **ресурсқа** қол жеткізеді. Мәселен, 1960 жылы дамушы елдерде тек **52** мегаполис болса, 2000 жылға қарай **279** болды, ал 2025 жылы олар **486<sup>1</sup>** болады деп күтілуде.

Ірі қалалардың өсуі – соңғы он жылдықтардың **ұзақ мерзімді тренді**. Қазіргі ірі қала – бұл ең күрделі **өзгермелі тірі ағза**, оның сәтті дамуы механикалық тәсілдерді және теорияланған тәсілдерді **жөкқа шығарады**.

Көпшілік мойындаған пікірлер де бар. **Одан әрі дамудың экстенсивті болуы мүмкін емес**, ол объективті факторларға байланысты қарқындылық жолымен жүреді. Бүкіл әлемде урбандалу бәсеңдемейді, керісінше қарқын алуда, қалаларда халық саны өсуде және әрбір қала тұрғынына жайлы баспана, ыңғайлы көлік, абаттандырылған қоғамдық кеңістіктер және т.б. қажет. Осы қажеттіліктерге жауап берудің **экстенсивті нұсқасы** – шамадан тыс тығыз құрылыс, көбірек машиналар, кеңірек жолдар және т.б. **Қарқынды жол – қолда бар ресурстарды неғұрлым сапалы және ойласымды пайдалану, «жеке қоғамдық игіліктерді»** - жалға берілетін пәтерлерді, каршерингті және, негізінен, жеке адамдарға қарағанда ыңғайлы болып табылатын қоғамдық игіліктерді дамыту – мысалы, адам жеке автокөлікке қарағанда қажетті орынға тезірек жететін қоғамдық көлікті дамыту.

**Әлемдік қалаларды дамытудың заманауи жаһандық трендтері мыналар болып табылады:**

- Қалалар аумақтардың **тұрақты экономикалық және әлеуметтік дамуының негізгі драйвері** ретінде әрекет ете отырып, халықты, өндірістерді және технологияларды шоғырландыру функциясын сақтап қалады.

---

<sup>1</sup> [https://raex-a.ru/project\\_files/2880\\_2\\_doklad.pdf](https://raex-a.ru/project_files/2880_2_doklad.pdf)

- Әлемнің ірі қалалары **инновацияларды** қалыптастыру/өндіру орны, сонымен бірге инновациялардың негізгі тұтынушысы болып табылады.

- Ауылдық аумақтардағы өмір салтының қалыптасқан дағдылары қала талап ететін дағдылардан ерекшеленеді, онда халықтың тығыздығы мен барынша жоғары бәсекелестік **адам капиталының рөлі** артатын ортаны қалыптастырады, яғни адамдардың қала тұрғындары ретіндегі сипаттамалары едәуір мөлшерде олардың жеке өмірін ғана емес, сонымен қатар қала өмірін де айқындайды.

- Постиндустриялық тәртіпке, білімдер экономикасына жалпы көшу **цифрлық технологияларды** белсенді дамыту мен пайдалану қажеттілігін талап етеді.

- Жаңа технологиялық мүмкіндіктермен әлемдік қалалар үздік тәжірибелерді жинақтады, оларға **өңірлердің кластерлік дамуы мен мамандануын** – бір жағынан, әрбір аумақта нақты өндірістер шоғырланған, ал екінші жағынан – олардың тиімді өзара іс-қимылы жолға қойылған кезді жатқызуға болады.

- Ірі мегаполистерде метро, электр пойыздары, автобустар, ЖРК жүйелері бірыңғай байланысқан көлік желісіне қосылады, яғни **көлік байланысы** тағы бір сөзсіз тренд болып табылады.

- Антропогендік фактор қоршаған ортаға айтарлықтай әсер етті, оның теріс салдары есепке алуды және азайтуды қажет етті. Қазіргі заманғы әлемдік қалалар **ресурстарды үнемдеуге және жаңартылатын энергия көздерін пайдалануға** бағытталған.

Аталған үрдістерді ескере отырып, тиімді және тұрақты даму үшін Алматы келесі **қағидаттарды** ұстанатын болады:

- **ESG (Environmental, Social, Governance** – бұл экологияға жауапкершілікпен қарау, жоғары әлеуметтік жауапкершілік және жоғары сапалы басқару) қағидаттарына, сондай-ақ **БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттары**<sup>2</sup> негізделген қоғам өмірі мен қала экономикасының барлық аспектілерін дамытудың **кешенді тәсілі**.

- Қала халқының дамуына, **адами капиталдың сапасына** әсер ететін факторларға жүйелі назар аудару. Бұл білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, салауатты өмір салты салаларын бір-бірімен, сондай-ақ экономикамен, IT, креативті индустриялармен және т.б. өзара байланыста дамыту.

- **Қалалық ортаның инклюзивтілігі.** Қалалық орта жасына, жынысына, денсаулығының жеке ерекшеліктеріне және т.б. қарамастан Алматының барлық тұрғындары үшін барынша ашық әрі қолжетімді болуы тиіс. Инклюзивті орта әркімге қоғам мен қала өміріне қатысуға теңдей мүмкіндіктер береді, бұл тұтастай алғанда қаланың дамуына оң әлеуметтік-экономикалық әсер етеді.

---

<sup>2</sup> <https://www.un.org/sustainabledevelopment/ru/sustainable-development-goals/>

- Табиғи ресурстарды орынды және ұқыпты пайдалану. **Табиғатты ұтымды пайдалану.**
- **Қатысушылық:** қалалық бағдарламаларды талқылау арқылы халық пен бизнесті қаланы басқару процестеріне араластыру.

## АЛМАТЫ ДАМУЫНЫҢ ҚАЗІРГІ СЫН-ҚАТЕРЛЕРІ ЖӘНЕ АЗАМАТТАР ҮШІН ӨЗЕКТІ ПРОБЛЕМАЛАР

Бұл құжат Алматыны қысқа мерзімді және перспективтік сипаттағы дамытудың қазіргі қалыптасқан мәселелеріне жауап беретін шараларды қамтиды. Қаланың қазіргі даму кезеңіндегі негізгі проблемалар келесі топтар бойынша құрылымдалуы мүмкін.

**Қоғамдық сын-қатерлер.** Алматы басқа өңірлердің тұрғындары үшін, бірінші кезекте, белсенді азаматтарды тарту орталығы болып табылады, соның есебінен қаланың кәсіпкерлік, мәдени, креативті және өзге де әлеуеті ұлғаюда.

Барлық тұрғындарға, оның ішінде жаңадан келген азаматтарға барлық қажетті коммуналдық, мемлекеттік және басқа да қызметтер, жұмысқа орналасу мүмкіндіктері және т.б. теңдей қолжетімді болу үшін **көші-қон процесін кешенді басқару** қажет. Ол үшін келушілерді ресми тіркеуді жүргізу, олардың еңбек және тұрғын үй сұраныстарын қалалық еңбек және тұрғын үй нарықтарының мүмкіндіктерімен және қажеттіліктерімен салыстыру қажет. Білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет салаларында да осындай іс-әрекеттер қажет.

Бағалау бойынша, **5 жаңа алматылықтың 3-еуі сырттан келгендер** болып табылады, бұл қаладағы қоғамдық байланыстардың тұрақтылығына және қала тұрғындарының мәдени кодына да әсер етеді. Күн сайын қалаға **400 мыңнан астам** адам кіреді.

Статистика көрсеткендей, Алматыдағы құқық бұзушылықтардың **50%-дан астамын** басқа қаладан келген тұрғындар жасайды – бұл **қоғамдық қауіпсіздікке** әсер ететін маңызды факторлардың бірі. Сонымен қатар, Алматыда қылмыстардың **15,3%-ын<sup>3</sup>** жұмыссыздар жасайды.

Жылдың басынан бастап 2022 жылдың тамыз айына дейін Алматыда **24 831** қылмыстық құқық бұзушылық<sup>4</sup> тіркелген. Салыстыру үшін: астанада – **11 159**, Шымкентте – **7932**. 2021 жылы Алматыда **16 011** қылмыстық құқық бұзушылық тіркелген («қаңтар оқиғаларын» есептемегенде, астанадаға **9 892-ге** және Шымкенттегі **7 590-ға** қарсы).

Трансформациялау қажеттілігінің объективті себептері бар және қалалық денсаулық сақтау саласының статистикасын қарау кезінде: емханалардың мемлекеттік желілерінің 60%-дан астамы **1,7 есе** артық жүктелген. Жағдай 25% немесе **380 мың** ересек алматылықтың әлеуметтік медициналық сақтандыруға **қол жеткізе алмауымен** күрделене түседі. 2021 жылы Алматы бойынша аурулардан болатын өлім-жітім көрсеткіші келесі аурулар бойынша Қазақстандағы орташа көрсеткіштен жоғары: қан айналымы жүйесі ауруларынан – 100 мың тұрғынға шаққанда **284,9** (республика

<sup>3</sup> 2022 жылдың 8 айының деректері бойынша

<sup>4</sup> Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі органдар Порталының деректері <https://qamqor.gov.kz/crimestat/indicators>

бойынша – 226,9); қатерлі және қатерсіз ісіктерден – **77,7** (Қазақстан бойынша – 75,7).

**Білім беру** саласындағы оқушы орындарының тапшылығы **19,6 мыңға** бағаланады. Бұл ретте мектеп оқушыларының саны жыл сайын орта есеппен **12-15 мың** адамға (кету есебімен) артуда. 2021 жылы қаланың мемлекеттік мектептеріндегі балалардың саны **280 мыңнан асты**, 2022 жылы балалардың саны **292 мың** оқушыға жетті.

**Балабақшаларда** да дәл осындай жағдай байқалады. 2-6 жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен қамту **71%-ды**, 3 жастан 6 жасқа дейін – **91%-ды** құрайды. 1 жастан 6 жасқа дейінгі балабақшаларға кезек **43 мың орынға**, 3 жастан 6 жасқа дейін – **18,8 мың орынға** жетті. Мектепке дейінгі тәрбиемен қамту көлемін арттыру қажет.

Жыл сайын Алматыда әртүрлі психикалық-физикалық ерекшеліктері бар **3 мыңнан астам** бала арнайы көмек алады. Осыған қарамастан, қазіргі уақытта **1200-ге жуық** бала арнайы көмек алу кезегін күтуде. Бұл ретте, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар мен психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерінің **75%-ы** мектеп ғимараттарында орналасқан, бұл оқушы орындарының санын азайтады.

**Техникалық және кәсіптік білім беру** ұйымдарында кадрлар **99** мамандық және **165** біліктілік бойынша даярланады. **Өндірістік сектордың** оқытудың бастапқы кезеңінде кәсіпорындардан белгілі бір шығындарды талап ететін кадрларды дуальді даярлауға қызығушылығының төмен болуына байланысты дуальді оқытудың еңбек нарығының қажеттілігін уақытылы «қамтуға» үлгермейді. Бұдан басқа, сапалы білім беру қызметтерін ұсыну, бизнестің кәсіптік білім берумен өзара іс-қимыл жасауы арқылы жаңа формациядағы техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлау тәсілдерін жаңғырту талап етіледі.

**Экономикалық сын-қатерлер.** Қала экономикасы көп дәрежеде сервистік сипатқа ие. ЖӨӨ құрылымында 2021 жылдың қорытындысы бойынша көрсетілетін қызметтер мен сауда саласының үлесі **86,1%-ды** құрайды. Көтерме және бөлшек сауда секторы қала экономикасына **ең көп үлес қосады** (2021 жылы – ЖӨӨ-нің 34,6%). Өндірістік, өнеркәсіптік қызмет көрсету саласын теңестіру қажет. Егер 2021 жылы көтерме және бөлшек сауда көлемі шамамен **15,9 трлн** теңгені құраса, өнеркәсіп көлемі – 1,4 млрд теңге – 11 есе аз болды.

Алматы шағын және орта кәсіпкерлік қаласы деп аталады. 2021 жылдың қорытындысы бойынша мегаполисте жұмыс істеп тұрған **206,1 мың ШОК** бар, онда **643,1 мың** адам немесе қалада жұмыс істейтін халықтың жалпы санының **65,4%-ы** еңбек етеді. Қала экономикасындағы ШОК жалпы қосылған құны **47,5%-ды** құрады. Бір жағынан, бұл қала тұрғындарының **іскерлік белсенділігінің** белгісі, екінші жағынан – ШОК секторы өзгерістер мен дағдарыстарға сезімтал болып келеді.

Қалалық **еңбек нарығының** өзіндік ерекшеліктері бар. Алматыда жұмыс істейтін әрбір оныншы адам – өзін-өзі жұмыспен қамтиды. Елдегі әрбір бесінші жұмыссыз жас Алматыда тұрады (14,4 мың адам).

2021 жылы Алматыдағы **еңбек өнімділігі** бір жұмыспен қамтылғанға шаққанда 13,8 млн. теңге деңгейінде бағаланды, бұл 2019 жылға қарағанда **3,2%-ға** төмен және 2017 жылға қарағанда 0,5%-ға жоғары.

Қалалықтардың жоғарыда атап өтілген өмір сүру деңгейіне қарамастан, **халықтың нақты табысы** елеусіз қарқында өсуде. Мәселен, 2015 жылдан бері бар болғаны 1,4%. Бұл ретте жоғары **инфляция** байқалады – 2022 жылдың 8 айында 13,1% (жылдық есептеуде 15,9%) және жоғары инфляциялық күтулер сақталады.

Көлеңкелі экономиканың елеулі үлесі бар – оған қаланың ЖӨӨ-нің **28,5%-ы** тиесілі (ел ЖІӨ-нің 5,09%).

**Инфрақұрылымдық сын-қатерлер.** Соңғы сегіз жыл ішінде аумақтардың қосылуы есебінен қала аумағы – 33,3 мың гектардан **68,3 мың га** дейін өсті. Халық қала аудандары бойынша біркелкі бөлінбеген, олардың ішінде Бостандық, Алатау және Әуезов аудандары ең тығыз қоныстанған аудандар болып табылады.

Бұл ретте **әлеуметтік инфрақұрылымның ғана емес, коммуналдық инфрақұрылымның** да саны мен сапасы біркелкі емес.

Қаланың «тарихи өзегіндегі» қазіргі желілердің көп бөлігі кеңес жылдары салынған және бүгінде ол айтарлықтай тозған. Электр желілерінің тозуы **65%-ды**, ал олардағы шығындар – **13%-ды**; сумен жабдықтау және жылумен жабдықтау желілері – сәйкесінше **56%** және **60%-ды** құрайды. Шығындар: суық сумен жабдықтауда – **30%**, ыстық су және жылумен жабдықтауда – **15,6%**. Жақында қалаға қосылған аумақтарда барлық жерде дерлік коммуналдық негізгі желілер мен қызметтер қолжетімді емес. Бүгінгі таңда **30 мыңнан астам** адам сырттан әкелінетін суды тұтынуды жалғастыруда. Қала көшелері мен аулаларының **20%** жарықтандырылмаған.

Қаланың **тұрғын үй қорының** жай-күйі туралы мәселені атап өту керек. Ескі және апатты жағдайдағы үйлердің саны **1,4 мыңнан асады**, бұл **60 мыңға жуық** адам тұратын қаладағы барлық көппәтерлі тұрғын үйлердің **5,1%**.

Мұның барлығынан қала тұрғындары бір жерде жұмыс істейтін, екінші жерде тұратын, үшінші жерде демалатын, төртінші жерде емделетін және т.б. жағдай қалыптасты. Мұның барлығы ұзақ қашықтыққа тұрақты **жаппай қатынаудың** үлкен көлемімен байланысты. Сонымен қатар, бұл ағымда қаладан келетін және кететін адамдардың едәуір үлесі бар, өйткені олар осында жұмыс істейді, оқиды және т.б. Алматының күнделікті көлік көлемі 470 мың қалалық және **230 мың сырттан кіретін машиналармен** бағаланады. Бұл жолдағы кептелістерге, көлік инфрақұрылымының шамадан тыс жүктелуіне, қала тұрғындарының уақыт шығындары мен қалалық ауаның сапасына теріс әсер етуіне алып келеді.



**Экологиялық сын-қатерлер.** Сондай-ақ, қала экологиялық ауыртпалықты бастан кешіруде. «Қазгидромет» РМК деректері бойынша Алматы **атмосфералық ауаның ластану деңгейі жоғары** қалаларға жатады. Алматыда РМ2,5 ұсақ дисперсті шаңының орташа жылдық деңгейі соңғы 3 жылда **20%-ға** 36 мкг/м3-ге дейін, оның ішінде сырттан келетін автомобильдер санының ұлғаюына байланысты өсті.

**Ауаның ластануына** бір бөлігі ескірген автопарк болып табылатын автокөлік санының көп болуымен қатар Алматы 2-ЖЭО, қала маңындағы аудандардың тұрғын үй секторы, Алматы облысының 3-ЖЭО да өз үлесін қосуда.

Бұл ауаны ластаушы көздер атмосфералық ауадағы NO2 азот диоксидінің құрамына әсер етеді, ол қазіргі уақытта шекті рұқсат етілген мөлшерден екі есе жоғары және 81 мкг/м3 құрайды.

Қатты тұрмыстық **қалдықтардың** (ҚТҚ) жинақталуы жалғасуда, оның үстіне олардың көлемі артып келеді, ал қайта өңдеу үлесі айтарлықтай төмен мөлшерде қалып отыр. 2021 жылы қала **430 мың** тонна қалдық «шығарды», олардың **73 мың** тоннасы ғана сұрыпталып, қайта өңделді – бұл барлық көлемнің **17%-ы**.

Бұл ретте, қала **біркелкі көгалдандырылмаған**. Егер қала бойынша орташа есеппен бір адамға **12 шаршы метр** жасыл желектен келетін болса, онда Алматының батысы мен солтүстік-батысындағы тұрғындарға – екі есе аз мөлшерден келеді (5-7 м<sup>2</sup>/адам). Сонымен қатар, Алматыдағы **4 млн** ағаштың **485 мыңы** – қартайған ағаштар, бұл электр желілерінің үзілуіне және қала тұрғындарының денсаулығы мен мүлкіне қауіп төндіреді.

Жоғарыда аталған сын-қатерлер қала тұрғындарының өтініштері бойынша **жинақталған статистикамен**, сондай-ақ тәуелсіз зерттеулердің деректерімен дәлелденеді.

**Азаматтардың өзекті мәселелері.** «Open Almaty» қоғамдық қабылдауының деректері бойынша 2022 жылдың қаңтар-тамыз айларында қала тұрғындары өтініштерінің ауқымы келесі бағыттарды қамтиды:

- өтініштердің **8,1%** абаттандыруға, көгалдандыру мен тазалауға қатысты
- **6,9%** өтініштер – ТКШ бойынша (сыртқы жарықтандыру, сумен жабдықтаудағы кідірістер, электр энергиясын ажыратулары);
- **5,7%** – жол желісіне қатысты, оның 57%-ы жолдардағы шұңқырларды жөндеу бойынша;
- **4,6%** өтініштер қоғамдық көлік проблемаларына арналған – бұл жүргізу сапасы, кестелер мен маршруттар, ұзақ күту уақыты, автобустардың шамадан тыс толы болуы және ақпараттандыру;

Алматы қаласы әкімдігінің деректері бойынша:

- Алматы әкімдігіне келіп түскен өтініштердің **34,3%** ТКШ және тұрмыстық қызмет көрсетудің жалпы мәселелеріне қатысты;

- Алматы әкімдігіне келіп түскен өтініштердің **21,3%** құрылыс мәселелеріне қатысты;

- **11,4%** жер мәселелерін қозғайды;

- келіп түскен өтініштердің **10,3%** – жолдарды жөндеу және салу, автокөлік қозғалысы туралы.

«Стратегия» әлеуметтік және саяси зерттеулер орталығы» қоғамдық қорының әлеуметтік сауалнама деректері бойынша 2021 жылы:

- **Алматылықтардың алаңдаушылығының негізгі себептері:** **54%-** ын жұмыссыздық және жұмысқа орналасудағы қиындықтар; **51%** – тұрғын үй мәселері; **49%** – азық-түлік, бірінші кезекте қажеттіліктегі тауарлар бағасының өсуі, ТКШ қызметтерінің тарифтері алаңдатады; **48%** - табыстың төмен деңгейі; **44%** – экологиялық мәселер.

- **Қаланы басқару туралы хабардар болу деңгейі:** әрбір төртінші сұраққа жауап беруші өзінің аудандық әкімдіктері мен әкімдерінің жұмысы туралы, **40%** – қала Мәслихаты мен Қоғамдық кеңестің жұмысы туралы ештеңе білмейді. Бұл ретте, аталған органдардың жұмысын орта есеппен сұраққа жауап беруші алматылықтар 5-тен 3,1 баллға бағалады.

Келтірілген деректер **қала тұрғындарын** қаланың жай-күйі **алаңдататыны**, олар өз алаңдаушылықтарын білдіруге (өтініштер жолдауға) **дайын екенін көрсетеді**. Алайда, сауалнама нәтижелері көрсеткендей азаматтардың едәуір бөлігі қала билігінің қызметі туралы **білмейді**.

# АЛМАТЫНЫҢ БЕЙІМДЕЛГЕН ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕ НЕГІЗІНДЕГІ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ

Әлемдік тәжірибені, қала алдында тұрған артықшылықтар мен сын-кәтерлерді ескере отырып жүргізілген талдаудың негізінде Алматыны дамытудың **7 негізгі мақсаты** айқындалды. Оларға кешенді қол жеткізу таяу жылдары қаланың барлық аудандарында жайлы қалалық ортаны құруға және өмір сүру сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

## 1. Жайлы қалалық орта

Осы мақсатқа жету үшін Алматыда **5 жаңа полиорталықты** дамыту жоспарланған. Оларда қалалық орта Алматының тарихи орталығының үлгісі бойынша – көшелердің тығыз желісімен және адами ауқымдағы құрылыстармен қалыптасатын болады. **Жоспарлау кезеңінде барлық қажетті** тұрғын үй, әлеуметтік, инженерлік, көлік, цифрлық, коммерциялық және рекреациялық **инфрақұрылым қарастырылатын болады**. Осының арқасында **полиорталықтар** шағын әрі жайлы тұру аудандарына, іскерлік және қоғамдық белсенділік орталықтарына айналады, қала тұрғындарының әл-ауқатын жақсарту мен «теңестіру» үшін негіз қалайды. Мәдени және тарихи маңызы сақталатын тарихи орталыққа да көңіл бөлінетін болады, бұл ретте кеңестік кезеңнің құрылыстары бар шағын аудандарды қайта жандандыру бағдарламасы жүргізіледі.

## 2. Орнықты экономикалық өсім

Экономиканың сапалы дамуы үшін қала **жоғары технологиялық және «таза»** өндірістерді, **креативті индустрияларды** дамыту арқылы неғұрлым қолайлы бизнес-ортаны құруға және **еңбек өнімділігінің** артуына қол жеткізуге ұмтылатын болады. **Туристік әлеуетті** ашу Алматының Орталық Азия өңіріндегі неғұрлым танымал орындардың біріне айналуына ықпал ететін болады. Қала экономикасын **әртараптандыру**, инвестициялар **тарту** және тауарлар мен қызметтер экспортының **өсуі** халық табысының **360 мың теңгеге** дейін **2 есе** өсуіне ықпал етеді және **2030** жылға қарай жан басына шаққандағы ЖӨӨ көлемі **30 мың АҚШ доллары** деңгейінде болатын **«орташа табыс тұзағынан»** шығуды қамтамасыз етеді.

## 3. Басқарылатын урбандалу

Алматы өзек-қала ретінде агломерацияның негізгі бөлігі – бұл **қатынамалы көші-қон**, транзиттік жолаушылар және жүк ағындары және т.б. орталығы болып табылады. Бүгінде қала мен Алматы облысы көптеген процестер мен тіршілік қызметі салаларында **тығыз байланысты**. Алматы агломерация шеңберінде неғұрлым тиімді ұйымдастырылған **көлік жүйесін**, сондай-ақ қайта өңдеу үлесін **60%-ға** дейін өсіру және көздердегі қалдықтардың қалыптасуын **10%-ға** дейін қысқарту арқылы **қалдықтарды**

**басқарудың бірыңғай жүйесін құруға бағытталған бірқатар шараларды ұсынады.**

#### **4. Әлеуметтік орнықтылық және тұрақтылық**

Алматы қала тұрғындарына **өмір сүру мен денсаулық, оқу мен жұмыс, өз қабілетін дамыту және демалыс үшін барынша оңтайлы жағдай жасауға** ниетті. Білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет объектілеріне, сондай-ақ **салауатты өмір салты инфрақұрылымына** теңдей қол жеткізе отырып, қаланың әрбір тұрғыны үшін барынша ашық және қолжетімді **инклюзивті қалалық орта** құрылатын болады. Алматы – 14-35 жас аралығындағы тұрғындар қала халқының **бестен бір бөлігін құрайтын жастар қаласы**. Кешенді шаралармен тек мектеп жасына дейінгі балалар, оқушылар мен студенттер ғана емес, кәсіби еңбек өміріне кіретін жастар да қамтылатын болады. Олар жаңа немесе қосымша дағдыларды алу, жұмысқа орналасу мүмкіндігімен, тұрғын үй жағдайларын жақсарту үшін қала тарапынан **қолдаумен қамтамасыз етіледі.**

#### **5. Жасыл Алматы**

Салауатты қоршаған орта – өмір сүру сапасының негізгі құрамдас бөліктерінің бірі. Қаланы одан әрі дамыту үшін **саябақ кеңістіктерінің** қолжетімділігін және **олардың санын арттыру** қамтамасыз етіледі, саябақтар мен скверлер абаттандырылады, **2,5 миллионға жуық жаңа ағаштар** отырғызылады. **Атмосфералық ауаның** сапасын жақсарту үшін Алматыда зиянды заттардың мөлшерін – **55 мың тоннаға** түбегейлі қысқарту шаралары қабылданатын болады. Қоғамдық көлікте жол жүрудің өсуі есебінен жеке автомобильдерді пайдалану көлемін азайту, дизельмен жүретін автобустарды газға және электр тартымына ауыстыру арқылы **қоғамдық жолаушылар тасымалын экологияландыру, 2-ЖЭО-ні газға ауыстыру** жолымен нәтижеге қол жеткізілетін болады. Бұдан басқа, өнеркәсіптік кәсіпорындар мен газ жүргізілген аудандарда тұратын халықтың қатты отынды жағуын біртіндеп азайтылатын болады.

#### **6. Смарт сити**

«Смарт сити» қағидаттары мен стандарттарын енгізу халық үшін **қалалық инфрақұрылым мен қалалық сервистерді цифрландыруды** қамтамасыз етуді қамтитын болады. **Барлық қалалық сервистердің қолжетімділігін онлайн түрде,** олардың тиімділігін қашықтықтан бағалау мүмкіндігін қамтамасыз ету жоспарлануда. Қазіргі жүйелерді интеграциялау жер қатынастары саласындағы қызметтерді «бір терезе» қағидаты бойынша алуға мүмкіндік береді. Деректер базасын біріктіру қалалық қызметтерді жағдайды сапалы талдау және жоспарлау мүмкіндігімен үнемі жаңартылып отыратын деректермен қамтамасыз етеді. **Бірыңғай диспетчерлік қызмет** қалалық қызметтерге неғұрлым жедел және үйлесімді қызмет етуге, ал қала

тұрғындарына қажетті көмекті аз уақыт жұмсап алуға мүмкіндік береді. Алматының «**цифрлық сыңарын**» құру деректердің үлкен көлемін басқарып қана қоймай, оларды нақты уақыт режимінде өзектендіруге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, «цифрлық сыңар» қаладағы **жер учаскелерінің картасын, қолданыстағы инженерлік желілердің схемаларын** және т.б. көруге мүмкіндік береді.

## **7. Қауіпсіз қала**

Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қала полиция қызметтерін жақын орналастыру және халықпен серіктестік жасау арқылы **полицияның сервистік моделін** енгізуді жалғастыруды жоспарлап отыр. **Қаланың барлық көшелерін толық жарықтандыруды** қамтамасыз ету және қала полициясының жедел басқару орталығымен байланысты **бейнебақылаумен 90 пайыз қамту** жүргізілетін болады. Сондай-ақ қаланың табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларға дайындық деңгейі артады, халықты ТЖ туралы **100%** хабардар ету қамтамасыз етіледі, **Күшті жер сілкіністері туралы ертерек хабарлау жүйесі** іске қосылады. Арнайы мобильді қосымша ТЖ кезіндегі іс-әрекеттер туралы білім алуға көмектеседі, олар «Симуляциялық оқу-әдістемелік орталықта» тәжірибеде пысықталатын болады.

## АЛМАТЫ – ОРНЫҚТЫ ДАМУ ТРЕНДТЕРІ ЖӘНЕ 2030 ЖЫЛҒА ҚАРАЙҒЫ НЕГІЗГІ МАҚСАТТАР

Даму бағдарламасы Алматыны бәсекеге қабілетті экономикасы мен өмір сүру сапасы жоғары, бүкіл әлемнің таланттарын, технологиялары мен инвестицияларын тартатын халықаралық деңгейдегі жайлы және қауіпсіз қалаға айналдыру – жаһандық мақсатын іске асыруға бағытталған мақсаттар жүйесін білдіреді.

Бұл күрделі, кешенді және көп еңбектенуді қажет ететін міндет. Оны іске асыру барысында екі уақытша реперлік нүкте белгіленді – 2025 және 2030 жылдар – олардың әрқайсысына нысаналы көрсеткіштер қалыптастырылды:

### 2025 жылға дейін:

- Халықтың жан басына шаққандағы ЖӨӨ 21 мың АҚШ долларынан асады;
- 4 жылда 20 млрд АҚШ доллары сомасында тікелей шетелдік инвестициялар тарту;
- 20 тұрақты халықаралық айтулы мәдени іс-шара;
- Халықаралық спорттық жарыстар санының еке есе артуы (кемінде 35 турнир);
- Медициналық туризмнің өңірлік орталығы.

### 2030 жылға дейін:

- Қала халқы 2,5 млн адам, Алматы агломерациясымен – 4 млн. адам;
- Халықтың жан басына шаққандағы ЖӨӨ 30 мың АҚШ долларынан асады;
- Креативті индустриялардың контенті мен өнімдерін олардың ЖӨӨ-ге үлесін 5%-ға дейін жеткізе отырып экспорттау;
- The Art Newspaper нұсқасы бойынша әлемдегі адам ең көп баратын өнер музейлерінің ТОП-100 кіретін 1 музей;
- 1 стартап - единорог және әрқайсысының құны 100 млн. АҚШ доллары болатын 5 стартап;
- Жылына 1 млн шетелдік турист;
- Топ-100 әлемдік рейтингіндегі 1 университет, 5 халықаралық мектеп;
- Smart City (Juniper/Smart Cities World/ThoughtLab) рейтингіндегі ТОП-50 қала.

**2030 жылға қарай** нысаналы бағдарлар мынадай бағыттар бойынша егжей-тегжейлі топтастырылған:

**Қала халқының әл-ауқаты.** Даму бағдарламасының мақсаты қала тұрғындарының орташа табысын екі есе – айына 360 мың теңгеге дейін, өңдеу өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігін – жыл сайын 5%-ға – 2025 жылы бір жұмыс

істеушіге шаққанда 35 мың АҚШ долларына дейін және 2030 жылы бір жұмыс істеушіге 42 мың АҚШ долларына дейін арттыру болып табылады.

NEET жастардың үлесі (*ағылш. Not in Education, Employment or Training*) – 6,3%-дан **3%-ға** дейін екі есе қысқаруы тиіс.

Өмір сүру ұзақтығын 72-ден **77,8 жасқа дейін** арттыру.

**Орнықтылық.** Көрсетілген кезеңде атмосфераға шығатын зиянды заттар мөлшерін 1,6 есе – 127 мың тоннадан **78 мың тоннаға дейін** қысқарту көзделіп отыр. Жоспарланған **2-ЖЭО-ны газға ауыстыру**, сондай-ақ қалада және қалалық агломерацияда жеке тұрғын үй секторына газ жүргізу зиянды заттарды азайтуға ықпал етеді.

Қаланың «жасыл қорымен» жұмыс жасау қала экологиясын сауықтыруға да көмектеседі: қаланың батыс және солтүстік-батыс аудандарындағы жасыл желектердің алаңын бір адамға есептегенде екі есе – **12 м<sup>2</sup> дейін** ұлғайту жоспарланған.

Қалдықтарды қайта өңдеуде – 17%-дан **60%-ға дейін** айтарлықтай өсім байқалады.

**Инфрақұрылым.** Көлікті дамыту және көлік байланысын арттыру бойынша Даму бағдарламасында іске асыру жоспарланған іс-қимылдар қоғамдық көлікте күнделікті сапарлардың 1,6 есе – **2,3 млн дейін** ұлғаюына алып келуі тиіс.

Көшелерді 100 пайыз жарықтандыру және бейнекамералармен толық қамту қылмыс деңгейінің екі есе – **10 мың** адамға есептегенде **150** қылмысқа дейін азаюына ықпал етуі тиіс.

Қала қауіпсіз ғана емес, сонымен бірге инклюзивті, ашық және қолжетімді болады: мүгедек адамдарға бейімделген қалалық инфрақұрылым деңгейін қазіргі 10%-дан **75%-ға дейін** жеткізу көзделіп отыр.

Бағдарламаға сәйкес бизнес-ахуалды дамыту бойынша күш-жігер Алматыға Әлемдік Банктің «Қолайлы Бизнес орта» (BEE) индексінің TOP-50-не кіруіне мүмкіндік береді.

**Жалпы, 2030 жылға қарай жаһандық мақсат – TOP 70 the Global Liveability Index (Economist IU) жүйесіне кіру.**

Белгіленген мақсаттарға қол жеткізуде **қала тұрғындарының пікірі** маңызды рөл атқаратыны сөзсіз. Жоғарыда айтылған бастамалар, мақсаттар мен индикаторлар қоғамдық талқылау үшін пікірлер мен ұсыныстарды қабылдай отырып, жарияланды.

Бұдан әрі жоғарыда аталған қаланы дамытудың негізгі мақсаттары бойынша қазіргі жағдайға жүрігізген талдаумен, іс-қимыл жоспарымен және күтілетін нәтижелермен бірге толық ақпарат ұсынылған.

## I-Мақсат. ЖАЙЛЫ ҚАЛАЛЫҚ ОРТА

Нарықтық қатынастардың қалыптасуы мен дамуы, шаруашылық етудің жаңа нысандарының құрылуы **қалалардың**, қалалық мәдениеттің, қалалық сананың **өзгеру процестерімен**, өзгеше қалалық ортаның құрылуымен тығыз байланыста жүреді.

Қала тұрғыны өз өмірін өткізетін қалалық ортаның сапасы қалалар мен елдерді дамыту үшін негізгі ресурс – **сапалы адами капитал** үшін ірі қалалардың бәсекелестігіндегі маңызды факторға айналады.

Осы тұрғыдан алғанда, қазіргі заманғы жайлы қалалық ортаны қалыптастырудың қала үшін ерекше әлеуметтік-экономикалық маңызы бар. Сонымен қатар, бұл қоршаған ортаға және қолда бар ресурстарға зиян келтірместен адамның әртүрлі қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын аумақты **тұрақты дамыту** мен кеңістікті ұйымдастырудың басым қағидаттарының бірі болып табылады.

Қаланың экономикалық өсуін қамтамасыз ету, қордаланған әлеуметтік проблемаларды шешу, өзара үйлестірілген кеңістіктік жоспарлау процестерін енгізу және нақты жобаларды іске асыру **жаңа қала құрылысы құралдары мен тәсілдерін** енгізу арқылы мүмкін болмақ.

Әлемдегі осындай табысты құралдардың бірі қалалық ортаны сапалы толтыруға, тұрғын үй, әлеуметтік, қоғамдық-іскерлік, өнеркәсіптік және басқа да ғимараттар мен құрылыстардың тепе-теңдігін сақтауға, жер және басқа да ресурстарды ұтымды пайдалануға, сондай-ақ инфрақұрылымды дамыту құралдары арқылы **озық даму** қағидаттарын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін **аумақты дамытудың полиорталықты моделі** болып табылады. Халықты жаңғыртылатын немесе жаңа тұрғын үйлер салынатын қала аудандарына тарту үшін аса маңызды шарттардың бірі қолжетімді қоғамдық көлік, сапалы коммуналдық қызметтер және жаңа жұмыс орындарын құру болады.

### 1.1. Алматының полиорталықты дамуы

Алматы қаласы аумағының кеңістікте дамуы 2002 жылдан бастап<sup>5</sup> бірқатар субъективті және объективті себептер бойынша көптеген өзгерістерден өтті.

Аумақтың әркелкі даму себептерінің қатарына жер ресурстарын ұтымсыз қайта бөлу, қала маңы аймағының жерлерін қосу және жерді басып алу (*рұқсатсыз құрылыс салу деп аталады*) есебінен қала шекарасын бірнеше рет кеңейту, заңнамалық талаптардың өзгеруі жатады.

Аумақтардың біркелкі дамымауы сәйкесінше қаланың әртүрлі аудандарының тұрғындары үшін өмір сапасының теңсіздігіне алып келеді. Бұл

---

<sup>5</sup> 2022 жылы Алматы қаласының 2020 жылға дейінгі Бас жоспары қабылданды.



мәселені шешуге **көпорталықтылық** пен көпфункционалды даму ықпал етеді – бұл қала тұрғындарының тіршілік әрекетінің түрлі сценарийлерін қарастыратын, **адам ауқымындағы**<sup>6</sup> орамдық құрылыстан тұратын жайлы жинақы өмір сүру тұжырымдамасы.

Полиорталықтылықтың негізгі идеясы қалада бірнеше орталықтардың болуынан тұрады. Әрбір тұрғылықты тұру ауданы тұрғындарға вело-жаяу жүргіншілер қозғалысын ынталандыруға мүмкіндік бере отырып, **барлық қажеттілігінің қадамдық қолжетімділікте болуын** қамтамасыз етуі тиіс. Қаланың барлық бөліктері қолжетімді қоғамдық көлікпен байланысты болуы, осылайша автомобильдерге тәуелділікті азайтуы және олардан атмосфераға шығатын зиянды заттардың мөлшерін қысқартуы тиіс.

Елді мекендердің тепе-тең және тиімді тығыздығы сақталған және аудан қоғамдық, коммерциялық және басқа объектілермен толтырылған кезде бұл тәсіл экономикалық белсенділікті дамытуға және көшелерді әлеуметтендіруге ықпал етеді. Кеңістікте интеграциялану және көшелердің байланысты желісі есебінен тұрғылықты аудандар бір-бірінен және тарихи орталықтан оқшауланбайды. Бұл қаланың кез келген басқа нүктесіне оңай жетуге мүмкіндік береді. Мұндай қозғалыстардың дәліздері тасымалдау, сауда, мәдени демалыс, ойын-сауық және т.б. саласындағы бизнес үшін тартымды болуы ықтимал.

### Қазіргі жағдайды талдау


Қазіргі уақытта Алматының **тарихи орталығы** ықшам жайлы қаланың заманауи моделінің көптеген талаптарына жауап береді. Онда мектептер мен балабақшаларға, қоғамдық кеңістіктерге жаяу жүргіншілерге жақсы қолжетімділік бар, ал қаланың қалған бөлігі жақсартуды қажет етеді: бұл 1970-1980-шы жылдардағы көшелері тығыз емес шағын аудандар салынған учаскелер және бастапқыда ауыл мақсатындағы қосылған аумақтар.

Бүгінде Алматының қалалық кеңістігі «орталық-шеткі аймақтар» классикалық тізбегі болып табылады және жаппай толыққанды біркелкі даму үшін мүмкіндіктерді іске асырмайды.

Бұл аудандар арасындағы экономикалық сәйкессіздіктерге алып келеді. Мысалы, Алмалы ауданы негізгі құралдардың құны бойынша қалған аудандардың жиынтық көлемімен сәйкес келеді (1-сурет).


*1-сурет. Алматы аудандары бойынша негізгі құралдардың орналасуы (млрд теңге)*

<sup>6</sup> «адами ауқым» (human scale) – Ян Гейл сияқты зерттеушілердің пікірінше, көп қабатты ғимараттар орналасқан және көлік жүргізушілері жаяу жүргіншілерден басым болатын қала кеңістігінде жиі қысым көретін адамның жайлы өмір сүруі, қозғалысы және әлеуметтік өзара әрекеттестігі тұрғысынан қалалық жоспарлауды бағалау тәсілі.



Тағы бір – әлеуметтік – қалалық аудандардың дамуындағы тепе-теңсіздік аспектісін қаланың **вернакулярлық** немесе басқаша айтқанда «менталды аудандарының» картасы көрсетеді (2-сурет). Бұл халықтың санасында бар, жергілікті бірегейлікті айқындайтын, бұл ретте ресми мәртебесі немесе әкімшілік шекарасы жоқ аудандар (мысалы: «Компот», «Татарка», «Тещин язык», «Орбита»).

2-сурет. Алматының вернакулярлық аудандарының схемасы



Вернакулярлық аудандардың схемасы қаланы оның тұрғындарының қалайша көретінін білдіреді. Ұсақ аудан – бұл жол қиылысы, дүкен, театр, саябақ немесе басқа объект болуы мүмкін – белгілі бір белсенділікпен байланысты күнделікті пайдалану орны. Ұсақ аудандардың көптеген саны белсенділіктің алуан түрлілігін, ал ірі аудандар – олардың шектеулілігін білдіреді. Сәйкесінше ұсақ вернакулярлық аудандардың шоғырлануы неғұрлым жоғары болса, белсенділік орталығы болу үшін осы аумақтың әлеуеті соғұрлым жоғары болады.

Вернакулярлық аудандарды дамыту олардың тұрғындарының бірлігін арттыру, тұтыну аймағын қалыптастыру, мәдени мекемелерді, коммерциялық емес ұйымдарды басқару, сондай-ақ туризмді ынталандыру тұрғысынан перспективті болып табылады.

Тұрғындардың экономикалық және мәдени белсенділігі бар қауымдастықтары нәтижесінде қалыптасқан тарихи өзектегі «менталды аудандардың» барынша тығыз шоғырлануы осы аумақтың көп функционалдылығының дәлелі болып табылады. Ал, **вернакулярлық аудандар үлкенірек болатын маңызды қалалық кеңістіктер шектеулі функциялар жиынтығын көрсетеді** (мысалы, тек ұйықтау функциясы), бұл тарихи өзектің көпфункционалды аймақтары мен еңбек ету орындарының бағытына қарай белсенді қатынамалы көші-қонды білдіреді.

Полиорталықты дамуға бағытталушылық – жаңа тартылыс орталықтарының құрылуы есебінен қала бөліктерінің даму тепе-теңдігі – тұратын аудандарда халыққа жетіспейтін және тарихи орталықта қолжетімді ортаның сапалық сипаттамаларын талдау қажеттілігін талап етеді. Талдау негізгі айырмашылықтар құрылыс ауқымында, қоғамдық кеңістіктердің әртүрлілігінде, қалалық орта функцияларында жатқанын көрсетеді.

Маңызды проблемалық бағыттардың біріне Алматы қаласындағы аудандар арасындағы байланысты дамыту қажеттілігін ескермей жүзеге асырылатын қазіргі нақты тұрғын үй құрылысының сипаты жатады. Көбінесе, әлеуетті әлеуметтік-экономикалық дәліздерді тұрғын үй кешендері жауып қалады. Мысалы, 2018 жылы Шагабутдинов пен Шәріпов көшелерін ұзартып салу арқылы солтүстік-оңтүстік байланыс қолжетімді болды, оларды 2021 жылы тұрғын үй кешені жауып қалды (3-сурет).

3-сурет. Әлеуетті байланыстардың жабылуы






Сонымен қатар, тығыз құрылысты қала тұрғындары сынға алады, өйткені ол көбінесе «ескек жел» мен тұрғындардың қажетті әлеуметтік инфрақұрылыммен – балабақшалармен, мектептермен, емханалармен қамтамасыз етілу қажеттілігін ескермейді. Өткен ғасырдың құрылыс аудандарында жаңа көппәтерлі тұрғын үй кешендерінің пайда болуы тозған инженерлік желілер үшін, сондай-ақ көлік инфрақұрылымы үшін артық жүктемеге алып келеді.

Бұдан басқа, жаңа құрылыс объектілері қаланың сәулет стиліне сәйкес келуі керек. Ол қазірдің өзінде қалыптасқан, бірақ қазіргі заманғы үрдістерге байланысты табиғи өзгеріске ұшырайды.

Сондай-ақ, қаланың қазіргі қалыптасқан кеңістікте ұйымдастырылуының ерекшеліктерін атап өткен жөн. Соңғы он жылдықтарда қаланың негізінен орталық және тау бөктеріне жақын жоғарғы (оңтүстік) бөлігі дамыды. Халықтың өмір сүру сапасында айырмашылық және **қаланың Райымбек даңғылынан жоғары және одан төмен бөліктерге бөлінуі** анық байқалады, бұл көшелердің қолжетімділігін кеңістікте талдаумен расталады (4-сурет).

*4-сурет. Алматыда қазіргі бар кеңістіктегі қолжетімділікті талдау схемасы (Space Syntax).*



Бұл бөлу сызығы қала аумағы арқылы және экономикалық өлшемде өтеді. «Қала тұрғынының сауалнамасы»<sup>7</sup> урбанистикалық зерттеудің алдын ала нәтижелері көрсеткендей, бірінші қажеттіліктегі тауарларға жұмсалатын шығындар үлесінің Райымбектен жоғары (оңтүстік) және төмен (солтүстік)

7

[https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSeFF\\_\\_VIPUCnWDmBaFRyfo9QboY0UcwZPNSxnJs976-FAHdw/viewform](https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSeFF__VIPUCnWDmBaFRyfo9QboY0UcwZPNSxnJs976-FAHdw/viewform)

бөлікте айырмашылығы шамамен 10%-ды құрайды (*қаланың төменгі бөлігінде – орта есеппен 40%, жоғарғы бөлігінде – шамамен 30%*).


Сонымен қатар, зерттеу алматылықтардың маңызды қажеттіліктерін анықтады. Оның алдын ала нәтижелері бойынша **қала тұрғындарына негізінен** қоғамдық кеңістіктер, балаларды дамыту орталықтары, үйірмелер, секциялар, спорт алаңдары **жетіспейді**. Жаяу жетуге болатын коммерциялық объектілерден фитнес орталықтар, шығармашылық шеберханалары, отбасылық кафелер мен коворкингтер жеткіліксіз.

Сондай-ақ, жерді пайдалану функцияларын талдау нәтижесінде шеткері аудандардың аумағында **жаяу жүргіншілердің әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне** (мектептер, балабақшалар, ауруханалар, театрлар, стадиондар, пошта және т.б.) **жаяу жете алмайтыны** анықталды.

Бүгінгі таңда тепе-теңсіздіктер жойылмайынша қала тұрғындары жиі және ұзақ қозғалыстар жасайды, бұл азаматтардың тіршілігі белсенді жерлерге жету уақытын ұзартады және шеткері аудандарда көше-жол желісі мен қоғамдық көліктің жеткілікті дамымауымен бірге **автомобильдерді белсенді пайдалануға** алып келеді.

Бұдан басқа, жүргізілген зерттеудің алдын ала нәтижелері бойынша алматылықтардың **60%-ы** қоғамдық көлікті пайдаланады. Бұл ретте алматылықтардың **40%-ы** жұмыс күндері жолға **45 минуттан бір сағаттан астам** уақыт жұмсайды.

5-сурет. Алматыда әлеуметтік инфрақұрылымның жаяу жүргіншілер үшін қолжетімділігі



5-сурет Алмалы, Бостандық және Медеу аудандарының ғана жеткілікті дәрежеде әлеуметтік инфрақұрылыммен қамтамасыз етілгенін көрсетеді. Бұл инженерлік инфрақұрылымға да қатысты. Қалаға қосылған аумақтардан құрылған жаңа аудандардың әлеуметтік, сондай-ақ инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз етілу деңгейі әлдеқайда төмен. Жаңа аудандардың әрқайсысында бұл инфрақұрылым жеке дамыды. Соның салдарынан орталықтандырылған магистралды желілердің<sup>8</sup> жетіспеушілігімен немесе олардың болмауымен сипатталады.


<sup>8</sup> «1.3. ТКШ-ғы қызметтер сапасын жақсарту» бөлімін қараңыз

### Халықаралық тәжірибе

Сәтті дамып келе жатқан қосалқы орталықтың мысалы ретінде **Лондонның Кингс Кросс ауданын** келтіруге болады. Бұл бұрын қолайсыз болған жер соңғы он жылдықтарда лондондық реконструкциялаудың негізгі бағыттарының біріне айналды. **Тарихи қонақ үй мен Сент-Панкрас теміржол вокзалының ашылуы маңызды қадам болды**, бұл ауданға инвестиция тартуға жол ашты. Кешенді даму үшін жоспарлауға жауапты органдар құрылды және **белгілі бір нормативтік ережелер қабылданды**. Қала тұрғындары шеберлік-жоспарын әзірлеуге белсене қатысты, ол жергілікті қауымдастықтардың талап етуімен бірнеше рет түзетілді. Қазір аудан қарқынды дамып келеді: мыңдаған жаңа үйлер салу жоспарланған, түрлі мәдени объектілер – университеттер, музейлер, кітапханалар ашылуда. Сент-Панкрас және Кингс Кросс станцияларының арасында үлкен жаңа ғимаратты иеленетін Google компаниясы құны миллиард фунт болатын ғимараттың құрылысын салуда. Нәтижесінде, полиорталықты дамыту жобасы **10 мыңнан астам жұмыс орнын** және қала экономикасы үшін жылына **600 млн фунт стерлингтен астам қосымша құнды қамтамасыз етті**.

Полиорталықтық дамудың тағы бір айқын мысалы **Токио** болып табылады. Егер Лондонда орталықтан шеткі аудандарға қарай сызықтардың сәулелік құрылымы болса, Токио бірнеше бірдей байланысты қалалық және жергілікті полиорталықтарды құрайды және бұл тиімді ұтқырлықты қамтамасыз етеді.

6-сурет. Кеңістіктегі қолжетімділіктің салыстырмалы талдауы




Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, **полиорталықтылық тиісінше іске асырылған жағдайда қала экономикасының өсуіне, жайлылықты, қауіпсіздікті арттыруға және таланттарды тартуға жағдай жасайды**.



Бұл ретте, жаңа орталықтардың формальды түрде ғана емес, сонымен бірге қала тұрғындарының санасында да сондай болуы маңызды. Жасанды құрылған орталықтардың ұзаққа бармауының бір айқын мысалы **Берлин** болып табылады, ол Берлин қабырғасы құлағаннан кейін моноорталықтылыққа қайтып оралды.

7-сурет. Берлин қабырғасы бұзылғанға дейінгі және бұзылғаннан кейінгі Берлин



Алматы қаласында көпорталықтылық тұжырымдамасын іске асырудың сәттілігі жоспарлау мен орындау сапасы, кадрлардың біліктілігі, қала әкімшілігі мен жергілікті қоғамдастықтардың ынтымақтастығы, қала тұрғындарының жаңа орталықтарды мойындауы және оларды табиғи тартылу орындарына айналдыру сияқты көптеген факторларға байланысты болады.

### Іс-қимыл жоспары

Алматы агломерацияның өзегі болып табылады, ол да біртіндеп урбандалып келеді. Бұл қала шекарасының **экстенсивті** кеңеюінен полиорталықтылық тұжырымдамасы аясында қазіргі бар кеңістікті **қарқынды** дамытуға көшу қажет болатын процесс.

Таңдалған тәсілдің негізі ретінде «Алматыбасжоспары» ҒЗИ ЖШС жүргізген математикалық модельдеу негізінде Алматы үшін бірегей болып келетін талдау нәтижелері алынған. Қазіргі көшелердің түрлері және олардың әлеуеті туралы соңғы деректер жиналды. Тұрғындардың экономикалық және әлеуметтік белсенділігі олар тұратын аумақтардың кеңістіктегі сипаттамаларымен салыстырылды, сондай-ақ қаланың әртүрлі даму сценарийлеріне салыстырмалы талдау жүргізілді.

Қазіргі тарихи орталықтың оны қоршап тұрған аудандармен және шеткері аймақтармен байланысы үшін Алматы қаласының қолданыстағы Бас жоспарында ұзын магистралды артерияларды төсеуді көздейді. Бұл қатынамалы көші-қон және тығыз трафик түріндегі салдары бар қала өзегінің басқа аудандардан басым болу жағдайының сақталуын білдіреді.

Сонымен қатар, талдау нәтижелеріне сәйкес, 140-250 метр көше желісі бар **тарихи өзек** қана басқа аудандарға қарағанда жалпы қалалық орталықтың барлық сипаттамаларына ие.



Алматының барлық тұрғындары үшін қала өзегінің тартымдылығын ескере отырып, көшелердің тығыздығы жоғары орамдық құрылымның дәл осы моделін полиорталықтарды дамытудың негізі ретінде алу туралы шешім қабылданды.

Барлығы мұндай көпорталықтардың бесеуі қарастырылады: «Солтүстік», «Батыс», «Оңтүстік-батыс», «Шығыс қақпасы» және «Тарихи орталық». Оларға мегаполис тұрғындары өсімінің басым бөлігі орналастырылады.

2022 жылдың желтоқсанында бекіту жоспарланған Алматы қаласының 2040 жылға дейінгі жаңа Бас жоспарына бес полиорталықты қосу «Жайлы қалалық орта» бағытын іске асырудағы алғашқы қадам болып табылады.

Одан әрі (2023 жылдың ортасына дейін) бес жаңа полиорталықтың шеберлік жоспарлары әзірленетін болады.

Бұл құжаттарда бес жаңа орталықтың өзара байланысты аумақтар желісі ретінде перспективті пайымының нақты толықтырылуы берілетін болады. Олардың әрқайсысы барлық қажетті (I) тұрғын үй, (II) әлеуметтік, (III) инженерлік және көлік инфрақұрылымы бар толыққанды, жинақы аудан болып табылады.

Осыған байланысты қала аумағын дамытуды екі негізгі қарама-қарсы және бірін-бірі толықтыратын бағыт бойынша жүзеге асыру жоспарланған:

- Алматы қаласының қазіргі бар құрылысын қалпына келтіру, жаңарту және жаңғырту;
- Реконструкциялау іс-шаралары арқылы бос аумақтарды да, қолданыстағы құрылыс аумақтарын да игере отырып, полиорталықтарды дамыту.

## **I. Тұрғын үй инфрақұрылымы**

Тұрғын үйінің болуы – жеке отбасы, сонымен бірге жалпы қоғам үшін әлеуметтік тұрақтылықтың негізгі факторы.

Тұрғын үй проблемасының екі маңызды ерекшелігі бар:

Біріншіден, қоғам дамыған сайын халықтың қажеттіліктері артып, өмір сүру жағдайларына қойылатын талаптар үнемі өзгеріп отырады.

Екіншіден, халық санының өсуі және жаңа отбасылардың құрылуы тұрғын үй қорын ұлғайтуды үнемі қажет етеді.

Тұрғын үй құрылысының көлемін ұлғайту күн санап өсіп келе жатқан қалаларда тұрақты шешуді талап ететін аса маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Бүгінгі таңда тұрғын үйге мұқтаж азаматтардың саны 33 мың адамнан асады. Жыл сайын Алматы халқы орта есеппен 55 мың адамға өседі, олардың тұрғын үйге деген қажеттілігі шамамен 1 650 мың м<sup>2</sup> құрайды.

Өсіп келе жатқан сұранысты ескере отырып, **2022 жылы 1 506,3 мың м<sup>2</sup> тұрғын үйді пайдалануға беру, одан кейінгі жылдары жыл сайын тұрғын үй көлемін 10%-ға ұлғайту жоспарланған.**

Бірінші кезекте полиорталықтарды, бос аумақтарда, сондай-ақ қазіргі аз қабатты құрылыстарды тығыздау есебінен қадамдық қолжетімділікте қажетті инфрақұрылымы бар жаңа кешендерді салу жоспарлануда.

Бұл ретте, құрылыс салынбаған бос жерлердің болмауы тұрғын үй құрылысының көлемін одан әрі ұлғайту үшін сын-қатерлер туғызады. Осы себептен реставрациялауға немесе қалпына келтіруге жатпайтын ескі тұрғын үйлерді бұзу арқылы қазіргі құрылыс учаскелерін қайта **жанартуға** назар аударылатын болады.

Қаланың тапсырысы бойынша жүзеге асырылған 2017-2018 жылдары жүргізілген паспорттауға сәйкес ҚазҚСҒЗИ АҚ 10 156 тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілер мен коммуналдық меншік объектілеріне, оның ішінде **8 176 көппәтерлі тұрғын ғимараттарға** тексеру жүргізді.

Қалада **1930-1975-ші жылдары** салынған, пайдалану мерзімі өткен **1427 екі қабатты үй** бар. Бұл үйлерде **60 мыңнан астам қала тұрғыны** өмір сүреді.

Бірінші кезеңде 2030 жылға дейін **708** ескі үйді (немесе 6 637 пәтерді) бұзу және **683** көпфункционалды тұрғын үйді (немесе 34 605 пәтерді) салу жоспарлануда.

Іске асырудың екі тетігі көзделеді: жеке инвестициялар және бюджеттік қаржыландыру.

**Бірінші тетік** – жеке инвесторларды тарта отырып іске асырылатын қолданыстағы және жоспарланған реновациялау жобалары, оның шеңберінде **458** үйді немесе 4 057 пәтерді бұзу және жалпы ауданы 1,8 млн шаршы метр болатын 520 үйді немесе 27 451 пәтерді салу көзделген.

**Екінші тетік** – қоныс аудару қорын құру, бюджет қаражатының есебінен апатты жағдайдағы үйлерді, сондай-ақ санитариялық және су қорғау аймақтарының қызыл сызықтарындағы үйлерді бұзу және олардың тұрғындарын көшіру. Екінші тетіктің қорытындысы бойынша барлығы **250** үй немесе ауданы 102 800 м<sup>2</sup> болатын 2 580 пәтер бұзылады, олардың орнына жалпы ауданы 303 725 м<sup>2</sup> құрайтын **133** үй немесе 3 985 пәтер салынады.

2023 жылы конструкциялар мен инженерлік жүйелерге техникалық қызмет көрсетуді, жөндеуді, оның ішінде ескі және апатты жағдайдағы тұрғын үй қорын ауыстыруды көздейтін Ғимараттар мен құрылыстарды күтіп-ұстау және пайдалану қағидалары әзірленеді және бекітіледі.

## **II. Әлеуметтік инфрақұрылым**

Жаңа аудандарда қажетті инфрақұрылымы және барлық талап етілетін функциялар мен қызметтердің жиынтығы бар достық пейілдегі қауіпсіз орта құрылатын болады. Әлеуметтік және білім беру объектілерінің жақын орналасуы қамтамасыз етіледі.

Ортаны жоспарлау кезінде **инклюзивтілік қағидаты** ескерілетін болады. 2023 жылы мүгедектігі бар адамдар үшін 2030 жылға<sup>9</sup> дейін объектілерге қолжетімділіктің қалалық бағдарламасы бекітіледі. Бұл полиорталықтар шеңберінде қазіргі объектілердің мүгедек адамдардың қажеттіліктеріне бейімделетінін, ал жаңалары – бастапқыдан қолжетімді болып жобаланатынын білдіреді.

**Медициналық қызметтердің қолжетімділігі** алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсету желісін шағындау, сондай-ақ жаңадан салынып жатқан тұрғын үйлер мен тұрғын үй кешендерінде МСАК объектілерін орналастыру есебінен қамтамасыз етілетін болады. Осының арқасында, сондай-ақ МСАК желісін ірілендірудің арқасында алғашқы көмек қызметтері жаңа аудандардың 120 мыңнан астам тұрғындарына қолжетімді болады. Бұдан басқа, 2025 жылдың соңына дейін жергілікті бюджет қаражаты есебінен 170-190 мың халықты қамти отырып, Наурызбай, Алатау, Медеу және Түрксіб аудандарында кемінде 17 отбасылық-дәрігерлік амбулатория мен толыққанды емханалар іске қосылатын болады.

Тұрғын үйді сатып алу орнын бағалау критерийлерінің бірі жақын жерде мектеп немесе балабақшаның болуы, сондықтан көпорталықтарды жоспарлау кезеңінде де осы объектілермен қамтамасыз етілуге назар аударылады. Бос аумақтарда орамдық құрылыс салу кезінде құрылыс салушылармен жасалатын меморандумдар шеңберінде 2025 жылдың соңына дейін 10 мың орынға арналған **балабақшалар** салу көзделген және 2030 жылға дейін қосымша 5 мың орын енгізілетін болады. Қосымша бюджет қаражаты есебінен 2025 жылдың соңына дейін мемлекеттік балабақшаларда 10 мың орын салынады.

**Мектептерге** қатысты осындай тәсіл қолданылады. 2025 жылға жоспарланған 71 жаңа мектептен бюджет қаражаты есебінен 23 мектеп пен жапсарлас құрылыс салынады, қалғандары – жеке қаражат есебінен, оның ішінде құрылыс салушылармен меморандумдар жасау шеңберінде 16 мектеп пен жапсарлас құрылыс салынады.

Сондай-ақ, 2025 жылға қарай Алатау, Бостандық, Наурызбай және Түрксіб аудандарында қосымша білім беруді дамыту бойынша 4 заманауи орталық құрылатын болады.

**Жастарды** полиорталыққа тарту және әлеуметтендіру үшін тәлімгерлік, акселерация, жұмысқа орналастыру, жеке және мәдени даму бағдарламасы бар 16 заманауи комьюнити-орталықтан тұратын желі құрылатын болады. Бұл орталықтар 2025 жылға дейін барлық полиорталықтарда, соның ішінде қазіргі бар объектілерді қайта дамыту арқылы ашылатын болады.

Аталған объектілерді іске қосу, оның ішінде полиорталықтағы тұрғындар үшін **жаңа жұмыс орындарының құрылуын** қамтамасыз етеді.

---

<sup>9</sup> «4.1. Алматыда инклюзивті орта құру» бөлімін қараңыз

Саяси орталықтардың даму жоспарларын әзірлеу кезеңінде қоғамдық және жасыл кеңістіктердің тапшылығына назар аударылатын болады. 8-суретте көрініп тұрғандай, қала аумағының шамамен 70%-ның **саябақ кеңістігімен** қамтамасыз етілмегені ерекше байқалады.

8-сурет. Жаяу жететін жерде саябақ кеңістіктерімен қамтамасыз ету




Схема қаланың Наурызбай, Алатау, Әуезов, Түркісіб және Жетісу сияқты аудандарында (сегіз ауданның бесеуі) **жасыл екпелері бар аумақтардың жетіспейтінін** көрсетеді.

Бұл аумақтарды саябақтармен және скверлермен қамтамасыз ету кезінде оларды қалалық ортаға интеграциялау және оларды әртүрлі санаттағы азаматтардың тәуліктің әр уақытында пайдалану қажеттілігін ескеру қажет. Сол кезде саябақтар мен скверлер халық өтетін, баратын және тиісінше аудан тұрғындарының демалуы мен уақыт өткізуінің қауіпсіз орындарына айналады. Бұған жасыл алаңдар арқылы өтетін жаяу жүргіншілер көшелерінің орамдық торының мектептермен, балабақшалармен, дүкендермен, фитнес-орталықтармен, кафелермен, қонақ үйлермен, театрлармен және т.б. байланысы арқасында қол жеткізіледі.

Жалпы, жасыл кеңістіктердің ұлғаюына 2030 жыл үшін жоспарланған **ағаштар**<sup>10</sup> отырғызу ықпал етеді.

Белсенді демалыс түрлерімен айналысуға мүмкіндік беретін абаттандырылған саябақтар мен скверлерден басқа, полирталықтарда **салауатты өмір салты үшін инфрақұрылым**<sup>11</sup> жеке құрылатын болады. Қоршаған ортаға теріс әсер ететін объектілерді күрделі салуға рұқсат берілмейді<sup>12</sup>.

### **III. Инженерлік және көлік инфрақұрылымы**

Барлық қажеттіліктермен қамтамасыз ету қағидатына сәйкес қадамдық қолжетімділікте сапалы инженерлік және көлік инфрақұрылымы қаланатын болады.

Орталықтандырылған коммуналдық желілер жоқ, яғни жылумен және сумен жабдықтау, су бұру, электр энергиясы жүргізілмеген бос аумақтарда **жаңа инженерлік желілер** салынатын болады.

Бұл ретте, инженерлік және көлік инфрақұрылымының сенімділігі мен жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін инженерлік желілерді пайдалану мерзімдерін, жер қазу жұмыстарынсыз, асфальтбетон жабындары мен абаттандырылған алаңдарды ашпай жөндеу жұмыстарының жеделдігін ұлғайтуға, пайдалану және қызмет көрсету жағдайларын оңайлатуға, сондай-ақ пайдалану шығындарын азайтуға мүмкіндік беретін **өтпелі (коммуникациялық) тоннельдер** құрылғысы арқылы жерасты кеңістігін тиімді пайдалану технологиялары енгізілетін болады.

**Дамыған телекоммуникациялық инфрақұрылым** және талшықты-оптикалық байланыс желісімен қамту есебінен жаңа полиорталықтарға «смарт сити»<sup>13</sup> қағидаттарын енгізу үшін негіз қалауға ерекше назар аударылатын болады. Жаңадан салынған тұрғын үй кешендерінде ТКШ-ны есепке алудың автоматтандырылған жүйесі құрылады.

**Көлік инфрақұрылымын** қалыптастыру қоғамдық көліктің басым түрде дамуына, сондай-ақ шағын ұтқырлыққа (велосипедтер, самокаттар) және жаяу жүргіншілер қозғалысына негізделетін болады. Бұл үшін мүмкіндіктер 2026 жылға қарай қаланың бес радиалды және төрт ішкі магистралды көшесін ҰАААЖ-ға дейін ұзартып салуды аяқтауды қамтамасыз етуге тиіс. ҰАААЖ-ды іске қосу қаланың жол кеңістігін транзиттік автокөліктен, оның ішінде жүк көлігінен босатуға, қоғамдық көлікке көбірек жолақ бөлуге, сондай-ақ қала аудандарын<sup>14</sup> тиімді байланыстыруға мүмкіндік береді. Адамға бағдарланушылыққа негізделген қалалық ортаны қалыптастырудың жаңа тәсілдері жаяу жүргіншілер инфрақұрылымына назар

<sup>10</sup> «5.2. Қолайлы қоршаған орта» бөлімін қараңыз

<sup>11</sup> «4.6. Дене шынықтыру мен спорт қала тұрғындарының салауатты өмір салтының негізгі құрамдас бөлігі ретінде» бөлімін қараңыз

<sup>12</sup> «5.1. Алматы қаласының атмосфералық ауасының сапасын жақсарту» бөлімін қараңыз

<sup>13</sup> «6-мақсат. Алматы-смарт сити» қараңыз

<sup>14</sup> «1.2. Дамыған қоғамдық көлік, көпорталықтар мен қала өзегінің көлік байланысы» бөлімін қараңыз


Жайлы қалалық орта аударуды білдіреді: 2023 жылы жаяу жүргіншілер үшін кемінде 30 қауіпсіздік аралшасы салынатын болады.

2030 жылға қарай экономикалық мамандандыруды ескере отырып, полиорталықтар құрылымын қалыптастыруды аяқтау жоспарланған:

- «Солтүстік» – босаған аумақтарды қайта дамыту арқылы өндірістер мен базарларды шығару, рекреация және көгалдандыру үшін жаңа аумақтар (ҮАК бойы, Баум тоғайы), дамыған қызмет көрсету саласы;
- «Шығыс қақпасы» – әуежай бөлігінде логистикалық хаб және көрме-ойын сауық орталығы, медицина, фармацевтика;
- «Тарихи орталық» – туризм, дамыған қызмет көрсету саласы;
- «Батыс» – ірі индустриялық кәсіпорындар, көлік-логистикалық хаб;
- «Оңтүстік-батыс» – шағын өнеркәсіптік парктер, сауда, логистика.

Бүгінгі таңда болашақ полиорталықтардың географиялық шекарасына (9-сурет) және жоғарыда сипатталған шеңберде оларды дамыту үшін маңызды кейбір жобаларға келесі көзқарас бар:

9-сурет. Алматы қаласын дамыту полиорталықтары шекарасының схемасы



Әрбір полиорталықтың өзіндік «зәкірі» болады.

Полиорталықтар тұжырымдамасын іске асыру «Солтүстіктен» бастау алады, себебі мұнда түрлендірулерден барынша синергетикалық әсер алуға болады. Мұнда Алматы-1 темір жол станциясы орналасқан, оған қала маңындағы темір жол маршруттары байланыстырылған және ол арқылы жүк тасымалдарының<sup>15</sup> едәуір көлемі өтеді.

Сондай-ақ «Солтүстік» арқылы Райымбек даңғылы өтеді. Қала тұрғындарының бір бөлігінде даңғылдан әрі орналасқан қаланың «төменгі» бөлігі туралы қалыптасқан теріс пікірге қарамастан, бұл дәліз қала мен агломерацияны ғана байланыстырып қоймайды. Ол жолаушылар мен жүк ағындары үшін маңызды қалааралық және халықаралық дәліз болып табылады (*Қырғызстан, Қытай*), оның ішінде қала бюджетіне қаражат түсуін қамтамасыз етеді.

Бүгінгі таңда қалада осы аумақтың транзиттік әлеуетін және түсетін кірістерді сақтау қажеттілігі туралы түсінік бар. Дегенмен транзиттік жүк көлігін ҰАААЖ-ға көшіру және жаяу жүргіншілер мен шағын мобильді инфрақұрылымды құру есебінен Райымбек даңғылын (*және одан бөлінетін барлық ұсақ көшелер мен аудандарды*) әлеуметтендіру қажет.

Райымбек даңғылының өзгеруінен басқа, Баум тоғайында айтарлықтай түрлендіруші әлеуетке ие. Бүгінде бұл Үлкен Алматы каналы өтетін ұзын жасыл аумақ – шын мәнінде, жеке сектормен қоршалған қала шегіндегі орман учаскесі. Тоғайдың жанында қоғамдық объектілердің пайда болуы оған адамдардың көптеп баруын және оның қауіпсіз болуына мүмкіндік береді.

«Солтүстікті» әлеуметтендіру (Жетісу ауданының үлкен бөлігі және Түрксіб ауданының бір бөлігі кіреді) индустриялық аумақтар мен ескі тұрғын үйлер орналасқан аумақтарды қайта дамытуды қамтиды. Өнеркәсіптік аймақтар мен ескі тұрғын үй қорының орнына көше желісі барынша тығыз, гүлзарлар, шағын бизнес үшін белсенді бірінші қабаттары бар жаңа типтегі орамдық құрылыс пайда болады.

«Шығыс қақпасы» көпорталығы жоғарыда сипатталған құрылыс түріне одан да көп кеңістік береді. Бос аумақтардың болуы жоспарлау кезеңінде ең озық қағидаттар мен тәсілдерді енгізуге, нәтижесінде заманауи және ойластырылған инфрақұрылым өмір сапасын қамтамасыз ететін, бизнестің пайда болуы мен дамуын ынталандыратын, микромобильділікті қамтамасыз ететін кеңістікке қол жеткізу үшін мүмкіндіктер береді. Сондай-ақ, инженерлік инфрақұрылымды салуға жоғарыда аталған өтпелі тоннельдерді енгізу мүмкіндігі пайда болады.

Бұдан басқа, «Шығыс қақпасында» бос аумақтардың болуы «смарт-сити» әдіснамасы шеңберінде оның базасында жаңа цифрлық құралдарды қолдана отырып, жаңа инфрақұрылым құруға, инфрақұрылымды цифрландыруға және деректерді беру арналарын дамыту үшін жекелеген жағдайларды алдын ала қарастыруға мүмкіндік береді.

---

<sup>15</sup> «3.1. Алматы агломерациясының шеңберінде қоғамдық көлікті интеграциялау» бөлімін қараңыз



Бос аумақтарды кешенді жайластыру маршруттардың жоғары вариативтілігімен көлік байланыстарының ойластырылуын да білдіреді. Полиорталық құрамына қала маңындағы қоғамдық көлікпен интеграцияланған жүрдек трамвай станциясын, «Шығыс» автовокзалын, BRT желісін қамтитын ірі мультимодальдық көлік-ауысып отыру хабымен толықтырылатын болады.

«Жетісу» базары жаңғыртылады, «Апорт» және Leroy Merlin ірі коммерциялық объектілері, «My Car» көпфункционалды автоорталығы басқа коммерциялық объектілермен толықтырылады.

«Батыс» полиорталығында Алматы Индустриялық аймағының аумағын 2025 жылға қарай 190 га және 2030 жылға қарай тағы 140 га кеңейту көзделеді. АИА-да жоғары технологиялық экологиялық өндірістер және олармен байланысты кәсіптік-техникалық білім беру объектілері басым түрде орналастырылатын болады. Жас техникалық кадрлар жатақханалар кешендерімен және жалға берілетін тұрғын үйлермен қамтамасыз етіледі. Бұл ретте кәсіпорындар, шағын өнеркәсіптік парктер<sup>16</sup> мен көлік-логистикалық хабты орналастыру полиорталықтың өнеркәсіптік аймақ келбетіне ие болатынын білдірмейді. «Батыстың» индустриялық даму сипаты «Сақ қорғандары» этнографиялық паркінің айналасында дәстүрлі мәдениет элементтері бар шығармашылық индустриялардың инфрақұрылымын салу арқылы теңдестіріледі. Полиорталық тұрғындарының бос уақыты мен демалысы үшін қосымша ұзын (желілік) саябақ құрылатын болады. Орталық жаңа абаттандырылған тұрғын үй кешендерімен, салауатты өмір салтына арналған инфрақұрылыммен, әкімшілік-іскерлік мақсаттағы, сауда және қоғамдық тамақтану объектілерімен толығырақ. Боралдай ауылындағы Алматы-3 мультимодальдық көлік хабы «Батыс» пен «Солтүстікті» байланыстырады.

«Батыс» аумағындағы тектоникалық жарылу бөлігі құрылыс үшін пайдаланылмайды – мұндағы жасыл аумақтар (ауданы 90 га) абаттандырылады және құрылатын қалалық ортаға интеграцияланатын болады.

Осыған ұқсас перспектива «**Оңтүстік-батыс**» үшін де қарастырылған – қазіргі бар объектілер мен ортаны адамға бағытталған форматқа қайта форматтау. Жұмыс істеп тұрған «Алтын Орда» көтерме-бөлшек сауда базарын қалалық көтерме-тарату орталығы етіп қайта құру жоспарлануда. Ол аграрлық қайта өңдеу, сауда-логистикалық кешендер және әкімшілік-іскерлік орталықтар объектілерімен толықтырылатын болады. Осында «Барлық» базарының төңірегінде Батыс автовокзалын, LRT және метрополитен станцияларын қамтитын ірі мультимодальдық көлік-ауысып отыру торабын құру жоспарлануда (2025 жылы «Қалқаман» станциясын пайдалануға беру жоспарланған).

---

<sup>16</sup> «2.1. Жоғары технологиялық және «таза» өндірістерді дамыту» бөлімін қараңыз



Аумақтық тұрғыдан алғанда, бұл бос учаскелері бар ең кішкентай полиорталық болып табылады. Олар, «Шығыс қақпасының» бос аумақтары секілді ыңғайлы және достық сипаттағы ортадан тұратын заманауи адами даму аралына айналады.

«Тарихи орталықтың» шекарасында тарихи-мәдени маңызы бар орындарды абаттандыру және мәдени-тарихи мұраға жататын (*оның ішінде жеке меншіктегі*) ғимараттарды қалпына келтіру (реставрациялау) жөніндегі жеке бағдарлама әзірленіп, қабылданады. Кеңестік кезеңнен қалған тұрғын үй ғимараттары да жаңғыртылып, жаңартылатын болады – 2030 жылға дейін шамамен 60% тозған инженерлік желілер жаңартылады.

Полиорталықтардың экономикалық тұрғыдан мамандануына қарай «Тарихи орталықта» туризм және сервистік қызмет көрсету саласы дамиды болады. Бұл ретте қаланың орталық бөлігіндегі автомобиль трафигін шектеу үшін шаралар қабылданады. Тұрақ орындарының жетіспеушілігі проблемасын шешу үшін ақылы тұрақ орындарын құру жұмыстары жалғастырылады.

Микромобильділікті дамыту үшін тарихи өзек ауданында веложолдар мен веложолдар салу жалғасын табады.

«Тарихи орталыққа» іргелес жатқан өнеркәсіптік кәсіпорындар мен арнайы мекемелер (ААМЖЗ, С.М. Киров атындағы зауыт, СИЗО) көшіріліп, олардың және ескірген тұрғын үйдің орнына заманауи үлгідегі орамдық құрылыс, сондай-ақ жаңа іскерлік кластер, жоғары сыныпты коммерциялық алаңдар пайда болады.

**Полиорталықтарды дамытумен қатар**, кеңес дәуірінің қолданыстағы құрылыс учаскелерін, оның ішінде қалпына келтіруге немесе қайта жаңартуға жатпайтын ескі тұрғын үйлерді қайта қаржыландыруға назар аударылады. 2022 жылдың соңына дейін ескі үйді қайта жаңартудың қалалық бағдарламасы бекітіледі.

Сонымен қатар, жаңа серпін беру Саин, Момышұлы, Алтынсарин көшелерінің бойындағы променадтарды және басқа да шағын ауданның көшелерін жайластыру есебінен жүргізіледі<sup>17</sup>.

Сондай-ақ қаланың барлық аумағында сәулет стилінің біртұтастығын және құрылыстың кешенділігін қамтамасыз ететін **бірыңғай қала құрылысы** регламенті енгізілетін болады.

2025 жылы 28 сейсмостанция орната отырып, «Жойқын жер сілкіністері туралы ерте хабарландыру жүйесі» жобасы аяқталатын болады.

**Қоғамдық қауіпсіздікті** қамтамасыз ету үшін 2024 жылға дейін қаланың барлық аудандарында «Сервистік полиция орталықтарының» алғашқы 8 пунктін ашу жоспарлануда. Бұдан басқа, «қадамдық қолжетімділік» қағидаты бойынша заманауи жабдықталған 30 учаскелік полиция пункті ашылады. Көшелер, жолдар мен аулалар 2026 жылға дейін жаңа жарықтандыру желілерін салу, жарық нүктелерін орнату және тозған шамдарды жаңа LED шамдарға ауыстыру есебінен сапалы жарықтандырумен

<sup>17</sup> Бөлімнің қосымшасын қараңыз

толық қамтамасыз етіледі. 2025 жылға дейін адамдар көп жиналатын жерлерде «SOS» дабыл түймесі» шұғыл аудио/видео шақыру жүйесін орнату аяқталады. Қаланың полиорталықтарында 15 өрт сөндіру депосы салынады.

**Көше мен қоғамдық кеңістікті ұйымдастыру** полиорталықтарды қалыптастыруда ерекше маңызға ие екенін атап өткен жөн. Семинарлар мен воркшоптар өткізу арқылы қаланы жобалауға **қала тұрғындарын белсенді қатыстырып**, дамыту қажет.

Қазір алматылықтар [www.almatygenplan.kz](http://www.almatygenplan.kz) сайтының «**Қала тұрғынының сауалнамасы**» арқылы пікір білдіруде. Сауалнаманың нәтижелері жаңа Бас жоспарды және полиорталықтардың шеберлік жоспарларын әзірлеуге негіз болады. Бұл процесс ұдайы деректерді жинақтау үшін тұрақты әрекетке айналады.

Бұдан басқа, қала аумағында және агломерацияда құрылыс салу туралы шешімдер қабылдау кезінде **транзиттік-бағдарланған даму және көліктік модельдеу** қағидаттарын енгізу қажет болады. Болашақта Алматының «цифрлық сыңарын» құру қаланың басқарушылық қабілетін арттыруға ықпал етеді<sup>18</sup>. Қаланың виртуалды көшірмесі моделімен жұмыс істеу шеңберінде жер учаскелерінің функционалдық интерактивті карталарын және коммуналдық желілер схемаларын, сондай-ақ көлік және коммуналдық инфрақұрылымның өзекті схемаларымен біріктірілген өнеркәсіптік мақсаттағы учаскелер карталарын жасау іске асырылады.

Аудандарда халықтың тығыз орналасуы мен төлем жүргізуге қабілетті болуы көпорталықтарға кәсіпкерлерді тартады. Олар өз кезегінде ұйымдар мен жұмыс орындарын ашады деп болжануда. Сонымен қатар, кейбір мемлекеттік және басқа да қызметтерді ұсыну орындарын ауыстырғанда жұмысқа орналасу мүмкіндігі туындауы мүмкін.

### **Қажетті ресурстар**

Полиорталықтық тұжырымдамасы шеңберінде **қаланың барлық аумағында** жайлы қалалық орта құру: жер ресурстарын; заңнамалық, нормативтік және ақпараттық базаны жетілдіруді; инженерлік-көліктік және әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуды; қала үшін басым объектілердің құрылысын модельдеуге арналған қаржы құралдарын; инвестицияларды; адами капиталды тартуды талап етеді.

Мұның бәрі инфрақұрылымға елеулі қаржылық шығындарды талап етеді, олардың көлемі 2030 жылдың соңына дейінгі кезеңге жер учаскесін сатып алуды есептеместен, **6,1 трлн теңге**<sup>19</sup> бюджеттік және жеке инвестициялар деп алдын ала бағалануда, оның ішінде 2025 жылдың соңына дейін **2,8 трлн теңге**. Жеке инвестициялар көлемі **3,3 трлн теңге** шамасында

<sup>18</sup> 6 «Алматы – Смарт сити» бөлімін қараңыз.

<sup>19</sup> Бұл сомаға Даму жоспарының тиісті бөлімдерінде көрсетілген объектілерді салу және қайта жаңарту шығындары кіреді.

бағалануда, оның ішінде 2025 жылдың соңына дейін **1,3 трлн теңге**, негізінен тұрғын үй құрылысы саласында.

Бұл ретте, әлеуметтік, жол, инженерлік және рекреациялық инфрақұрылымды салуға қажетті жер учаскелерін алып қоюға 2030 жылға дейін қосымша **1,2 трлн теңге** қажет болады.

Шығындар ішінде:

- **Инженерлік инфрақұрылым** - 2022-2030 жылдар кезеңіне бюджет қаражаты есебінен шамамен **626 млрд теңге**, оның ішінде 2022-2025 жылдар кезеңіне шамамен **157,2 млрд теңге**;

- Көлік инфрақұрылымы бюджет қаражаты есебінен – 2022-2030 жылдар кезеңіне шамамен **847 млрд теңге**, оның ішінде 2022-2025 жылдар кезеңіне шамамен **378 млрд теңге**;

- **Әлеуметтік, рекреациялық инфрақұрылым** бюджет қаражаты есебінен – 2030 жылға дейін шамамен **955 млрд теңге**;

- **Цифрландыру, қауіпсіздік, туризм** – 2030 жылға дейін шамамен **366 млрд теңге** бюджет қаражаты есебінен.

**Полиорталықтарды басымдықпен дамыту** көзделетіндіктен, оларға инвестициялардың негізгі көлемі (жалпы соманың шамамен 60% - ы) тиесілі болады.

#### **Күтілетін нәтижелер**

Егжей-тегжейлі есептеулер, талдау және жаңартылған қала құрылысы құжаттарының негізінде қала **2024 жылы жаңа көпорталықтардың инженерлік, көліктік және әлеуметтік инфрақұрылымының негізгі элементтерін** қалауға кіріседі.

«Солтүстік» және «Шығыс қақпасы» полиорталықтарында орамдық құрылыстың жаңа үлгілері пайда болады. **2023** жылға қарай жаяу жүргіншілер аймағын кезең-кезеңімен абаттандырып, Райымбек даңғылын кешенді жаңғырту аясында көлік инфрақұрылымын қайта ұйымдастыру басталады.

Қаланың орталық емес бөліктерін қызмет көрсету объектілерімен белсенді толықтырып, сервистік экономиканы бір мезгілде орталықсыздандыру кезінде тарихи орталық өзінің мәдени маңыздылығын сақтайды.

Алматыда жоспарланған іс-әрекеттерді табысты іске асырған жағдайда **2030 жылға қарай** қаламыз ең үздік адами капиталды тартатын қалаға айналады, сол кезде мегаполис тұрғындары тұрған жерінен 15 минут жаяу жүріп немесе қоғамдық көлікке отырып, өміріне қажетті барлық игіліктерге тең қол жеткізе алады. Алматының тарихи орталығы мен басқа да аудандары толықтай қадамдық қол жеткізген кезде, әрбір аудан өз тұрғындарының жұмыс істеуі, оқуы, сауығуы және бос уақытын өткізуі үшін мүмкіндіктер тұрғысынан өзін-өзі қамтамасыз ететін болады.

Туристер үшін қаланың тартымдылығы да артады. Халықаралық қонақүйлер желісін тарту және қонақүйлер салу есебінен нөмірлік қорды 3 есе ұлғайту қарастырылуда.

Бағалау бойынша, бұл өзгерістер 2040 жылға дейін шамамен **600 мың халқы бар 9000 га** қалалық аумаққа әсер етеді.

Алматының жаңа Бас жоспарын және полиорталықтың шеберлік жоспарларын қабылдау және іске асыру нәтижесінде **2030 жылға қарай** қалада:

- Т-тәрізді қиылыстар аз болса да, көшелер бір-бірімен жақсы байланысады;
- орамдары бар көшелердің тығыздығы 5 га-дан аспайды (км<sup>2</sup>-ге 10-15 км) *(жаңа үлгідегі орамдық құрылысқа байланыстырылған көшелердің алғашқы аудандарының құрылысы 2024 жылдан бастап Солтүстік және Шығыс қақпасының полиорталықтарында бос аумақтар мен редевелопмент учаскелерде басталады);*
- құрылыс салу тығыздығы экономикалық тұрғыдан тиімді болады (120 адам / Га);
- «есіктен есікке дейін» үздіксіз жаяу жүргіншілер инфрақұрылымы орнайды *(2023 жылы әуежайдан Тұңғыш Президент саябағына дейін жалпы ұзындығы 25 км<sup>20</sup> болатын қолданыстағы көшелерде жаяу жүргіншілер кеңістігін қайта жаңарту жоспарлануда);*
- ғимараттар аралас пайдаланылады (көп функционалдылық) және алуан түрлілікке ие болады *(2026-2027 жж. жаңа орамдық құрылыс аудандарында алғашқы тұрғын үй кешендерінің тапсырылуымен сынақтан өткізіледі);*
- бірінші қабаттар белсенді болады (жалпы алаңның 15%); *(сонымен қатар 2024 жылдан бастап Солтүстік және Шығыс қақпасы полиорталықтарында жүзеге асырылады);*
- жасыл кеңістік желісі көбейеді (скверлер, саябақтар, аллеялар, өзен жағалаулары, променадтар) қол жеткізеді. *2027-2028 жж. Солтүстік көпорталығында 120 га және Батыс көпорталығында тектоникалық сынық аумағының 90 га парк кеңістіктерін құру үшін жасыл желектері бар аумақтарды абаттандыру;*
- 2040 жылға дейін оқушы орындарының тапшылығы қысқарады, 90-нан астам мектепті пайдалануға беру болжанып отыр *(2025 жылға дейін-бюджет қаражаты есебінен 23 мектеп);*
- шамамен **180 мың жұмыс орны ашылады**<sup>21</sup> *(2025 жылға дейін – 65 мың);*
- Олардың **30%-ы әлеуметтік** салада және тіршілікті қамтамасыз ету қызметтерінде (дәрігерлер, оқытушылар, полиция, өрт сөндірушілер және т.б.), **70%-ы мамандандырылған** жұмыс орындарын құрайды.


Жоғарыда аталған факторлардың жиынтығы жайлы өмір сүруге, тұрақты экономикалық өсуге, әлеуметтік тұрақтылыққа, қауіпсіздікті

<sup>20</sup> Бөлімнің қосымшасын қараңыз

<sup>21</sup> Жұмыспен қамтылған адамдардың Алматы қаласы халқының жалпы санына қалыптасқан арақатынасы негізінде бағалау есебі

Жайлы қалалық орта арттыруға, экологиялық ортаны жақсартуға жағдай жасайды. 10-суретте қазіргі жағдаймен салыстырғанда кеңістікті жақсартулар көрсетілген.

10-сурет. Қолданыстағы және Алматыдағы болжанатын кеңістікті қолжетімділікті талдау схемасы (Space Syntax).



Болжанатын кеңістікті қолжетімділік схемасында белсенділік Райымбек даңғылы бойымен «суды бөлусіз» біркелкі бөлінгені байқалады. Даңғылдың үстіндегі және астындағы ортаны біріктіру **2024 жылдан** басталады.

Схемадағы түс белгілері қала аумағында «орталық температура» қалай бөлінетінін көрсетеді. Аумақ неғұрлым «қызыл» болса, оның көп көшелерден қол жетімділігі соғұрлым жоғары болады және қала ортасының әртүрлі объектілер мен функциялармен толтырылуы жоғары болады.

Полиорталықты даму тұжырымдамасын іске асыру нәтижесінде Алматы полиорталықтармен байланысты мәдени-маңызды тарихи орталығы бар, әрқайсысының өзіндік қоғамдық, мәдени, іскерлік және өзге де мазмұны бар үйлесімді қалаға айналады. Қала аудандарының әлеуметтік-экономикалық дамуындағы сәйкессіздіктер қысқартылады, соның арқасында қала аумағында алматылықтардың өмір сүру деңгейі мен сапасы біркелкі жоғары болады.

## 1.2. Дамыған қоғамдық көлік, полиорталықтар мен қала өзегінің көлік байланысы

Көлік және көлік инфрақұрылымы азаматтар өмір сүруінің, өндірістік, сауда және басқа да экономикалық процестердің маңызды бөлігі. Сонымен қатар сапалы көлік **іскерлік белсенділіктің пайда болуы мен аумақтарды дамытудың алғышарты** болып табылады.

Агломерация шеңберінде көлікті интеграциялау қала мен облыс үшін өте маңызды – аталған бағыт «3.1 Алматы агломерациясы шеңберінде қоғамдық көлікті интеграциялау» бөлімінде келтірілген. Алматының ішінде полиорталықтарды құру жоспарын іске асыру үшін **қала аумағының барлық бөлігін біріктіретін заманауи қоғамдық көлік жүйесі** қажет.

Алматы - еліміздің ең үлкен және белсенді қаласы, болашақта **халқы көп, әрі мобильді** қала болмақ. Сәйкесінше, қоғамдық көлік пен көлік инфрақұрылымына түсетін жүктеме өсетін болады. Қазіргі кезде әсіресе уақыт ресурсы құнды болғандықтан, көлік сапасына қойылатын талаптар да артады. **Жүрдек қозғалыстың бұқаралық құралы** болып отырған қала үшін **қоғамдық көлікті** рөлін нығайтып, оның қолжетімділігі мен сапасы күшейте түсу қажет.

Қаланың көлік саласы Алматыны дамыту бойынша қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес болуы үшін мегаполисті әлемдік стандарттарға жақындататын **түбегейлі өзгерістер** қажет.

### Ағымдағы жағдайды талдау

Бүгінде Алматыда көлік секторы **дамыған, бірақ теңдестірілмеген**, трафикті басқару мүмкіндіктері шектеулі. **Күн сайын** Алматы жолдарында шамамен **700 мың машина** (оның ішінде **230 мыңы – қала маңындағы автокөлік**) жүреді.

Бұл ағынның едәуір бөлігі **жүк машиналарына** тиесілі (*тәулігіне шамамен 15 мың*). Республикада автокөлік теміржол<sup>22</sup> көлігіне қарағанда алты есе көп жүк тасымалдайды және ауыр жүктердің едәуір бөлігі Қытай бағытында – Алматы арқылы және одан әрі «Қорғас» ШЫХО-ға барады. Қала аумағында бұл дәліз Райымбек және Рысқұлов<sup>23</sup> даңғылдарының бойымен, қаланың «төменгі» бөлігінен өтеді. Жүк көлігінің көп жүруі қоғамдық көлік (ҚК) қозғалысына кедергі келтіреді де, қалалық жүргізушілер басқа көшелермен жүргенді қалайды. Осы аудандарда қажетті инфрақұрылым жоқ (*ыңғайлы тротуарлар, қауіпсіз өткелдер, променадтар*<sup>24</sup>). Сондықтан жаяу жүргіншілер де басқа көшелерді таңдағанды жөн көреді. Яғни, қаланың «төменгі» және «жоғарғы» бөліктерін интеграциялау, сондай-ақ кептелістерді азайту және экологиялық жағдайды жақсарту үшін транзиттік көлік дәлізін ұсынудан түсетін экономикалық пайданы жоғалтпай, **транзиттік жүк көлігін қала сыртына шығару талап етіледі.**

**Жүк көлігінен басқа, жеке автокөліктің үлесін азайту қажет.** Бүгінде алматылықтардың 40%-ы жеке автокөлікпен жүруді жөн көреді, ал қоғамдық көлікте, велосипедтерде, самокаттарда және жаяу 60% жүреді (*мысалы, Мәскеуде ара қатынасы 30%-дан 70%-ға дейін, Парижде - 25%-дан 75%-ға дейін, Венада - 20%-дан 80%-ға дейін*). Соңғы алты жылдың ішінде **қоғамдық көліктегі жолаушылар ағыны екі есе өсті**<sup>25</sup>, десе де **алматылықтар қоғамдық көліктің сапасына қанағаттанбайды.**

<sup>22</sup> «Салалық көрсеткіштерді, деректер көздерін айқындау және көлікті есепке алуды ұйымдастыру» жобасы бойынша «Ғылыми-зерттеу және жобалау ұйымдарының қауымдастығы» ЗТБ есебі», 2021ж.

<sup>23</sup> Райымбек даңғылын дамыту тәсілдерін өзгерту жоспарлары жоғарыда аталған «1.1. Алматының полиорталықты дамуы» бөлімінде көрсетілген.

<sup>24</sup> Жаяу жүргіншілерге арналған маршруттар.

<sup>25</sup> 2022 жылдың бірінші жартыжылдығында қоғамдық көлікте **185 млн** жол жүрілді (салыстыру үшін, жартыжылдық бойынша: 2019 жылы – 177 млн, пандемиялық 2020 жылы-127,7 млн, 2021 жылы – 157,7 млн жол жүру).

Қала тұрғындарының Алматы әкімдігінің қоғамдық қабылдау бөлмесіне жазатын әрбір оныншы өтініші<sup>26</sup> (11%) қоғамдық көлікке қатысты (*әрбір бесіншісі – жол желісіне қатысты*). Қоғамдық пікір сауалнамаларына сәйкес, көлік жүргізу сапасы, қозғалыс кестесіне сәйкес келмеу, автобустардың шамадан тыс жүктелуі, маршруттардың қисынсыз қайталануы және созылуы шағымдар тудырады.

Жоғарыда аталған проблемалар мынадай бағыттар бойынша топтастырылған факторларға негізделеді:

1. **Жүрдек қоғамдық көліктің дамымауы:** метро, БРТ, жеңіл рельсті көлік (ЖРК).
2. **Жер үстіндегі қоғамдық көліктің проблемалары:** қозғалыс жиілігі, автопарктің жай-күйі, маршруттық желі, тарифтік саясаттың байланысы, субсидиялар және қоғамдық көлік сапасы.
3. **Көше-жол желісі, көлік инфрақұрылымы:** магистралды көшелердің жеткіліксіздігі, қоғамдық көлік қозғалысының басым болмауы, тұрақ кеңістігінің проблемалары, білікті жүргізушілердің тапшылығы.
4. **Микромобильділік:** сапалы инфрақұрылым мен реттеудің жеткіліксіздігі.
5. **Такси:** реттеу мен сапасын бақылаудың жеткіліксіздігі.
6. **Қоғамдық көлік саласын цифрландыру.**

### **1. Жүрдек қоғамдық көліктің дамымауы**

Әлемнің ірі қалаларында азаматтар негізінен метро, жеңіл рельсті көлік (ЖРК) және жүрдек автобустар немесе троллейбустар (Bus rapid transit, BRT) секілді жүрдек көлікпен жүреді. Кәдімгі автобустар, велосипедтер, самокаттар және т.б. қысқа қашықтыққа бару немесе жақын жердегі жүрдек қоғамдық көлікке жетіп алу үшін қолданылады. Яғни **ірі қалалардағы жүрдек көлік-көлік каркасының негізі**.

Алматыда бүгінгі күні керісінше жағдай қалыптасты: қарапайым автобустар мен троллейбустар басым, ал жүрдек қоғамдық көлік қалыптасу сатысында.

Қалада ұзындығы 13 км болатын 11 **метро** станциясы жұмыс істейді, олар арқылы 15 құрам жүреді. Соңғы он жыл ішінде жолаушылар ағыны күніне **30-дан 70 мың жолаушыға дейін өсті**, бірақ жер үсті маршрутының желіні қайталауына және құрылыстың баяу жүргізілуіне байланысты жүрдек көлікті одан әрі дамыту шектелген.

**БРТ** желісін ай сайын шамамен **3,5 млн** алматылық пен қала қонақтары пайдаланады. Бұл - қоғамдық көліктің перспективті түрі, бірақ жобалау, интеллектуалды көлік жүйелерін енгізу және жаңа деполар мен бұрылу алаңдарын салу проблемаларына байланысты жоба толық көлемде іске қосылмады.

---

<sup>26</sup> Open Almaty деректері, 2021 ж.



Метро мен БРТ желісін жеткілікті деңгейде ұсынбаудан басқа, олардың желілерінің, сондай-ақ жоспарланып отырған ЖРК желісінің негізінен **тарихи орталық ауданында шоғырланғаны** проблема болып отыр. Қаланың солтүстік, шығыс, батыс жағы қамтылмай тұр.

Қаланың барлық аумағы бойынша біркелкі қолжетімді жүрдек қоғамдық көліктің болмауы – **Алматыны дамытуда сын-тегеурін тудырады**, оған қоғамдық көлік жүйесінің одан әрі дамуы мен жаңа көпорталықтардың өзара байланыстылығы тікелей қатысты болады.

Бүгінгі таңда Алматының солтүстік, шығыс және батыс бөлігінде тұратын тұрғындар метроға немесе БРТ-ға жету үшін автобуспен бір немесе бірнеше жол жүруі қажет. Автобус ауыстырып мінбейтін, ұзақ бағытқа жүретін автобус маршрутын таңдаған қолайлы, өйткені Алматыдағы қоғамдық көлік жолаушыларының негізгі үлесін осы автобустар мен троллейбустар тасымалдайды.

## **2. Жер үстіндегі қоғамдық көлік мәселелері**

Алматының жер үсті қоғамдық көлігі **дамыған, бірақ тиімділігі жеткіліксіз**. Мұның себептері мынадай:

### *2.1. Трафиктің шамадан тыс жүктелуі*

Жолаушылар ағынының негізгі үлесі автобустар мен троллейбустарға тиесілі (*шамамен 95%*). Бөлінген жолақтар бойынша автобустардың орташа қозғалыс жылдамдығы сағатына 25 км құрайды<sup>27</sup>, бұл ретте қарбалас уақытта олар сағатына 15-17 км жылдамдықпен жүреді де, жолаушылар үшін уақыт жағынан қолайсыз, әрі шығынды. Қозғалыс кестелері бойынша магистралды<sup>28</sup> автобус маршруттарында **қарбалас уақытта 7-15 минут** аралықты қадағалау қажет, алайда жолдардың бос болмауы, автобустардың жиналып тұруы, жол-көлік оқиғасы және басқа да себептерге байланысты осы талапты сақтау мүмкін бола бермейді.

### *2.2. Автопарктің тозуы*

2023 жылы шамамен 360 жылжымалы бірліктің, 2025 жылға қарай 952 бірлік көліктің пайдалану мерзімі аяқталады. Сонымен қатар, бүгінгі өзінде автобустардың техникалық себептер бойынша күніне маршруттардан шығып қалатын кездері 300-ге дейін жиілеп кетті, бұл автобустардың жалпы санының 15%-ын құрайды. Муниципалды және жеке автопарктердегі жылжымалы құрамның үштен бір бөлігі салыстырмалы түрде тозған. Автопарктің тозуы - қалалық қоғамдық көлікке қанағаттанбаудың маңызды себептерінің бірі (*салонның, орындықтардың сапасы, салқындатқыштың бар-жоғы және т.б.*).

Бүгінгі таңда шамамен қоғамдық көліктің **154** қалалық маршруты бар (*145 автобус және 9 троллейбус*). Оларға күн сайын **2 509** жылжымалы бірлік


<sup>27</sup> 2022 жылғы деректер

<sup>28</sup> Абай д-лы, Сейфуллин д-лы, Төле би к-сі секілді ірі көшелермен жүретін маршруттар



қызмет көрсетеді (оның ішінде муниципалды паркте – 1484 бірлік немесе 59%, жеке тасымалдаушыларда – 1025 немесе 41%)<sup>29</sup>.

11-сурет. Жер үстіндегі қоғамдық көлік, бірлік



**Автобустар мен троллейбустардың ағымдағы саны жеткілікті ме, оның жауабы тарифтік саясат пен маршруттық желіні ұйымдастыру бөлігіндегі шешімдерге байланысты.**

### 2.3. Маршруттық желі

Бүгінгі таңда маршруттық желі тиімді ұйымдастырылмаған. Мұның себебі бірнеше факторларға байланысты.

**Қалалық маршруттардың көбісі тым ұзақ бағытқа жүреді,** салдарынан қала маңындағы және қалалық қоғамдық көліктің нақты байланысы жоқ, ауысып отыруға ыңғайлы көлік хабтары да жоқ<sup>30</sup>.

Маршруттардың **76%-ға** жуығының ұзындығы **15 км-ден асады** және бұл қашықтықты барлық жолаушылар ағынының тек **8% ғана** еңсереді (тәулігіне<sup>31</sup> 110 880 адам). Сонымен қатар жолаушылардың шамамен **60%** (тәулігіне 831 600 адам) ұзындығы **10 км-ге дейінгі** маршруттарды пайдаланады, алайда Алматыда мұндай маршруттар **9%-дан** аспайды. Қала тиімділігі төмен маршруттарды субсидиялауға мәжбүр: жүру жол ұзан болған сайын, экономикалық түсім нашар, бұдан басқа адам көп отырмаса, түсім де аз болады дегенді білдіреді.

Сондай-ақ ұзақ маршруттарда 2-2,5 сағат үзіліссіз жол жүруге мәжбүр болған жүргізушілер де жүктемені сезінеді.

Мәселенің шешімі ретінде қолданыстағы ұзақ маршруттарды қысқа маршрутқа «қиып» (кемінде 10 км), **магистралды маршруттар** құру ұсынылады. Алматы Көлік холдингінің бағалауынша, реформа

<sup>29</sup> 2022 жылғы шілдедегі жағдай бойынша

<sup>30</sup> «3.1. Алматы агломерациясы шеңберінде қоғамдық көлікті интеграциялау» бөлімінде толығырақ жазылған.

<sup>31</sup> Есептеу 1 386 000 адамға негізделген – мектеп демалысы басталғанға дейінгі кезеңде 2022 жылғы деректер бойынша Алматыдағы ең жоғары тәуліктік жолаушылар ағыны

көпорталықтарды байланыстыруға, құрамдардың қозғалыс жиілігін арттыруға, сондай-ақ 300-ге жуық көлік бірлігін қоғамдық көлік жетіспейтін проблемалы жерлерге қайта бөлуге мүмкіндік береді.

Алайда, мұндай желіні құру үшін **бірқатар «тар» жерлерді** жою қажет, яғни:

- соңғы және кері бұрылу-тоқтап тұру алаңдарын көптеп салу (*құрам жүрісін аяқтап, келесі жол жүруге шыға алатындай, бүгінде мұндай алаң саны 154 маршрутқа 85*);

- бүгінгі таңда кейбір учаскелерде бір-бірінен алшақ орналасқан (*бұл ауысып отыруды қиындатады*) және жайластырылмаған аялдамалар санын ұлғайту: олардың көпшілігінде павильондар, жол қалталары, орындықтар, ақпараттық табло жоқ;

- мұндай шешімнің тәуекелдері мен пайдасын бағалап, қоғамдық көлік жолаушыларының арасында ақпараттық-түсіндіру науқанын жүргізу қажет.

*2.4. Тарифтік саясат, субсидиялар және қоғамдық көлік қызметінің сапасы.*

Бүгінгі таңда ұзақ маршрутты қысқа маршрутқа бөлуге болатын учаскелерді талдағанда, мұндай шешімді барлық жерде жүзеге асыруға болмайды деген түсінік қалыптасты – ауысып отыру жолаушылар үшін ыңғайсыз болады. Бұл ретте маршруттарды қысқа, әрі ыңғайлы ету мүмкіндігі бар, маршруттық желіні оңтайландыруға ішінара кірісу жоспарлануда. Болжамдық бағалау бойынша, барынша ыңғайлы маршруттық желінің пайда болуы қоғамдық көліктің жаңа пайдаланушыларын тартады, тиісінше **сапарлар саны мен жол жүруден түсетін түсімдер көлемі өседі**. Осының арқасында қала бюджетіне жүктеме азаяды.

**Тарифтік саясат** құралдарын пайдалану арқылы бюджет шығындарын азайтуға болады. Жолаушылардың белгілі бір санаты үшін оңтайлы болатын түрлі тарифтер жиынтығы қоғамдық көлікті пайдаланушыларды көптеп тартуға, одан мол пайда көріп, осылайша бюджет шығындарын азайтуға мүмкіндік береді.

Әлемнің ірі қалалары қоғамдық көлік жүйесін жолаушылар үшін қаржылық жағынан тұрақты және ыңғайлы ету үшін түрлі әдістерді қолданады. Мысалы, **жарты жылдық және жылдық жол жүру ақысы** пайдаланылады, онда жолаушы төлемді алдын-ала төлейді және бір реттік билетпен салыстырғанда арзан бағамен шексіз жол жүре алады. Бұл жағдайда қала алдын-ала төленген тасымалдау тапсырысына және алты айға немесе бір жылға белгіленген бюджетке ие болады. Алайда, Алматыдағы тұрғындардың әлеуметтік-экономикалық ерекшелігіне байланысты жол жүру билетін пайдаланудың ең ұзақ мерзімі әзірше бір айды ғана құрайды (*1000 теңгеден 7200 теңгеге дейін*).

**Аймақтық тариф** қала маңында қоғамдық көлікке отырған кезде қалаға дейін жол жүру ақысын төлеуге және қалаішілік маршрутқа ауысып отыру кезінде билеттің толық құнын қайта төлемеуге мүмкіндік береді. Бұл Алматы

үшін – агломерацияның қатынамалы көші-қон орталығы үшін перспективті мүмкіндік, алайда тарифтеу мәселесі басқа аспектімен өзара байланысты. Төлемді аймақтарға бекіту **тасымалдаушылар арасында ақша қаражаттарын** түрлі-түрлі етіп **бөлуге** әкеледі. Мысалы, егер жолаушы аймақтық тариф аясында қала маңында жеке тасымалдаушыға төлесе және қаладағы муниципалды тасымалдаушыға аз төлесе немесе мүлдем төлемесе, онда мүдделер қақтығысы туындайды.

Сондай-ақ Алматыдағы жеке тасымалдаушылар санының басқа мегаполистердегі көрсеткіштермен салыстырғанда **асып түсетінін** атап өткізіміз келеді. Қалада 21 автобус паркі бар (*20 жеке және 1 муниципалды*). Салыстыру үшін: **Мәскеуде** - 5 тасымалдаушы, **Венада** – 1. Егер үлгілік шартта тиімді басқару тетіктері айтылмаса, тасымалдаушылардың көп болуы нәтижесінде **өзара міндеттемелерді орындау** кезінде **проблема** туындайды. Осының салдарынан паркті тиімді жаңарту жоспарын енгізу, тиімді тарифтік жоспарларды, маршруттар арасында жылжымалы құрамды қайта бөлу тетіктерін қолдану қиындайды.

Қоғамдық тасымалдар - әлемнің барлық қалаларында дерлік субсидияланатын әлеуметтік сектор. Қалалық бюджеттен тасымалдаушыларға төленген субсидия көлемі 2017 жылдан бастап 2020 жылға дейін 61,5 млрд теңгені, ал 2016 жылдан бастап жеңілдетілген санаттағы жолаушыларды тасымалдағаны үшін өтемақы 17,4 млрд теңгені, жалпы төрт жыл ішінде шамамен **79 млрд** теңгені құрады. Нақты жол жүру құны өскеніне қарамастан, алматылықтар соңғы 10 жылдың ішінде еш өзгеріссіз жолақы үшін **80 теңге** төлейді<sup>32</sup>. Айырманы қала бюджетінен тасымалдаушыларға төленетін субсидия жабады.

Алматыда **тарифтік жүйені реформалау** және қоғамдық көліктің жаңа пайдаланушыларын тартатын ыңғайлы маршруттық желіні ашу мәселесі бұрыннан өзекті, билеттер мен жол жүру билеттерін сатудан түсетін тұрақты түсімдердің өсуі есебінен бюджеттен субсидияларды тұрақтандыруға мүмкіндік береді.

**Тасымалдаушыларға шығындарды өтеудің** қалыптасқан әдістемесінің елеулі кемшіліктері бар: ол тасымалдаушыларды сервис сапасына жеткілікті ынталандырмайды, әрі жолаушылар ағынының өзгеруінен болатын тәуекелдерді де, үстеме пайданы да жүктейді.

### **3. Көше-жол желісі, көлік инфрақұрылымы**


#### *3.1. Магистралды жолдардың төмен тығыздығы*

Алматыда **магистралды көшелер жеткіліксіз**, жергілікті маңызы бар көшелер басым (12-сурет), олардың 1/6-сында асфальтбетон жабыны жоқ. Осындай сипаттамалары бар көше-жол желісі қаланың бөліктері арасында көлік және жолаушылар ағынын тиімді ұйымдастыруды қиындатады және

<sup>32</sup> 40 теңге төлейтін немесе тегін жол жүруге құқығы бар жолаушылардың жеңілдік санаттарын есептегенде

жеке тұрғын үй құрылысының ірі алаптарын қоғамдық көлікпен қамтуға мүмкіндік бермейді.

12-сурет. Алматы көшелерінің типтері



### 3.2. Қоғамдық көлік қозғалысының төмен басымдылығы

Жолдардың жалпы ұзындығы 3 097 км болса, жер үстіндегі қоғамдық көліктің көптеп жүруі үшін **бөлінген жолақтардың** ұзындығы шамамен **150 км** (шамамен 4,8% - көрсеткіш орта есеппен 2,3%-ды құрайтын ірі әлем қалаларымен салыстырмалы түрде<sup>33</sup>) құрайды. Ұлғайту мүмкіндіктері заңнаманың кейбір тұстарымен шектелген: бөлінген жолақты жолда үш жолақ болған кезде ғана енгізуге рұқсат етіледі, ал қалада үш жолақты (магистралды) көшелер жетіспейді. Қиылыстарда жолаққа басқа көліктің кіруіне рұқсат етілгендіктен, қолданыстағы бөлінген жолақтардың тиімділігі нашарлайды.

### 3.3. Тұрақ кеңістігінің жетіспеушілігі

Соңғы бес жылдың ішінде қалада тұрақ кеңістігін басқаруды қайта ұйымдастырғаннан кейін **ақылы тұрақ орындарының саны 6 есе өсті**, бірақ бұл жүйе төлемдерді жинау және бөлу кезінде басқаруға, жымысқы әрекетке байланысты халық тарапынан сынға ұшырады. Қазіргі уақытта А-Паркинг жүйесін Алматы қаласы әкімдігінің басқаруына беру процесі жүріп жатыр, бұл ретте басқарудың кешенді реформасы мен кеңістікті өрістетудің оңтайлы схемасын дамыту талап етіледі.

### 3.4. Жолдағы қауіпсіздік

Жол қозғалысы қауіпсіздігінің проблемалары «7.2. Жолдағы қауіпсіздік» бөлімінде келтірілген.

### 3.5. Білікті жүргізушілердің жетіспеушілігі.

**Кадрлардың тапшылығы** егде жастағы жүргізушілердің зейнетке шығуынан, сондай-ақ білікті мамандарды тартудың мүмкін еместігінен

<sup>33</sup> McKinsey & Company әлемнің шамамен 13,8 мың қаласына бағалау жүргізді. Нәтижесінде салыстырмалы көлік жүйелері бар 21 қаланың тізімі алынды. Бұл қалаларда бөлінген жолақтардың үлесі орта есеппен 2,3%-ды құрады. Ерекшелік-Мәскеу, онда үлесі 6,5%-ға тең. Дереккөз: «Әлемдегі 25 қаланың көлік жүйелері. Табыстың құрамдас бөліктері» зерттеуі, 2021 ж.

туындайды. Қоғамдық көлік жүргізушісінің еңбекақысы жеткілікті бәсекелесті дәрежеде емес, бұл ретте еңбек жағдайлары ауыр болып табылады (*жоғарыда көрсетілген сапарлардың ұзақтығы, үстеме жұмыс, соңғы пункттерде санитариялық-тұрмыстық жағдайлардың жетіспеушілігі*).

Сондай-ақ, жүргізуші кадрларын даярлауда, мысалы, троллейбус паркі үшін немесе әйел жүргізушілерді тарту үшін нормативтік-құқықтық шектеулер бар екенін атап өткен жөн, бұл да кадр мәселесін шешуге ықпал етпейді. Нәтижесінде жүргізушілерді даярлау сапасы жолаушылар тарапынан үлкен шағым тудырады.

#### 4. Микромобильділік

Алматыда велосипедпен, электросамокатпен жүру танымалдылыққа ие болуда, сондай-ақ монодөңгелек және гироскутерлер де кездеседі. 2022 жылдың шілдесінде микромобильді көліктегі сапарлардың жалпы саны күніне 130 мыңнан астам жол жүрісін құрады, бұны таксимен жүретін сапармен салыстыруға болады.

Микромобильді көлікті пайдалануға **инфрақұрылымды жайластыру** серпін береді: 79,2 км веложолға пен веложолдар<sup>34</sup>; «Almaty Bike»<sup>22</sup> велошеринг жүйесі<sup>35</sup>; электросамокаттарды жалға алудың 4 операторы бар<sup>36</sup>.

Веложолдар мен жалға беру сервистерінің негізгі желісі қала орталығында орналасқаны өте маңызды. Бір жағынан, бұл тарихи орталықтың қалалық ортасын одан әрі байытады, екінші жағынан, қала аудандары мен жоспарланған орталықтар арасындағы байланыстың «ақтаңдақтары» сақталады. Сондай-ақ, мұндай шоғырлану қысқа қашықтыққа (5 км-ге дейін) жол жүретін микромобильді көліктің дамуына кедергі келтіреді. Ойластыра ұйымдастыру кезінде микромобильді көлік жолдың бірінші және соңғы шақырымында маңызды рөл атқарады, яғни адамдарды қоғамдық көлікке тасымалдау тұрғысынан маңызды. Қазіргі уақытта Алматыда микромобильді көлік жеткізуші, сондай-ақ рекреациялық функцияны толық көлемде орындамайды.

Микромобильділікті дамытудың тағы бір сын-қатері веложолдар мен жолдардың жетіспеуі салдарынан электросамокаттар мен велосипедтер тротуармен жүреді, бұл қала тұрғындарының **қақтығыс нүктесіне** айналады. Сондай-ақ электросамокаттардың тротуарлармен қозғалуы жаяу жүргіншілер үшін де, самокат пайдаланушылардың өздері үшін де өмірі мен денсаулығына қауіп төндіреді<sup>37</sup>.

<sup>34</sup> Велосипед жолы-велосипедпен жүруге арналған жеке элемент. Ол жолдың жүру бөлігінен құрылымдық жағынан бөлінген. Велосипедтер мен мопедтердің қозғалысына арналған жолақ жолдың жүру бөлігінде орналасқан және негізгі жолақтардан белгімен бөлінген.

<sup>35</sup> 1 мың велосипедке және 187 станцияға арналған.

<sup>36</sup> саны 15 мың бірлік самокат

<sup>37</sup> «Девушка на самокате врезалась в открытую дверь авто и погибла в Алматы» <https://kazpravda.kz/n/devushka-na-samokate-vrezalas-v-otkrytuyu-dver-avto-i-pogibla-v-almaty/>

## 5. Такси

Такси қызметтерін ұсыну сегменті қарқынды дамып келеді, бірақ Яндекс агрегаторы үстемдік етіп «тапсырысқа такси» форматы басым. Жүргізушілер үшін бұл қызметтер нарығында қолжетімді болып тұр: лицензия талап етілмейді, мобильді қосымшада тіркелсе болды. Салдарынан жүргізушілердің біліктілік деңгейі мен автомобильдердің техникалық жай-күйі тексерілмейді.

Тиісті реттеу мен автопарктың экологиялық тазалығы бойынша талаптар болмаған жағдайда, болашақта осы сегментте елеулі тәуекелдер туындауы мүмкін.

**6. Қоғамдық көлік саласын цифрландыру** бүгінгі таңда жылжымалы бірліктердің қозғалысы, маршруттардың жиілігі, транзакциялар саны және т.б. бойынша деректерді автоматты түрде тіркеуге мүмкіндік береді. Цифрландырудың ағымдағы деңгейінде нақты деректер негізінде шешімдер қабылдауға және жоспарлау мен басқару сапасын жақсартуға болады.

Мәселен «Алматы көлік холдингі» күнделікті жұмысында: геоақпараттық жүйенің деректерін, қалалық жолаушылар көлігін диспетчерлік басқарудың автоматтандырылған жүйелерін, сондай-ақ жол жүру есебі мен төлемін пайдаланады. Бағдарламалық қамтамасыз ету әртүрлі уақыт кезеңдері бойынша жолаушылар қозғалысының статистикасын, жолаушылар ағынының таралуын және қоғамдық көліктің тәуліктің түрлі уақытында өту жылдамдығын көруге мүмкіндік береді.

Қалада бейімделу режимі бар «ақылды» бағдарламалар бар (*әзірше қиылыстардың тек 12%-ына қызмет көрсетеді*), «Сергек» камералары және т.б. белсенді қолданылады (*десе де қалаға кіре берісте - қала маңындағы қоғамдық көлік бойынша деректерді автоматты түрде жинау үшін аз қолданылады*).

## Халықаралық тәжірибе

Әлемнің ірі қалалары **жүрдек қоғамдық көлікті**, оның ішінде рельсті көлікті дамытуда. 2021 жылы әлемнің ірі қалалары арасында рельсті көліктің қолжетімділігі бойынша көшбасшылар үштігін Токио, Мадрид және Париж құрады. Бұл қалаларда рельсті көліктің жаяу қолжетімділік аудандары халықтың **80%-дан астамын және жұмыс орындарының 94%-дан астамын** қамтиды<sup>38</sup>.

Қала бойынша қоғамдық және жеке көлік қозғалыстарының жылдамдығы мен болжамдылығын көрсететін **тиімділік индексі** бойынша ірі қалалар арасындағы көшбасшылық **Мәскеу мен Шэньчжэньге** тиесілі<sup>39</sup>. Мәскеуде қоғамдық көлік өте тиімді жұмыс істейді, бірақ жеке көліктің тиімділігімен салыстырғанда басқа мегаполистерге жол береді. Шэньчжэньде

<sup>38</sup> Дереккөз: «Әлемдегі 25 қаланың көлік жүйелері. Табыстың құрамдас бөліктері» зерттеуі. McKinsey & Company, 2021 ж. 70-бет.

<sup>39</sup> «Әлемдегі 25 қаланың көлік жүйелері. Табыстың құрамдас бөліктері». 52-бет.

Мәскеуге қарағанда бөлінген жолақтардың ұзындығы, ал жеке көлік үшін қарбалас уақытта жол жүру уақытының жоғары болжамдылығы бар.

**Көліктің барынша экологиялық таза түрлерін енгізу** нәтижесінде дизель көлігі бүкіл әлемде ескіріп келеді. **Амстердам** билігі 2030 жылға қарай ішкі жану қозғалтқыштары бар көліктің барлық түрлерін пайдалануға тыйым салуға ниетті. **Лондон** мэриясы электр көліктеріне арналған зарядтау станцияларының желісін дамытуда және бүгінгі күні елде ең жақсы көрсеткіштерге ие – қалада 100 мың тұрғынға шаққанда 50-ге жуық зарядтау станциясы жайластырылған.

**Адамдарға арналған сервистерді цифрландыруға және олардың ыңғайлылығына** бағытталған саясаттың шеңберінде, көптеген ірі қалаларда **МааS (Mobility-as-a-Service** немесе «Мобильділік қызмет ретінде»<sup>40</sup>: тұжырымдамасы дамуда: барлық көлік сервистерін бір платформада біріктіру, оның көмегімен сіз сапарды жоспарлап, оңтайлы маршрут пен қозғалыс әдісін таңдай аласыз. МааS технологиясы таксимен, қоғамдық көлікпен, жалға алынған автомобильмен немесе велосипедпен жол жүру үшін маршруттың ең үздік нұсқасын ұсынады. Көліктің барлық ықтимал түрлерінің мұндай интеграциясы пайдаланушыларға сапардың барлық түрлерін бір пакетпен, бір ғана қосымшада сатып алуға мүмкіндік береді.

**Утрехт (Нидерланды) паркингтермен** біріктірілген көліктік-тасымалдау тораптарын сапалы жоспарлау мен архитектурасының үлгісі болды, онда **P&R**<sup>41</sup> қаланың шетіндегі **Де Эйтхоф** кампусында (ғылыми парк) пайда болды<sup>42</sup>. Мұнда қызметкерлер мен оқушылар үшін 1500 көлік орны, ал қалған 500 орын – автокөліктерін қалдырып, гараждан ұзамай, қала орталығына баратын трамвайға немесе автобуска жеңілдетілген бағамен ауысып отыратын қала тұрғындарына арналған.

### **Іс-қимыл жоспары**

Қала барлық аудандар мен олардың тұрғындарын сапалы қоғамдық көлікпен қамтамасыз етуге ұмтылғандықтан, **жүрдек көлік негізін қалыптастыру** негізгі іс-қимыл бағыты болып табылады, оның шеңберінде:

1) 2022 жылдың соңына дейін **маршруттық желіні оңтайландырудың** қадамдық жоспарын әзірлеп, **БРТ, ЖРК, метромен интеграцияланған магистралды маршруттарды құру** үшін 2023 жылы оны іске асыруға кірісу жоспарлануда. Магистралды маршруттарға қалалық және қала маңындағы маршруттарды жеткізетін болады.

2) Сондай-ақ 2025 жылға дейінгі кезеңде қала тұрғындары мен қонақтарын жол жүру абонементтері мен түрлі тарифтер түрлері арқылы қоғамдық көлікті пайдалануға ынталандыратын қалалық және қала маңындағы маршруттар үшін **жаңа тарифтік саясатты** енгізу жоспарлануда.

<sup>40</sup> [https://apluss.ru/news/trendy\\_obshestvennogo\\_transporta\\_s\\_poley\\_sammita\\_uitp](https://apluss.ru/news/trendy_obshestvennogo_transporta_s_poley_sammita_uitp)

<sup>41</sup> «park and ride» – «тұраққа қой да, әрі қарай жүре бер».

<sup>42</sup> <https://archi.ru/world/52392/peresadochnyi-punkt>

3) Сондай-ақ 2025 жылға дейін қажетті НҚА-ны бейімдей отырып, жол-көлік инфрақұрылымы, көше-жол желісі және т.б. саласындағы жобалардың ЖСҚ әзірлеу кезінде Vision Zero іс-шараларын қолдану.

Бұдан басқа, мына бағыттар бойынша:

*Жүрдек қоғамдық көлік блогы бойынша:*

Бөлінген жолақтарды енгізу, қоғамдық көлік қозғалысының басымдығын қамтамасыз ету және интеллектуалды көлік жүйелерін дамыту есебінен автобустар мен троллейбустардың қозғалыс жылдамдығын арттыру жоспарлануда.

Осы мақсат үшін:

1) қоғамдық көліктің басым қозғалысы үшін бөлінген 40 км жолақ енгізу (2024-2025 ж.). Оның ішінде қолданыстағы БРТ желісін Шығыс қақпасы полиорталығына дейін ұзарту (2025 ж.) және Райымбек даңғылының бойымен жаңа БРТ желісін іске қосу (2025-2026 жж.).

2) 2025 жылы Қалқаман станциясын пайдалануға беру және батыс бағытта тағы үш станцияны салуға кірісу.

3) 2027 жылға қарай жүрдек жеңіл рельсті трамвайдың бірінші желісін пайдалануға беру.

*Жер үстіндегі қоғамдық көлік блогы бойынша:*

1) 2023 жылы жеке тасымалдаушылармен бірлескен келіссөздер жүргізу жолымен өзара міндеттемелердің неғұрлым тиімді жүйесі үшін үлгілік шартты қайта қарау: бір жағынан субсидиялар көлемі мен сервис сапасы арасында байланыс жасау, екінші жағынан – қоғамдық көлік саласына жеке инвестицияларды тарту үшін жағдайлардың тұрақтылығын арттыру.

2) қоғамдық көлікті ұйымдастыру мен басқаруға жауапты органдардың техникалық және кадрлық әлеуетін күшейту және білікті кадрларды (басқару, техникалық және жүргізуші құрам) жалдау үшін жағдай жасау.

3) автобус парктерінде жылжымалы құрамды 1000 автобуска кезең-кезеңмен жаңартуды қамтамасыз ету (500 коммуналдық және 500 жеке тасымалдаушы) (2023-2025 жж.).

4) сығымдалған табиғи газбен жүретін автобустар үшін жаңа инфрақұрылым (CNG) салу, 2 жаңа автопарк пен 5 жаңа жанармай құю станциясын пайдалануға беру. Бұл (2025 ж.) қоғамдық көліктің жылжымалы бірліктеріне сапалы техникалық қызмет көрсету есебінен қоғамдық көліктің тұрақтылығын арттыруға мүмкіндік береді.

5) экологиялық таза электр көлігін одан әрі дамыту үшін **троллейбус паркін 200** жаңа троллейбусқа жаңарту және байланыс желісі мен қосалқы станцияларды жаңғырту (2023 ж.). Бұдан басқа, 1200 дизельді автобус газға және электр тартуға ауысады, бұл шығындаларды жылына 2 мың тоннаға азайтады.

*«Тасымалдаудың басқа түрлері» блогы бойынша*

1) такси сервистерін реттеу жүйесін жақсарту және оларда электр көлігін қолдану практикасын кеңейту (2023-2024 жж.).



2) реттеуді жақсарту және тиісті инфрақұрылым құру арқылы шерингтік сервистерді (велосипедтер, самокаттар, каршерингтік электромобильдер) дамытуды жалғастыру.

3) азаматтардың қауіпсіз белсенді қозғалысына және мультимодальды сапарлардың санын арттыруға ықпал ететін микромобильділік пен басқа да инфрақұрылым үшін **60 км жаңа веложол** ұйымдастыру (2025 жылға дейін).

*«Көлік инфрақұрылымы» блогы бойынша*

1) көшелер желісінің байланыстылығын арттыру және халықтың қоғамдық көлікке қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін 2026 жылға қарай **5 радиалды және 4 ішкі магистралды** көшелерді ұзартуды аяқтау. Жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдар үлесінің көрсеткішін 95%-ға дейін жақсарту үшін 2025 жылы жыл сайын ұзындығы кемінде 200 км жолдарға орташа жөндеу жүргізу жоспарлануда.

2) **қаланың түрлі аудандарында** заманауи форматтағы кемінде **200 аялдама кешенін орнату** және соңғы павильондарда қоғамдық көлік жүргізушілері үшін инфрақұрылым (асхана, санитариялық-тұрмыстық үй-жайлар, демалыс бөлмелері) жайластыру. (2025 жылға дейін).

3) электр көлігі үшін зарядтау инфрақұрылымының желілерін салу (қоғамдық – 2030 ж. және жеке – 2025 ж.).

4) электр автобустары үшін 3 жаңа заманауи депоны пайдалануға беру (2030 жылға дейін).

5) вело инфрақұрылымның қауіпсіз және байланысты қалалық желісін одан әрі дамыту үшін 125 км веложол мен веложолақ енгізу (2030 ж.)

6) екі ішкі магистралды көшені ұзарту (2030 ж.)

*«Қалаішілік трафикті реттеу» блогы бойынша*

1) радиалды және ішкі магистралды көшелерді ұзартуды аяқтап, ҰАААЖ-ды іске қоса отырып, жүк көлігінің транзиттік ағынын айналма жолға аудару (2023 ж.).

2) интеллектуалды көлік жүйесін дамыту және **бірыңғай жол жүрісін ұйымдастыруды** құру (2024 жылға қарай) бойынша жұмыстарды жалғастыру, ол қаланың көлік жүйесін дамыту бойынша стратегиялық және жедел шешімдер қабылдау үшін ақпаратты жинауды және өңдеуді жақсартуға мүмкіндік береді. Соның ішінде Алматының коммерциялық көлігін цифрлау және қаладағы трафикті басқаруға мүмкіндік беретін «электрондық жол парағы» рұқсат беру жүйесін кезең-кезеңімен енгізу жоспарлануда (*мысалы, шұғыл емес міндеттері бар жүк көліктері ең көп жүктелген жолдармен қарбалас уақытта жүруге рұқсат алмауы үшін*).

3) **ақылы тұрақтар жүйесін** дамыту, оның ішінде көп ярусты тұрақ салу үшін жағдай жасау (*сұранысты анықтау, жер учаскелерін бөлу*). Жүйені әкімшілендіруді және ашықтығын жақсарту, сараланған тарифтерді енгізу, бұл ретте тұрақтар алымдарын көшелерді абаттандыру және жол жүрісіне барлық қатысушылардың қауіпсіздігі мақсатында пайдалану жоспарлануда.

4) 2023 жылдың соңына дейін қаладағы трафикті реттеу және қоғамдық көлікті дамыту мәселелерінде ескеру үшін жеке және қоғамдық көлікті, таксиді, микромобильділік құралдарын пайдалану, сондай-ақ жаяу жүріп-тұруды пропорцияларын анықтау үшін Алматы қаласының тұрғындарына сауалнама жүргізу.

### **Қажетті ресурстар**

Полиорталықты қала шеңберінде көлік инфрақұрылымын дамыту үшін республикалық (метрополитен, автожол) және жергілікті деңгейдегі қаржы ресурстары шоғырландырылатын болады. Қала жеке инвесторлар мен сервистер операторларына ұзақ мерзімді ынтымақтастық үшін нақты әрі ашық шарттар ұсынуға ұмтылатын болады.

Іс-қимыл жоспарын іске асыру үшін жалпы шамамен **1,1 трлн теңге** қажет (2025 жылға дейін - 175 млрд теңге, 2030 жылға дейін – 925 млрд теңге), оның ішінде:

1) Қаланың жылжымалы құрамын жаңарту аясында **жеке инвестициялар** қажеттілігі шамамен **32 млрд теңгені**, мемлекеттік кәсіпорынның инвестициялары – **32 млрд теңгені** құрайды (2030 жылға дейін).

2) Автономды жүріспен жүретін троллейбустар сатып алу үшін шамамен **26 млрд теңге**, байланыс желісі мен тартымдылық қосалқы станцияларды жаңғырту үшін шамамен **15 млрд теңге** қажет (2025 жылға дейін).

3) Алдын ала есептеулер бойынша газ автобустарының 2 паркін (АГТКС-мен) салуға **20 млрд теңге** мөлшерінде бюджет қаражатын бөлу қажет (2025 жылға дейін).

4) 3 АГТКС жеке инвестициялар есебінен салынатын болады. Алдын ала құны-шамамен **3 млрд теңге** (2025 жылға дейін).

5) Жылжымалы бірліктері бар 3 электр автобус паркіне – **120 млрд теңге** (2028-2030 ж.ж.).

6) Шағын аудандарда жол салу, радиалды көшелер мен ішкі көшелерді ұзарту, көлік жолайырықтарын салу, метро, БРТ және ЖРК салу, сондай-ақ жолдағы қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін шамамен **860 млрд теңге** қажет (2025 жылға дейін – 110 млрд теңге, 2030 жылға дейін – 750 млрд теңге). Аталған қаражат «1.2. Алматының полиорталықты дамуы» бөлімінде көрсетілген.

### **Күтілетін нәтижелер**

Маршруттық желіні жаңғырту кезінде қоғамдық көлікке бөлінген жолақтардың саны мен сапасы артады (**2025 жылы шамамен 40 км**), **жүрдек маршруттар** саны және қоғамдық көліктің тиімділігі артады. Осының,

сондай-ақ тарифтік саясаттың өзгеруінің арқасында алматылықтар үшін қоғамдық көліктің тартымдылығы артады.

Нәтижесінде қоғамдық көлікті пайдаланушылар саны және **2025 жылға қарай сапарлар саны 1,4 млн-нан 1,7 млн адамға дейін** артады, **2030 жылдың** соңына қарай қоғамдық көліктегі сапарлардың күнделікті саны **2,3 млн-ға дейін** өседі.

Заңнамалық базаны жетілдіруге және велосипедтер, самокаттар және **микромобильді көліктің** басқа түрлері үшін бөлінген жолақтардың (60 км) дамуына байланысты автокөлікті пайдаланбай қозғалу үлесі **5%-ға дейін** өседі.

Қабылданған шаралардың нәтижесінде жеке автокөлікті пайдалану **2030 жылға қарай шамамен 10%-ға** қысқарады.

Даму бағдарламасын іске асыру нәтижесінде **қалалық мобилділік сапалы** түрде өзгереді: шеткері аудандардан тарихи орталыққа және кері қарай жүру саны азаяды, жаңа полиорталықтарды қоса алғанда, **қаланың барлық аудандарының байланысын** қамтамасыз ететін жүрдек қоғамдық көлік желілері бар магистралды көшелердің ойластырылған желісі пайда болады. Тиімді көлік жүйесі іскерлік және қоғамдық белсенділіктің өсуіне, сәйкесінше, қаланың түрлі бөліктерінің дамуындағы ағымдағы әлеуметтік-экономикалық сәйкессіздіктердің қысқаруына әсер етіп, алматылықтардың **өмір сүру сапасын** арттырады.

### **1.3. ТКШ-ғы қызметтер сапасын жақсарту**

Мегаполистің барлық аумағында, оның барлық аудандарында жайлы қала аумағына қол жеткізу идеясы су, жарық, жылу, кәріз және т.б. сияқты негізгі коммуналдық игіліктердің болуын ғана емес, көрсетілетін коммуналдық қызметтердің сапасын да білдіреді. Қол жетімді сапалы коммуналдық қызметтердің болуы адамдардың өмір сүру деңгейін сипаттайтын жайлы өмір сүру жағдайларының көрсеткіші болып табылады.

Өзінің тарихи шекарасынан әлдеқайда асып кеткен қала ретінде Алматы шын мәнінде ескі және жаңа қалаға бөлінген. Егер ескі қалада, Алматының тарихи орталығында барлық қажетті желілер бар және барлық коммуналдық қызметтер ұсынылса да, ТКШ инфрақұрылымының айтарлықтай тозу проблемасы да бар, ал жаңа қалада, қосылған аумақтарда сумен жабдықтау және су бұру сияқты қызметтер ішінара ұсынылмайды, бұл осы аудандар тұрғындарының тарапынан негізді сынға ұшыратады.

Алматы өзінің ағымдағы даму деңгейінде экономика мен әлеуметтік саланы дамыту, экологиялық жағдайды жақсарту бойынша өзінің алдына өршіл мақсаттар қояды. ТКШ инфрақұрылымы мен қызметтерінің сапасы барлық осы салаларға әсер етеді.

### **Ағымдағы жағдайды талдау**

Алматының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы - бұл қаланы және халықты сумен, кәрізбен, жылумен, электрмен, жарықпен және газбен қамтамасыз ету бойынша қызметтер көрсететін кешенді жүйе (*№1 қосымша*).

Коммуналдық шаруашылық инженерлік инфрақұрылымнан тұрады - **3,6 мың км** сумен жабдықтау, **1,8 мың км** су бұру, **1,4 мың км** жылумен жабдықтау, **8,5 мың км** электрмен жабдықтау, **4,8 мың км** сыртқы жанарту желілері және **5,9 мың км** газ желілері.

Бүгінде қала шекарасындағы коммуналдық инфрақұрылым біркелкі дамымаған. Орталық аудандарда жағдай қосылған аумақтар мен периферияларға қарағанда жақсы. Қаланың кейбір бөліктерінде орталықтандырылған сумен жабдықтау және су бұру жүйесі жоқ.

Қазіргі дамыған қала мен қаланың шекараларын ескере отырып, қолданыстағы желілердің негізгі бөлігі кеңес жылдарында салынды. Тәуелсіздік жылдары қаланың шекаралары бірнеше рет кеңейтілді. Қалаға бұрын совхоздар мен бау-бақша шаруашылықтарына тиесілі, инженерлік инфрақұрылымы жоқ жерлер қосылды.

Жер қосылған сәттен бастап, қала көптеген жылдар бойы энергетика және басқа да коммуналдық шаруашылық салаларын дамыту бойынша күш-жігер жұмсады. Соған қарамастан, жаңа аумақтардағы тіршілікті қамтамасыз ету салаларындағы жағдай бірқатар себептер бойынша халықтың қажеттіліктеріне сәйкес келмейді:

1. Инженерлік дәліз енінің сәйкес келмеуіне, тау бедері мен жынысының біркелкі болмауына, топырақта жер асты сулары мен үлкен тастардың болуына байланысты коммуналдық желілерді төсеу жұмыстары ұзақ мерзімге кешіктіріледі.

2. Трансформаторлық қосалқы станциялар, кәріз сорғылары, су сорғылары сияқты қосалқы жабдықтарды орналастыруға арналған жер жоқ.

3. Заңнамалық нормалар бау-бақша серіктестіктерінде желілер жүргізуге мүмкіндік бермейді.

Сондай-ақ, жаңа аудандарда заңсыз құрылысқа байланысты жаңа проблемалар қосылды, олардың бір бөлігі 2006 және 2016 жылдары заңдастырылды.

Осыған қарамастан, туындаған қиындықтарды ескере отырып, қала халықтың қажеттіліктеріне сәйкес болу үшін **көптеген мәселелерді шешуді талап ететін** инженерлік инфрақұрылымды дамыту бойынша жұмысты жалғастыруда:

#### **1. Тариф саясаты:**

1) **Мемлекет басшысы** өзінің 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауында еліміздегі **инженерлік инфрақұрылымның тозуына** және коммуналдық қызмет көрсету саласына инвесторларды тарту үшін **«Тарифті инвестицияға**

**айырбастау»** деген жаңа тариф саясатына көшу қажет екеніне ерекше назар аударды.

Шындығында да, желілердің тозуы мен апаттылығы проблемалары тиімсіз тарифтік саясаттың салдары болып табылады, оның тәсілдерін өзгерту қажет. Тәсілдерді қайта қарастырмай және инвестицияларды ұлғайтпай, коммуналдық шаруашылықта тозған желілер пайдаланылып жатқанда ТКШ қызметтерінің сапасын арттыру мүмкін емес.

Бүгінде инженерлік желілердің тозу көрсеткіштерінің төмендеуі жаңаларын салу есебінен өтеледі. Алайда абоненттерді коммуналдық қызметтерден үнемі ажыратуға әкеліп ұшырататын авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізумен ғана шектеле отырып, қолданыстағы желілерді қайта жаңалауға тиісті түрде назар аударылмайды. Бұл қала тұрғындарының көрсетілетін коммуналдық қызметтердің сапасына көңілдері толмайтынының бірден-бір себебі болып табылады.

Қазіргі уақытта табиғи монополиялар субъектілерінің ұзақ мерзімді тарифтерін бекіту кезінде инфляцияның төменгі шегі ескеріледі.

Соңғы 15 жылдың ішінде халық үшін суға тарифтер **3,4 есе** (жылына орта есеппен 8,5%-ға), су бұруға – **3,1 есе** (жылына орта есеппен 7,9%-ға), жылуға-**1,8 есе** (жылына орта есеппен 4,1%-ға), электр энергиясына - **3,2 есе** (жылына орта есеппен 8,1%-ға), газға-**2,1 есе** (жылына орта есеппен 5,2%-ға) өсті. Бұл ретте 15 жыл ішінде тұтыну бағасы **3,5 есе** өсті – орташа жылдық инфляция 8,8%-ды құрады. Яғни коммуналдық қызметтердің аталған барлық түрлері бойынша тарифтердің өсуі **инфляциядан артта қалып отыр**.

Сонымен қатар, соңғы 5 жылда қызметтердің көптеген түрлері бойынша халыққа арналған **тарифтер** өсіп қана қоймай, **төмендеді**. Мысалы, су тарифі 2017 жылғы 55,6 теңге/м<sup>3</sup>-ден **48 теңге/м<sup>3</sup>-ге дейін**; су бұруға – 28,8-ден **25,9 теңге/м<sup>3</sup>-ге дейін**; жылуға-Гкал үшін 6263-тен **4833 теңгеге дейін**; газға-35-тен **32 теңге/м<sup>3</sup>-ге** дейін төмендетілді. Тек электр энергиясына тариф 16,65-тен **17,53 теңге/кВт-қа дейін өсті**.

Халық үшін тарифтің аздап және болымсыз өсуін желілерді қайта жаңарту және жаңғырту арқылы дамытуда ақшалай қаражат салу мүмкіндігінсіз коммуналдық кәсіпорындар шығындары өтеді. Тиісінше, тарифтегі айырмашылықтан туындаған кәсіпорындардың шығындары және тозған желілерді қайта жаңарту шығындары қала бюджеті есебінен жүзеге асырылады.

## **2) Сумен қамту және су бұру:**

1) Алатау, Бостандық, Медеу, Наурызбай және Түрксіб аудандарының **30 мың** тұрғынында (1,5%) орталықтандырылған **сумен жабдықтауға, 286 мың** тұрғында (14,3%) **су бұруға** қолжетімділік жоқ.

2) Жазғы уақытта Алматыда суды тұтынудың тәуліктік нормасынан жоғары белсенді пайдалануға байланысты **сумен жабдықтау желілерінде су тапшылығы** сезіледі. Ауыз су суару, бассейндерді толтыру, көлік жуу үшін белсенді қолданылады.

3) «География және су қауіпсіздігі институты» АҚ ғалымдарының бағалауы бойынша Алматы маңындағы қар және мұздық сулардың сапасы 1970 жылдардың ортасынан бастап 70 жыл ішінде **2 есе** қысқарған **мұздықтардың қарқынды еруіне** байланысты айтарлықтай **нашарлады**. Алматы маңындағы мұздықтардың еру қарқыны сақталған жағдайда олардың басым бөлігі **70-80 жылдан кейін жойылып кетуі** мүмкін.

4) Сумен жабдықтау желілерінің **1,95 мың км тозуына** байланысты (55,8%) желілерде тұрақты іркілістер мен авариялар орын алады, бұл су ресурстарының **шамамен 30%-ын жоғалтуға** әкеп соғады.

5) **1,06 мың км** су бұру желілерінің **тозуы (57,5%)** қала тұрғындары үшін жайсыздық тудыратын авариялардың негізгі себебі болып табылады. Сондай-ақ, Загородный және Боралдай ірі коллекторлары, КСС-2 және КСС-2а кәріз сорғы станциялары қатты тозған.

6) Сумен қамту және су бұрудың **тозған желілерін қайта жаңарту қарқынының төмендігі** – жыл сайын орта есеппен **15-20 км** тозған желілердің үлесін төмендетуге мүмкіндік бермейді. Тозу қарқынын төмендету үшін жыл сайын кемінде **11,65** млрд теңге сомасына кемінде 104 км сумен қамту және кемінде **14,25** млрд теңге сомаға 73 км су бұру желілерін қайта жаңарту талап етіледі.

### 3. Жылумен қамту және ыстық сумен қамту

1) 01.07.2022 ж. жағдай бойынша Алматы қаласының жылу желілеріндегі **нормативтік шығындар** пайдалану мерзімінен (*зауыттық норматив 25 жыл*) асып кеткен **811 км** желілерді (60%) пайдалануға байланысты шамамен **16%-ды** құрады. Тозудың салдарынан желілердегі жиі апаттар ыстық судың өшуіне, оның температурасының төмендеуіне және ресурстарды тиімсіз пайдалануға әкеледі.

2) Ескі құбырларды қайта жаңарту және жаңғырту қажеттілігі **басқа жабдықтарды**, мысалы, сорғы станцияларын **ауыстыруға** әкеп соғады, оған қосымша қаржыландыру талап етіледі. Жылу желілерінің тозуын төмендету үшін жыл сайын кемінде **13,75** млрд теңге сомасына ілеспе жабдықты ауыстыра отырып, кемінде **39 км** желіні қайта жаңарту талап етіледі.

3) «АлЖЖ» ЖШС жылу беру ұйымының инвестициялық бағдарламасы және бюджеттен бөлінетін қаражат жылу желілерін қайта жаңартуға, жаңғыртуға және ілеспе жабдықтарды ауыстыруға арналған шығыстарды жаппайды.

### 4. Электрмен қамту.

1) Алматыдағы электр энергиясының, жылудың және ыстық судың негізгі көздерінің бірі **ЖЭО-2** болып табылады, атмосфералық ауаны ластайтын **шығарындылардың 28%-ы (37 мың тонна)** оның үлесіне келеді.

2) **Электр беру желілерінің 5,6 мың км тозуына** байланысты (65%) электр желілерінде тұрақты іркілістер, авариялар орын алады. Сондай-ақ, тозған желілер желілердегі **электр энергиясының 12,87% жоғалуына** себеп болып табылады.

3) Тұрғын үй кешендерін **қарқынды салу** құрылыс компанияларының **электр энергиясының едәуір көлемін** пайдалануын талап етеді, оларға қажеттілік қолданыстағы электр желілерін **қамтамасыз ете алмайды**. Құрылыс салушы электр энергиясын тарату орындарынан электр желілерін салуға мәжбүр болады, олар пайдалануға берілгеннен кейін құрылыс салушылар коммуналдық қызметтердің балансына тиісті түрде және толық бермейді. Нәтижесінде, электр энергиясын төлемеу бойынша барлық шығындар, әдетте, жаңа қоныстанушылардың мойнына түседі. Дәл осындай проблема құрылыс салушылардың басқа инженерлік желілерді салу кезінде туындайды.

### **5. Жарықтандыру**

1) Бүгінгі күні қаланың **20%-ға жуығы** (1000-нан аса көше мен 200 аула) **жарықтандырылмаған**, соның салдарынан тәуліктің қараңғы уақытында қала көшелері мен аулаларында құқық бұзушылық жасау қатері артады.

2) Қаланы жарықтандыратын **шамдардың 32%** – жарықты жақсы түсірмейтін, энергияны көп тұтынатын **ескі үлгідегі** тозған шамдар.

3) Шамамен **4 мың км сыртқы жарықтандыру желілері** – жарықтандыру тіректеріне орнатылған **ауа желілері**. Ауа райының және басқа да жағдайлардың нашарлауы кезінде сыртқы жарықтандырудың осы желілері іркілістер мен үзілістерге әкелуі мүмкін.

4) Қаланың сыртқы жарықтандыру желілерін **басқару 1 521 қуаттау пункті**, оның ішінде «Алматықалажарық» мекемесінің **164 ескірген қуаттау пункті** арқылы жүзеге асырылады, олар қашықтықтан басқару, желінің жай-күйі, энергия шығысы туралы деректерді беру және т.б. секілді қазіргі талаптарға сәйкес келмейді.

### **6. Газбен жабдықтау.**

1) Алматы қаласының негізгі тарату желілерінің құрылысы өткен ғасырдың 70-ші жылдары жүзеге асырылған. Қаланың дамуын ескере отырып, газ құбырларының өткізу қабілеті мен құрылыстардың техникалық сипаттамалары халықтың және өнеркәсіптік кәсіпорындардың **ағымдағы қажеттіліктеріне сәйкес келмейді**.

2) Пайдалану мерзімін ескере отырып, бүгінгі күні желілердің **тозуы – 36%**, ондағы шығындар-**3,8%-ды** құрайды. Газ құбырларының және оларда орналасқан жабдықтардың тозуы халық пен кәсіпорындарды авариясыз, үздіксіз және қауіпсіз газбен жабдықтауды қамтамасыз етуді қиындатады.

3) Бүгінгі күні Алматыда газ желілеріне қосылмаған абоненттердің саны **1 054** бірлікті құрайды. Тұратын ауданына байланысты **400-ден 500 мың** теңгеге дейін газ таратушы компаниялар белгілеген **қосылу құнының жоғары болуы** газға қосылудың негізгі кедергісі болып табылады. Жеке

тұрғын үй құрылысының қарқынды салынуына байланысты қосылмаған үйлер саны арта түсетінін атап өту қажет.

### **Халықаралық тәжірибе**

Алматыда тіршілікті қамтамасыз ету жүйелерінің болашақта дамуы үшін нақты жағдайды қарастыра отырып, Еуропа қалаларында және Ресейде табысты пайдаланылатын заманауи әдістерге назар аударған жөн.

**1. Данияда, Чехияда, Финляндияда 2010 жылы, Санкт-Петербургте 2019 жылы жылумен жабдықтаушы ұйымдар мен тұтынушылардың есептеулерінде екі мөлшерлемелі тарифтер** қолданыла бастады. Жылумен жабдықтау саласындағы жетекші ресейлік мамандар тариф белгілеудің қолданыстағы тәртібін өзгертуді және энергияны үнемдеуді ынталандыратын және жылумен жабдықтау жүйелерінің тиімділігін арттыруға бағытталған көп компонентті тарифтерге көшуді жеткілікті және негізді түрде ұсынады.

**2. Мәскеу қаласының** сумен жабдықтау жүйесіндегі ресурс шығынын азайту үшін Мосводоканал **ойластырылған тарифтік саясаттың, сумен қамту инфрақұрылымын диагностикалау мен қайта жаңартудың** өзара байланысты бағдарламаларының, сондай-ақ «ақылды желілер» технологияларын кеңінен қолданудың арқасында тасымалдау шығындарын және төленбеген су көлемін **10,04%-ға** дейін азайтуға қол жеткізді, бұл саладағы жоғары көрсеткіш болып табылады. Посткеңестік кеңістіктегі сумен жабдықтау және су бұру инфрақұрылымын ұйымдастырудың осындай қағидаттарын ескере отырып, бұл тәжірибе Алматы қаласының тұрғындарына сапалы қызмет көрсету үшін табысты қолданылуы мүмкін.

**3. Финляндияда 20 ғасырдың 60-жылдары** ағаш тіректерге ілінген, өздігінен жүретін оқшауланған сымдарды қолдана отырып, электр энергиясын беру технологиясы жасалды. Осы технологияны енгізгеннен кейін апат айтарлықтай төмендеді. Өздігінен жүретін сымдарды (ӨЖС) оқшаулау LDPE (ағылш. low density polyethylene) немесе тігілген XLPE полиэтилені (ағылш. cross-linked polyethylene) арқылы орындалды.

ӨЖС-ның артықшылығы - оны пайдалану кезінде:

- оқшауланбаған желілерге тән сымдардың оралып қалу қаупі жоқ;
- соқпақ жолдардың ені азаяды; қалада жерді иеліктен шығаруға аз жолақ қажет етіледі;
- ӨЖС қолдану пайдалану шығындарын 80%-ға дейін төмендетеді;
- бөтеннің қосылуы (электр энергиясын ұрлау үшін) қиындайды.

**4. Мәскеу қаласында 2015 жылдан бастап әуе сымдарын жер астына қайта жайластыру** жұмыстары жүргізілуде. Жер асты желілері - қаланы көрнекі коқыстардан арылтатын және қала тұрғындарының қауіпсіздігін арттыратын заманауи формат. Осылайша, бүгінгі таңда түрлі кернеудегі 75 мың км астам желі кабельдік желіге ауыстырылды, бұл әуе коммуникацияларының ұзындығынан 3,5 есе көп.



5. Грек астанасындағы сыртқы жарықтандыруды басқару әдістері. **Афинада 43 679 көше шамын жаңарту және ауыстыру** жобасы іске асырылуда. Баспасөз мәлімдемесінде жазылғандай, жаңа шамдардың әрқайсысын қашықтан басқаруға болады. Желі ақаулардың бар екенін автоматты түрде білдіреді, бұл коммуналдық қызметтердің істен шыққан шамдарға оңай қызмет көрсетіп, ауыстыруына мүмкіндік береді.

Жүргізілген салыстыруға сәйкес, 2019 жылдан бастап жаңғыртылатын Алматының сыртқы жарықтандыру желілерінің функционалы афиналық жобаның функционалынан кем түспейді, жарықтандырудың қарқындылығын басқару (диммирлеу) мүмкіндігіне ие болады.

### **Іс-қимыл жоспары**

Алматы қаласында ұсынылған қаланы дамыту жоспарын әзірлеуде әлем қалаларының табысты тәжірибесін пайдалану есебінен **коммуналдық қызметтерді ұсынуда ең жоғары сапа стандарттары** құрылатын болады. Инженерлік инфрақұрылымды дамыту, халықтың өмір сүру сапасын арттыру және сапалы коммуналдық қызметтерге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін мынадай шаралар қабылданатын болады:

#### **1. ТКШ тарифтері:**

1) **2023** жылдың соңына дейін Алматыда ТКШ қызметтеріне жаңа тарифтік саясат енгізіледі. Ол үшін **2025 жылға қарай «көп тұтыну=қымбат тариф» тарифтік саясатына көше отырып, «инвестициялардың орнына тариф»** қағидаты бойынша тарифтер әзірленетін болады. Бұл тарифтердің өтелімділігін арттыруға және коммуналдық кәсіпорындардың шығындылығын төмендетуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, жаңа тарифтер халықтың үнемді тұтыну және энергия үнемдеу мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл ретте, халықтың әлеуметтік осал топтары үшін тікелей атаулы көмек аясында коммуналдық қызметтерді төлеуге арналған **шығыстарды өтеу** көзделеді.

2) Көрсетілген қызметтер үшін есептеу кезінде ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында **«Алматы – Смарт Сити»** тұжырымдамасы шеңберінде есептеу жүйесін автоматтандыру, негізгі коммуналдық кәсіпорындардың барлық есептеу аспаптарына датчиктер орнату көзделетін болады. Сондай-ақ, алдын ала жөндеу, қашықтықтан диагностикалау және ТКШ энергия тиімділігін арттыру үшін **заттар интернетінің** әдіснамасы енгізілетін болады.

#### **2. Сумен қамту және су бұру:**

1) Орталықтандырылған сумен жабдықтауға қолжетімділігі жоқ тұрғындарды сумен сенімді қамтамасыз ету үшін **2026 жылға дейін Қарғалы (2023 ж), Ақсай, Ерменсай және Барлық өзендерінде су тарту құрылыстары іске қосылады** және қосылған он елді мекенде **280 км** су құбыры желісі салынады. Бұл **232 мың тұрғынды** сумен қамтуға және қалада

орталықтандырылған сумен жабдықтауға **100% қолжетімділікті қамтамасыз етуге** мүмкіндік береді.

2) Қалада халыққа көрсетілетін сумен қамту қызметтерінің сапасын арттыру үшін **жыл сайын** кемінде **104 км** желі қайта жаңартылатын болады, бұл **үздіксіз сумен қамтамасыз етуге** мүмкіндік береді.

3) Жедел цифрландыру және «ақылды желілер» технологияларын **енгізу** тасымалдау кезіндегі **жоғалтуды** және қаланы сумен жабдықтау жүйесіндегі ақы төленбеген судың үлесін **50%-ға қысқартуға** мүмкіндік береді. Жалпы, нәтижесінде табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және инфрақұрылымның апаттылығын азайту кезінде тұрғындар сапалы ауыз сумен және су бұру қызметтерімен үздіксіз қамтамасыз етіледі.

4) Алатау, Жетісу, Наурызбай және Түрксіб аудандарында **2026 жылға дейін 30 кәріз сорғы станциясы (КСС) салынады**, бұл **130 мың тұрғынды** орталық су бұрумен қосымша қамтуға мүмкіндік береді.

5) 2026 жылға дейін ұзындығы **34 км Батыс коллекторы іске қосылады** және қала сыртындағы коллектор (14 км-ден үш тарам) қайта жаңартылады, аса маңызды КСС-2 және КСС-2а кәріз-тазарту станциясы қайта жаңартылды, бұл 2030 жылды қоса алғанда, тұрғындарды орталықтандырылған су бұрумен қамтуды **95%-ға дейін ұлғайтуға** мүмкіндік береді.

6) Халықты сапалы су бұру қызметтерімен қамтамасыз ету үшін **жыл сайын** кемінде **73 км** су бұру желісі қайта жаңартылатын болады.

### **3. Жылумен және ыстық сумен қамту:**

1) Жылу энергиясының тозуын, апаттылығын және ысырабын азайту үшін **жыл сайын** кемінде **39 км жылу желісі қайта қаңартылады**.

2) **2026** жылға қарай жылумен жабдықтау жүйелерінің энергия тиімділігін арттыру және қалалық жылу өндірушілердің үздіксіз жұмыс істеуі үшін **22 шағын қалалық қазандықты жаңғырту** аяқталады.

3) Кемел шағын ауданының тұрғындарын және «Таиров» қазандығын үздіксіз жылумен және ыстық сумен қамтамасыз ету мақсатында **2025 жылға дейін 2 сорғы станциясын қайта жаңарту** аяқталады.

4) **2026** жылға дейін **жылу үнемдеуді 40%-ға дейін ұлғайтуға** мүмкіндік беретін **қоғамдық ғимараттардың энергия тиімділігін арттыру бағдарламасы** енгізіледі.

### **4. Электр энергиясын өндіру және бөлу:**

1) Энергия ресурстарының ысырабын азайту және үздіксіз электрмен жабдықтау үшін **2025** жылға дейін шамамен **467 км** электр желісі қайта жаңартылады.

2) 2-ЖЭО-ның экологияға әсерін төмендету үшін **2026** жылға дейін **2030** жылы **толық газдандыра отырып, 2-ЖЭО-ны газға ауыстырудың бірінші кезеңі** аяқталады.

3) Қалаға жаңадан қосылған аумақтарда (*Наурызбай, Алатау және Медеу аудандары*) тұратын тұтынушыларды үздіксіз электрмен жабдықтау үшін

жалпы ұзындығы **147,2 км** болатын «иесіз» электр желілері қайта жаңартылуда, оларды **2023 жылы аяқтау жоспарланып отыр**. Қолданыстағы желілердің тозуын азайту үшін жыл сайын **120 км** желі қайта жаңартылатын болады.

4) Агломерация аумағында **2030 жылға қарай 3-ЖЭО-ны газ қазандығына ауыстыру** аяқталады.

5) **2030 жылға дейін** атмосфералық ауаға шығарындыларды азайту және жаңартылатын энергия көздері (ЖЭК) өндіретін энергия үлесін арттыру үшін «АЖК» АҚ өндірілген энергияны **ЖЭК-тан** Алматы облысындағы «Көкпек» ҚС-ға, одан әрі Алматы қаласындағы «Бесағаш» ҚС-ға дейін беру үшін желі салады.

6) Энергия өндіру үшін **2030 жылға дейін** кәріз тазарту құрылыстары станциясында қуаты кемінде **5 Мвт/сағ. биогаз станциясының** құрылысы аяқталады.

### **5. Жарықтандыру:**

1) Алматының **511** жарықтандырылмаған көшесінде **6 мыңнан** астам жарық нүктесін орнату арқылы **сыртқы жарықтандыру желілері** салынады және **27 мың** ескі тозған шамдар жаңа LED шамдарға **ауыстырылады**. **2025 жылға дейін 500-ден** астам **көше** мен **200 ауланы** жарықтандыру жұмыстары аяқталады. Бұл бұрын жарықтандырылмаған учаскелердегі криминогендік жағдайдың төмендеуіне айтарлықтай әсер етеді, қауіпсіздікті қамтамасыз етеді және азаматтардың қараңғы уақытта көшеде қауіпсіз жүруіне ықпал етеді.

2) **2026 жылға дейін** сыртқы жарықтандыруды басқару шкафы (*СЖБШ*) арқылы қосылған сыртқы жарықтандыру желісінің пайдалы жұмыс уақытын оңтайландыру, жабдықтың істен шығу санын азайту, электр энергиясын ұрлау мүмкіндігін жою үшін «Алматықалажарық» мекемесінің ескі үлгідегі қуат көзі пункттерінің орнына **164 СЖБШ** орнатылады.

3) **2026 жылы** жұмыстарды аяқтай отырып, **SMART** жүйесін қолдайтын **жаңа бағдарламалық кешенді** енгізу және **44 мың** жарықдиодты шамды **жаңғырту** жұмыстары басталады. Бұл әр шамның параметрлерін қашықтан бақылауға мүмкіндік береді, шамдарды бір-бірлеп, әрі топтап күңгірттейді.

4) **2025 жылы көшені жарықтандырудың 900 км** әуе желісін бөлшектеу, оларды орталық және магистралды көшелерде **жерасты кабельді** жүргізуге ауыстыру есебінен жарықтандыру желілерінің үзілу қатері төмендетілетін болады.

### **6. Газбен жабдықтау:**

1) **2023 жылға дейін** Алматыда «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ (*ҚТГА*) желісі бойынша **23,2 км газбен жабдықтау** тарату желісі салынады, бұл ҚТГА инвестициялық бағдарламасы есебінен **тұрғын үйлердің желілеріне қолжетімділігі жоқ 355 үйді** газға қосуға мүмкіндік береді (*оның ішінде ХӘОТ санатындағы 152 үй*), қалған **699 үй** **2025 жылдың соңына дейін** инвестициялық бағдарлама есебінен газдандырылады.

2) **2026** жылды қоса алғанда, Алматы агломерациясының елді мекендері пайдаланатын қатты отынның зиянды шығарындыларын азайту мақсатында агломерация аумағында **13 294 тұрғын үй және 286 әлеуметтік объекті** мен бюджеттік ұйымдар газға қосылатын болады.

### Қажетті ресурстар

**2030 жылға дейін шамамен 962,3 млрд теңге мөлшерінде** инвестиция қажет (*2025 жылға дейін-295,3млрд теңге, бұдан әрі 2030 жылға дейін- шамамен 667 млрд теңге*):

**1. Сумен қамту.** Сумен қамту желілерінің тозуын төмендету үшін жыл сайын **11,95 млрд теңгеден** астам сомаға шамамен **104 км желіні** (*диаметрі 100-ден 1500 мм-ге дейін*) қайта жаңарту қажет, бұл жыл сайын желілердің тозуын **2%-ға** төмендетуге мүмкіндік береді. Ол үшін **2025 жылға дейін** шамамен **29,6 млрд теңге** және **2030 жылға дейін 66 млрд теңге** бөлу қажет. **Жаңа су көздерін салу үшін 80 млрд теңге және ақылды технологияларды енгізуге 10 млрд теңге** қажет.

**2. Су бұру.** Сумен жабдықтау желілерінің тозуын төмендету үшін жыл сайын **14,2 млрд теңгеден** астам сомаға шамамен **73,5 км желіні** (*диаметрі 150-ден 1500 мм-ге дейін*) қайта жаңарту қажет, бұл жыл сайын желілердің тозуын **2,2%-ға** төмендетуге мүмкіндік береді. **2025 жылға дейін 36,5 млрд теңгеден** астам, **2030 жылға дейін тағы 77,5 млрд теңгеден** астам қаражат қажет. **Коллекторларды қайта жаңарту және салу, КСС және КТҚ-ны қайта жаңарту үшін шамамен 120 млрд теңге** қажет.

**3. Жылумен қамту.** Жылу желілерінің тозу проблемасын түбегейлі шешу **13,75 млрд теңге** сомасына **жыл сайын 39 км қайта жаңарту** талап етеді. Осы мақсаттар үшін «АлЖЖ» ЖШС жергілікті бюджеттен **2025 жылға дейін 35 млрд теңге** және **2030 жылдың соңына дейін 75 млрд теңге** сомасында қаражат бөлу қажет. Жылу желілерін қайта жаңарту бойынша жоғарыда көрсетілген жұмыстар есебінен тозуды төмендету **жыл сайын орта есеппен 2%-ды** құрайды, **2025 жылы жылу желілерінің тозуы 54%, 2030 жылы 44%-ды** құрайды.

**4. Электрмен жабдықтау.** Сенімді электрмен жабдықтау үшін «АЖК» АҚ инвестициялық бағдарлама шеңберінде жыл сайын **8,7 млрд теңге** сомасына **120 км желіні** қайта жаңарту қажет, бұл **2025 жылды қоса алғанда 26,1 млрд теңге** және **2026 жылдан 2030 жылға дейін 43,5 млрд теңге** бөлуді талап етеді. Аталған іс-шаралар желілердің тозуын **жыл сайын 1,2%-төмендетуге** мүмкіндік береді. Бұл қолданыстағы желілерге **жүктемені азайтуға**, кабельдік желілердегі зақымданулар мен аварияларды қысқартуға, қала тұрғындары үшін электрмен жабдықтаудың сапасы мен үздіксіздігін арттыруға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, «2030 жылға дейінгі электр желілерін дамыту схемасы» жобасын іске асыру шеңберінде **2025 жылға дейін жергілікті бюджеттен 132 млрд теңге** және **2030 жылдың соңына дейін 175 млрд теңге** қаражат қажет.

Бұл кернеуі 220 кВ желілерді кабельдік желілерге ауыстыруға, кернеуі 35-110кВ электр желілерінің объектілерін салуға, кернеуі 6-10кВ электр желілері объектілерінің жаңа құрылысын бастауға, кернеуі 6-10кВ электр желілерінің объектілерін қайта жаңартуға мүмкіндік береді.

**5. Сыртқы жарықтандыру.** 2026 жылдың соңына дейін жарықтандыру деңгейін жақсарту үшін **15,2 млрд** теңге, тамақтану пункттерін жаңғырту үшін **410 млн** теңге және қаланы жарықтандыру көрсеткішін 100%-ға дейін жеткізу үшін **8,5 млрд** теңге талап етіледі.

**6. Газбен жабдықтау.** Газ желілерінің тозуын төмендету үшін жыл сайын газ құбырын **4 млрд** теңге сомасына орта есеппен кемінде **40 км** желіні қайта жаңарту қажет. **2025** жылдың соңына дейін **12 млрд** теңге, **2030** жылдың соңына дейін тағы **20 млрд** теңге қажет.

### Күтілетін нәтижелер

Әлемдік көшбасшы қалалардың тәжірибесі негізінде тарифті теңгерімдеуге бағытталған осы міндетке қол жеткізу үшін қала қабылдаған шаралар Алматы қаласының тұрғындары үшін қызметтерді сатып алуға және сапалы етуге мүмкіндік береді.

Қалада апаттылық төмендеп, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықтың сапалы базасы қалыптасады.

Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту, оны жаңғырту және қызмет көрсету қала халқын сапалы қызметтермен қамтамасыз етеді, қала аудандары арасындағы өмір сүру деңгейіндегі алшақтықты азайтады:

1) Алматы халқының орталық сумен қамтуға қол жеткізу деңгейі **2025** жылдың соңына қара **98,5-тен 100%-ға** дейін ұлғаяды.

2) Алматы халқының орталық су бұруға қол жеткізу деңгейі **2030** жылдың соңына қарай **85,7%-дан 95%-ға** дейін ұлғаяды.

3) Сумен жабдықтаудың тозған желілерінің үлесі **2030** жылдың соңына қарай **55,8%-дан 39,6%-ға** дейін **16%-ға** төмендейді.

4) Тозған су бұру желілерінің үлесі **2030** жылдың соңына қарай **57,5%-дан 39,5%-ға** дейін **18%-ға** төмендейді.

5) Тозған жылумен жабдықтау желілерінің үлесі **2030** жылдың соңына қарай **60%-дан 44%-ға** дейін **16%-ға** төмендейді.

6) Қаланың жарықтандырылу деңгейі **2025** жылдың соңына дейін **100%-ды** құрайды.

7) Қаланың жаңғыртылатын энергия көздерінің үлесі **2030** жылдың соңына қарай **20%-ға** дейін ұлғаяды.

8) **2-ЖЭО-дан шығатын зиянды шығарындылар 2030** жылдың соңына қарай **37,3 мың тоннадан 2,7 мың тоннаға** дейін **94,5%-ға қысқарады.**

9) ЭЫДҰ қалаларында желілердегі ысыраптар салыстырмалы мәндерге дейін төмендетіледі:

- сумен қамту - 2025 жылы **21,5%-ға** дейін, 2030 жылы **20%;**

- жылумен жабдықтау - 2025 жылы **14,5%-ға** дейін, 2030 жылы **14,2%;**

Жайлы қалалық орта

- электрмен жабдықтау - 2025 жылы 12,6%-ға дейін, 2030 жылы **12,4%**.

## II-Мақсат. ОРНЫҚТЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМ

Алматы қаласының болашақта даму жетістігі, ең алдымен, оның экономикасының **тұрақты өсуімен, қаржылық кірістерімен және инвестицияларды белсенді тартуымен** айқындалады.

Алматы Қазақстандағы кәсіпкерлік бастаманың **орталығы** болып табылады. Алматыда ел экономикасының **1/5** бөлігі, бюджетке түсетін түсімнің **1/4** бөлігі қалыптасуда. Шағын және орта бизнес дамыған, оған өңірлік экономиканың **жартысына жуығы (47,5%)** тиесілі, онда **643,1 мың** адам немесе экономикалық белсенді халықтың **62,1%-ы** жұмыс істейді.

Алматыда қажетті **еңбек және инфрақұрылымдық ресурстар бар**, бұл қаланы Қазақстанның ең **инвестициялық-тартымды** өңірлерінің біріне айналдырады. Алматының **қолайлы инвестициялық ахуалы жоғары кредиттік рейтингпен** расталады. **2022 жылғы ақпанда «Fitch Ratings»** Алматы қаласының кредиттік қабілеттілігінің рейтингін **«BBB»** деңгейінде растады.

1. 2021 жылдың қорытындысы бойынша қала экономикасының құрылымында **34,6%** үлесімен сауда, қаржы және сақтандыру қызметі (9%) және жылжымайтын мүлікпен операциялар (8,5%) басым, ал өңдеу өнеркәсібі ЖӨӨ-нің **4,8%-ын** ғана қалыптастырады. Қала экономикасының **50%-ы үш** сала есебінен қалыптасады, бұл әртараптандырудың төмен деңгейін көрсетеді. Еуропа мен АҚШ-тың ірі қалалары экономикасының құрылымында сауда орта есеппен небәрі **15,3%-ды**, ал өңдеу өнеркәсібі – **13,5%-ды**, атап айтқанда машина жасау - **3%-ды**, тамақ өнеркәсібі **2%-ды** құрайды (13-сурет).

13-сурет. Алматы қаласы мен әлемнің басқа қалаларының ЖӨӨ құрылымын салыстыру



**Сaudаны,** қала экономикасының базалық саласын дамыту **еңбек өнімділігінің өсуі,** сауда объектілерінің жаңа, оның ішінде онлайн форматтарына көшу жолымен **көлеңкеден шығу** есебінен жүргізіледі. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар

жөніндегі агенттігі жанындағы Ұлттық статистика бюросының бағалауы бойынша 2021 жылдың қорытындысы бойынша қаланың көлеңкелі экономикасындағы сауда үлесі **20%-ды** құрайды. Сауда жалпы экономиканың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ете отырып, қаланың экономикалық интеграциясының маңызды құрамдас бөлігі болып **қала береді**.

2. Экспорттық түсім **әкелмейтін** Алматы қаласы экономикасының **сатылмайтын** секторлары **инвестициялар құрылымында** зор үлеске ие. 2017-2021 жылдары негізгі капиталдағы инвестициялар **4 362** млрд теңгені құрады, оның **60%** экономиканың **3 саласына** тиесілі: жылжымайтын мүлікпен жүргізілетін операциялар (37%), көлік және қоймалау (15%) және сауда (8%). Инвестициялардың теңгерімсіз құрылымы Алматы экономикасының өсуіне теріс әсер етеді. Мәселен, 2017-2019 жылдары экономиканың орташа жылдық өсімі **3,4%-ды** құрады, ал 2020 жылы Алматының ЖӨӨ 2021 жылдың қорытындысы бойынша одан әрі **6%** өсіммен **4,7%-ға** қысқарды.

Қала экономикасын әртараптандырудың төмен деңгейі халық табысының өсуіне де әсер етті, табыс 2015 жылдан бастап нақты мәнде небәрі **1,4%-ға** өсті, өйткені халық табысының **67,7%-ы** еңбек қызметі есебінен қалыптасады.

**Mercer Quality of Living** рейтингіндегі позицияны жақсарту Алматы қаласының тартымдылығын **арттырудың** маңызды факторы болып табылады. Бұл индекстің бірегейлігі **рейтинг бағаланатын қалада тұратын шетелдіктерге сауалнама жүргізу арқылы жасалады** және оны көптеген трансұлттық компаниялар инвестициялық шешімдер **қабылдау кезінде**, атап айтқанда, мобильділікке және қиын жағдайларда (mobility and hardship allowance) жұмыс істеуге үстемеақылар есептеу үшін пайдаланады. Бүгінгі таңда Mercer Quality of Living рейтингінде Алматы **181-орында** тұр. Алматы образын халықаралық компаниялардың өңірлік өкілдіктерінің өмір сүруі мен орналасуы үшін қолайлы әрі қажетті орын ретінде **қалыптастыру үшін 2030 жылға қарай** осы рейтингтің **ТОП-100** қаласына кіру қажет.

3. 2017 жылдан бастап Алматы қаласында **жұмыспен қамтылған халық саны 93,2 мың** адамға артып, 2021 жылдың қорытындысы бойынша **982,8 мың** адамға жетті. Осы кезеңде жұмыспен қамту **өсімінің 40%-ы** экономиканың екі саласы: құрылыс (19,4%) және сауда (18,7%) есебінен қамтамасыз етілді. Өңдеу өнеркәсібінде жұмыспен қамту 2021 жылдың қорытындысы бойынша **4,3 мыңға** артып, **64,4 мың** адамға жетті, тұру және тамақтану бойынша көрсетілетін қызметтер саласында **5,6 мыңға** артып, **29 мың** адамға дейін ұлғайды. Бұл ретте, 2017 жылдан бастап 2021 жылға дейінгі кезеңде өңдеу өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігінің **10,5%-ға**, **1 жұмыспен қамтылған адамға** шаққанда **23,8** мыңнан **26,3** мың долларға дейін өсуі байқалады, сол кезде сауда саласында бұл көрсеткіш **13,5%-ға**, **1 жұмыспен қамтылған адамға** шаққанда **59,9** мыңнан **51,8** мың долларға дейін төмендеді.



Қаланың жұмыспен қамту құрылымында **90,2%** немесе **886,8 мың** адам жалдамалы жұмыскерлер және **95,6 мың** адам өзін-өзі жұмыспен қамтығандар болып табылады, олардың **47%-ы** (45 мың адам) сауда саласына тиесілі. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар **мемлекеттің әлеуметтік жүйесімен** тиісті түрде **қамтылмаған**.

4. Алматы бүгінде **«орташа табыстың тұзағында»** тұр, бұл дегеніміз - экономика белгілі бір табыс деңгейіне жетіп, өсуді тоқтататын жағдай. Осыған байланысты, ESG (*Environmental, Social, Corporate Governance*) қағидаттарын ескере отырып, Алматы қаласы экономикасының **тұрақты өсуін сапалы әртараптандыру және қамтамасыз ету** мақсатында өңдеуші өнеркәсіп, туризм, IT және креативті индустриялар сияқты **экспорттық әлеуеті бар** экономиканың басым салаларында **жоғары еңбек өнімділігі** бар жұмыс орындарын **құруға** баса назар аударылатын болады.

## 2.1. Жоғары технологиялық және «таза» өндірістердің дамуы

**Өңдеу өнеркәсібі** дәстүрлі түрде қала дамуының **негізін қалаушы** элементтерінің бірі болып табылады. Әлем елдерінің **ESG** қағидаттарын және **«көміртекті бейтараптықты»** ұстануын ескере отырып, қосылған құны жоғары өндірістердің жаңа үлгілерін дамыту және енгізу мәселесі Алматы қаласы экономикасының тұрақты өсуін қамтамасыз ету мақсатында өзекті болып отыр.

Қалалық жағдайда өңдеу өнеркәсібін **тиімді** дамыту үшін өнеркәсіптік өндірістердің **заманауи форматтарының** мүмкіндіктерін пайдалану маңызды. Қазіргі заманғы форматтар өндірістік процестерде **автоматтандыру мен цифрландырудың** жоғары деңгейі бар **шағын және жоғары технологиялық** өндірістерді қамтиды.

Жоғары технологиялық өндірістердің өнімі сыртқы нарықтарда **жоғары бәсекеге қабілеттілікпен** сипатталады, бұл «жасыл» қаланың күн тәртібін сақтай отырып, **экспорттың ұлғаюына** ықпал етеді.

### Ағымдағы жағдайды талдау

Алматының өңдеу өнеркәсібі қала экономикасындағы болымсыз үлесіне қарамастан, жылдан жылға тұрақты **оң динамиканы көрсетуде**. Өндіріс көлемінің орташа жылдық өсуі есебінен **11%** деңгейінде, бес жылдық кезеңде қаланың ЖӨӨ-дегі саланың үлесі 2017 жылғы **3,9%-дан** 2021 жылдың қорытындысы бойынша **4,8%-ға** дейін ұлғайды.

Өңдеу өнеркәсібі құрылымында ең үлкен үлесті (72%) мынадай секторлар қалыптастырады: машина жасау (33,3%), тамақ өнеркәсібі (28,2%), құрылыс материалдары өндірісі (7,1%), фармацевтика (1,7%) және жиһаз (1,5%) өнеркәсібі.

Салалардың технологиялылық деңгейін бағалау үшін әзірленген **ЭЫДҰ** әдіснамасына сәйкес жоғары технологиялы әдістемелерге: фармацевтика,

компьютерлер, электрондық жабдықтар мен ұшу аппараттары өндірісі; орта-жоғары технологиялы: автомобиль жасау және химия өнеркәсібі жатады. Алматыда өндірістің технологиялылық деңгейі айтарлықтай **өскені байқалады**, бұл 2017 жылдан бастап 2021 жылға дейінгі кезеңде жалпы көлемнен **12,8%-дан 36,2%-ға** дейін жоғары технологиялық өндіріс үлесінің артқанын растайды.

Жоғары технологиялық өндірістерді дамыту контекстінде өндіріс көлемінің орташа жылдық өсу қарқынын назарға ала отырып, Алматы қаласында **автомобиль жасау, жабдықтар өндірісі, фармацевтика және медициналық мақсаттағы бұйымдар өндірісі** сияқты секторлар жоғары әлеуетке ие.

Өңдеу өнеркәсібін дамытудағы негізгі **екпін** жаңа технологиялар **трансфертімен** инвестициялар **тартуға** және оқшаулауды тереңдетуге жұмсалатын болады.

Жоғары технологиялық салалармен қатар **жиһаз және тамақ өнеркәсібі, құрылыс материалдарын өндіру** маңызды болып қалуда.

Әлеуетті **арттыру** өнеркәсіптік аумақтарды **кенейту** және жабдықтарды жаңғырту есебінен, сондай-ақ өнімділік пен бәсекеге қабілеттілікті **арттыру** үшін жағдайлар **жасау** жолымен қалыптастырылатын болады.

Өңдеу өнеркәсібін бұдан әрі дамытуда **оң трендтердің** болуына қарамастан мынадай **сын-қатерлер** бар:

**1. Еңбек өнімділігінің төмен деңгейі.** 2017 жылдан бастап еңбек өнімділігінің деңгейі **2021 жылы жұмыспен қамтылған 1 адамға шаққанда 23,8** мыңнан **26,3** мың долларға дейін **10,5%-ке** өскенін көрсетті. Бірақ, бұл көрсеткіш **ЭЫДҰ** деректері бойынша басқа салыстырылатын қалалардан айтарлықтай төмен: Измирде – 70,5 мың доллар, Будапештте – 73,8 мың доллар, Прагада – 118,9 мың доллар. Соның салдарынан, салада еңбекақы төлеудің төмен деңгейі байқалады: өңдеу өнеркәсібіндегі орташа айлық жалақы **262** мың теңгені құрайды, қала бойынша осыған ұқсас көрсеткіш – **327** мың теңге. Бұл **білікті** кадрлар үшін саланың тартымдылығын төмендетеді.

**2. Өндірістің негізгі құралдарының тозуы.** Өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындары **негізгі құралдардың** қатты тозу деңгейімен сипатталады, оның орташа деңгейі 2020 жылдың қорытындысы бойынша **33,2%-ды** құрады. Тозудың ең жоғары деңгейі тоқыма өнеркәсібі (82,1%), ағаш өңдеу (67,6%), фармацевтика (56,6%) саласында, тамақ (47,1%) және жиһаз өнеркәсібінде (46,0%) байқалады. Тозу деңгейін төмендету үшін негізгі құралдарды жаңарту қажет, бұл инвестициялар көлемін **2030** жылға қарай **125,0** млрд теңгеге дейін **2,3 есе** ұлғайтуды талап етеді.

**3. Инвестициялық тартымдылықтың жеткіліксіздігі.** 2017 жылы саладағы инвестициялар көлемі **27,3** млрд теңгені құрады, ал 2021 жылдың қорытындысы бойынша – **53,3** млрд теңге, бұл **96%-ға** өскенін көрсетті.

Алайда, бес жылдық кезең ішінде инвестицияланған қаражат сомасы қаланың барлық инвестицияларының небәрі **6%-ын** құрайды. Мысалы, бұл көрсеткіш Будапеште **24,5%**, Прагада **17,7%**, Венада **17,5%-ды** құрайды.

Алматы қаласында өңдеуші өнеркәсіпке инвестициялар көлемінің төмен болуы инвесторлардың өндірістік алаңдарын орналастыру үшін жер ресурстарына қолжетімділіктің шектеулі болуынан туындауы мүмкін.

**4. Білікті кадрлардың тапшылығы.** Жұмыспен қамтылғандар саны оң динамиканы көрсетсе де (2017 жылдан 2021 жылға дейін өсім 7% құрады), 2021 жылдың қорытындысы бойынша сала **64,4 мың адамды** немесе қаладағы барлық жұмыспен қамтылғандардың **6,6%-ын** (Мәскеуде-12%) жұмыс орындарымен қамтамасыз етті. Өз кезегінде, сауда саласына жұмыспен қамтылған халықтың 24%-ы тартылған. Сондай-ақ, өңдеу өнеркәсібі секторында білікті кадрлардың жетіспеушілігі байқалады. Бүгінгі күні өнеркәсіпте жоғары білімі бар жұмыспен қамтылғандардың үлесі **72,7%-ды** құрайды, бұл жалпы қалалық деңгейден (81,3%) айтарлықтай төмен. Өндірістік кәсіпорындар инженерлер, конструкторлар, технологтар және тағы басқалар секілді жоғары білікті кадрлардың қажет екенін көрсетеді.

#### **Халықаралық тәжірибе**

Фирмалардың инновациялық, икемді және бәсекеге қабілетті болу мүмкіндігін **арттыратын экожүйені қалыптастыру** көптеген мегаполисте заманауи өнеркәсіптік саясаттың негізгі **басымдықтарының** бірі болып табылады. Қалаларда өңдеу өнеркәсібін дамыту жөніндегі **озық практикалар** салалық қолдау шараларының кең спектрін қамтиды.

**1. ҒЗТКЖ-ны ынталандыру және жоғары технологиялық өндірістердің салалық интеграциясы** бойынша **Измир қаласының (Түркия)** тәжірибесі ерекше. 15 жыл бұрын Измир экономиканың өсу қарқыны бойынша Түркияның ірі қалаларынан артта қалды (*жан басына шаққандағы ЖӨӨ өсу қарқыны 2004-2009: Ыстамбұл — 2,4%, Бурса — 2,1%, Измир — 1,9%*). Басқа ірі қалалармен салыстырғанда өнеркәсіп қала экономикасында жақсы рөл атқармады (*Измир — 18,7%, Бурса — 25,8%*). Бұл ретте өнеркәсіптің жай-күйі индустрияландырудың жаңа айналымына **енуге мүмкіндік бермеді** және технологиялық сын-қатерлерге **жауап бермеді**.

Алайда, соңғы 10 жылдың ішінде Измир экономиканың **өсуін жеделдетті**: 2009-2014 жылдары жан басына шаққандағы ЖӨӨ өсу қарқыны **4,5%-ды** құрады, бұл Түркияның басқа қалаларына қарағанда **жоғары** (*Ыстамбұл — 4,2%, Бурса - 4,2%*).

Измирдің жоғары технологиялық өндірістерді дамытудағы әлеуетін іске асыру мақсатында **«Технологиялар және ҒЗТКЖ қаласы»** бағдарламасы қабылданды. Измирдің алты университетінде **10 зертханалық платформа құру** технологияларды дамытудың негізіне айналды, сондықтан зертханаларда технологиялар **сынақтан өткізіліп**, оларды **масштаптау** және **коммерцияландыру** жобалары жасалды. Кейіннен платформалар негізінде **бизнес-инкубаторлар** құрыла бастады, бұл инноваторларға өз жобаларын

дамыту үшін жеке және мемлекеттік инвестицияларды **тартуға** мүмкіндік берді. Аэроғарыш саласының кластері бизнес пен университеттердің табысты интеграциясына үлгі болып, **6 ЖОО** мен **48 ШОБ өкілін** біріктірді.

Сонымен қатар, **инвесторларды тарту** ерекше рөл атқарады, оған **қолдау шараларының кешені**, атап айтқанда, жер учаскелерін беру және өткізу нарықтарын іздеу арқасында қол жеткізілді. Саланы сәтті қолдау нәтижесінде Измирдің қорғаныс және авиация өнеркәсібі экспортының көлемі 2021 жылы **50%-ға артты**.

2. **Өнеркәсіптік аумақтарды дамыту және инвестициялар тарту** бойынша **Қазан** қаласының (Ресей) тәжірибесі назар аударуға тұрарлық. Қазан экономикасының құрылымы қала экономикасындағы сауданың жоғары үлесімен ерекшеленеді (шамамен 40%). Сонымен қатар, Қазан өңдеу өнеркәсібінің **тез дамуымен** ерекшеленеді. Қазанда өнеркәсіптік аумақтарды дамыту саясаты айтарлықтай нәтиже **берді**, бұл 2015 жылдан 2021 жылға дейінгі кезеңде өндірілген өнім көлемінің **2** есе артуымен дәлелденеді.

Қалалық деңгейдегі өнеркәсіптік аландарды **қарқынды дамытуға** және индустриялық аймақтардың қатысушылары үшін преференциялар **беруге** басты назар аударылды. Қалада шағын және орта кәсіпкерлікті мүлтік қолдау **инфрақұрылымының 29 объектісі** жұмыс істейді (*8 технопарк пен технополис, 10 өнеркәсіптік парк, 4 бизнес-инкубатор, 6 инжинирингтік орталық, сондай-ақ технологиялар трансфері орталығы*). Инфрақұрылыммен қатар түрлі жеңілдіктер мен преференциялар беріледі.

Қазанның тәжірибесі инвестицияларды тарту мәселелерінде озық болып табылады, өйткені Қазан **Financial Times** газетінің «Инвестицияларды тарту стратегиясы» санаты бойынша **Еуропаның ТОП-10 қаласының** қатарына кіреді. Мәселен, Қазанда инвестициялар тарту жөніндегі агенттік жұмыс істейді, ол инвестициялар тарту жөніндегі **«алтын стандартты»** дайындады, оның шеңберінде қала мэриясының барлық органдары жұмыс істейді. Жер салығы бойынша **жеңілдіктер** және индустриялық аймақтардың аумағында учаскелер **беру** инвестициялар тарту жөніндегі **негізгі шаралар** болып табылады.

3. Көптеген **дамыған қалалардың** (Лондон, Париж, Мәскеу, Мюнхен, Бостон, Детройт және т.б.) **тәжірибесі** экологиялық емес өнеркәсіптік өндірістерді қала шегінен тыс **көшіріп**, олардың орнында жоғары технологиялық өндірістер, креативті және/немесе қоғамдық кеңістіктер **құрудан** қаша алмайтынын **көрсетеді**. Жоғарыда аталған мегаполистер өнеркәсіптік өндірістерді **көшіру барысында** мынадай **қағидаттарды басшылыққа алды**:

- өндірістерді **логистикалық маршруттарға** жақын **орналасқан** аландарға көшіру, бұл қатынамалы көші-қонды ескере отырып, көлік инфрақұрылымына жүктемені **азайтуға** мүмкіндік береді;
- қосылған құнды құру тізбегіне кіретін өндірістерді **топтастыру**;
- кәсіпорындарды «жасыл» және ресурс үнемдейтін технологияларды **енгізуге ынталандыру**.

## Іс-қимыл жоспары

**Құнды түзудің жаһандық тізбегіне** кіріктірілген жоғары қосымша құнымен технологиялық прогрессивтік өндірістерді дамытуда озық қарқынмен келе жатқан қала ретінде Алматы мәртебесін қалыптастыру мақсатты пайым болып табылады.

Салалық интеграцияны дамыту жөніндегі бастамаларды қолдау, кадрлық әлеуетті арттыру үшін қолайлы жағдай қалыптастыру, өндірістерді орналастыру үшін заманауи алаңдар құру негізгі тәсілдер болып табылады. Сондай-ақ, саланың инвестициялық тартымдылығын арттыру және жағымды іскерлік орта құру бастамаларын іске асыру жалғасатын болады. Әлемдік тәжірибе кәсіпорындардың кең ауқымын жабатын ынталандыру шараларын ұсынудың дәл осы кешенді тәсілі аса маңызды екенін көрсетеді.

### 1. ШОБ үшін заманауи өнеркәсіптік алаңдар құру.

Өңдеу өнеркәсібін тиімді дамыту ШОБ үшін инфрақұрылымның қолжетімділігін арттыру қажеттілігін көздейді. Атап айтқанда, алаңдарды ұсыну жоғары технологияларды кеңейту, енгізу, шығындарды азайту және саладағы инвестициялық базаны ынталандыру мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді. Қала аумағында және Алматы қаласының Индустриялық аймағында жаңа шағын өнеркәсіптік парктер құру, Алматы Индустриялық аймағының аумағын кеңейту және Алатау АТП АЭА дамыту есебінен өнеркәсіптік алаңдардың саны ұлғаятын болады.

#### 1.1. Шағын өнеркәсіптік парктер

Шағын өнеркәсіптік парктер (ШӨП) – өндірістерді орналастыру үшін құрылған қазіргі заманғы өнеркәсіптік алаңдарды дамыту Алматы қаласының Индустриялық аймағының аумақтарында, тоқтап тұрған және тиімді пайдаланылмайтын өнеркәсіптік базаларда қызу іске асырылуда. Мұндай алаңдар өндірістің толыққанды жұмыс істеуі үшін барлық қажетті техникалық жағдайлармен және коммуникациялармен қамтамасыз етілген. ШӨП-те орналастырудың артықшылықтары кейіннен сатып алу құқығымен жеңілдікті мөлшерлеме бойынша үй-жайды ұзақ мерзімді жалға алу мүмкіндігі болып табылады, бұл жоспарлау көкжиегін кеңейтеді және кәсіпкерлердің күрделі шығындарын айтарлықтай азайтады.

ШӨП аумақтарында өндірісті дамытуды ынталандыру мақсатында 2023 жылға дейін жаңа жеңілдікті кредиттік өнім – «өнеркәсіптік ипотека» әзірленіп, енгізіледі. Бұл өнім қарызды қамтамасыз ету ретінде ШӨП сатып алатын алаңдарды пайдалануға мүмкіндік береді, бұл кәсіпкерлерге кепілдік жүктемесін айтарлықтай төмендетеді.

2025 жылдың соңына дейін 4,5 мың тұрақты жұмыс орнын құрып, 400-ден астам жаңа өндірістерді орналастыру үшін шағын өнеркәсіптік парктердің алаңы 50 жаңа ШӨП салу арқылы 250 мың м<sup>2</sup> дейін ұлғайтылатын болады. Жеке инвестициялар сомасы шамамен 100 млрд. теңгені құрайды.

**2030** жылға дейін қосымша **100**-ден астам жаңа ШӨП салынатын болады, оның ауданы **1 млн. м<sup>2</sup>**дейін ұлғайтылады және **1000**-ға дейін өндіріс орналастырылады. Жеке инвестициялар сомасы **300 млрд.** теңгеден асады, бұл **20 мыңнан** астам тұрақты жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді.

### **1.2. Алматы қаласының Индустриялық аймағы**

Өнеркәсіптік кәсіпорындарды орналастыру үшін жарамды жер учаскелерінің ағымдағы **толтырылуын** және қолда бар **резервтерін** назарға ала отырып (*қазіргі уақытта бос алаң 5%-дан аспайды*), АИА аумағын 190 гектарға (екінші кезең) **кеңейту** жоспарлануда.

АИА екінші кезеңінің инфрақұрылымын **салуға** республикалық бюджеттен шамамен **40 млрд.** теңге бөлу қажет болады.

**2025** жылдың соңына дейін АИА дамытудың екінші кезеңінің базалық инфрақұрылым объектілерінің құрылысын **аяқтау** жоспарланып отыр.

Перспективті жобалардың бірі – «**Рахат**» **АҚ** кондитерлік фабрикасын көшіріп, өндірістік қуатын арттыру. Жоба аясында **20 га** жер бөлу жоспарлануда, бұл **100 млн.** доллар жеке инвестиция тартуға мүмкіндік береді.

**2030** жылға дейінгі кезеңде инвесторлардың **сұратуына** және АИА дамытудың екінші кезеңінің жер учаскелерін игеру **қарқынына** байланысты оның аумағын **кейіннен кеңейту** мәселесі қаралатын болады. Оны тағы **140 гектарға кеңейту** (үшінші кезең) мүмкіндігі бар.

**2025** жылдың соңына дейін **160 млрд.** теңгеден астам жеке инвестициялар тарта отырып, кемінде **50** жоба қосымша іске асырылатын болады.

**2030** жылға дейін жалпы сомасы **150 млрд.** теңгеден асатын **50**-ден астам жаңа жоба іске асырылуы мүмкін.

### **1.3. «Алатау» инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағы**

«Алатау» АТП АЭА аумағында **2025** жылға дейін **15,3 млрд.** теңгеге жуық жеке инвестицияларды тарта отырып, кемінде **10** жоғары технологиялық жобаны іске асыру жоспарлануда. Мысал ретінде, қазіргі уақытта **450 млн.** теңге жеке инвестициялар тарта отырып, телекоммуникациялық жабдықтар шығаратын зауыттың жобасы іске асырылуда. Сондай-ақ, **2025** жылға дейін **1,5 млрд.** теңге көлемінде инвестиция тартып, **медициналық бұйымдар мен жабдықтар** шығаратын зауытты пайдалануға беру жоспарлануда.

Бұдан басқа, **2030** жылға қарай «Алатау» АТП АЭА аумағында шамамен **46 млрд.** теңге көлемінде жеке инвестицияларды тарта отырып, **төрт ғылыми-білім беру кешенін** салу жоспарлануда. Атап айтқанда, қазіргі уақытта Назарбаев Университетінің АКТ саласында зерттеулер жүргізу үшін жасанды интеллект мектебі мен зертхана салу мәселесі қарастырылуда. Сондай-ақ АЭА аумағында орналасқан әлемдік деңгейдегі колледждің аяқталмаған кампусы базасында жеке инвесторды тарта отырып, жаңа форматтағы білім беру мекемесін салу жобасын іске асыру жоспарлануда.

Жоғарыда көрсетілген шаралар тоқтап тұрған өнеркәсіптік базалар мен үй-жайларды экономикалық айналымға енгізуге ықпал ете отырып, **өнімділігі жоғары жұмыс орындары мен бәсекеге қабілетті өндірістер құруға мүмкіндік береді.**

## **2. Кадрлық әлеуетті және технологиялық ортаны арттыру үшін қолайлы жағдайлар жасау**

Жоғары технологиялық өндірістер тиісті ғылыми база мен білікті кадрларсыз дами алмайды.

**2.1.** Мәселен, **2025** жылға дейін бизнес-инкубатор функциялары бар платформа-зертхана құру жоспарлануда. Жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу орталықтарының базасында бұрынғы үлгідегі кемінде **3 инновациялық-өндірістік зертхана (FabLab)** құру жоспарлануда. Бұған **Satpayev** университеті мысал болады, онда әр студент немесе стартап алдыңғы қатарлы өндіріс құралдарына қол жеткізе алады (*лазерлік және плазмалық станоктар, 3D принтерлер және қосымша өндірістің басқа да жаңа түрлері*).

**2.2.** Дуальды білім беру арқылы практикадан өту үшін жоғары оқу орындары мен колледждердің техникалық мамандықтарының студенттерін **өндірістік алаңдарға тарту үшін** қала жұмыс берушілерімен серіктестік бағдарламалар іске асырылатын болады.

**2.3.** **2030** жылға қарай «Алатау» АТП АЭА аумағында **ғылыми-білім беру жобаларын іске асыру** жоспарлануда. Атап айтқанда, бұл ҚБТУ Инжиниринг және ақпараттық технологиялар институтының сынақ орталығын (дриллинг орталығы), «Алматы Менеджмент Университеті» инновациялық университетін Arizona State University-мен, Назарбаев университетінің Жасанды интеллект мектебімен бірлесіп құру жөніндегі жобалар. Сондай-ақ, АТП АЭА аумағында филиалдар ашуға Үндістаннан, Оңтүстік Кореядан және басқа елдерден шетелдік университеттер тартылатын болады.

## **3. Салалық интеграцияны дамыту және экспортты алға ілгерілету**

**3.1.** Салалық интеграцияны қалыптастыру және қолдау қазіргі заманғы өнеркәсіптік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылады. Қолда бар әлеуетті ескере отырып, салалық интеграцияны дамытудағы күш-жігер **автомобиль жасауға, электр жабдығын өндіруге, жиһаз** (корпустық және жұмсақ жиһаз), **тамақ өнеркәсібіне** (шоколад пен кондитерлік бұйымдарды қоса алғанда, сусындар мен тамақ өнімдерін өндіру), **құрылыс материалдарын өндіруге** (әрлеу материалдарын), **фармацевтикаға** (дженериктерге) және медициналық мақсаттағы бұйымдарды өндіруге бағытталатын болады.

Кластерлерді қалыптастыру үшін негізгі алаңдар Алматы Индустриялық аймағы, «Алатау» АТП АЭА және «кеңестік» кезеңдегі

өнеркәсіптік объектілер болып табылады. **2025** жылдың соңына дейін АИА кластерлерінің аумағында шамамен **160** млрд. теңге көлемінде жеке инвестицияларды тарта отырып, **37** жаңа өндіріс, оның ішінде **автомобиль жасауда – 8, жиһаз жасауда – 4, тамақ өнеркәсібінде – 9** және **құрылыс индустриясында 16** жаңа өндіріс іске қосылатын болады.

Мәселен, автомобиль жасау кластерінде автомобиль орындықтарын, шанақ бөлшектерін, мультимедиялық жүйелер мен пластикалық компоненттерді шығару есебінен автомобильдер өндірісін **55%**-ға дейін оқшаулау процесі **тереңдетілетін** болады.

Өз кезегінде, «Алатау» АТП АЭА **фармацевтика және медициналық мақсаттағы бұйымдар өндірісі саласындағы кластерлерді** дамыту әлеуетіне ие. **2025** жылдың соңына дейін **12** млрд. теңге сомасына инвестициялар тарта отырып, **5 жоба** іске асырылатын болады.

Осылайша, **2030** жылға дейін жоғары **технологиялық және экспортқа бағдарланған** өндірістерді **орналастыра отырып**, жоғарыда көрсетілген кластерлер толық **қалыптастырылады**.

**3.2. 2023** жылдан бастап экспортқа бағдарланған кәсіпорындарды **ынталандыру және қолдау** жөніндегі жаңа қалалық құралдарды **енгізу** жоспарлануда.

Қолдау құралдарына экспорттаушыларға ақпараттық сервистер **ұсыну**, рұқсат беру құжаттарын алу және сертификаттау бойынша **консультациялық қызметтер көрсету**, жылжытуға, тасымалдауға жұмсалған **шығындарды өтеу**, экспорттаушыларды қолдау құралдарын, атап айтқанда акселерация бағдарламаларын пайдалану бойынша **оқыту** бағдарламалары, сондай-ақ өнімді жаһандық маркетплейстерде **ілгерілетуге** көмек көрсету кіреді.

Сондай-ақ, экспорттаушылардың өнімдерін ілгерілетудегі құралдардың бірі **«Made in Almaty»** брендімен өткізілетін халықаралық мамандандырылған көрмелер мен іс-шараларға қатысуға **қолдау** көрсетіледі.

#### **4. Қолайлы іскерлік орта құру**

**4.1. Қолайлы іскерлік орта құру** шеңберінде қала кәсіпкерлерімен өзара іс-қимыл бойынша жұмыс жалғасатын болады. Атап айтқанда, **кәсіпкерлік қажеттіліктерін талдау** жалғасады, оның қорытындысы бойынша ШОБ субъектілерін қолдау шараларымен қамту **ұлғайтылады** және өңірлік деңгейде инженерлік желілерді қосуға **техникалық шарттар**, құрылысқа **рұқсаттар алу** және тағы сол сияқты рұқсат беру құжаттарын ұсыну рәсімдері **оңтайландырылады**. Бұдан басқа бизнестің қала **инфрақұрылымына**, атап айтқанда инженерлік коммуникацияларға, қалалық жарықтандыруға, жолдарға және көлік қоятын орындарға **қанағаттануына** талдау жүргізілетін болады. Жүргізілген талдау нәтижелері аудандарды дамыту бойынша жоспарларды өзектендіру үшін пайдаланылады.

**4.2.** Қаладағы ШОБ жағдайын бағалау бойынша маңызды құралдардың бірі [almatybusiness.gov.kz](http://almatybusiness.gov.kz) веб-порталының базасында **цифрлық Кәсіпкерлік**



**картасы** қалыптастырылатын болады, бұл кәсіпкерлікті **дамыту трендтерін қадағалауға** және сыртқы ортаның өзгеретін жағдайларына тез **бейімделуге** мүмкіндік береді. Карта үнемі жаңартылып отырады. Карта кәсіпкерлік ортаның өзекті жай-күйі мен қажеттіліктерін ескере отырып, қаланың кеңістіктік дамуына **кешенді түрде қарауға** мүмкіндік береді. Осылайша, порталда **онлайн-қызметтердің** қолжетімділігін **арттыру** мақсатында бизнеске арналған орынды таңдау функциясы сияқты **бизнеске арналған сервистер желісі кеңейтілетін** болады. Кәсіпкерлерді және салалық бағыттарды қамтуды кеңейту арқылы салалық ерекшелікті ескере отырып, **оқыту бағдарламасын іске асыру** жұмысы жалғасады. Оқыту бағдарламасы кәсіпкерлердің қажеттіліктері мен заманауи трендтерді ескере отырып **толықтырылатын** болады.

Жоғарыда көрсетілген шараларды іске асыру бизнестің **орнықтылығын арттырады**, оның көлеңкеден шығуына және көрсетілетін қызметтердің сапасын **жақсартуға ықпал етеді**.

## **5. Инвестициялық тартымдылықты арттыру**

**5.1.** Қала экономикасының **тұрақты дамуына** бағытталған **сапалы инвестициялар тарту** да ерекше маңызға ие болуда. Инвестициялар тарту жөніндегі жұмыс кейіннен нысаналы инвесторларды **тарта отырып, басым салалардағы** нақты жобаларды айқындауға **қайта құрылатын** болады. Осы мақсаттар үшін Алматы қаласының **2025 жылға дейінгі Инвестициялық картасы** бекітіліп, жыл сайын өзектендіріліп отырады.

**5.2.** Инвестициялық жобалардың «өмірлік циклі» бойынша инвесторлармен «**бір терезе**» (First stop shop) қағидаты бойынша **өзара іс-қимылды** жүзеге асыратын инвестицияларды тарту жөніндегі «Almaty Invest» **қалалық фронт-офисін** («*Qoldau*» *кәсіпкерлікті қолдау орталығының базасында*) құру жоспарлануда.

Фронт-офисте инвесторларға **жан-жақты қолдау көрсетілетін** болады, атап айтқанда, фронт-офистің функционалында инвесторларға Алматы қаласында инвестициялық жобаны орналастыру мүмкіндіктері туралы консультациялар **беру**, мемлекеттік қызметтерді алу және мемлекеттік органдармен **өзара іс-қимыл** кезінде **қолдау көрсету**, оның ішінде жобаларды іске асыру барысында туындайтын проблемалық мәселелерді **жедел шешу** қамтылатын болады.

Жаңа инвесторларды тартудан басқа, фронт-офистің жұмысы **жұмыс істеп тұрған**, оның ішінде шетелдік инвесторларға **қызметтер көрсетуге**, сондай-ақ жаңа жобаларды **қайта инвестициялауды ынталандыруға** бағытталатын болады.

**2.2.** Қалаларға инвестициялар тарту халықаралық ұйымдар мен ТҰК **аймақтық өкілдіктерін орналастыруға** да ықпал етеді. Бүгінгі таңда Алматыда **80-нен астам** өңірлік өкілдік бар. **2030 жылға дейін** кемінде **50** жаңа өңірлік өкілдіктер ашуды қамтамасыз ету жоспарлануда.

### Қажетті ресурстар

Өңдеу өнеркәсібін дамыту жөніндегі мақсаттар мен қысқа мерзімді міндеттерге қол жеткізу үшін **2030** жылға дейін республикалық бюджеттен **100 млрд.** теңгеден астам қаражат бөлу, сондай-ақ шамамен **700 млрд.** теңге көлемінде жеке инвестициялар тарту қажет.

**АИА кеңейту** шеңберінде **2025** жылға дейін **190** га жер бөлу және **40 млрд.** теңге бюджеттік инвестициялар тарту қажет, бұл **160 млрд.** теңге жеке инвестициялар тартуға мүмкіндік береді. 2030 жылға дейінгі кезеңде инвесторлар тарапынан сұранысқа және АИА дамытудың екінші кезеңінің жер учаскелерін игеру қарқынына байланысты оның аумағын одан әрі кеңейту және қосымша **140** га жер бөлу, **республикалық бюджеттен** шамамен **60 млрд.** теңге бөлу мәселесі қаралатын болады, бұл **150 млрд.** теңгеден астам жеке инвестициялар тартып, **50-**ден астам жаңа жобаны іске асыруға мүмкіндік береді.

Кәсіпкерлердің өндірістік алаңдарға ағымдағы және болашақтағы қажеттіліктерін жабу үшін шағын өнеркәсіптік парктердің қолжетімділігін арттыру қажет. Бұл ретте, **2025** жылға қарай **250 мың м<sup>2</sup>** астам жаңа алаңдарға қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін **50 млрд.** теңге сомасында жеке инвестициялар тарту қажет. Өз кезегінде, 2030 жылға қарай қосымша **750 мың м<sup>2</sup>** пайдалануға беру үшін **150 млрд.** теңге мөлшерінде жеке инвестициялар тарту қажет.

«Алатау» АТП АЭА-да 2025 жылға дейін жоспарланған жобаларды іске асыру – **15 млрд.** теңгеден астам сомаға, 2030 жылға дейін **46 млрд.** теңгеден астам сомаға жеке инвестициялар тартуды көздейді.

Инвестицияларды ынталандырудың жаңа құралдарын енгізу және ШОБ үшін қолайлы жағдайлар жасау, сондай-ақ экспортқа бағдарланған кәсіпорындарды қолдау үшін 2030 жылға дейін жергілікті бюджеттен қосымша шамамен **31 млрд.** теңге, оның ішінде экспортты қолдауға – жыл сайын **2,5 млрд.** теңге, жайлы іскерлік ортаны құру жөніндегі шараларға – **800 млн.** теңге, жыл сайын Инвестициялар тарту жөніндегі қалалық фронт-офисті құруға және оның жұмыс істеуіне шамамен **500 млн.** теңге бөлу қажет.

### Күтілетін нәтижелер

Жоспарды іске асыру **жоғары технологиялық** және «таза» өндірістерді **енгізу**, қажетті өнеркәсіптік алаңдар мен қолайлы іскерлік ортаны **құру** жолымен қаланың өңдеуші өнеркәсібін жаңа деңгейге **шығаруға** мүмкіндік береді. Бұл ЖӨӨ құрылымында саланың үлесін және инвестицияларды **ұлғайту**, экспорттық әлеуетті **арттыру**, сондай-ақ еңбек өнімділігі жоғары сапалы жұмыс орындарын құру арқасында қала экономикасының тұрақты дамуын **қалыптастыруға** оң ықпал етеді.

Атап айтқанда, келесі нәтижелерге қол жеткізу күтілуде:

- өңдеуші өнеркәсіптегі еңбек өнімділігін жыл сайын **5%-ға** өсу қарқынымен 2025 жылға қарай бір жұмыспен қамтылғанға **35 мың** АҚШ долларына дейін және 2030 жылға қарай бір жұмыспен қамтылғанға **42 мың** АҚШ долларына дейін ұлғайту;

- 2030 жылға қарай тауарлар экспортын **7,4 млрд** долларға дейін **2** есе ұлғайту;

- ЖӨӨ құрылымындағы өңдеу өнеркәсібінің үлесін **2025** жылға қарай **6%-ға** дейін және **2030** жылға қарай **9%-ға** дейін ұлғайту.

Бұл көрсеткіштер жан басына шаққандағы ЖӨӨ-ге 2025 жылы **21 мың** АҚШ долларына дейін және 2030 жылға қарай **30 мың** АҚШ долларына дейін қол жеткізуге, халықтың табысын 2025 жылы **265 мың теңгеге** дейін және 2030 жылға қарай **360 мың** теңгеге дейін өсіруге бағытталады болады. Осы көрсеткіштерге қол жеткізу **2030 жылға қарай** қала экономикасының «орташа табыс тұзағынан» шығуына мүмкіндік береді.

## 2.2. Креативті индустриялардың дамуы

Әлемдік экономиканы **трансформациялау** және **дамудың жаңа драйверлерін іздеу** жағдайында мегаполистерде **креативті индустриялар** үлкен маңызға ие болуда. Нью-Йорк, Лос-Анджелес, Лондон, Берлин, Гонконг және Сеул сияқты әлемнің жетекші қалалары креативті индустриялардың әлеуетін қарқынды түрде **жүзеге асырады** және одан әрі дамытуға жағдай **жасайды**.

**БҰҰ**-ның қолданыстағы тәсілдеріне сәйкес креативті индустрияларға: дизайн, өнер, сән, кино, музыка, медиа архитектурасы, IT, білім беру және басқа да бағыттар жатады.

«**Креативті индустрия**» – жеке шығармашылыққа, шеберлік пен дарындылыққа негізделген, зияткерлік меншікті құру арқылы құндылықтарды генерациялау әлеуеті бар экономикалық қызметтің түрі.

Креативті индустрияларды **дамыту** жұмыспен қамту құрылымын **өзгертуге**, жаңа кәсіпорындар мен жұмыс орындарын **құруға** мүмкіндік береді, экспорттық әлеуетті арттырады, оң имиджді қалыптастыруға **ықпал етеді** және қаланың инвестициялық тартымдылығын **арттырады**. Алматының **креативті экономика орталығы** және бүкіл Орталық Азия өңірінің **IT-хабына** айналуға барлық мүмкіндігі бар.

### Ағымдағы жағдайды талдау

2022 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша қаланың **20,4 мың** кәсіпорны креативті индустриялардың белсенді субъектілері болып табылады. 2017 жылдан бастап ақпараттық жүйелерді жобалау, бағдарламалық қамтамасыз етуді, веб-порталдарды әзірлеу, музыка, киноиндустрия, жарнама, маркетинг, білім беру және мәдениет салаларындағы қызмет айтарлықтай **өскенін** көрсетті.

Сонымен қатар газеттер, журналдар шығару және аударма қызметі сияқты дәстүрлі баспа салалары осы салалардың цифрлану трендіне байланысты төмендеді.

Алматыда **932 креативті** кәсіпкерден алынған сауалнама креативті индустриялардың тиімді дамуына кедергі келтіретін бірқатар проблемалардың бар екенін көрсетті.

**1. Дамыған инфрақұрылымның жетіспеуі. 85%-на** жұмыс істеу үшін үй-жай қажет. Қашықтықтан жұмыс істеу мүмкіндіктерінің дамуына қарамастан, креативті кәсіпкерлер үшін бірлескен үйлесімді жұмыс маңызды.

**2. Бизнесті жүргізуде құзыреттілік деңгейінің төмендігі. 56%-ы** креативті кәсіпкерлікті жүргізу дағдысын оқытуды, атап айтқанда бизнес-жоспар құруды және бизнесті дамыту стратегиясын айқындауды, бухгалтерлік және салықтық есепке алуды жүргізуді қажет етеді.

**3. Жеңілдікті қаржыландырудың болмауы.** Қажеттіліктердің **31%-ы** қаржыландыру тапшылығына тиесілі. Бұл ретте, қаржыландыруды қажет ететіндердің **35%-ы** мемлекеттік қолдаудың қолданыстағы құралдары туралы білмеген. Креативті индустриялардың ЭҚЖЖ басым салалар тізіміне кіретін қолдау бағдарламаларының (Almaty Business – 2025, «Даму КДҚ» АҚ кредит өнімдері) болуына қарамастан, осы жобаларды қаржыландыру барлық бөлінетін соманың кемінде **1%-ын** құрайды.

**4. Білікті кадрлардың жетіспеушілігі. 10%-ы** білікті кадрлардың тапшылығын көрсетті. Көптеген сарапшылар Қазақстандағы білім беру саласының жаңа технологиялардың ену жылдамдығына ілеспейтінімен келіседі. Жасанды интеллект, бұлтты есептеулер және т.б. сияқты салаларда IT-кадрлардың тапшылығы байқалады. 2022 жылдың басынан бастап шілде айына дейін IT саласындағы бос орындар туралы хабарландырулар саны үштен бірге өсті.

**5. Креативті индустриялар өнімдерінің экспортын қолдау бағдарламасының болмауы.** Креативті саланың кәсіпкерлеріне ауқымын кеңейту және халықаралық нарықтарға шығу үшін қорлар мен жеке инвесторлардың қолдауы, ритейлерлер үшін сату агенттерін іздеуге жәрдемдесу және басқа елдердегі креативті кәсіпкерлік өкілдерімен байланыстарды дамыту қажет. Қолдау бағдарламасының болмауына қарамастан, IT-қызметтер экспортының өсуі байқалады.

### **Халықаралық тәжірибе**

**Креативті индустриялар** экономикалық өсудің маңызды драйвері ретінде көптеген елдер мен компанияларға қосылған құнды құрудың халықаралық тізбектеріне бірігуге, бір мезгілде бірқатар әлеуметтік және мәдени проблемаларды шешуге, сондай-ақ қоғамның шығармашылық әлеуетін ашу үшін жағдайлар жасауға мүмкіндік береді.

Креативті индустриялардың әлемдік экономикаға үлесі **3%-ды** құрайды. Креативті индустриялар жылына **2 250 млрд.** АҚШ долларын әкеледі. Бүкіл

әлем бойынша креативті индустриялар салаларында **30 млн.** астам адам жұмыс істейді.

**1. Бұрынғы өнеркәсіптік орталықтар базасында креативті кәсіпкерлер үшін кеңістік құру тәжірибесі.** Ұлыбритания, Ресей және Эстония шағын студиялардан, тамақтану мекемелерінен, коворкингтер мен дүкендерден бастап дербес қоймалар мен іс-шараларға арналған кеңістіктерге дейін қолжетімді коммерциялық үй-жайлардың кең таңдауымен шығармашылық және цифрлық бизнестің сәтті экожүйесі бар кластерлер құрды.

Табысты шығармашылық кластерлердің мысалдары – **Baltic Creative** бұрынғы Ливерпуль өнеркәсіптік аймағындағы және Таллиндегі бұрынғы Калинин атындағы Таллин электр зауытының аумағында құрылған **Теллискиви Креатив қалашығы** болып табылады. Дәл осындай тәжірибе Мәскеуде кездеседі, онда бұрын «Красный Октябрь» кондитерлік фабрикасы мен әйнек зауыты әлемнің түкпір-түкпірінен туристерді тартатын арт-кластерлерге айналды.

**2. Креативті индустрияны қаржыландыру және креативті өнімдер мен көрсетілетін қызметтердің экспорттық әлеуетін арттыру тәжірибесі.**

**Австралияда** креативті индустриялар өкілдері үшін грант әзірленді, оның шеңберінде қаржылық ынталандыруды алу үшін бірегей бизнес-идеяны ұсыну қажет. Бұл мақсатқа **60 млн.** австралиялық доллар бөлінді. Сондай-ақ CreateNSW бағдарламасы шеңберінде Австралия креативті индустриялардың қажетті инфрақұрылымын құру және қазіргі инфрақұрылымын жақсарту мақсаттарын қаржыландырады.

Оңтүстік Корея үкіметі креативті кәсіпкерлерді ақпараттық қолдау үшін 2013 жылы «Креативті экономика қаласы» онлайн-жобасын іске қосты ([www.creativekorea.or.kr](http://www.creativekorea.or.kr)). Сондай-ақ креативті секторды қолдауға төмен пайыздық кредиттердің енгізілуі (жылдық 1,2%-ы 8 мың АҚШ долларына дейін) елеулі үлес қосты.

Медиа-ойын-сауық нарығының көлемі бойынша **Оңтүстік Корея** әлемде жетінші орынға ие болды, ал елдің креативті индустриялардан түскен **экспорттық кірісі** өткен жылы **12 млрд.** АҚШ долларынан асты.

Еуропа елдері мен АҚШ, Таяу Шығыс және Азия елдері креативті индустриялар секторын дамыту жөніндегі жұмыс шеңберінде тікелей және венчурлік инвестициялар құралдарын қолдана отырып, мамандандырылған инвестициялық қорларды қоса алғанда, қаржылық қолдау шараларын белсенді қолданады. Осы қолдау шарасының негізгі артықшылығы бизнес иесі мен инвестор арасында тәуекелдерді бөледі.

### **Іс-қимыл жоспары**

Креативті индустриялар мен IT-ді дамыту білім экономикасына көшуге, инновациялық және технологиялық дамуға, шикізаттық емес экспортты

**кеңейтуге ықпал етеді**, сондай-ақ ШОБ-ты одан әрі дамытуға **жаңа серпін** береді және Алматы брендин нығайтады.

Алматы қаласының креативті индустрияларының неғұрлым **перспективалы** секторлары кино және анимация, музыка, жаңа медиа және цифрлық мәдениеттер, киберспорт және геймдевелопмент, сән және қолөнер, сәулет, дизайн және қазіргі заманғы өнер болып табылады.

## **1. Креативті индустрияларды дамыту үшін инфрақұрылымды қалыптастыру**

**1.1.** Алматы қаласындағы **креативті кеңістіктер**: Несанаторий, Aurora Space, Оссуру Steppe, Manufactura, Wearenear, Бәрібаевтағы 36-үй, «Трансформа» мәдени кеңістігі Алматы азаматтарына түрлі бағдарламалар **ұсынады**: музыкалық жобалар мен концерттер, пікірталастар мен дәрістер, дөңгелек үстелдер мен баспасөз конференциялары, көркем көрмелер. Аталған креативті кеңістіктер **инфрақұрылым мен экожүйені қалыптастыру** арқылы креативті индустриялар салаларын дамытуға бағытталған.

Арт-орталықтар, концерттік алаңдар және көп бейінді мәдени орталықтар форматында **креативті кеңістіктер құру** жоспарлануда, онда креативті индустриялар салаларының өкілдері өздерінің креативті өнімдері мен қызметтерін **жасай алады**, идеялармен **алмасып**, өз шығармашылығының нәтижелерін **көрсете алады**. Мұндай кеңістіктер креативті идеяларды шығармашылық кәсіпкерлік қызметке<sup>43</sup> айналдыруға бағытталатын болады.

**1.2.** Креативті кеңістіктерден басқа, Алматының басқа аудандарына ауқымды ету жоспарланып отырған «Alatau Creative HUB» **креативті хабын** іске асырудың табысты тәжірибесі бар. Мәселен, **2025 жылдың** соңына дейін **3 креативті хаб** іске асырылатын болады, кейін **2030 жылға қарай 7 креативті хабқа** дейін жеткізіледі. Әрбір хабта сауатты тұжырымдама әзірленетін болады: коворкинг және event-алаң, балаларға арналған тегін шығармашылық үйірмелер, шеберлік сабақтар мен презентацияларға арналған алаң, заманауи дәрісханасы бар медиатека.

**1.3.** Креативті класты қалыптастырудың, жастарды тарту орындарын ұйымдастырудың, жаңа идеялар мен жаңалықтардың айқындаушы факторларының бірі **креативті кластерлер** болып табылады. **Almaty Museum of Arts** қазіргі заманғы өнер мұражайының құрылысы қала мен елдің әлемдік мәдени кеңістікке интеграциялануына ықпал ететін болады. Мұражай тарихи-мәдени құндылықтардың сақталуы мен экспозициясын үйлестіретін ғылыми-ағартушылық мекеме ғана емес, сонымен қатар бірқатар әлеуметтік маңызды міндеттерді шешеді, олардың ішінде бос уақытты көркемдік ұйымдастыру, танымдық, ойын-сауық және көркемдік шығармашылық функцияларды біріктіру маңызды позициялардың бірі болып табылады. Қазіргі заманғы өнер мұражайы, саябақ аймағы және Almaty Theatre кіретін осы шығармашылық

<sup>43</sup> Әлеуметтік орнықтылық пен тұрақтылық. Алматы – мәдени астана.

кластер Алматы<sup>44</sup> тұрғындары мен қонақтарын тартатын жаңа орынға айналады.

**2025** жылдың соңына дейін бұрынғы трамвай депосының базасында «Depo Art and Science Center» креативті кластері бойынша жұмыстар аяқталады. Креативті индустриялар бизнесін жүргізудің өзіндік құнын қысқартуға бағдарланған және офистік-зертханалық инфрақұрылымды да, сондай-ақ әлеуметтік-тұрмыстық сала объектілерін де (апартаменттер мен қонақ үйлер) қамтитын инфрақұрылымдық объектілердің (конференц-залдар мен қазіргі заманғы дәрісханалар) теңгерімді жиынтығынан қалыптастырылатын жұмыс пен бос уақыт үшін жайлы орта құрылатын болады. «Depo Art and Science Center» креативті индустриялар мен IT, эко және әлеуметтік бастамалар, заманауи өнер және инновациялық-технологиялық бизнес синергиясының орталығына айналады, сондай-ақ мамандандырылған көрме кеңістігі ұйымдастырылады.

**2025** жылдың соңына қарай **10 млн. АҚШ доллары** көлемінде шетелдік және жеке инвестицияларды тарту арқылы жалпы ауданы **15 мың м<sup>2</sup>** IT-хаб (*Almaty Digital City*) құрылып, дамиды, оны кейін **2030** жылға дейін **30 мың м<sup>2</sup>** дейін кеңейту мүмкіндігі қарастырылуда. IT-хаб Алматы қаласының IT және стартап экожүйелерін дамыту орталығына айналады, онда айналымды, сатуды **ұлғайту**, инвестициялар **тарту** және экспорттық нарықтарға шығу үшін инкубациялар мен акселерациялар бағдарламалары арқылы қолдау және оқыту жұмыстары жоспарлануда. IT-хабтың резиденттері «AstanaHub» ХКФ әдіснамасы бойынша ақпараттық технологиялар саласында жұмыс істейтін стартаптар, сондай-ақ **5 мыңға** дейін IT персоналды орналастыратын ірі қазақстандық және шетелдік компаниялар болады. IT-хабты **басқаруда** қажетті тәжірибесі бар жеке және кәсіби ұйымдар **тартылады**.

Креативті хабтар мен кластерлер аумақтарын ұйымдастыру бірыңғай аумақта креативті кәсіпкерлер мен стартаптардың, венчурлік инвесторлардың өзара іс-қимылы үшін дамыған экожүйе құруға мүмкіндік береді.

Хабтар, кластерлер құру Алматының бәсекелестік позициясын күшейтіп, бизнеске FinTech. (*Банк секторына арналған технологиялар*), Blockchain (*Орталықтандырылмаған технологиялар, Криптовалюта. Қаржының балама түрлері. Майнинг. Криптобиржалар*), RetailTech (*Ритейлерлік бизнестегі міндеттер мен мәселелерді шешетін технологиялар*), GreenTech (*Экологиялық таза технологиялар*), MedTech (*Медициналық технологиялар*), EdTech (*Білім беру технологиялары*) және т.б. сияқты ең озық әзірлемелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда **бейне және жазу студияларын** құру қажет, өйткені мультимедиялық және ақпараттық технологиялардың дамуы пайда табуға болатын өнімдер мен қызметтерді құру бағдарламаларына қол жеткізуді қамтамасыз етті. Мұны Apple Music және басқа ағынды платформалар Sony

<sup>44</sup> Әлеуметтік орнықтылық пен тұрақтылық. Алматы – мәдени астана.

Music, Universal Music секілді ірі агрегаторлар және басқа компаниялар арқылы тікелей жұмыс істейтін музыка саласы арқылы оңай байқауға болады. Ірі халықаралық ойыншыларды (лейблдарды) тарту креативті индустрияның бірнеше байланысты салаларының дамуына **серпін береді**, нарықты сұр аймақтан шығарып, жергілікті ойыншылардың басқару мәселелерін **шешеді**.

**2025** жылдың соңына дейін жеке инвестицияларды **тарта отырып**, халықаралық деңгейдегі **3** креативті хаб пен **2** бейне және дыбыс жазу студиясын **құру** жоспарлануда.

## **2. Креативті индустрияларда кәсіпкерлікті ынталандыру**

Өңірлік бірегейлікті, креативті сектор субъектілерінің жоғары шоғырлануын ескере отырып, «**Almaty Creative**» интеграторын **құру** қажет. Мұндай құрылымның болуы қаржылық жағынан ынталандырып, консультациялық және заңгерлік көмек **көрсетуге**, шығармашылық әлеуетті дамыту бойынша кәсіби тренингтер өткізуге, кәсіптік бағдар беруге және жұмысқа орналасуға жәрдемдесуге, гранттар төлеуге мүмкіндік береді. Қосымша контент-маркетинг агенттігінің функциялары және шығармашылық индустриялар саласында аналитикалық зерттеулер **жүргізіледі**.

Сондай-ақ объектілерді ұзақ мерзімді сенімгерлік басқаруға беру арқылы креативті хабтар мен кеңістіктерді **басқару** жоғарыда көрсетілген құрылымның басым функциялары болуы мүмкін.

**2025** жылдың соңына дейін бастапқы капиталы **20** млрд. теңгені құрайтын қалалық венчурлық қор құрылады, ол қаланың креативті индустрияларының **экожүйесін дамытудың** маңызды қатысушысы болады. Қордың инвестицияларына ие болатын креативті стартаптар әлемдік нарықта сұранысқа ие қазақстандық креативті өнімді **жасап**, әлемдік қоғамдастықта еліміздің танымал мәдени «брендін» қалыптастыруға **жәрдемдесетін** болады.

Қордың инвестициялары экспортының өсу әлеуеті барынша жоғары креативті өнімдер – кино, сахна өнері, музыка, цифрлық ойын-сауық, дизайн және сән секілді **бес** бағытқа шоғырландырылатын болады.

Оңтүстік Кореяның **2025** жылға дейінгі табысты тәжірибесінің негізінде Алматыда «**Креативті қала**» атты жаңа онлайн краудфандинг платформасы енгізілетін болады, онда креативті экожүйе құрылады. Бұл платформа креативті қоғамдастықтардың болуы, жеке консультациялар, жалпықалалық және жеке жоспарларды талқылауға шығару мүмкіндігі және т.б. арқылы пікірі бір адамдардың күш-жігерін біріктіруге мүмкіндік береді.

**2025** жылдың соңына дейін креативті тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің экспортын ынталандыру және көрме іс-шараларына жұмсалатын шығындарды өтеу шараларын ұсыну мәселесі пысықталады, бұл Қазақстан брендин халықаралық аренада тануға ықпал ететін болады. **2030** жылға дейін экспортты ынталандыру құралдарының желісі қажет болған жағдайда кеңейтіледі.

**3.** Білім беру жүйесін неғұрлым шығармашылық және еркін модельге біртіндеп қайта бағдарлай отырып, **креативті индустрияларды**



дамыту үшін білімді, дағдылар мен құзыреттерді қалыптастыру және тарату қажет. Жоғары оқу орындары мен колледждерде шығармашылық бағыттар бойынша кадрлар даярлаудың білім беру бағдарламалары мен тәсілдерін жаңартуды қамтамасыз ету маңызды.

2022 жылдың сәуір айында барлық білім беру мекемелерін, технопарктерді, акселераторларды, инкубаторларды және IT-компанияларды бір платформаға біріктіретін және әрбір қатысушы үшін тікелей коммуникация мүмкіндігін қамтамасыз ететін Алматы қаласының IT-қоғамдастығының өкілдері үшін кәсіпорындарды біріктіретін **Бірыңғай коммуникациялық кеңістік (БКК)** платформасы іске қосылды.

**2022 жылдың басынан бері БКК арқылы компаниялар 300-ден астам бағдарламашы мен талдаушыларды жұмысқа орналастырды.**

2025 жылға дейін қызмет бейіні, даму серпіні, жұмыс істейтін құрамның саны мен кәсіби құзыреттілігі бойынша Алматының IT секторында **белсенді кәсіпкерлердің картасын** жасау жоспарлануда.

Сондай-ақ, **TechOrda** бағдарламасын іске қосу, 2023 жылы 3 мыңнан астам бағдарламашы мамандар санын 2024 жылы 4 мыңға, 2025 жылы 5 мыңға дейін ұлғайту жоспарланып отыр.

Қаланың **IT экожүйесін қолдау бойынша жаңа бағдарлама** іске қосылуда. Оның аясында 200-ден астам жаңа стартапты іске қосу және ірі жеке венчурлық кәсіпорындармен бірлесіп, қаланың IT стартаптарына **12 миллион доллардан** астам қаражат тарту жоспарлануда.

Алматы қаласының салалық университеттері жанындағы арт-менеджмент және кураторлық шеберлік бойынша білім беру бағдарламалары көзделеді.

Жаңа IT мамандарын дайындау үшін гранттық қаржыландыру түріндегі ынталандыру бағдарламалары, жастар мен орта буындағы адамдар үшін білім беру бағдарламаларына өзгерістер енгізу арқылы мәдени-инновациялық орта құрылатын болады.

IT саласындағы кәсіптерді танымал ету үшін міндетті түрде IT мамандарын дайындайтын университеттер мен колледждерді, маркетингтарды, продуктологтарды, экономистерді, кәсіпкерлерді өз алаңдарында инкубациялық бағдарламаларды құруға және іске қосуға тарту қажет.

**2030** жылға дейін базалық білім мен дағдыларды қалыптастыруға бағытталған дәстүрлі білім жүйесінен жасампаздық және шығармашылық бастауды ашу үшін оқытудың неғұрлым икемді жүйесіне көшу қамтамасыз етілетін болады.

Креативті кластерлер мен хабтар базасында креативті адамдарға тұрақты бизнес құруда қызметтер көрсетуге және креативті индустриялардағы кәсіпорындарды дамытуға бағдарланған креативті бизнес-инкубаторлар мен акселераторлар қалыптастырылатын болады.

Бұдан басқа, алматылықтардың шығармашылық әлеуетін дамытуды **ынталандыру** және оны іске асыру үшін жағдай **жасау**, креативті индустриялар сарапшыларының пікірлерін **топтастыру** және мемлекет пен креативті индустриялар ШОБ арасында диалог құру үшін негізгі алаң **құру** мақсатында жыл сайынғы «**Creative Central Asia**» форумын өткізу жоспарлануда. Форумның мақсаты – халықаралық деңгейде креативті индустриялардың маңыздылығы туралы хабардарлықты арттыру. Форум Орталық Азиядағы **басты іс-шара болады** және Алматының бүкіл Орталық Азия өңірінің креативті экономика орталығы мен **IT-хабына айналуына мүмкіндік береді**.

### **Қажетті ресурстар**

2025 жылы жергілікті бюджет есебінен, сондай-ақ **10 млрд.** теңге мөлшерінде тең қатысу үлесінде **шетелдік инвесторларды** тарта отырып, қорды **10 млрд.** теңгеге бастапқы капиталдандырумен қалалық венчурлық қор құру жоспарлануда.

IT секторын, қаланың әрбір ауданындағы креативті хабтарды, бейне дыбыс жазу студияларын инфрақұрылымдық қолдау (*іргелес аумақты салу және абаттандыру*) үшін кемінде **30 млрд.** теңге бюджеттік және жеке инвестициялар тартылатын болады.

Бұрынғы трамвай депосының базасында «Dero Art and Science Center» креативті хабының аумағын функционалдық толықтыру және абаттандыру үшін жергілікті бюджеттен шамамен **5 млрд.** теңге мөлшерінде қаражат бөлу қажет.

Креативті индустриялардың іс-шараларын өткізу және жобаларын қолдау үшін жыл сайын кемінде **500 млн.** теңге мөлшерінде бюджет қаражатын бөлу талап етіледі.

Креативті индустриялардағы негізгі капиталға инвестициялар көлемі **250 млрд.** теңгені құрайды, оның ішінде 2025 жылға дейін кемінде 90% жеке инвестициялар және **800 млрд.** теңге, оның ішінде 2030 жылға дейін кемінде **90% жеке инвестициялар**.

### **Күтілетін нәтижелер**

**Сапалы** құрылған креативті индустриялар **экожүйесі** әлеуметтік және креативті кәсіпкерліктің тәжірибесі мен білімінің салалық үйлесуінің арқасында қаланың креативті индустрияларының **дамуына** орта мерзімді және ұзақ мерзімді перспективаға **серпін береді**.

Қоғамның шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі танытуына қосымша қолайлы жағдайлар **жасалып**, сондай-ақ креативті индустрияларды дамыту үшін жаңа жобаларды қолдаудың тиімді тетіктері **әзірленетін** болады.

Алдымыздағы үш жылда **3** креативті хаб, **IT-хаб** және халықаралық деңгейдегі **2** бейне дыбыс жазу **студиясы** түрінде инфрақұрылым жасалады, қалалық венчурлық қор енгізіледі.

**Сапалы креативті экожүйе** мен венчурлік қор құру арқылы **2030** жылға дейін әрқайсысына **100 млн. АҚШ долларынан** капитал күйғанда **5** бизнес-инкубатор мен акселератор, **1 басты стартап және 5 стартап** іске асыралытн болады.

**2030** жылға дейін креативті индустриялар мен IT секторларын кешенді дамыту креативті индустриялардың үлесін Алматы қаласының ЖӨӨ-де **5%-ға** дейін жеткізіп, креативті индустриялар қызметтерінің экспортын **500 млн. АҚШ долларына** көбейтеді.

### 2.3. Туристік қызметтердің экспорты

Туризм – әлемдегі **ең ірі және қарқынды дамып келе жатқан** салалардың бірі. Көптеген мегаполистер үшін туризм **шетелдік капитал ағынын** күшейтіп, ең үлкен мультипликативті әсері бар экономикалық өсу көзі болып табылады. Саланың үлесіне әлемдік жалпы ұлттық өнімнің шамамен **10,4%-ы (9,2 трлн. доллар)**, жұмыс орындарының **10%-ы (334 млн. адам)** және әлемдік тұтыну шығыстарының **11%-ы (1,7 трлн. доллар)** тиесілі.

Алматы Орталық Азиядағы ең дамыған мегаполис болып табылады және Қазақстанға келетін **әрбір екінші шетелдік туристті** өзіне тартады. Бірегей табиғи орналасуының, бай тарихи мұрасының және мультимәдениетінің арқасында қала туризмді, атап айтқанда тау, іскерлік, оқиғалық, мәдени және спорттық туризмді кешенді дамыту әлеуетіне ие.

Жоспарланған іс-шараларды іске асыру сапалы туристік инфрақұрылымды қалыптастыруға және қонақжайлылық пен сервис деңгейін арттыруға, нәтижесінде туристер санын ұлғайтуға мүмкіндік береді.

#### Ағымдағы жағдайды талдау

**1.** Алматының туристік әлеуетті дамытудағы басты артықшылығы – **мегаполистің** тау кластеріне 20 минуттық жерде **орналасуы**. Әлемде дәл осындай орналасқан **10-ға жуық қала** бар. Тіпті, тікелей бәсекелес қалалардың ешқайсысы (Баку, Қазан, Тбилиси, Ереван және Ташкент) мұндай **артықшылыққа ие емес**.

1) Қала туристер үшін **тартымды дестинация** болып табылады, мұны 2017 жылдан бастап 2019 жылға дейінгі кезеңде шетелдік туристер санының 353,6 мыңнан 435,7 мыңға (+23%) дейін тұрақты өсуі дәлелдейді. Осыған ұқсас жағдай ішкі туризм бөлігінде 616,2 мыңнан 898,5 мыңға дейін (+46%) байқалады. Пандемия кезеңінде саланың негізгі көрсеткіштерінің төмендеуі байқалды, бұл жаһандық трендке сәйкес келді, *UNWTO* есептеулеріне сәйкес пандемияға байланысты бүкіл әлемде халықаралық туристер ағыны 2020 жылы **73%-ға төмендеді**.

2021 жылдың қорытындысы бойынша және 2022 жылдың басынан туристер ағынының **қарқынды өсуі** байқалды. Мәселен, 2022 жылдың

бірінші тоқсанының қорытындысы бойынша қалада туристердің жалпы саны **322,6 мыңнан** астам адамды құрады (*өткен жылмен салыстырғанда 1,3 есе өсті*). Ішкі туристердің **1,2 есе** (*267,5 мың адамға дейін*) ұлғаюымен шетелдік туристер санының **2,5 есе** (*55 мың адамға дейін*) өсу үрдісі байқалды.

Бүгінгі таңда Өзбекстаннан (26,7%), Ресейден (24,3%), Түркиядан (8%), Қырғызстаннан (6%), Тәжікстаннан (5%), Үндістаннан (5%) шетелдік туристердің ең көп ағыны байқалады. Сондай-ақ Сауд Арабиясы, Оңтүстік Корея, Украина, Германия, Тәжікстан, АҚШ, Франция, Италия, Гонконг және Жапониядан туристер бар.

2) Қала экономикасына сала салымының маңызды элементтерінің бірі **туристердің** қалада болған уақыт ішіндегі **шығындары** болып табылады. Осылайша, ішкі туристің орташа чегі тәулігіне – 100 долларды, ал шетелдік туристің орташа чегі тәулігіне 550 долларды құрайды. Ішкі туристің төлем қабілеттілігі шетел туристімен салыстырғанда шектеулі екенін ескере отырып, Алматы қаласы шетелдік туристі тартуға үлен дәрежеде **бағдарланған**.

3) Туризм **бизнес үшін тартымды қызмет саласы** болып табылады, бұл қаланың барлық кәсіпорындарынан туризм секторындағы кәсіпорындар үлесінің 5%-дан 7%-ға дейін артқанын растайды. Туризмде жұмыс істейтін субъектілер саны 2017 жылдан бастап 2021 жылға дейін **8,9-дан 14,9 мың бірлікке дейін 67%-ке** көбейді.

4) Соңғы 5 жылда сала **инвестициялық тартымдылықтың артуымен** сипатталады, бұл 2017-2021 жылдар аралығында негізгі капиталға инвестициялар көлемінің 58,4 млрд. теңгеден **100,7 млрд. теңгеге** дейін **72%-ға** өсуін растайды. Салаға салынған инвестициялардың үлесі 2021 жылы қаладағы барлық инвестицияланған қаражаттың 8%-ын құрады.

2. Алматыда туризмнің дамуындағы оң динамикамен қатар, қала келесі **кедергілермен** бетпе-бет келеді:

1) **Көлік қолжетімділігі шектеулі.** Covid-19 пандемиясына дейін Алматы 44 бағыт бойынша тікелей әуе рейстерімен жұмыс істеген. Пандемиядан кейін мақсатты нарықтармен әуе қатынасы 23 елден **33 бағытқа дейін қысқарды**. Сонымен қатар, бәсекелес қалалардың әуежайлары едәуір көп бағыттарды қамтиды: Баку — 55, Ташкент — 56, Ереван — 47, Тбилиси 38 (Кутаиси мен Батумидегі бағыттармен бірге — 76).

Өз кезегінде, авиа отынына **бағаның** жоғары болуына байланысты тікелей әуе қатынасы салыстырмалы түрде шектеулі болып отыр. Бұл ретте, Алматының әуе айлағы туристер санының өсуі аясында жүктемеге ұшырайды. 2,5 миллион адамның жобалық өткізу қабілетімен **әуежай жылына 7 миллионға дейін адамды** қабылдайды, бұл қалаға өзінің туристік әлеуетін толық игеруге және көп туристі қабылдауға мүмкіндік бермейді.

2) **Орналастыру орындары сыйымдылығының төмендігі.** Алматыда **360 орналастыру орны** (23 мың төсек-орын) жұмыс істейді, бұл бәсекелес қалаларға қарағанда едәуір төмен — Ташкентте 452 (50 мың төсек-орын), Тбилисиде — 423 (60 мың төсек-орын), Ереванда — 413 (41 мың төсек-орын)

орналастыру орны. Бір қызығы, Бакуде 243 орналастыру орны болған кезде төсек-орын саны 80 мыңды құрайды, бұл жергілікті биліктің бюджеттік орналастыру сегментіне (хостелдер мен апартаменттер) баса назар аударуымен байланысты.

Туристер көбейген кезеңде қонақ үйлердің жүктемесі **80%**-ға жетеді. Қазіргі нөмірлік қор **жеткіліксіз** және туристердің өсуін арттыру бойынша қаланың **мүмкіндіктерін шектейді**.

Қаладағы қонақ үйлердің тек 9%-ында 3-4-5 жұлдызы бар екенін ескерсек, жайлы туристік тәжірибені қалыптастыру мүмкіндігі шектеулі.

**3) Тау кластері әлеуетінің жеткілікті түрде игерілмеуі.** Тау кластеріне күнделікті бару оның өткізу қабілеттілігінен асып түседі. Мысалы, туристік сыйымдылығы күніне 6 500 адам болса, «Шымбұлақ» шипажайында нақты жүктеме адам көп күндері күніне 10 000 адамға дейін жетеді.

Бұл ретте, қалалық курорттың туристік инфрақұрылымының жай-күйі туристік ағынның **өсу қарқынына сәйкес келмейді**. 533 км әлеуеті бар сырғанауға арналған трассалардың қазіргі 69 км ұзындығы (оның ішінде қалаға 25 км жатады) нысаналы туристерді көбірек тартуға **жеткіліксіз**. Өз кезегінде, **тау кластері 2** әкімшілік-аумақтық бірлік — Алматы қаласы мен Алматы облысына **бөлінген**, бұл тау шаңғысы объектілерінің кластердің шығыс (Түрген, Есік, Ақ бұлақ), орталық (Шымбұлақ, Пионер, Бутаковка, Табаған, Тау паркі, Сити Парк, ЦСКА, Ой-Қарағай Lesnaya Skazka) және батыс (Қаскелен) бөлігінде өзара байланысының болмауына әсер етеді және объектілерді бірыңғай кешенге шоғырландыру арқылы туристік сыйымдылықты арттыру мүмкіндігін шектейді.

Бұл ретте, тау кластерінің географиялық бөлінуі және инфрақұрылымды дамытудағы диспропорция туристер мен қала тұрғындарына тиімді қызмет көрсетуді қамтамасыз ету үшін **тосқауылдар жасайды**.

**4) МІСЕ және Event туризмін дамыту үшін заманауи мамандандырылған инфрақұрылымның жетіспеуі.** Биыл 1 тамызда Алматы қалаға халықаралық ивенттер мен инвестицияларды тарту үшін Халықаралық конгрестер мен конференциялар қауымдастығына (International Congress and Conference Association) кірді. Республика сарайы (1970 жылы салынған), Орталық Стадион (1958 жылы салынған), «Атакент» КІБЮ (1961 жылы салынған) сияқты қала орталығындағы мамандандырылған объектілер өзінің орналасқан жеріне, тозуына және халықаралық стандарттар мен талаптарға сәйкес келмеуіне байланысты көпфункционалды көрме және концерт алаңдары ретінде **қызмет ете алмайды**.

Өз кезегінде, әлемдік деңгейдегі ірі іс-шараларды өткізетін райдерлер дұрыс логистиканы және қонақтар ағындары қозғалысының навигациясын, ілеспе сервистердің болуын және акустикалық-визуалды техникалық жағдайларды талап етеді. Бұл ретте, «Алматы Арена» мұз сарайы (2016 жылы салынған) және Halyk Arena (2016 жылы салынған) қазіргі заманғы ғимараттарына қарамастан, өзінің спорттық ерекшелігіне (залдың

конфигурациясы, техникалық сүйемелдеуге жұмсалатын жоғары шығындар) байланысты халықаралық іс-шаралардың кең спектрін өткізуге жарамайды.

**5) Сервис деңгейінің төмендігі және туристік дестинация ретінде Алматы туралы ақпараттың жеткіліксіздігі.** Visitor Experience бойынша туристік тәжірибе қала туралы ақпараттан басталып, туристің үйге оралуына дейінгі **бірқатар факторлармен анықталады.** Алматыда жылына алаяқтық және сапасыз қызмет көрсету фактілері туралы шетелдік туристерден 1 мыңнан астам өтініш тіркеледі. Өңірлік туристік өнімдер бәсекелестігін арттырудағы құралдардың бірі сұранысты ынталандыруға және туристік ағынды тудыруға мүмкіндік беретін **іс-шаралар күнтізбесі** болып табылады. Бүгінгі таңда зәкірлік іс-шаралардың және оларды сапалы басқару тетігінің болмауы туристерді тартпайтын бір сарынды іс-шаралар қатарына алып келеді.

Алматыға келген әрбір екінші шетелдік әуежайда такси жүргізушілері тарапынан жөнсіздіктерге шағымданады. Өз кезегінде, жиі қойылатын шағымдардың бірі – тілдік кедергінің болуына байланысты туристік тәжірибе барысында қажетті ақпарат пен қызметтерді алудың қиындығы. Әрбір 5-ші турист әуежайдан қалаға қатынайтын шаттлдардың, арнайы автобустардың болмауына шағымданады.

Алматыны таяу және алыс шет елдерде туристік дестинация ретінде ілгерілету бойынша жұмсалып жатқан күш-жігер мен жүргізіліп жатқан іс-шараларға қарамастан, 2021 жылдың қорытындысы бойынша нысаналы аудиторияны (15%-дан аспайтын) қамту елеусіз болып табылады. Бұл **туристік бағытты басқарудың бірыңғай жүйесінің** (Destination Marketing Organisation) болмауының салдары болды, бұл қаланы қабылдауға және туристер мен инвестицияларды тартуға, сондай-ақ қаланың шетелде ілгерілеуін үйлестіруге теріс әсер етеді.

### **Халықаралық тәжірибе**

Әлемдік тәжірибеге сәйкес туризмді дамытуды ынталандырудың **негізгі шаралары** мыналар болып табылады:

#### **1. Туристік инфрақұрылымды дамыту:**

1) Бәсекелес қалалар Баку мен Тбилисиде туризмді дамыту және **орналастыру орындарының санын ұлғайту** шеңберінде бюджеттік орналастыру орындарын ашуды **ынталандыру бойынша шаралар** қолданылды. Баку қаласы ең көп төсек-орнымен ерекшеленеді (80 мың бірлік). Өз кезегінде, Тбилисидегі 512 орынның 167-сі – бұл бөлмеде 20-дан астам төсек-орны бар хостелдер. Бюджет сегментінде тұру орындарының ұлғаюы **шетелдік туристердің шығындарын төмендетіп**, олардың қалаға деген оң пейілін арттырды.

Туристік саланы, атап айтқанда қонақ үй қызметтері нарығын дамыту мақсатында 2017 жылы Санкт-Петербург қаласының мэриясы «Туризмді дамыту бағдарламасын» қабылдады. 2017 жылғы жағдай бойынша қалада

бюджеттік (2 жұлдыз және одан төмен) және орта (3 жұлдыз) деңгейдегі қонақ үйлердің тапшылығы байқалды. Инфрақұрылымның осы түріндегі объектілердің санын ұлғайту үшін мынадай шаралар қабылданды:

- инвесторларға Санкт-Петербургтің мемлекеттік меншігіндегі үй-жайларды хостелдерді орналастыру мақсатында сауда-саттық арқылы жалға беру;

- үш жұлдызды қонақ үйлерді орналастыру мақсатында жер учаскелерін және ғимараттарды беру. Қала билігі 18 жылжымайтын мүлікті жалға беруден бастады және 2020 жылға қарай орналастыру нысандарының санын мыңға жеткізді, олардың 51%-ның санаты бар.

- Әлемдік тәжірибеде бір және екі адамға арналған бір бөлмелі нөмерлер кеңінен таралған. 1 төсек-орынға қажетті орташа алаң 8 м<sup>2</sup> құрайды.

2) Бакуде туристік саланы дамытудың басым бағыттарының бірі **МІСЕ-туризмді дамыту үшін мамандандырылған инфрақұрылым құру** болды. МІСЕ-инфрақұрылымын құру қалаға төлеуге қабілетті іскер туристі тартуға бағытталды. Осындай жобалардың бірі сыйымдылығы 3 500 орын құрайтын ауданы шамамен 46 мың м<sup>2</sup> «Баку Конгресс Орталығы» болды. Орталық қала орталығынан 10 минуттық жерде орналасқан, толық цифрландырылған және 15 конференц зал мен 1000 м<sup>2</sup> іскерлік кеңістікті қамтиды. 2020 жылы – 47, 2021 жылы 96 іс-шара өткізілді, 2022 жылға 70 іс-шара жоспарланған, оның ішінде 8-і МІСЕ саласындағы ірі іс-шаралар. Сондай-ақ, орталықта ЮНЕСКО Дүниежүзілік мұра комитетінің 43-ші сессиясы өтті. Бұл сессияға әлемнің түкпір-түкпірінен 2500-ден астам шетелдік туристер тартылды. Орталық сонымен қатар өзінің сәулеттік бірегейлігімен туристік тартылыс аймағы болып табылады.

## 2. Тау кластерін кешенді дамыту:

Әлемдік тәжірибе ретінде Италияда орналасқан әлемдегі ең үлкен тау шаңғысы курорты — Dolomiti Superski курорттарын біріктіру мысалы қарастырылды. Ол 12 курорттан тұрады, трассаларының ұзындығы 1220 км-ден асады, ортақ шаңғы өткелімен (скипасс) біріктірілген. Олардың алғашқы алтауы Кортина-д’Ампеццо, Кронплатц, Альта-Бадия, Валь-Гардена, Альпеди-Сьюзи, Валь-ди-Фасса **бірыңғай сырғанау аймағын** құрайды. Қалған алты курорт таралып, оларды арқан жолдар, шаңғы трассалары және автобус қызметі байланыстырады.

Алты күндік скипасстың құны – 282 евро. 2021-22 жылдардағы қысқы маусымда курортқа күніне 1,85 миллион турист келді (шыңы 2,52 миллион адам). Dolomiti Superski тау кластерін дамытудың сәтті мысалы болып табылады.

## 3. Қала брендин қалыптастыру және тиімді ілгерілету:

Өз кезегінде, бәсекелес қалалар саланы дамыту мен ілгерілетуді жоспарлы ынталандыру есебінен өздерінің туристік ағынының өсуін қамтамасыз етеді. Мәселен, бәсекелес 4 қала Ташкент (*бюджет - 30 млн. доллар*), Баку (*46 млн. доллар*), Тбилиси (*60 млн. доллар*) және Ереван (*38 млн.*

*доллар*) қалаларын ілгерілету бойынша кешенді жұмыстар шеңберінде туристік дестинацияның танымалдылығында **нәтижелерге қол жеткізді**. Қаланы ілгерілетуге арналған бюджет сомасы туристік ағынның ұлғаюына **тікелей** әсер етеді.

Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, туризмді дамыту **қаланың туристік брендинің маркетингтік ілгерілету жөніндегі жұмысты көздейді**. Шараларды тиімді іске асыру ілгерілетуді үйлестірумен айналысатын ұйымның болуын білдіреді. Жергілікті DMO дамуына 1955 жылы құрылған Вена туристік кеңесі (*Vienna Tourist Board*) мысал бола алады. Кеңес қызметкерлерінің саны 114 адамды құрайды. 2013 жылы ұйымның бюджеті 24,6 миллион еуроны құрады: 69% жергілікті орналастыру салығы есебінен түседі, бұл қонақ үй номерінің таза құнының 3,2%-ын құрайды, 11% қалалық бюджеттен бөлінеді, 2% Вена сауда-өнеркәсіп палатасынан, 18% DMO меншікті кірістерінен толықтырылып отырады. Осындай тәжірибе Бакуде жүзеге асырылуда.

#### **4. Имидждік және ойын-сауық іс-шараларынан тұратын оқиғалар қатарын құру:**

1) Қаланың оқиғалық тартымдылығын арттыру үшін Мәскеу мэриясы **150 мың долларға дейінгі** (*техникалық жабдықтар мен залды жалға алу және т.б.*) шығындарды төлей алатын іс-шараларды (слеттер, конкурстар, конференциялар, конгрестер, форумдар, іскерлік кездесулер) ұйымдастырушыларға **қолдау шараларын** тұжырымдады.

**Мәскеудің Michelin Guide** тарту саласындағы **тәжірибесі** де назар аударарлық, оны 69 елордалық мекеме атап өтті. Michelin Guide комиссиясын тарту шығындары 1,5 миллион еуроны құрады. Қалада Michelin Guide жұлдыздары бар мейрамханалардың болуы туристік тартымдылықты және сапалы шетелдік туристер ағынын арттырады.

2) **Бакудің** Формула-1 кезеңін өткізудегі **тәжірибесі** ерекше назар аударуға тұрарлық. Мәселен, Бакуде Формула-1 кезеңін өткізу 2016-2019 жылдар аралығында қала кірісіне 506,3 миллион доллар әкелді. Формула-1-ге 78 елден 260 мың турист келді. Қонақ үйлердің толуы 40%-ға өсті, бұл қала экономикасына оң әсер етті.

3) Тағы бір мысал – Қазандағы Red Bull Air Race Әлем чемпионатының кезеңін өткізу. 2017-2019 жылдар аралығында іс-шараға 318 мыңнан астам адам қатысты. Билет бағасы 2-ден 39 мың рубльге дейін құрады. Қонақ үйлердің толымдылығы 24,5%-ға артты.

4) Мәдени іс-шараларды тұрақты негізде өткізу бөлігіндегі Қазан тәжірибесі де қызықты. Мәселен, 2022 жылы Қазанда Сабантой халық мерекесін тойлау алаңдарында 110 мыңнан астам адам болды. Шетелдік туристер олардың 20%-ын құрады.

5) Бірінші ауқымдағы әлемдік жұлдыздарға бағытталған шығындарды өтеу бөлігі бойынша Батуми тәжірибесі тиімді. Мәселен, 2016 жылы Maroon 5 концертіне **45 мың** адам қатысты. Оны Батуми билігі ұйымдастырды, оған



**8 миллион** доллар жұмсалды (*БАҚ тарту, жұлдыздың ақысы, техникалық сүйемелдеу*). Кейін шығындар шетелдік туристердің өсуімен және қаланың халықаралық деңгейде танылуының артуымен өтелді.

### **Іс-қимыл жоспары**

Туристік ағынның өсуін арттыру үшін Алматы қаласын туристер үшін ашық әлемдік деңгейдегі мегаполис ретінде **кешенді қалыптастыру** қажет, ол сапалы туристік тәжірибені және «**Алматы – тау етегіндегі мегаполис**» форматында қалалық ортаның жоғары жайлылық деңгейін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

ESG қағидаттарының өзектілігін назарға ала отырып, аумақтың экологиялық тартымдылығын сақтауды ескере отырып, **даму тәсілдерін қалыптастыру** да саланы дамытудың маңызды элементі болып табылады.

Қалаға келушілер әуежайға жеті сағаттық жерде тұрады және **3,2 миллиард адамды** құрайды. Өз кезегінде, Алматыны туристік дестинация ретінде ілгерілетуде Ресей, Түркия, Парсы шығанағы елдері (БАӘ, Катар, Сауд Арабиясы, Кувейт, Иран) Қытай, Үндістан, Оңтүстік Корея және Жапония, сондай-ақ Батыс және Шығыс Еуропа елдерінен келетін туристер нысаналы топ болып айқындалды.

Негізгі назар табыс деңгейі жоғары елдерден **сапалы жаңа туристерді тартуға** да, туристік тәжірибені жақсарту, туристік инфрақұрылымның сапасын арттыру және сыйымдылығын ұлғайту арқылы туристерді ұстап тұруға да бағытталатын болады.

**1. Туристік инфрақұрылымды дамытуға кешенді тәсілді қамтамасыз ету мақсатында Мастер-жоспар** әзірленетін болады, ол өз кезегінде қаладағы шектеулі учаскелерді тиімді жоспарлауға және қала үшін мультипликативтік әсерді барынша арттыруға мүмкіндік береді.

#### **1) Көлік инфрақұрылымын дамыту:**

- Алматы халықаралық әуежайының жаңа терминалының құрылысын 2025 жылға қарай аяқтау, бұл өткізу қабілетін **7-ден 14 миллион** адамға дейін арттыруға мүмкіндік береді. Инвестициялар көлемі **жеке инвестициялар есебінен – 100 млрд. теңге.**

- Болжанатын туристер ағыны мен тарихи тартымдылықты ескере отырып, **қала мен агломерацияның жол-көше желісін жаңғырту.** Бұл ретте туристік тартымдылық орындарында навигация көзделетін болады. Жолдардың жүктемесін азайту үшін туристер шоғырланатын орындарға (Республика сарайынан «Медеу» биік таулы мұз айдынына ұзындығы 15 км және/немесе Тұңғыш Президент саябағынан Алмарасан шатқалындағы «Еңбек» тау шаңғысы базасына дейін ұзындығы 10 км) арқан жолдарды кезең-кезеңімен салу нұсқаларын қарау.

- «**P+R**» («Park and Ride» – «Тұраққа қой да, жүре бер») **қағидаты бойынша көлікті алып қалатын паркингтер жүйесін енгізу;**

#### **2) Туристік инфрақұрылымды дамыту:**

- Халықаралық қонақ үй желілерін тарту және қонақүйлер салу есебінен **нөмірлік қорды 3 есеге кеңейту**, бұл қаланың туристер ағынын көбірек тарту және орналастыру мүмкіндіктерін кеңейтеді және Алматыға инвестициялар тарту құралына айналады. Қазіргі уақытта «Tenir Eco Hotel» эко-отелінің, «Qazaq auyl» глэмпингінің және «Medeu Park Hotel» қонақ үйінің екінші кезеңінің құрылысы жүріп жатыр, олар тау кластеріне туристерді көптеп тартуға мүмкіндік береді. Аталған жобалардың жалпы құны **15,3 млрд.** теңге жеке инвестициялар.

- 2024 жылы **қазіргі заманғы өнер музейін ашу** жоспарлануда, ол Алматыдағы Орталық Азияның жаңа тартылыс нүктесіне айналады. Жобаның жалпы құны – **48 млрд.** теңге жеке инвестициялар.

- 2025 жылдың соңына дейін әлемдік деңгейдегі ірі MICE-ивенттерді өткізу үшін ауданы 70 мың м<sup>2</sup> қазіргі заманғы **Конгресс-орталықтың құрылысы** басталады. Жобаның жалпы құны шамамен – **80 млрд.** теңге.

- 2025 жылдың аяғында 11 мың көрерменге есептелген **заманауи Концерт залының** құрылысы басталады. Жобаның жалпы құны – **16 млрд.** теңге.

**2.** Барлық маусымға арналған Dolomiti Superski мысалында курорттар мен тау шаңғысы базаларын бірыңғай кешенге шоғырландыру арқылы **тау кластерінің** туристік сыйымдылығын **арттыру**.

1) Қалалық курорттарды **кеңейту** бөлігінде **2025** жылдың соңына дейін «ЦСКА» тау шаңғысы базасын, «Шымбұлақ» және «Бутаковка» курорттарын кезең-кезеңімен реконструкциялау және кеңейту басталады, бұған **150 млрд.** теңгедей жеке және мемлекеттік инвестициялар қажет. Қалалық курорттардың **кеңеюі** нәтижесінде шаңғы трассаларының жалпы ұзындығы **2030** жылға қарай **25-тен 159 км-ге** дейін **6 еседен астам өседі**.

2) Алматының тау кластері бойынша жобаларды іске асыру үшін: бірінші кезеңде инвестор тартылған кезде техникалық-экономикалық негіздемені және жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу (2023 ж.) жоспарланады. Бұдан әрі жобалар бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізу жоспарлануда (2024 ж.). Жобалық құжаттаманың дайындығы бойынша мемлекеттік сараптама жүргізіледі. Сараптама негізінде жұмыс жобасын әзірлеу жоспарлануда (2025 ж.), одан кейін жобаларды салу немесе жаңғырту басталады (2026 – 2030 ж.).

3) Қазақстан Республикасының Үкіметімен және Алматы облысының әкімдігімен бірлесіп тау кластерінің шығыс және батыс бөліктерін біріктіру жөніндегі мәселе **пысықталатын** болады. Мәселен, Түргеннен Қаскелеңге дейінгі 6 курортты (Түрген, Ақбұлақ, Ой-Қарағай, Табаған, Есік, Қаскелең) дамыту шаңғымен сырғанау трассаларының жалпы ұзындығын **42-ден 374 км-ге** дейін **9 есеге арттыруға** мүмкіндік береді.

4) «Іле-Алатау» МҰТП-мен тау кластерін **дамыту**, оның ішінде тау жолдарын **абаттандыру** және жабдықтарды **жаңғырту** бойынша бірлескен жұмыс.

### 3. Туристік тәжірибені жақсарту (Visitor Experience):

Алматыда болудың жағымды әсерін қалыптастыру қайта келу ықтималдығын арттырады, бұл қаланың туризмнен түсетін табысына тікелей әсер етеді. Бұл тұрғыда келесі іс-шаралар өткізіледі:

1) Туризм саласындағы жаңа мамандардың саны мен **сапасын арттыру** үшін университеттер мен колледждерді міндетті түрде тарта отырып, білім беру бағдарламаларын **ынталандыру** және **өзгерту** бағдарламалары арқылы туристік кәсіптердің беделі артатын болады. Кадрлық әлеуетті арттыру үшін UNWTO және/немесе Swiss Hotel Hospitality Management Academy академиясын тарту жоспарлануда.

Өз кезегінде туристермен (*экскурсоводтар, гидтер, нұсқаушылар, ойын-сауық бағдарламаларының аниматорлары және т.б.*) тікелей жұмыс істейтін сала мамандарының біліктілігін **арттыру** бағдарламасы жоспарлануда.

2) Visitor Experience бойынша қонақжайлық деңгейін **арттыру** үшін тұрақты негізде туристерді бірінші болып тікелей **қарсы алатын** Алматы әуежайы және вокзалдар қызметтері қызметкерлерінің (*шекара қызметі, кедендік бақылау қызметі, тексеріп қарау қызметі және т.б.*) **біліктілігін арттыру** және ағылшын тілін **оқыту** жоспарлануда.

3) Туристік қызығушылық тудыратын орындарда (*қонақ үйлер, мұражайлар, мейрамханалар, курорттар және т.б.*) көрсетілетін қызметтердің сапасын **арттыру** мақсатында **Recommended by Visit Almaty** санатын **беру**. Туристер **сапалы қызмет** пен **жайлы** туристік тәжірибе алады. Сапаны бағалау жүйесі туристік объектілердің қызметін реттеуге, қызметтердің сапасын арттыруға, Алматы қаласының жағымды туристік имиджін қалыптастыруға бағытталған.

4) Өз кезегінде, Алматының халықаралық аренадағы **гастрономиялық локация** ретінде танымалдығын **арттыру** үшін 2025 жылдың соңына дейін жергілікті мекемелерді **Michelin Guide, The World 's 50 Best Bars** және **Asia's 50 Best Restaurants** сияқты рейтингтерге қосу мәселесі пысықталатын болады.

4. **Destination Management Organization** туризмді дамытуды басқару жүйесін жетілдіру **жолымен Алматыны туристік дестинация ретінде ілгерілету**. Бұл үшін «Алматы қаласының туристік ақпараттық орталығы» ЖШС цифрландыруды енгізу және одан әрі дамыту және туризмдегі менеджментті күшейту үшін «**Алматы туризмін дамыту бюросы**» болып қайта ұйымдастырылатын болады.

DMO жұмысының шеңберінде ұйымның саланың шағын және орта бизнес өкілдерімен қаланы ілгерілетуге және халықаралық ивенттерді тартуға баса назар аудара отырып, өзара іс-қимыл жасау жолымен туристік бағытты **басқару** жоспарлануда. **2025** жылдың соңына қарай Алматы DMO-ны **UNWTO.QUEST** жүйесі бойынша **сертификаттау** жоспарлануда.

Өз кезегінде, туризмді толыққанды дамыту үшін бірегей табиғи орналасқан жеріне, бай тарихи мұрасы мен мультимәдениеттілігіне назар

аударара отырып, **Discover Almaty** туристік бренді ілгерілейтін болады. Турбренд аясында қызмет көрсету сапасын және туристер навигациясының ыңғайлылығын арттыру үшін **цифрлық карталар мен қосымшалар әзірлеу** жоспарлануда.

### **5. Алматының оқиғалар қатарын дамыту**

Ойын-сауық туризмін дамыту мақсатында шетелдік қонақтарға қалаға сапарларын **жоспарлауға**, сондай-ақ Алматыдағы инфрақұрылымға жүктемені **тең бөлуге мүмкіндік беретін** туристің бейініне орай оқиғалық күнтізбені **қалыптастыру** қажет.

**2023** жылы халықаралық деңгейдегі **20** шара өткізу жоспарланып отыр, оның шеңберінде жұмыстардың болжамды құны **3,2** млрд. теңге мемлекеттік және жеке инвестицияларды құрайды. **2025** жылға қарай халықаралық іс-шаралар саны **30**-ға дейін ұлғаяды. **2030** жылға қарай оқиғалар қатарының **40** ауқымды шара деңгейінде өсуі қосымша болжанып отыр.

Өз кезегінде, оқиғалар қатарын жоғары деңгейде **өткізу** үшін кәсіпкерлік субъектілеріне **іскерлік және ойын-сауық іс-шараларын** (*залды жалға алу, ұшып-келу, орналастыру, техрайдер төлемақысы*) өткізуге жұмсалған **шығындардың бір бөлігін өтеу** мүмкіндігі пысықталатын болады.

Аталған шаралар Алматының Орталық Азия макроөңірі мен Кавказ өңіріндегі тартылыс орталығына айналуына мүмкіндік береді.

### **Қажетті ресурстар**

Жоғарыда көрсетілген іс-шараларды іске асыру жеке инвесторлардың, республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражатын тарту есебінен қамтамасыз етілетін болады.

**Көлік инфрақұрылымын дамытуға арналған инвестиция көлемі 120 млрд. теңгеден асады:**

- Алматы әуежайының жаңа терминалының құрылысы **100 млрд. теңге** жеке инвестициялар.

- 2030 жылға қарай қалада аспалы жолдарды тарту — МЖӘ тетігі бойынша жеке инвестициялардан **24 млрд. теңге**.

Тау кластерін дамыту үшін 2025 жылға дейін «Еңбек» тау шаңғысы базасын кезең-кезеңімен қайта жаңартуға, «Шымбұлақ» және «Бутаковка» курорттарын кеңейтуге шамамен **150 млрд. теңге** қажет. Курорттарды кеңейту шеңберінде инвестициялар коммерциялық инфрақұрылым, аспалы жолдар салуға, тау шаңғысы беткейлерін салуға, қарландыру жүйесін салуға, инженерлік желілерді жүргізуге бағытталады болады.

**Оқиғалар туризмін дамыту** шеңберінде туристік инфрақұрылым салу үшін (қазіргі заманғы өнер мұражайы, мультифункционалды концерттік холл, конвеншн-орталық және т.б.) 2025 жылға дейін шамамен **140 млрд. теңге** жеке инвестициялар талап етіледі.

**Нөмірлік қорды** 2030 жылға дейін **көбейту** үшін шамамен **500 млрд. теңге** жеке инвестициялар тартылатын болады.

**Маркетингтік іс-шараларды іске асыруға** және Алматыны туристік дестинация ретінде ілгерілетуге 2025 жылға дейін жергілікті бюджеттен алдын ала **15 млрд. теңге**, 2030 жылға қарай **25 млрд. теңге** көлемінде инвестициялар қажет.

Осылайша, тартылатын жеке және мемлекеттік инвестициялардың жалпы сомасы шамамен **1,3 триллион** теңгені құрайды.

### **Күтілетін нәтижелер**

Жоспарды жоспарлы іске асыру **2025 жылға қарай** туризмнің тау, MICE, оқиғалық, спорттық, гольф, Арт, wellness сияқты бағыттары бойынша туристік өнімдерді дамыту арқылы қосылған құны жоғары **Алматы туристік кластерін** құруға мүмкіндік береді.

Сала бойынша негізгі капиталға инвестициялар көлемі **2025 жылға қарай 450 млрд. теңгені**, **2030 жылға қарай** шамамен **1,2 трлн. теңгені** құрайды.

**2025 жылға қарай** шетелдік туристер саны **450 мың** адамға дейін өседі, бұл туристік қызметтер экспортына **260 млрд. теңге** әкеледі.

**2030 жылға қарай** Алматыға **бір миллион** адам келеді деп жоспарлануда, бұл туризмнен экспортты **550 млрд. теңгеге** дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

### III-Мақсат. БАСҚАРЫЛАТЫН УРБАНДАЛУ

Әлемдік үрдістер одан әрі урбандалуды көрсетеді. Ауылдық аумақтар мен шағын қалалардың халқы ірі мегаполистерге көшіп, олардың айналасында қала өзегімен тығыз байланысты агломерациялар құрады.

Қазіргі уақытта қалалық жоспарлаудың міндеті - бірыңғай ойластырылған көлік каркасын байланыстыра отырып, өзек қала мен агломерацияны дамытуды үйлестіру, спутник қалалары мен агломерацияның басқа да елді мекендерін **полиорталықты даму** қағидаты бойынша дамытуды қамтамасыз ету, азаматтарымызды әлеуметтік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету, сондай-ақ өнімділігі жоғары жаңа жұмыс орындарын ашу. Агломерация халқының өмір сүру сапасы мен жайлы өмір сүруінің үйлесімсіздігін қысқарту бойынша жұмыс жүргізу маңызды.

Соңғы жылдары Алматы агломерациясы қала мен облыс арасында нақты үйлесімсіз дамыды. Басқарылатын урбандалу міндеттерін шешу елді мекендердің бас жоспарларын, шеберлік-жоспарларын және басқа да қала құрылысы құжаттарын әзірлеу арқылы іске асырылатын болады. Орталығы Қонаев қаласында орналасқан жаңа Алматы облысының дамуы урбандалу процесін жеделдетеді және болжамды есептер бойынша 2030 жылға қарай Алматы агломерациясы шамамен **4,5 млн.** адамды құрайтын болады. Қазіргі уақытта урбандалу процестерін жедел дамыту жөніндегі болжамдарды ескере отырып, Алматы қаласының әкімдігі **2040 жылға дейінгі есептік мерзіммен жаңа Бас жоспарды** әзірлеуде.

Қала мен облыстың өзара байланысы тұрғын үй, әлеуметтік, инженерлік, көлік инфрақұрылымы мен экологиялық күн тәртібін дамыту **жоспарларын үндестіру** қажеттілігін туындатады. Қала мен агломерацияны осындай синхрондау және теңгерімді дамыту **Алматы агломерациясын дамытудың кешенді жоспарын** қамтамасыз етуге арналған, оны әзірлеу биыл аяқталуы тиіс. Кешенді жоспарды қабылдау агломерация қалдықтарын басқарудағы үйлестіруді жақсартуға, сондай-ақ қоғамдық көлікті дамыту және ықпалдастыру жөніндегі бірлескен жобаларды іске асыруға мүмкіндік береді.

#### **3.1. Алматы агломерациясының шеңберінде қоғамдық көлікті интеграциялау**

Әрқайсысының қалыптасу тарихы, ағымдағы және перспективалық синтезеуріндері бар қаланың және облыстың көлік саласы мәселелерін біріктіру, жоғарыда атап өтілгендей, агломерациядағы урбандалуды басқару үшін негізгі бағыттардың бірі болып табылады.

Көлік интеграциясы жүк және жолаушылар тасымалын тиімді ұйымдастыруды қамтамасыз етуі тиіс. Бұл ретте «тар» жерлерді жою, қоғамдық көлікті дамыту, халықтың, бизнестің мүдделерін және Алматы мен Алматы облысының әкімшіліктері алдына қоятын даму міндеттерін есепке алу

басым мақсаттар болып табылады. Қала маңындағы қоғамдық көлікке қатысты маршруттардың жүйелілігін, қолжетімділікті, уақыт шығынының қысқаруын қамтамасыз ету талап етіледі. Агломерация шеңберінде қойылған мәселелерді барынша тиімді шешу міндеті қойылып отыр.

### **Ағымдағы жағдайды талдау**

Орталығы Алматы қаласында орналасқан Алматы агломерациясында өзек қаланың бірнеше ықпал ету аймағы бар: қарқынды, белсенді, әлсіз. Қарқынды әсер ету аймағында 30-45 км радиуста **149** елді мекен, белсенді әсер ету аймағында 70 км радиуста – 30 елді мекен, әлсіз әсер ету аймағында – 90 км радиуста – 10 елді мекен орналасқан.

Қарқынды ықпал ету аймағы – Алматы **еңбек көші-қонымен** тығыз байланысты аумақтар. Мегаполисте жұмысқа орналасу, кәсіптік және жоғары білім алу, медициналық қызмет алу, түрлі сауда жасау, ауыл шаруашылығы өнімдерін сату, бос уақытты өткізу мүмкіндіктері көбірек. Осыған байланысты облыстан еңбек маятниктік көші-қон қалаға кіретін және транзиттік адам және көлік ағынының елеулі үлесін құрайды.

**Жүк автокөліктерінің транзиттік ағыны** – қала ішіндегі, сондай-ақ кіру/шығу жолдарындағы тұрақты кептелістердің себептерінің бірі. Күн сайын негізгі өтпелі көшелер арқылы **15 мыңға жуық ауыр жүк көлігі** өтеді. Сондай-ақ, қала ішіндегі кейбір бұрынғы өндірістік аумақтар қоймалар мен терминалдар ретінде пайдаланыла бастағандықтан, **сырттан келетін көліктер** бұл учаскелерді жүк тиеу және **тасымалдау базасы** ретінде пайдаланады. Транзиттік жүк көлігі қаланың өтпелі көшелерінде жол кеңістігін алып жатыр, қоғамдық көлік қозғалысына кедергі келтіреді және улы газдың көлемін арттырады.

2022 жылы кіретін/шығатын жеке көліктердің **күнделікті ағыны** шамамен **230 мың машинаны** құрады, ал он бес жыл бұрын ол шамамен 180 мың машинаны құраған.

Алматы қаласы мен Алматы облысының қолданыстағы көлік жүйелері **келесі проблемалармен** сипатталады:

1. Агломерацияда көлік жүйесін басқарудың бытыраңқылығы.
2. Магистралдық жолдарды жаңғырту қажеттілігі.
3. Рельстік көлік.
4. Қала маңындағы қоғамдық көлік мәселелері.
5. Қала маңындағы және қалалық қоғамдық көліктің байланыстылығы.

### **1. Агломерацияда көлік жүйесін басқарудың бытыраңқылығы**

Агломерацияның көлік жүйесінің бүгінде нақты байланысы жоқ, өйткені агломерация шеңберінде мемлекеттік басқару жүйесінде байланыс жоқ. Әзірге агломерация туралы заң қабылданған жоқ, **Алматы қаласы мен Алматы облысының әкімдіктері арасында өкілеттіктер нақты бөлінбеген**, сондықтан стратегиялық және жедел деңгейдегі мәселелер бойынша өзара іс-

кимыл жасау және шешімдер қабылдау қиындайды. Алматы агломерациясын басқару жөніндегі кеңес аталған олқылықты жоймайды, өйткені шешімдері ұсынымдық сипатта болатын консультативтік-кеңесші орган болып табылады. Қала мен облыстың<sup>45</sup> бейінді көлік басқармалары да өз деңгейінде бытыраңқы жұмыс істейді.

Қала және облыс әкімдіктерінен, сондай-ақ көлік басқармаларынан басқа, агломерацияның көлік жүйесінің әртүрлі элементтерін реттеуге ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі, «Қазақстан темір жолы» АҚ және т.б. қатысады.

**Яғни, бүгінде агломерацияны көлік жағынан дамыту саласында шешімдер қабылдайтын бірыңғай орталық жоқ,** Алматы агломерациясының көлік жүйесін дамытудың мақсаттары мен міндеттерін, сондай-ақ қабылданатын шешімдердің өзара байланысын айқындайтын бірыңғай тәсіл жоқ.

Аталған факторға байланысты агломерация шеңберінде **көлік және қала құрылысын жоспарлауда да байланыс жоқ.** Бұл ретте агломерацияның проблемалық мәселелерінің көпшілігі, мысалы, қала мен облыс аумағындағы магистралдық жолдардың байланыстылығы және бірыңғай сипаттамаларын қамтамасыз ету, көлікке ауысып отыру тораптарының және логистикалық хабтардың орналасуы қала құрылысы саясаты саласында жинақталады.

Осыған байланысты Алматы қаласының, Алматы қаласының қала маңы аймағының және Алматы облысының **бас жоспарларын синхрондау қажет.** Басқа мәселелердің қатарында агломерацияның көлік инфрақұрылымы бас жоспарлардың әрқайсысында көрініс тауып қана қоймай, өзара байланыстырылуы тиіс.

Осы себептерге байланысты **жоспарлау** стратегиялық емес, жедел сипатқа ие. Стратегиялық жоспарлауға қатысты **көлік саясатын дамытудың жаңа әлемдік тәсілдерін** зерделеу және бейімдеу үшін адам ресурстарының шектеулігі теріс әсер етеді. Бүгінгі таңда Алматының көлік басқармасы қызметкерлерінің саны 1 млн. тұрғынға 19 адамды құрайды (*салыстыру үшін: Мәскеуде көрсеткіш 1 млн. тұрғынға – 44, Санкт-Петербургте 58 қызметкерден келеді*).

Агломерацияның **бірыңғай даму бюджеті** де жоқ. Қала-облыс жолаушылар тасымалдарын қаржыландыру, жолдарды, қала маңындағы автостанцияларды және басқа да көлік инфрақұрылымын жөндеу мен күтіп-ұстау жөніндегі мәселелердің ағымдағы бюджетаралық сипаты процестердің бюрократизациялануына және созылуына әкеледі.

Ағымдағы жоспарлау кезінде Алматыдан тыс **көлік жүйесін цифрландыруды** кеңейту де қиындайды. Облысқа жататын агломерацияға

<sup>45</sup> Облыста – Алматы облысы Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы, қалада – Алматы қаласы Қалалық мобилділік басқармасы



катысты қазіргі заманғы цифрлық құралдар мен көліктік жоспарлау институттары (облыс бойынша өзекті деректердің болуын қоса алғанда) ұсынылмаған. Нәтижесінде агломерация деңгейінде даму жоспарлары мен инвестициялық жобаларды сапалы бағалау үшін мүмкіндіктер төмендеді. Ал, мысалы, жоғарыда аталған **Цюрихте** тиісті бағдарламалық жасақтама арқылы қызметтерді интеллектуалдық басқарудың арқасында қолданыстағы техникалық желілік инфрақұрылымның максимумы алынады.

Басқару деңгейінде жоғарыда сипатталған жағдайдың нәтижесінде **агломерацияда бірыңғай көлік моделі жоқ**. Егер Алматы шеңберінде жүрдек қоғамдық көлік (ҚК) негізінде көлік каркасын қалыптастыруға кезең-кезеңімен өту жоспарланса, ал агломерация шеңберінде мұндай бірыңғай пайым жоқ. Осыған байланысты төменде сипатталған бағыттар бойынша мәселені тиімді шешу қиынға соғады.

## 2. Магистралды жолдарды қайта жаңғырту қажеттілігі

Алматының **магистралды жолдары** қазіргі уақытта **өткізу қабілетінің шегіне** жетті. Алматыда 7 негізгі кіреберіс магистраль бар, оның ішінде: 5 жол – республикалық маңызы бар (*Талғар трактісі, Құлжа трактісі, Алматы-Қонаев трассасы, Алматы-Бішкек трассасы, жоғарғы «Қаскелең» трассасы*), 2 жол – облыстық маңызы бар (*Боралдай трассасы-Шамалған станциясы, Іле трактісі*).

Олардың ішінде негізгі кіру көлік тораптары – Бішкек, Қонаев қалаларындағы трассалар және Құлжа трактісі, олардың әрқайсысымен күн сайын 40 мыңға жуық машина өтеді, олардың жалпы саны – **120 мыңға жуық**. Яғни, **нақты трафик** – 230 мың машина – **өткізу мүмкіндіктерінен едәуір асады**. Бұл ретте ағымдағы жүктемені ғана емес, сондай-ақ полиорталықтарды дамытуды және агломерацияны одан әрі урбандауды ескере отырып, перспективалық жүктемені де ескеру қажет.

Жағдайды шешу үшін Алматыда қаланың ішкі жолдарындағы жүктемені азайту және транзиттік жүк автокөлігін айналма жолға көшіру үшін Үлкен Алматы айналма автомобиль жолына (**ҰАААЖ**) дейін магистралды көшелер ұзартылуда. ҰАААЖ аймағында автомобиль көлігімен тасымалданатын жүктердің көлемі 2038 жылға қарай 87%-ға өсіп, 35,9 млн. тоннаны құрайды деп болжануда<sup>46</sup>.

Ұзартылатын радиалды жолдар қаланың ірі көлік тораптарын ҰАААЖ-мен байланыстыруы тиіс. Бұл бағытта **кең жолақты ҰАААЖ мен қалалық магистралды жолдар** арасында облыс аумағындағы **екі жолақты жолдардың ескі учаскелері** қалып отыр. Оларды жаңғырту облыстық әкімшіліктің құзыретіне кіреді және жағдай өзгермей отыр. Қазірдің өзінде бұл қалаға кіреберісте/одан шығаберісте күн сайын километрге созылған кептелістер тудырып, қаланың ішкі жолдарына жүктеме қалыптасуда. Нәтижесінде қоғамдық көлік маршруттарының кестесі бұзылады, ауа

<sup>46</sup> <https://eabr.org/lp/bakad/>

бассейніне теріс әсер етіп, қала маңындағы аймақ пен қала тұрғындарының көп уақыты шығындалады.

Айтылғанды ескере отырып, автожолдарға қатысты **кіру магистралдарын қажетті өлшемдерге<sup>47</sup> дейін жеткізу қажет** (*Талғар трактісі, Құлжа трактісі, Қаскелең трассасы, Боралдай трассасы – Шамалған станциясы бойындағы учаскелерде*).

### 3. Рельстік көлік

Теміржол қатынасының дамыған және байланысқан желісі болмаса, агломерацияның көлік жүйесі толық және тиімді болмайды.

Бүгінде Алматы халықаралық көлік дәлізінің маңызды бөлігі ретінде транзиттік жүк автомобильдері мен теміржол көлігінің үлкен ағындары өтетін учаске болып табылады.

Егер ҰАААЖ транзиттік ауыр жүктерді қаланы айналып өтуге мүмкіндік беретін құрал ретінде қарастырылса, онда темір жол саласында мұндай мүмкіндікті іске асырылу процесінде тұрған **«Жетіген-Қазыбек – Бек»<sup>48</sup> қатынасымен «Алматы-1» торабын** айналып өтетін айналма темір жол желісі ұсынады. Ол іске қосылса **транзиттік жүктерді** қала шегінен тыс өткізуге мүмкіндік береді. Алайда әзірге жүк құрамдары Алматы аумағы арқылы, атап айтқанда Алматы-1 станциясынан Шамалған станциясына дейін өтеді. Жолдардың жүк құрамдарымен жүктелуі жолаушылар тасымалын, оның ішінде қала маңындағы маршруттарға қатысты дамытуға кедергі келтіреді.

Бүгінгі күні жолаушылар ағыны тәулігіне шамамен 2 мың адамды (*жалпы көлемнен шамамен 180 мың қатынау*) құрайтын Алматы-1 – Ұзынағаш кенті арқылы қала маңына қатынайтын жалғыз электр пойызы жұмыс істейді. Алматы-Қонаев электр пойызынан 2021 жылы бас тарту<sup>49</sup> туралы шешім қабылданды: сұраныстың төмен болуына байланысты жол жүрудің нақты құны 3122 теңгені құрады және 80 теңге бағасын ұстап тұру бюджетке жүктеме тұрғысынан орынсыз болып шықты.

Электр пойыздары автобустарға немесе жеке таксилерге қарағанда ыңғайлы, жылдам және жайлы болғанымен, қала маңындағы тұрғындар тарапынан қазіргі уақытта жаппай сұраныс жоқ. Мұның екі себебі бар.

Біріншіден, Қонаев қаласындағы т/ж станциясының ыңғайсыз орналасуы – оның қашықтығына байланысты тұрғындар алдымен пойызға жету үшін станцияға баруы керек. Халық қосымша ақы төлеп, Алматыға бірден автокөлікпен жетуді таңдайды.

Екіншіден, темір жол көлігімен қатынау кезінде келу пунктінде де қолайсыздықтар туындайды. Бүгінде қала маңындағы барлық теміржол

<sup>47</sup> Бөлімнің қосымшасын қараңыз

<sup>48</sup> «Жетіген – Қазыбек-Бек» қатынасымен «Алматы – 1» торабын айналып өтетін айналма темір жол желісі. Ұзындығы: 74 км. Іске асыру мерзімі: 2021-2024 жылдар. ҚР ИИДМ жобаның әкімшісі болып табылады.

<sup>49</sup> [https://www.inform.kz/ru/elektrichki-iz-almaty-do-goroda-konaev-priostanovili-iz-za-nizkogo-sprosa\\_a3949607](https://www.inform.kz/ru/elektrichki-iz-almaty-do-goroda-konaev-priostanovili-iz-za-nizkogo-sprosa_a3949607)

маршруттары Алматы-1 станциясында аяқталады, ол қалалық қоғамдық көлікке ыңғайлы ауысып отыру үшін қажетті инфрақұрылыммен жабдықталмаған, сондай-ақ қала орталығынан қашық орналасқан.

Бұл ретте темір жол саласы мен онда іске асырылып жатқан жобалар «Қазақстан Темір Жолы» АҚ-ның құзырында. Осыған байланысты және агломерацияны көлік жағынан дамыту саласында жоғарыда аталған бірыңғай шешімдер қабылдау орталығының болмауына байланысты шаһар қала маңындағы темір жол тасымалдары саласындағы жағдайды елеулі түрде өзгерту мүмкіндігімен шектелген.

#### **4. Қала маңындағы қоғамдық көлік мәселелері**

Қазіргі таңда қала маңындағы тұрғындар қалаға негізінен автомобиль көлігі арқылы қатынайды. Бұл ретте, облыстан қалаға және кері қарай апаратын барлық бағыттар бойынша **қала маңындағы маршруттар жетіспейді**. Бүгінгі күні **150-ге жуық кентте барлығы 22 қала маңына қатынайтын маршрут** бар, қажеттілік шамамен 50-ге жуық.

Бүгінде қала маңындағы маршруттарды агломерацияларда ұйымдастыру Алматы қаласы әкімдігінің құзыретіне кіреді, аталған бағыттар қала бюджетінен де субсидияланады. Бұл ретте қандай да бір маршруттар жалпы даму стратегиясы шеңберінде емес, халықтың сұрауы негізінде облыстан қалаға түскен өтінімдерге ден қойылуына қарай ашылады.

Қала маңындағы маршруттар экономикасының өзіндік ерекшелігі бар. Біріншіден, облыста маршрутты бастапқы нүктеде ұйымдастыру құны басқа, өйткені ауылда көше-жол желісі қалаға қарағанда аз және халық тығыздығы төмен. Яғни, қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін көбірек аялдамалар қажет. Екіншіден, қала маңындағы маршруттардың ұзақтығы қалалық маршруттарға қарағанда ұзағырақ, ал маршрут неғұрлым ұзақ болса, оның экономикалық қайтарымы соғұрлым нашар болады. Яғни, **қала маңындағы қоғамдық көлікті сапалы дамыту үшін қосымша қомақты қаржы қажет**.

Алматы қаласының бюджеті қала маңындағы маршруттарға **100% субсидия береді** (2021 жылы 10 млрд, 2022 жылы 11 млрд, жоспарланған жаңа маршруттарды ескере отырып, субсидия көлемі әлі де өседі). Қаражаттың бұлай кетуі **қала ішінде заманауи қоғамдық көлікті дамыту**<sup>50</sup> үшін қажетті **қаржы ресурстарын шектейді**, бұл да жаңа полиоорталықтардың<sup>51</sup> дамуына байланысты.

Бүгінде **қала маңындағы қоғамдық көлікті субсидиялауға деген көзқарастар** өзгеруде: Алматы облысының әкімдігімен қала маңындағы маршруттарды субсидиялауға арналған шығыстарды (50/50) тең бөлу туралы келісімге қол жеткізілді.

Қала маңындағы маршруттарды ұйымдастырудағы қазіргі кемшіліктер – тұрғындар үшін автобус қатынасы жеткіліксіз (*жаяу қол жетімділік*


<sup>50</sup> «1.2. Дамыған қоғамдық көлік, көпорталықтар мен қала өзегінің көлік байланысы» бөлімін қараңыз

<sup>51</sup> «1-мақсат. Жайлы қалалық орта» бөлімін қараңыз

тұрғысынан ғана емес, сонымен бірге қол жетімді емес) және жеткілікті түрде жылдам емес.

Осы факторларға байланысты қала маңындағы тұрғындар қалаға қатынаған кезде **қоғамдық көліктерге қарағанда жеке автомобиль көлігінің** әртүрлі түрлерін **екі есе жиі** пайдаланады (14-сурет).

14-сурет. Сыртқы көлікті түрлері бойынша бөлу



Дереккөз: сауалнама нәтижелері, 2021 ж., 5400 респондент

Жеке автокөліктің көп болуы жол кеңістігін тиімді пайдалану, сондай-ақ **азаматтардың қауіпсіздігін** қамтамасыз ету міндетіне жауап бермейді: автокөлікпен қатынау кезінде қоғамдық көлікте жүруден гөрі ЖКО-ға түсу ықтималдылығы 10 есе<sup>52</sup> көп.

Бұдан басқа, жолшыбай ұстайтын таксилер тиісті реттеусіз және бақылаусыз жолаушыларды автомобильмен тасымалдаумен айналысатын заңсыз тасымалдаушылар болып табылады.

## 5. Қала маңындағы және қалалық қоғамдық көліктің байланыстылығы

Бүгінде агломерацияда қала мен облыстың **қоғамдық көлігі арасында нақты байланыс жоқ**. Алматыда жолаушыларға қала маңы және қалалық қоғамдық көлік арасында ыңғайлы ауысып отыруға, сондай-ақ жеке автокөлікті уақытша тұрақтарда қалдыруға мүмкіндік беретін ірі **көлікке ауысып отыру тораптары-көлік хабтарын құру қажеттілігі туындап отыр**. Мұндай көлікке ауысып отыру тораптарының болмауына байланысты Алматы-1, Сайран автовокзалы, «Барлық» базарының ауданы («*Алтын Орда*» базарының ауданы), «Халық Арена» ауданы сияқты қаланың учаскелері әдеттегідей жүктеліп қалып отыр.

<sup>52</sup> <https://in-vidnoe.ru/novosti/ekologiya/obshchestvennyy-transport-umnoe-zelyonoe-reshenie>

### Халықаралық тәжірибе

«Көлікке бейімделу» тұжырымдамасынан бас тарту және қоғамдық көліктің қайта өрлеуі соңғы 15-20 жылдағы<sup>53</sup>, ең алдымен Батыс Еуропа елдеріндегі ірі қалалардың дамуындағы маңызды тенденциялардың біріне айналды. XX ғасырдың екінші жартысындағы тәжірибе көрсетіп отырғандай, жол желісін дамыту халық пен қалалық автомобиль паркінің автомобильдену деңгейінің артуынан қашанда артта қалып келеді. Бұдан шығатын жол – қоғамдық көлік жүйесін бірінші кезекте дамыту.

Сонымен, **Үлкен Торонтодағы** жаңа аймақтық даму жоспары, оның ішінде Гамильтонды қоса алғанда, алдағы 25 жылға арналған қоғамдық көліктерде үлкен өзгерістерді қарастырады. Жоспарға 1200 км жылдамдықты байланыс желісінің құрылысы кіреді, бұл қолданыстағы желіден үш есе көп. Бұл көлік қолжетімділігін күрт арттырады – **өңір тұрғындарының 80%-ы жүрдек қатынас желісінен ең көп дегенде екі шақырым жерде тұратын болады** (бүгінгі күнгі 40%-бен салыстырғанда).

**Германияда** қала маңындағы жолаушылар кешенін федералды үкімет қаржыландырады, ол федералды жерлерге қала маңындағы қызметтерге тапсырыс беру үшін қаражат береді. Федералды жерлер операциялық шығындар мен инвестицияларды өз бюджеттерінен қаржыландырады. Тікелей ұйымдастырушы – көлік әкімшілігі, бұл федералды жер үкіметі тиісті федералды жерде қала маңындағы жолаушылар тасымалының дамуына, ұйымдастырылуына және жүзеге асырылуына жауап беретін ұйым.

Агломерациялардың көлік жүйелерін **интеграцияланған басқарудың** мысалы Швейцария болып табылады, онда бүкіл кантонды (аймақты) қамтитын Цюрих моделі бар. Zürcher Verkehrsverbund (ZVV) бүкіл елордалық қоғамдық көлікті басқаратын, жоспарлайтын және қаржыландыратын және әртүрлі операторлармен көлік қызметтеріне келісім-шарттар жасайтын кантондық мемлекеттік орган ретінде құрылды. Бұған агломерацияның жалпы көлік жүйесінің негізі ретінде жоғары жылдамдықты теміржол ғана емес, сонымен қатар кантон (облыс) бойынша трамвай және автобус қызметі де кіреді. Бұл басқару схемасы агломерацияның көлік жүйесі элементтерінің керемет байланысын мүмкін етеді.

Әлемдік ірі қалаларда қала маңындағы және қалалық көліктің байланыстылығы **көлікке ауысып отыру хабтарында** жүзеге асырылады, олардың негізгі міндеттерінің бірі көлік маршруттары сәйкес келетін жерлерде **ыңғайлы ауысып отыру аймақтарын құру**, жаяу жүргіншілер мен көлік ағындарын оңтайландыру және қайта отырғызуға уақытты қысқарту болып табылады. Мысал ретінде **Синдзюку станциясы** орталық **Токионы** өзінің батыс маңындағы жерлерімен байланыстыратын негізгі көлік торабы ретінде **күніне 3,5 миллион** адамды жіберіп отырады. Станциядан, оның ішінде

<sup>53</sup> "Развитие городов: лучшие практики и современные тенденции" ұлттық баяндамасы. Мәскеу, 2011. [https://raex-a.ru/project\\_files/2880\\_2\\_doklad.pdf](https://raex-a.ru/project_files/2880_2_doklad.pdf)

жерасты сауда жолдары арқылы екі жүзден астам шығатын пункт бар. Көлік кешеніне екі ірі жерасты сауда орталығы және алты әмбебап дүкен кіреді. Хаб теміржол көлігін (қалалық, қала маңындағы, қалааралық және аэроэкспресс), метро, автобус терминалдарын біріктіреді.

### **Іс-қимыл жоспары**

Алматы агломерациясында қоғамдық көлікті дамыту жөніндегі іс-қимыл жоспары жоғарыда келтірілген проблемаларды шешуге бағытталған, яғни алдағы жылдары Алматы қаласы, Алматы облысы әкімдіктерінің және ҚТЖ-ның күш-жігері агломерация тұрғындарына көлік қызметін көрсету жөніндегі «тар» орындарды үйлестіруге және жоюға, интеграцияны арттырып, пайдаланушылардың барлық санаттары үшін қоғамдық көліктің жалпы тиімділігі мен тартымдылығын өсіруге бағытталатын болады.

Бағыттар бойынша мынадай іс-қимылдарды іске асыру көзделуде.

#### **1. Көлік жүйесін басқару және оны дамытуды жоспарлау:**

1) 2022 жылы Алматы агломерациясын дамытудың кешенді жоспарын әзірлеуді аяқтау, ол мыналарды қамтиды: «Агломерацияларды дамыту туралы» заңды қабылдау; қоғамдық көлікті дамыту және ықпалдастыру бойынша бірлескен жобаларды іске асыру; индустриялық өндірістер мен логистикалық инфрақұрылымды Алматыдан Алматы облысына көшіру.

2) Қала құрылысы және көліктік жоспарлау мақсаттары үшін Алматы агломерациясының **бірыңғай көлік моделін** дайындау және пайдалану.

3) Алматы қаласы мен Алматы облысы әкімдіктерінің екі тарап үшін орындауға міндетті бірлескен бұйрықтары түрінде шешімдер қабылдау форматын бекіту (2023 жылдың бірінші тоқсаны).

4) Қаржыландыру бөлігінде:

- Қала маңындағы маршруттарды қалалық бюджеттен субсидиялаудың ашықтығын және тиімділігін бағалауды қамтамасыз ету.
- Жеке инвесторларды тарту мүмкіндіктерін анықтау үшін қала маңындағы тасымалдаудың экономикалық моделіне талдау жүргізу.
- Бюджет кодексіне және басқа да НҚА-ға өзгерістер енгізуге бастамашылық жасау.

5) Агломерацияның көлік саласында «ақылды қаланың» қалалық стандарттарын қолдану мүмкіндігін зерделеуге кірісу (*бастапқы: жеке, қоғамдық автокөлік түрлері бойынша жолаушылар ағынын бөлуде дұрыс статистиканы жинау үшін цифрландыру*).

#### **2. Магистралды жолдар**

1) Магистралды радиалды жолдарды<sup>54</sup> ұзартудан басқа **4 магистралды кірме жолды** (Құлжа трактісі және Шамалған, Талғар трактісі және жоғарғы Қаскелең трассасы бағыты бойынша) қайта жаңартуды жүргізу, бөлінген

---

<sup>54</sup> «1.2. Дамыған қоғамдық көлік, көпорталықтар мен қала өзегінің көлік байланысы» бөлімін қараңыз

жолақтар есебінен қоғамдық көлік үшін қозғалыс басымдығын құру және қажетті аялдамаларды салу жоспарлануда (2025 жылға дейін).

2) ҰАААЖ (2023) пайдалануға берілгеннен кейін транзиттік жүк автокөлігінің қозғалысын айналма жолға ауыстыру.

### **3. Рельстік көлік**

«Жетіген – Қазыбек-Бек» қатынасымен «Алматы-1» торабын айналып өтетін айналма т/ж желісінің жобасын іске асыру кезінде (жоспарлы мерзімі – 2024 ж.) транзиттік жүк тасымалдауды қала сыртына көшіру және Боралдай станциясында **Алматы-3 т/ж вокзалының** құрылысына кірісу (2030 жылға қарай).

### **4. Қала маңындағы қоғамдық көлік**

Қала маңына қатынайтын **30** жаңа магистралды маршрутты іске қосу және олардың қолданыстағы 22 маршрутпен және барлық бағыттардағы жаңа **көлікке ауысып отыру тораптарымен** байланысын қамтамасыз ету (2024 жылға дейін). Нәтижесінде қоғамдық көліктің қолжетімділігі жақсарады, бұл жеке көліктен бас тартуға ынталандыратын болады.

### **5. Қала маңындағы және қалалық қоғамдық көліктің байланыстылығы**

1) Агломерациядан алып қалатын көлік тұрақтары және жеткізетін маршруттары бар 4 көлікке ауысып отыру хабын пайдалануға беру:

- Батыс хабы (Барлық базары), *іске асырудың күтілетін мерзімі – 2026-2027 жж.*

- Райымбек батыр хабы (Алматы – 2);
- Алматы-3 хабы (Боралдай кентіндегі жаңа станция);
- Шығыс қақпасы хабы (Құлжа трактісі).

Осы шаралардың арқасында қала маңындағы және халық тығыз орналасқан Наурызбай және Алатау аудандарының тұрғындары қала орталығымен сенімді байланыста болады. Бұдан басқа екі жаңа «Батыс» және «Шығыс қақпасы» автовокзалдары өзара байланысады. Нәтижесінде қаланың батысынан шығыс шекарасына дейін магистралды қоғамдық көлікпен жетуге болады.

2) Субсидиялай отырып, қала маңындағы маршруттарды бірыңғай тарифтік мәзірге интеграциялау, оның ішінде республикалық және облыстық бюджеттер қаражатын тарта отырып, мәселелерді шешу.

### **Қажетті ресурстар**

Осы іс-қимылдарды іске асыру үшін **шамамен 200 млрд теңге** (2025 жылға дейін – 36 млрд теңге, 2030 жылға дейін – 164 млрд теңге) қажет, оның ішінде:

1) **4 көлік-ауыстыру хабын** салу үшін шамамен **120 млрд теңге** (2030 жылға дейін) бөлу қажет.

2) кіру магистралдарын кеңейтуге шамамен 6 млрд теңге (2025 жылға дейін – 2 млрд теңге, 2030 жылға дейін – 4 млрд теңге) бюджет қаражаты қажет.

3) қала маңындағы қосымша маршруттарды **субсидиялауға** жылына 15 млрд теңге қажет болады (бес жыл ішінде – **75 млрд теңге**, оның ішінде 2025 жылға дейін – 30 млрд теңге, 2030 жылға дейін – 45 млрд теңге).

Бюджет шығындарын қысқарту үшін қала жеке инвестицияларды тартуға талпынады. Осыған байланысты ұзақ мерзімді ынтымақтастық үшін жеке инвесторлар мен сервистер операторларына нақты және ашық шарттар ұсынылатын болады.

### **Күтілетін нәтижелер**

Белгіленген іс-қимылдарды табысты іске асырған кезде агломерацияның және оның өзегінің көліктік байланысы қамтамасыз етіледі, магистральдық жолдардың өткізу қабілеті және қоғамдық көліктің тартымдылығы артады. Қоғамдық көлік қызметінің сапасының өсуіне байланысты қатынамалы көші-кон кезінде **қоғамдық көлікте жолаушылар ағыны** ұлғаяды және жеке автокөлікті пайдалану қысқарады.

Қала мен Алматы облысы арасындағы қоғамдық көлікпен күнделікті сапарлар саны **2025 жылға қарай** 180 мыңнан **500 мыңға дейін** және **2030 жылға қарай 600 мыңға дейін** артады.

Қала маңындағы магистралдық маршруттардың дамыған желісі агломерация тұрғындарының жұмысқа және оқуға күнделікті сапарларындағы қажеттіліктерін қанағаттандыруға, қоғамдық көлік сапасына қанағаттану деңгейін арттыруға, ауыл тұрғындары үшін көлік инфрақұрылымына кадамдық қолжетімділікті қамтамасыз етуге және оларды көлікке ауысып отыру тораптары арқылы қаланың әртүрлі аудандарымен байланыстыруға мүмкіндік береді.

Жаңа көлікке ауысып отыру тораптары-көлік хабтары қала шекараларында ыңғайлы аялдау қажеттілігін қанағаттандыруды қамтамасыз етеді, бұл ішкі қала жолдарының жүктемесін азайтуға мүмкіндік береді.

### **3.2. Агломерациядағы ҚТҚ жинау мен кәдеге жаратудың бірыңғай жүйесі**

Бүкіл әлемде де, Алматы қаласында да әл-ауқаттың және тұтыну көлемінің өсуімен қалдықтарды жинау және қайта өңдеу проблемасы жылдан жылға өзекті бола түсуде.

Заңнамалық тұрғыдан ҚТҚ мәселесі қалдықтарды басқару жөніндегі іс-қимылдар тәртібі бекітілген Экологиялық кодекспен реттеледі:

1) қалдықтардың пайда болуын болдырмау; 2) қалдықтарды қайта пайдалануға дайындау; 3) қалдықтарды қайта өңдеу; 4) қалдықтарды кәдеге жарату; 5) қалдықтарды жою.



Алматы халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, қоғамды, шағын және орта бизнесті (ШОБ) кеңінен тарту және жалпы экологиялық мәдениетті арттыру арқылы коммуналдық қалдықтарды басқарудың тиімді жүйесін құруға ұмтылады.

### **Ағымдағы жағдайды талдау**

Алматы қаласында халықтың қарқынды өсуі, тұтыну деңгейінің жоғарлауы, заңды тұлғалар санының артуы коммуналдық қалдықтар мен өндіріс қалдықтары көлемінің тұрақты өсуіне алып келеді.

Алматы қаласының қалдықтарын басқару қажетті инфрақұрылымды құруға және халықты ТҚҚ жинау қызметтерімен қамтамасыз етуге, қалдықтардың санын азайту және қайталама материалдық ресурстар түрінде шаруашылық айналымға барынша тарту мақсатында қалдықтарды бөлек жинауды енгізуге бағытталған.

1. Алматы қаласының аумағында тұрғындарға **ҚТҚ жинау және шығару бойынша** қызмет көрсету 100% қамтылған. Қызметтерді 5 жылдық кезеңге шарттары жасалған 25 қоқыс шығарушы ұйым (ҚШҰ) ұсынады. Қоқыс шығару нарығындағы басым компания «АҚ Тәртіп» ЖШС болып табылады (аумақты қамту шамамен 70%).

ҚТҚ жинау үшін жалпы пайдаланудағы 1 454 контейнер алаңынан (КА) тұратын желі бар (оның ішінде көлемі 3 м<sup>3</sup> тереңдетілген 990 дана контейнерлері бар 198 КА), онда 8 003 контейнер орнатылған. Бұл ретте **ҚТҚ жинау іс жүзінде қалдықтардың түрлеріне бөлінбестен жүзеге асырылады**, жеке секторда қалдықтарды жинаудың қапсыз әдісі қолданылады, контейнер алаңдары жоқ.

Қала аумағының тиісті санитарлық жағдайын қамтамасыз ету мақсатында жеке тұрғын үй секторында ҚТҚ шығарудың қаптық әдісіне біртіндеп көшу жүзеге асырылады. 2019-2020 жылдары жергілікті бюджет қаражаты есебінен сатып алынған көлемі 120 л 12 мың пластикалық контейнер және ҚШҰ сатып алған 30 мың контейнер акт бойынша жеке тұрғын үй иелеріне таратылды.

**Инфрақұрылымды дамытуға** келетін болсақ, мемлекеттік-жекешелік серіктестік (МЖС) шеңберінде қалдықтарды басқарудың кешенді жүйесін енгізудің бірінші кезеңінде 2018 жылдан бастап қуаты жылына 550 мың тонна ҚТҚ болатын Қоқысты сұрыптау кешені (ҚСК) пайдалануға берілді. ҚШҰ шарт бойынша ҚТҚ бұрынғыдай полигонға көму үшін емес сұрыптауға ҚСК-ға тасымалданады.

ҚСК-да орташа есеппен 350 мың тоннадан астам ҚТҚ сұрыптау жүргізіледі. Пайдалы фракцияларды іріктеу 15%-дан асады. Кешеннің іске қосылуы отандық қайта өңдеушілердің қызметін жандандыруға мүмкіндік берді. ҚСК қалдықтарды қайта өңдеу саласына тартылған 15 ұйыммен сұрыпталған қайталама шикізатты қайта өңдеуге тапсыру туралы шарттар жасасты. Аталған ұйымдар негізінен Алматы агломерациясының аумағында

орналасқан.

Санитарлық-эпидемиологиялық нормаларда жақын маңдағы үйлерден 25 м-ден 100 м-ге дейінгі қашықтықта КА орнатуға қойылатын талаптар белгіленген. Кейбір контейнер алаңдарын орналастырудың санитарлық нормаларының бұзылуы тұрғындардың наразылықтарын тудырады. Аталған проблеманы шешу үшін КА-ны көшіру мәселелері пысықталды. Аула аумақтарынан шығару және ҚТҚ жинау үшін 772 бірлік (3500 бірлік контейнер) жаңа жерасты КА салу арқылы қолданыстағы алаңдарды шоғырландыру КА санын қысқартуға (кейбір аула аумақтарында 2-3 КА орнатылған) және «сулы» және «күрғақ» түрлер фракциялары бойынша бөлек жинау ұйымдастыруға (бірінші кезеңде) мүмкіндік береді.

**2. Қазіргі уақытта коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеудің нақты ережелері жоқ**, оның ішінде қалдықтармен жұмыс істеу процесінің барлық қатысушыларының: әкімдіктер мен қоқыс шығаратын компаниялар, қалдықтарды сұрыптаумен, оларды қайта өңдеумен, қалдықтарды көму полигондарымен айналысатын кәсіпорындар арасындағы өзара іс-қимылдың заңды тетігі жасалмаған. Қалдықтармен жұмыс істеу кезінде бақылау жоқ және олардың қозғалысы нақты есепке алынбайды.

**Қалдықтарды тасымалдау жөніндегі мамандандырылған ұйымдардың қызметтерін пайдалануға нормативтік шектеулер жоқ, бұл қаланың периметрі бойынша қалдықтар үйінділерінің пайда болуына алып келеді.**

Коммуналдық қалдықтарды басқару қағидалары және қалдықтарды бөлек жинау жөніндегі талаптар қалдықтарды басқарудың толыққанды тиімді жүйесін құруға ықпал етпейді. Бұдан басқа, заңды тұлғалар, сондай-ақ халық тарапынан қалдықтармен жұмыс істеу бойынша жоғарыда көрсетілген нормаларды бұзғаны үшін бақылау шаралары іс жүзінде жоқ.

Талдау көрсеткендей, Алматы халқының өсуіне қарамастан (2015 жылдан бастап 2020 жылға дейін 16,1%-ға ұлғайды), жиналған және шығарылған коммуналдық қалдықтардың көлемі 14,5%-ға азайды (2015 жылы 457 624 тонна, 2020 жылы 414 724 тонна), бұл ұсынылатын мемлекеттік статистикалық есептіліктің дұрыс еместігін және бухгалтерлік есептің және қоқыс шығарушы ұйымдарды бақылаудың жоқтығын анық көрсетеді.

Аталған проблеманы шешу үшін Экология кодексінің «ҚТҚ басқару саласындағы кәсіпкерлік субъектілерінің хабардар ету режимі» 337-бабына сәйкес қалдықтарды жинау және тасымалдау, хабарламай қауіпсіз қалдықтарды қалпына келтіру және жою жөніндегі ұйымдардың қызметін шектеу бөлігінде және ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің дерекқорына енгізу бойынша **Алматы қаласын абаттандыру ережелерінің жобасына ұсыныстар енгізілді** (ҚТҚ басқару саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны қабылдау туралы талон беріледі).

Экология кодексі полигондарда макулатураны, пластикті, тағамдық, құрылыс қалдықтарын, құрамында сынабы бар қауіпті қалдықтарды,


медициналық, биологиялық қалдықтарды, шыны сынықтары мен шыны ыдыстарын, түсті және қара металдардың сынықтарын, электрондық және электр жабдықтарының қалдықтарын, істен шыққан шиналарды, пайдаланудан шыққан көлік құралдарын және т.б. көмуге тыйым салынады (351-бап).

Сонымен қатар, қалдықтардың кейбір түрлерін көмуге тыйым салу басқа нормативтік актілермен бекітілмеген. Қалдықтарды коммерциялық есепке алуды және олардың қозғалысын бақылауды ұйымдастыруды қоса алғанда, коммуналдық қалдықтарды басқарудың тиісті инфрақұрылымы мен жүйелерін құруға, қайталама шикізатты қайта өңдеу үшін қажетті инфрақұрылым құру үшін әкімдіктерге және ШОБ-қа «өндірушілердің кеңейтілген міндеттемелері» (ӨКМ) қорынан қаражат бөлуге қатысты заң аясындағы нормативтік актілер жоқ.

**3. Қалдықтарды көмуге арналған полигондар Алматы облысының аумағында орналасқандықтан, Алматы көмуге шығарылатын қалдықтардың көлемін азайтуға күш салуда.** Ол үшін қайта өңдеуге жататын қалдықтардың кәдеге жарату фракцияларын жинауды ұйымдастыру үшін шаралар қабылдануда.

Алматы қаласында ҚТҚ-ның орташа морфологиялық құрамы мынадай: тамақ қалдықтары - 34%; қағаз және картон-23%; полимерлер (пластик, пластмасса) - 26%; шыны - 8%; металл сынықтары - 3%; тоқыма өнімдері - 3%; қауіпті қалдықтар -1%; өзге де қалдықтар - 2%.

15-сурет. ҚТҚ-ның морфологиялық құрамы



*\*(шыны, пластик, полиэтилен, қағаз, тамақ қалдықтары, металл, тоқыма, 1 кл қалдықтар (батареялар), өзге де қалдықтар (өсімдік қалдықтары), медициналық қалдықтар, тұрмыстық құралдардың қалдықтары)*

Қайта өңдеуге болатын қалдықтардың үлесі (пластик, шыны, металл, қағаз) орташа есеппен 57% құрайды (талдау 2020 ж.).

2022 жылғы зерттеулер бойынша ҚТҚ-ның морфологиялық құрамы біршама өзгерді: ҚТҚ көлеміндегі ең көп үлесті тамақ қалдықтары (39,77%), пластикалық қалдықтар (10,53%), қағаз қалдықтары (қаптама қалдықтарын қоса алғанда, 8,99%) алады. Пластиктің үлестік құрамы 23%-дан 10,5%-ға дейін төмендеді, қағаздың үлестік салмағы 23%-дан 8,99%-ға дейін қысқарды, шыны 8%-дан 6,02%-ға дейін азайды.

Бұл халықтың бір бөлігі қатты тұрмыстық қалдықтарды сұрыптай бастағанын көрсетеді. Сонымен қатар, тамақ қалдықтарының үлес салмағының 34%-дан 39,7%-ға дейін және метал қалдықтарының үлес салмағының 3%-дан 7,27%-ға дейін артқаны байқалады.

Алайда, **өңдеу жинау және сәйкесінше кейінгі сұрыптау проблемаларымен күрделенген.** Қазіргі уақытта коммуналдық қалдықтар «дымқыл» және «құрғақ» фракцияларға бөлінбестен жиналатындықтан, қайталама шикізаттың ҚТҚ жалпы массасынан іріктеу тиімділігі төмен деңгейде. Бүгінгі таңда нарықта үстем жағдайға ие жеке компанияның ҚТҚ жинау және кәдеге жарату бағдарламасын басқаруы өзінің тиімсіздігін көрсетуде (ҚСК-да орташа есеппен 350 мың тонна ҚТҚ-дан кәдеге жарату фракцияларын іріктеу шамамен 15%-ды құрайды).

Осыны негізге ала отырып, жинау жүйесі дұрыс ұйымдастырылған жағдайда «құрғақ» түрдегі қайталама шикізаттың біршама көлемін алуға және оларды қайта өңдеуге жіберуге және қайталама материалдық ресурстарды алуға болады.

Алматы тұрғындарының қаланың экологиялық және санитарлық жағдайына деген саналы қарым-қатынасының деңгейі, оның ішінде ҚТҚ-ны бөлек жинаудың маңыздылығы туралы түсінігі артып келе жатқанын айта кеткен жөн.

Қайталама шикізатты неғұрлым сапалы жинау және оның көлемін ұлғайту үшін ҚШҰ-мен және қалдықтарды қайта өңдеумен айналысатын кәсіпорындармен бірлесіп, **қалдықтарды бөлек жинауды кезең-кезеңімен енгізу және қайталама шикізатты қабылдау пункттерінің желісін кеңейту бойынша жұмыс жүргізілуде.**

Контейнерлік алаңдарда (КА) пластикалық қалдықтарды жинауға арналған 1000-нан астам торлы контейнерлер, мемлекеттік мекемелерде, мектептерде және қаптаманың әртүрлі түрлерін жинауға арналған басқа да орындарда 1000 дана экокөкс, нан-тоқаш өнімдерінің қалдықтарын жинауға арналған 300 арнайы контейнер орнатылды, Алматыда алғашқы экологиялық станция – «MEGA Alma-Ata» СОО жанында қайталама шикізатты қабылдаудың кешенді пункті ашылды.

Алматыда «KWRecycling» ЖШС және басқа да шағын орта бизнестердің 37 қабылдау пункті жұмыс істейді, онда қайталама шикізаттың бірнеше түрі - қағаз, картон, пластик, шыны бөтелкелер, алюминий банкалар ақылы негізде қабылданады.

Бұл ретте қайталама шикізатты тапсырғаны үшін төлемнің төмен құны тұрғындарды ынталандырмайды (мақұлатура - 30 тг. кг, алюминий банкалар-100 тг. кг, шыны-5 тг. кг, пластик – 15 тг. кг).

Жоғарыда баяндалғандар ескеріле отырып, қолданыстағы заңнамаға және әлемдік тәжірибенің даму үрдістеріне сәйкес Алматы қаласының қалдықтарын басқару:

- халықты қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау қызметтерімен қамтамасыз ету және оларды жинау үшін қажетті инфрақұрылым құруға;
- халықтың экологиялық хабардарлығын арттыру және оларды ҚТҚ-ны бөлек жинау процесіне тарту және түзілетін қалдықтардың санын азайту және бөлек жинауды енгізуге;
- ШОБ-пен ынтымақтастық орнатуға, қалдықтарды өңдеуге инвестициялар тартуға және т.б. бағытталған.

Ағымдағы жағдайды талдау және коммуналдық қалдықтарды басқару саласындағы қажетті іс-шараларды жүйелеу мақсатында Алматы қаласында қалдықтарды басқару бағдарламасын және шаралар кешенін әзірлеу, оның ішінде ҚТҚ басқару саласындағы Алматы агломерациясымен өзара іс-қимылды жандандыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

### **Халықаралық тәжірибе**

Өткен онжылдықтар ішінде әлемнің түрлі елдеріндегі қалдықтарды басқару жүйелері негізгі басымдықтарға келді – бұл қалдықтардың пайда болу және көму көлемдерін азайту, шикізатты қайталама пайдалануды ұлғайту және қолда бар ең үздік технологияларды пайдалана отырып қайта өңдеу.

**1. Қатты тұрмыстық қалдықтарды терең сұрыптау жүйесі Германияда** барыншы дамыған. Мұнда жыл сайын шамамен 47,7 млн тонна ҚТҚ шығады, бұл ретте өңдеу үлесі - шамамен 66%.

Үй жанындағы алаңдарда тамақ қалдықтарына, пластикке, пакеттер мен қаптамаларға, қағаз бен картонға арналған кем дегенде 3 контейнер орнатылған. Шыны бөтелкелер мен банкалар көшедегі жеке қоғамдық бактарға апарылады. Сусындардың ыдыстарын барлық желілік дүкендерде орнатылған арнайы қабылдағыш-фандоматтарға (халықтың қайтарылатын ыдысын шағын ақшалай сыйақыға немесе дүкендерде, көлікте жол жүру үшін пайдалануға болатын ұпайларға немесе чектерге ауыстыратын аппарат) тапсыруға болады. Сонымен қатар, пластика бөтелкенің немесе банканың құны әр сусынның бағасына кіреді, ал контейнерді тапсырғаннан кейін бұл артық төлемді қайтаруға болады. Осылайша, мемлекет халықты қоршаған ортаны зиянды пластикпен немесе қаңылтыр банкалармен ластамауға үйретті. Киім-кешектер муниципалды орындарға тапсырылады. Германия өнеркәсібі пайдаланатын барлық шикізаттың шамамен 15%-ы қайта өңдеу арқылы алынады.

**Берлин** (халқы – 3,3 млн адам) 1,4 миллион тоннаға жуық тұрмыстық қалдықтарды шығарады, олардың 900 мың тоннасы (60%) әлі де сұрыпталмаған тұрмыстық немесе ірі қалдықтар түрінде сұр контейнерге тасталады. Берлин 2013 жылдан бастап ҚТҚ-ны бөлек жинау практикасын енгізді: макулатураға арналған көк контейнерлер, тамақ және бақша қалдықтарына арналған қоңыр контейнерлер, пластик қаптамалар мен канистрлерге арналған сары және қызғылт сары контейнерлер, аралас қалдықтарға арналған сұр контейнерлер. Қоңыр, жасыл және ақ әйнекті жинауға арналған шыны контейнерлер.

60 мың тонна биоқалдықтар Рузлебендегі (Берлин ауданы) зауытқа келіп түседі, онда биогазды ферменттеу жүзеге асырылады. Өндірілетін биогаз қалалық газ желісіне беріледі. Қалдықтарды кәдеге жарату жөніндегі оператор Stadtreinigung компаниясы өзінің қоқыс жинайтын көлік құралдарының жартысына жуығын биологиялық газбен толтырады. Қалған қалдықтар ауыл шаруашылығына тыңайтқыш ретінде сатылады.

*Қалдықтарды қайта өңдеу үлесін арттыру үшін Германия тәжірибесі Алматыға қалдықтарды бөлек жинау инфрақұрылымын ұйымдастыру бөлігінде пайдалы: шыны шөлмектер мен банкаларды; фандоматтарды; «құрғақ» қайталама шикізатқа арналған контейнерлерді жинауға арналған қоғамдық бактарды орнату, қайталама шикізатты қабылдаудың кешенді пункттерінің (экостанциялардың) санын ұлғайту.*

**2. Жыл сайын Жапонияда** шамамен 400 млн тонна өнеркәсіптік және 50 млн тонна тұрмыстық қалдықтар пайда болады, бұл жан басына шаққанда күніне шамамен 1 кг ҚТҚ құрайды. Қалдықтардың 90%-на дейін кәдеге жаратылады.

«Қалдықтарды қалай сұрыптауға және орналастыруға болады» қалдықтарды жинау жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес қалдықтарды басқарудың жапондық жүйесі олардың пайда болуы мен көму көлемін азайтуға бағытталған. ҚТҚ-ны бөлек жинау енгізілді: қайталама шикізатқа арналған жасыл контейнер, жанбайтын қалдықтарға арналған көк контейнер, жағылатын қалдықтарға арналған қызыл контейнер.

Азық-түлік қалдықтары мен құрғақ қоқыс ауыл шаруашылығына тыңайтқыш жасау үшін қолданылады. Қалдық қоқыстар плазмалық жағуға жіберіледі. Алынған күл құрылыста қолданылады.

*Жапонияның тәжірибесі Алматы үшін халықтың экологиялық білімін артыру тұрғысынан пайдалы, қызмет көрсетілетін учаскелердегі барлық ҚШҰ үкіметтік емес ұйымдармен бірлесіп қалдықтарды бөлек жинау кезінде халықты экологиялық тәртіпке оқытуды енгізетін болады.*

**3. Францияда қалдықтарды өңдеумен** жыл сайын 2,3 млн. тонна қайталама шикізат өндіретін 300 мамандандырылған кәсіпорын айналысады. Ал елдегі қайта өңдеудің жалпы деңгейі 42%-ды құрайды.

Соңғы жылдары демократия, әлеуметтік пайдалылық, аралас ресурстар және оларды жалпы пайдалану қағидаттарына негізделген **тұтынудың**

**әлеуметтік жауапты тұжырымдамасы** танымал бола бастады. Парижде түрлі өнімдерді жинау, жөндеу және қайта сату бойынша 15 орталық құрылды. Бұл орталықтар тоқыма, картон, спорт тауарлары, ойыншықтар, тұрмыстық техника және басқа да санаттарға бөлінген.

Қайта өңделмейтін қалдықтарды 130 зауыт өртейді. Бұл ретте өртенгеннен кейін қалған күл жол құрылысына, ал процесте бөлінетін жылу жақын маңдағы үйлерді жылыту үшін пайдаланылады.

*Алматы үшін тұтынудың әлеуметтік-жауапты тұжырымдамасы бойынша Францияның тәжірибесі бюджет қаражаты есебінен тұтынудан шыққан тұрмыстық техниканы, жиһазды, ойыншықтарды, спорт тауарларын жинау жөніндегі коммуналдық орталықтарды құру және оларды жөндеу мен халыққа өткізу үшін ШОБ-қа беру таратылуы көбейтілуі мүмкін.*

### **Іс-қимыл жоспары**

Қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, қайта өңдеуге байланысты мәселелерді реттеу үшін 2023 жылы **қалдықтарды басқару бөлігінде Абаттандырудың жетілдірілген қағидалары қабылданады**, оның ішінде қалдықтарды «құрғақ» және «дымқыл» етіп бөлек жинау міндеттілігі енгізіледі, сондай-ақ ҚР ЭГТРМ-да қалдықтарды басқару саласында жұмыс істейтін субъект ретінде есепке қойылмай, мамандандырылмаған ұйымдардың қызметі шектеледі.

Қалдықтарды басқару бағдарламасы және қаланың **ҚТҚ басқару саласындағы агломерациямен өзара іс-қимылды жандандыру үшін** әзірлену үстіндегі шаралар кешені шеңберінде **шараларды іске асыру** жалғасатын болады.

*Инфрақұрылым қалдықтарды жинау мен сұрыптаудың және жетілдіру*

**1.** Жергілікті бюджет қаражаты есебінен ҚТҚ-ны бөлек жинау жөніндегі талаптарға сәйкес (2023 жылы 279 бірлік – 250 млн теңге) тұрғындардан ірі көлемдігі және құрылыс қалдықтарын орналастыру үшін аула аумақтарында алаңы кемінде 12м<sup>2</sup> арнайы учаскелер ұйымдастырылатын болады; қалдықтарды жинау және қайта өңдеумен айналысатын ШОБ кәсіпорындары қысқа мерзімді перспективада цифрлық құралдар арқылы тұрғындарды қайталама шикізатты жинауға және қайта өңдеуге беруге ынталандыратын болады (мобильді қосымша, қалалық сервистердегі бонустар, музейлер, театрларға тегін билеттер, тегін жол жүру және т.б.);

**2.** Мектептен тыс бағдарлама бойынша экологиялық мінез-құлыққа оқыту үшін экологиялық хабардарлықты арттыру мақсатында 2023 жылы «Жасыл мектеп» жобасы іске асырылады (үкіметтік емес қоғамдық ұйымдарды (ҮЕҰ) тарта отырып, мемлекеттік тапсырыс арқылы - жыл сайын жергілікті бюджеттен 50 млн теңгеден);

3. 2023 - 2024 жылдар кезеңінде ҚТҚ жинауға арналған 772 бірлік (3500 бірлік контейнер) көлемінде жаңа жерасты контейнерлік алаңдарды жаңғырту және салу жүргізіледі, болжамды құны жергілікті бюджеттен 9,8 млрд теңге;

4. Қалдықтарды жинау және тасымалдау тиімділігін арттыру үшін-2025 жылға дейін ҚТҚ жинау және арнайы техниканың қозғалу кестесін қадағалау үшін GPS жүйесімен жабдықталған барлық қоқыс шығаратын ұйымдардың арнайы техникаларына арналған диспетчерлеу жүйесі енгізілетін болады. Тұрғындар серверлік орталықтың ақпараттық жүйесіне өздері кіріп қадағалай алады;

5. Ірі желілік дүкендерде жеке инвестициялар есебінен 2025 жылдың соңына қарай 100 млн. теңгеге сусындар қаптамаларын қабылдайтын «фандоматтар» және шыны бөтелкелер мен банкаларды жинайтын контейнерлер орнатылады;

6. Жеке инвестициялар есебінен қайталама шикізатты жинау нүктелерінің желісі жыл сайын 500 бірліктен кеңейтілді (2025 жылдың соңына қарай – 1 500 бірлік, қайталама шикізатты қабылдау пункттері - 2025 жылы 100 бірлікке дейін, 2030 жылдың соңына қарай 120 бірлікке дейін); 2023-2025 жж кемінде 10 пункт қайталама шикізатты қабылдаудың кешенді пункттері (экостанциялар) орнатылады. Болжамды шығындар – 2025 жылға дейін 200 млн теңге; 2030 жылға дейін 20 млн теңге;

7. Өндірістік құрылыс қалдықтарын жинау үшін арнайы учаскелер ұйымдастырылатын болады (2025 жылға қарай 2 учаске, 2030 жылға қарай 3 учаске); құрылыс және бұзу қалдықтарын қайта өңдеу бойынша кәсіпорын (ҚБК) құру жолымен оларды қайталама материалдық ресурстарға қайта өңдеу ұйымдастырылады (жобаның болжамды сомасы - 3,4 млрд теңге);

8. Биоыдырайтын қалдықтарды, оның ішінде тамақ қалдықтарын жинау кейіннен «Мериолизис» технологиясы бойынша толық циклді қоқыс өңдеу зауытында (Алматы агломерациясы, Іле ауданы) қайта өңдеу үшін немесе жеке инвестициялар есебінен биоқалдықтарды басқару жүйесін және жасыл қалдықтарды қордаландыру пилоттық жобасы (жобаның болжамды құны – 1,4 млрд теңге) ұйымдастырылады;

*Алматы агломерациясымен қалдықтарды басқару жөніндегі интеграция*

1. Алматы облысында Еңбекшіқазақ ауданының **Ақбастау ауылында жаңа полигон** (1,1 млрд. теңге), Талғар ауданы Ават ауылында (725,6 млн. теңге) және Қонаев қаласында (522,2 млн. теңге) кешенді қоқыс тиеу алаңдарын салу жоспарлануда.

2. Іле ауданының ҚТҚ полигонында қалдықтарды сұрыптау бойынша жұмыс істеп тұрған қуаты жылына 120 мың тонна «Waste Energy Kazakhstan» ЖШС Қазақстандық-Испандық компаниясымен бірлесіп, «Мериолизис» технологиясы бойынша толық циклді қоқыс өңдеу зауытын салу (биогаз алу) жоспарланған. Инвестициялардың жалпы көлемі – шамамен 20 млрд теңге (41,8 млн еуро)



**3.** Экологиялық заңнама нормалары полигондарда құрылыс, биологиялық ыдырайтын және тамақ қалдықтарын көмуге тыйым салынады. Осыған байланысты, Алматыда 2025 жылға дейін **биологиялық ыдырайтын қалдықтарды жинау және қайта өңдеу** ұйымдастырылады, сондай-ақ тамақ қалдықтарын жинау және қайта өңдеу кезең-кезеңімен енгізіледі. Алматы мен Алматы облысындағы ҚТҚ басқарудың интеграцияланған жүйесі шеңберінде Алматыда жиналған биологиялық ыдырайтын қалдықтар «Мериолизис» коқыс өңдеу зауытына жіберілетін болады.

**4.** BOROSSA түрік компаниясымен бірлесіп электр энергиясын ала отырып, **қалдықтарды газдандыру технологиясын** (*ауа мен оттегінің қатысуымен жоғары температуралық режим жағдайында ҚТҚ термиялық өңдеу*) енгізу мәселесі қарастырылуда. Инвестициялаудың болжамды сомасы - шамамен 20 млрд теңге (30 млн еуро).

**5.** 2027 жылға дейін қуаты жылына 500 мың тонна қалдықтарды өртейтін және жылына 40 МВт электр энергиясын өндіретін зауыт салу жоспарлануда. Инвестициялаудың болжамды сомасы - 75 млрд теңге (150 млн еуро). Қалдықтарды өңдеу тереңдігі 80%-ға дейін артады.

Қалдықтарды басқарудың барлық жүйесінің жинау, тасымалдау, сұрыптау, қайта өңдеу және көмудің тиімділігін арттыру үшін халықаралық тәжірибе ескеріле отырып, күш келесі шараларды енгізуге бағытталады:

**1.** Биоыдырайтын қалдықтарды, оның ішінде тамақ қалдықтарын жинау және кәдеге жарату, тартылған инвестициялар есебінен биогаз, компост (тыңайтқыштар) ала отырып, лай тұнбаларын өңдеу ұйымдастырылды (КТҚ жаңғыртудың техникалық-экономикалық негіздемесін және өнеркәсіптік сарқынды суларды тазарту нұсқаларын дайындаудың болжамды құны – 1,2 млрд теңге);

**2.** Қалдықтарды қайта өңдеу тереңдігін тағы 30-40%-ға ұлғайту үшін **2030 жылдың соңына қарай RDF (Refuse – Derived Fuel) қазбалы отынын** ішінара ауыстыру мақсатында цемент зауыттары үшін экспортталмайтын қалдықтардан (қалдықтардан) **отынның баламалы түрін өндіру зауыты** (инвесторлар қаражаты есебінен - 50 млрд теңге немесе 100 млн еуро) пайдалануға беріледі.

### **Қажетті ресурстар**

Алматы мен Алматы агломерациясының қалдықтарын басқару жүйесі интеграцияланған және тиімді болуы үшін қала билігінің, жеке серіктестер мен тұрғындардың өздерінің күш-жігері біріктіріледі. Белгіленген іс-шараларды іске асыру үшін бюджеттік және жеке қаржы ресурстары шоғырландырылатын болады.

Жергілікті бюджет қаражаты есебінен шығындар **2025 жылға дейін 10 млрд-тан астам теңгені**, қайталама шикізатты жинау орындарын ұйымдастыруға жеке инвестициялар – **580 млн теңгені**, электр энергиясын

алып, қалдықтарды газдандыру зауытын салуға жеке инвестициялар – шамамен **20 млрд теңгені** құрайды.

**2030 жылдың соңына қарай** - тартылған қаражат шамамен **131 млрд теңге**:

- Қуаттылығы жылына 500 мың тонна қалдықтарды өртейтін зауыт салуға және жылына 40 МВт энергия өндіруге шамамен **75 млрд теңге** (150 млн еуро) инвестиция тарту жоспарлануда;
- RDF отынын өндіруге шамамен **50 млрд теңге** (100 млн еуро) инвестиция тарту жоспарлануда;
- Био қалдықтарды басқару жүйесін ұйымдастыру және жасыл қалдықтарды қордаландыру пилоттық жоба – **1,4 млрд теңгені** құрайды (жеке инвестициялар есебінен);
- Мемлекеттік-жекешелік серіктестік (МЖС) шеңберінде Құрылыс және бұзу қалдықтарын қайта өңдеу жөніндегі (ҚБҚ) кәсіпорынды құруға **3,4 млрд теңге** инвестициялық қаражат тартылады;
- ҚТҚ жаңғыртудың техникалық-экономикалық негіздемесін және өнеркәсіптік сарқынды суларды тазарту нұсқаларын дайындауға **1,2 млрд теңге** (жеке инвестициялар есебінен).

### **Күтілетін нәтижелер**

Қойылған мақсаттарға қол жеткізу шеңберінде келесі көрсеткіштер белгіленген:

1. Қалдықтарды бөлек жинауды кезең-кезеңімен енгізу және экомәдениет деңгейін арттыру есебінен **2030 жылға қарай қалдықтардың пайда болу көлемін 10%-ға дейін азайту**;
2. Қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу үлесінің олардың түзілуіне қатынасы – **2025 жылы 32%, 2030 жылы - 80%** (500 мың тонна қалдықтарды жағу және электр энергиясын алу зауытын пайдалануға беруді ескере отырып);
3. ҚТҚ тасымалдауды басқару жөніндегі бірыңғай серверлік орталықты пайдалануға енгізу нәтижесінде барлық ҚТҚ-ны **100% жинау және тасымалдау онлайн режимінде күнделікті** бақылау;
4. Алматы агломерациясында қалдықтарды басқару жүйесі шеңберінде интеграцияланған өзара іс-қимыл нәтижесі ретінде **агломерацияда қалдықтарды кәдеге жаратудың толық циклі**.
5. Бірыңғай қайталама шикізатты қабылдаудың пункттерінің саны 2023 жылы 60 бірлікке дейін, 2024 жылы 80 бірлікке дейін, 2025 жылы **100 бірлікке** дейін ұлғайтылады.

## **IV-Мақсат. ӘЛЕУМЕТТІК ОРНЫҚТЫЛЫҚ ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫЛЫҚ**

Даму бағдарламасын іске асыруда табысқа жету іргелі фактор мен ресурс – адами капиталға байланысты. Кез-келген жоспарланған іс-әрекеттің басы-қасында адамдар болады және егер Алматыны өзінің де, балаларының да өмірін туған қаласымен байланыстыратын білімді, дені сау, белсенді және креативті азаматтар мекендесе, Алматы тек ел ғана емес, сонымен қатар аймақ ауқымында табысты, бәсекеге қабілетті ірі қала ретінде өркендей алады. Азаматтар қаланың талабына сәйкес жоғары құзыреттерге ұмтылса, олардың кәсіби тұрғыдан және адам ретінде жетілуі барлық бастамалардың сапалы жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.

Алматы тұрғындары бүгінгі күні де адам капиталының үлгісі болып табылады. Бұл – жоғары кәсіпкерлік, зерттеу және креативті әлеуеті бар білімді азаматтар. Осы нәтижені сақтау және көбейту үшін қалағы қаланың ағымдағы қажеттіліктерін және әлемдік даму мен өзгерістердің жылдамдығын талап ететін озық даму қажеттілігін ескере отырып, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт салаларын одан әрі қарқынды дамыту қажет.

### **4.1. Алматыда инклюзивті орта құру**

Инклюзивтілік қағидаты қоғам өмірінің кез келген көріністеріне қандай да бір белгі бойынша кемсітусіз барлық адамдар қатыса алатындығына негізделген. Инклюзивтік орта адамдарға өзгелерге ұқсамайтын қабылдау рухын береді. Инклюзивті қоғамның санаттарында ойлайтын адамдар әлемге басқаша көзқараспен қарап, өздеріне жағымды өзгерістерді сезінеді.

Инклюзивтік немесе кедергісіз кеңістік – бұл қаланың барлық тұрғындары, соның ішінде ең аз қорғалған мүгедек адамдар үшін қолайлы және қолжетімді орта.

Қалада бәрі бірдей еркін жүріп тұрып және оның инфрақұрылымын қолдана отырып, яғни белсенді өмір салтын ұстана алмайды. Қалалық орта мүмкіндіктері шектеулі адамдарға әр кезде ыңғайлы бола бермейді. Мұндай қолайсыздықтар тек мүгедектер ғана емес, сонымен бірге арбалары бар аналарға және қарт адамдарға да қатысты. Бұл басқа қала тұрғындары үшін қиындық тудырмаса, ал ол адамдарға кедергі болуы мүмкін: ғимаратта қауіпсіз еңісі бар пандустың немесе лифтінің, жол қиылысындағы жиектің, едені жоғары автобустың, навигация құралдарының болмауы.

Мүмкіндігі шектеулі немесе ерекше қажеттіліктері бар адамдар тек физикалық кедергілерге ғана емес, сонымен бірге түсінбеушілік және дұрыс қабылдамау секілді менталды кетергілерге де тап болады. Мұндай «ерекше» көзқарас – ескірген.

Алматы кез келген азамат жынысына, жасына, этникалық тегіне, мәртебесіне, сондай-ақ дене және психикалық жағдайына қарамастан өзін


Әлеуметтік орнықтылық және тұрақтылық қоғамның қабылданған, түсінетін және толық құқылы мүшесі ретінде сезінетін тең мүмкіндіктер қаласына айналуы тиіс. Қалалық орта барлық жағынан және халықтың барлық топтары үшін барынша қолжетімді болуға тиіс.

### Ағымдағы жағдайды талдау

Бүгінгі күні Алматыда тұрғындардың жалпы саны 2 млн астам адам, онда **54,6 мың мүгедек адам** тұрады (2022 жылғы 27 тамыздағы жағдай бойынша), оның ішінде 18,3 мыңы жүріп-тұру қиындықтарына тап болған, оларға кедергісіз орта қажет. Мүгедек адамдардан басқа, қала халқының едәуір бөлігі – қарт адамдар, уақытша еңбекке қабілеттілігінен айырылған адамдар, арбалары бар жаяу жүргіншілер, балалар қолжетімді ортаға мұқтаж.

Мүгедектігі бар адамдар санының жыл сайын өсуі байқалады (16-сурет). Осылайша, 2018 жылдан бастап олардың саны **26%-ға өсті** (43,3 мыңнан 54,4 мың адамға дейін). Бұл өсім алғашқы мүгедектік себептерінің 60%-дан астамы онкологиялық аурулар мен қан айналымы жүйесінің ауруларына тиесілі.<sup>55</sup>

16-сурет. Алматы қаласындағы мүгедектігі бар адамдардың саны



Балалар мүгедектігі проблемасы ерекше назарды талап етеді, өйткені 18 жасқа дейінгі мүгедек балалардың үлесі мүгедек адамдардың жалпы санынан 2018 жылғы 12%-дан 2022 жылы 15%-ға дейін өсті. Репродуктивті жастағы әйелдер денсаулығының нашарлауы - балалар денсаулығының теріс динамикасының маңызды факторы. Әйелдердің созылмалы аурулары салдарынан жүктіліктің қолайсыз ағымы, босандыру кезіндегі проблемалар және шала туылу алғашқы балалар мүгедектігінің негізгі себептері болып табылады, ол мынадай диагноздар бойынша белгіленеді: психикалық бұзылулар (28%), туа біткен даму кемістіктері (25%), жүйке жүйесінің аурулары (17%)<sup>56</sup>.

<sup>55</sup>Дереккөз: Еңбек және әлеуметтік қорғау комитеті Алматы қаласы бойынша департаментінің деректері. 10.08.2022 ж. жағдай бойынша мүгедектігі бар тұлғалар ретінде 2 935 адам танылды. Мүгедектік себептері: қатерлі ісіктер – 33% (736 адам), қан айналымы жүйесінің аурулары – 30% (658 адам), жарақаттар (оның ішінде өндірістік) – 7% (152 адам), сүйек-бұлшықет жүйесінің аурулары – 4,7% (97) және т.б.

<sup>56</sup>Дереккөз: Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитеті Алматы қаласы бойынша департаментінің деректері. 2022 жылғы 10 тамыздағы жағдай бойынша 731 балада мүгедектік анықталды, оның негізгі

Ересектер мен балалардың мүгедектік көрсеткіштерінің ағымдағы өсу үрдісі мүгедектіктің алдын алудың сауатты институтын қалыптастыру, сапалы инклюзивті білім беру және оңалтудың тиімді құралдары мен қызметтерін қамтамасыз ету бойынша шараларды күшейтуді талап етеді.

Негізгі бағыттар бойынша Инклюзивті ортаны құрудың маңызды аспектілері:

**1. Мүгедектіктің алдын алу және оған жол бермеу**

Мүгедектіктің себептері мен салдары ересектерде де, балаларда да әртүрлі.

*1) Патологияны ерте анықтау*

Бала мүгедектігінің негізгі факторлары - баланы жоспарлау сатысында ерлі-зайыптылардағы **патологияны уақтылы анықтамау**, жүктілік кезінде анасы және туылған сәттен бастап оңалту мен түзетудің кешенді шараларының болмауына байланысты. Бұл, әсіресе, әйелдер консультацияларының, катамнез қызметтерінің және МСАК ұйымдарындағы бақылау жұмыстарының жеткіліксіз деңгейінде байқалады.

Бүгінгі таңда балаларға (туғаннан үш жасқа дейін) ерте көмек көрсету бағыты ең алдымен биологиялық параметрлерді: генетикалық, анатомиялық, физиологиялық, биохимиялық қарастыруға бағытталған. Бұл ретте психологиялық аспектілер (ойлау, эмоциялар, мінез-құлық) және әлеуметтік факторлар (әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік орта, мәдени аспектілер) екінші кезекте қаралады. **Жүйелі және кешенді тәсілдің болмауы дамудағы проблемаларды анықтаудағы қателіктерге және тиісінше уақтылы араласпауға, әрі қарай патологиялары мен психологиялық дамуында тежелістер бар мүгедектіктің ауыр түрлеріне алып келеді.**

2019 жылдан бастап Алматыда мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде балалардың дене және ақыл-ой қабілеттерін ескере отырып, психологиялық, әлеуметтік-педагогикалық диагностика, мінез-құлықты түзету бойынша «Ерте араласу» пилоттық жобасы іске асырылуда.

3 жыл ішінде 581 бала кешенді қызмет алды, бұл ретте уақтылы терапияның арқасында балалардың 67%-ында мүгедектіктің алдын алды, 26%-да мүгедектіктің ауыр түрлерінен құтылды (*оның 13%-ы ұзақ мерзімді кешенді көмекті қажет етеді*). Нәтижелер ерте араласу мүгедектіктің алдын – алудың және оның ауыр түрлерінің алдын-алудың тиімді шаралары екенін растайды.

Дегенмен, медициналық-әлеуметтік сараптаманың деректері бойынша 3 жыл ішінде 3 мыңнан астам балаға алғашқы мүгедектік белгіленген – олардың 70%-ына кадрлық, инфрақұрылымдық және қаржылық ресурстар болған кезде көмек көрсетуге болар еді.

---

себептері – психикалық бұзылулар (207 адам), туа біткен даму ақаулары (182 адам), жүйке жүйесінің аурулары (127 адам).

## Әлеуметтік орнықтылық және тұрақтылық

Осыған байланысты, жекелеген жобаларды іске асыруда ғана емес, сонымен қатар медициналық, әлеуметтік және психологиялық-түзету аспектілерін қамтитын балалармен кешенді жұмыс жүргізу міндеті тұр.

### *2) Өзара іс-қимылдың болмауы. Кадрлардың жетіспеушілігі*

Мемлекеттік органдар мен мекемелердің өзара іс-қимылының жеткіліксіз деңгейі маңызды фактор болып табылады. Әдетте, мемлекеттік органдардың жұмысы міндеттерді жеке орындауға бағытталған. Ал прогреске қол жеткізу өзегі білікті мамандар болып табылатын **денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау және білім беру саласындағы мамандардың бірлескен жұмысының менеджмент жүйесін** құру қажеттілігін талап етеді.

Әлеуметтік және түзету қызметтерін ұсынудың ерекшелігі үздіксіз білім беруді және қызметкерлердің біліктілігін үнемі арттыруды, сонымен қатар әртүрлі деңгейдегі мамандарды қайта даярлауды қамтиды.

## **2. Техникалық оңалту құралдарымен және көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз ету**

### *1) Оңалту құралдары сапасының төмендігі*

Жыл сайын 25 мыңнан астам мүгедек адам оңалтудың техникалық құралдарымен және қызметтерімен қамтамасыз етіледі, соңғы 3 жылда техникалық құралдар тізбесі 1,7 есеге (*атаулардың 32-ден 55 түріне дейін*) кеңейтілді.

2022 жылдың басынан бастап оңалту қызметтермен және құралдармен 20,3 мың адам қамтамасыз етілді, оңалтудың жеке бағдарламасы бойынша қамту үлесі 66,2% құрайды.

2021 жылдан бастап электрондық макет түрінде ресімделген әлеуметтік қызметтер порталы іске қосылды. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі (ЕХӘҚМ) белгілеген кепілдік берілген сомаларға байланысты әлеуметтік қызметтер порталы арқылы техникалық құралдармен және оңалту қызметтерімен қамтамасыз етуде ұсынылатын қаражат сапасының төмендігі байқалады. Алынған құралдар белгіленген пайдалану және кейіннен ауыстыру мерзімдеріне жетпейді, бұл мүгедек адамдар тарапынан айтарлықтай наразылықтар мен қолайсыздықтар тудырады.

Мүгедектігі бар адамдардан келіп түскен өтініштердің іс жүзінде 30%-ы кресло-арбалардың сапасының төмендігіне, протездік құралдардың сыртқы түріне, 20%-ы әлеуметтік қызметтер порталының толық жұмыс істемеуіне, 20%-ы қажетті сурдотехникалық құралдардың, жүріп-тұру құралдарының (сөйлеу процессорлары, сүйек өткізумен есту аппараттары, БЦП-мен ауыратын балаларға арналған жүріс арбалары) және 10% - құрал-жабдықтардың жеткізу тәртібінің болмауына қатысты.

### *2.2. Инватакси қызметтерін ұсынудағы проблемалар*

Қалада оңалтудың жеке бағдарламаларына сәйкес 2 мыңнан астам мүгедектігі бар адам инватакси қызметін пайдаланады.

## Әлеуметтік орнықтылық және тұрақтылық

Бұл ретте соңғы жылдары мүгедек адамдар санының өсуіне және көрсетілетін қызметтерді алушылар тізімінің кеңеюіне байланысты (көру қабілеті бұзылған, аутистік спектрдің бұзылуы бар балалар), осы қызметті пайдаланушылар санының ұлғаюы инватакси автомашиналарының жетіспеушіліне алып келді. Мүгедектігі бар адамдарға шығу уақытын алдын ала брондауға тура келеді, төтенше жағдайлар кезінде тасымалдау мүмкіндігі жоқ. Сондай-ақ, қолданыстағы инватакси қызметтерінің паркі өте ескірген және жаңартуды қажет етеді.

Автомобильдер санының жеткіліксіздігі проблемасы толыққанды бәсекелестіктің болмауына байланысты (қалада инватакси қызметінің 4 әлеуетті жеткізушісі жұмыс істейді), бұл қызмет көрсету сапасына әсер етеді. Қолданыстағы заңнама бойынша қызметтерді сатып алу автопарктері кеңейтуге мүмкіндігі жоқ мүгедектердің қоғамдық бірлестіктерінен ғана жүзеге асырылады. Қосымша автомашиналарды сатып алу және оларды осындай жеткізушілер үшін қайта жабдықтау үлкен қаржылық тәуекел болып табылады, себебі мемлекеттік сатып алу шарттары тек сол жылға <sup>57</sup> ғана жасалады.

### **2. Инфрақұрылымның қолжетімділігі**

Инфрақұрылымның қолжетімділігі - мүгедектігі бар адамдардың қоғам өміріне белсенді қатысуының, демек, олардың экономикаға ықпалының базалық шарты.

#### *1) Объектілердің бейімделуі туралы толық деректердің болмауы*

Алматы қаласында 75 мыңнан астам инфрақұрылым объектілері орналасқан, алайда тек 5%-ы бойынша халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары үшін бейімделу туралы деректер бар.

ЕХӘҚМ (inva.gov.kz) интерактивті қолжетімділік картасы қалалық инфрақұрылым объектілерінің жай-күйі бойынша негізгі ақпарат көзі болып табылады. Енгізілген объектілердің ішінде 22,3%-білім беру саласының объектілері, 20,9%-денсаулық сақтау, 2,7% - мемлекеттік мекемелер (әкімдіктер, департаменттер, азаматтарға арналған үкімет және т.б.), 0,8% – мәдениет объектілері, 0,4% – спорт объектілері, 0,1% – жолаушылар тасымалы, 52,8% – өзгелері (дүкендер, сауда орталықтар, сұлулық салондар, моншалар, ТҚС және т.б.). Бұл ретте, деректері бар 4083 объектінің тек 415-і (10%) толығымен бейімделген.

«Еуразия Орталық Азия», «Tandau Foundation» және «Ерекше тандау» қорларының бастамасы бойынша «Қолжетімді Қазақстан» (doskaz.kz) жобасы әзірленді. Сайтта қоғамдық объектілердің қолжетімділігі туралы ақпараттық карта ұсынылған. Бұл ретте кез-келген пайдаланушы пайдалы ақпаратпен

---

<sup>57</sup> Дереккөз: «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚР Заңы

Әлеуметтік орнықтылық және тұрақтылық бөлінісе алады. Алматы қаласы бойынша енгізілген 3320 объектінің 348-і ғана (10,5%) толық қолжетімді.

Бүгінгі таңда қалада объективті ақпарат жоқ, ақпараттық жүйелерге енгізілген объектілер қолжетімділіктің толық көрінісін көрсетпейді. Қолданыстағы карталар мобильді құрылғыларда пайдалануға бейімделмеген, бұл ыңғайлылықты төмендетеді және халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары үшін қолжетімді маршрутты жоспарлау мүмкіндігін шектейді.

#### *2) Заңнамадағы олқылықтар*

**Жеке меншіктегі тұрғын үй және қоғамдық объектілерге** қолжетімділікті қамтамасыз ету мәселесі проблемалы болып қалуда. 2019 жылға дейін пайдалануға берілген объектілерде халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары үшін қолжетімділік нормалары сақталмаған, өйткені құрылыс нормаларына сәйкестігін тексеру және әлеуметтік қорғаудың құзыретті органдарының объектілерді қабылдауды келісуі көзделмеген<sup>58</sup>. Нәтижесінде, объектілерде пандустар жоқ немесе талаптарға сәйкес келмейді; сондай-ақ, зағип және нашар көретін азаматтарға арналған тактильді көрсеткіштер, шақыру түймелері, бейімделген санитарлық тораптар, лифтілер, көтергіштер және қолжетімділікке кепілдік беретін өзге де құрылғылар орнатылмаған.

Сондай-ақ, заңнаманың белгіленген нормаларына байланысты **мемлекеттік меншік объектілерін бейімдеу** бойынша проблема бар, айта кетсек объектілерді қайта жаңғырту және күрделі жөндеу 15-20 жыл<sup>59</sup>. өткеннен кейін ғана мүмкін болады. Объектілерді бейімдеу бойынша мерзімінен бұрын жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін осы шектеулерді алып тастау талап етіледі.

#### **4. Мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру**

ҚР ЕХӘҚМ деректеріне сәйкес, қалада 30,4 мың еңбекке қабілетті мүгедектігі бар адам тұрады (*3 топтағы мүгедек адамдар, ішінара 2 топ*), оның ішінде 9 мың адам жұмысқа орналастырылды, бұл шамамен 30% - ды құрайды. Бұл ретте бағаланатын жұмысқа орналастыру әлеуеті 60% - ға дейін жетуі мүмкін.

#### *1) Төмен жалақы, біліктілік қажет емес жұмыс*

Негізінен **мүгедектігі бар адамдар жалақысы төмен жұмыстарда істейді**, олардың жалақысы 60 мыңнан 160 мың теңгеге дейін құрайды.

---

<sup>58</sup> Дереккөз: ҚР Инвестициялар және даму министрінің «Объектіні пайдалануға қабылдау актісінің нысанын бекіту туралы» 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 234 бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы» ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 9 тамыздағы № 632 бұйрығы. Сәйкестік туралы декларацияға халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары үшін қолжетімділікті қамтамасыз ету бөлігінде халықты әлеуметтік қорғаудың келісуші органы енгізілген.

<sup>59</sup> Дереккөз: ҚР ҚН 1.04-26-2011Тұрғын және қоғамдық ғимараттарды қайта жаңарту, күрделі және ағымдық жөндеу»



Көбінесе бұл осы мүгедектігі бар адамдардың үкіметтік емес ұйымдарындағы әлеуметтік жұмыс орындары болып табылады. Басым бөлігі жеткілікті біліктілікті талап етпейтін позицияларда жұмыс істейді – бұл операторлар, техникалық персонал, қосалқы жұмысшылар, жүргізушілер, вахтерлер және т.б.

Жұмыспен қамту органдарына жүгінгендердің 59% – ы біліктілікті талап етпейтін уақытша жұмыстарда (*қоғамдық жұмыстар – 30%, әлеуметтік жұмыс орындары - 29%*) жұмыс істеуге ниет білдірді.

## 2) Еңбек қатынастары теңдігінің кепілі

Еңбек қатынастары бөлігінде заңнамамен мүгедектігі бар адамдардың құқықтарына кепілдік берілген. Атап айтқанда, жұмыс орындарының квоталары белгіленеді, әлеуметтік жұмыс орындары құрылады, салық жеңілдіктері көзделген (*мүгедек жұмыскерлер ЖТС төлеуден босатылады*).

2022 жылы квота шеңберінде белгіленген 5,8 мың жұмыс орнының ішінде мүгедек адамдардың тек 37%-ы ғана жұмысқа орналастырылды. Жұмысқа орналасқандардың тек 10%-ы ғана жоғары білікті позицияларда жұмыс істейді.

Мүгедек адамдарды **жұмысқа орналастырудағы негізгі кедергі жұмыс берушілер үшін ынталандыру шараларының болмауы**, сондай-ақ олардың жұмыс орындарын тиісті бейімдеуге қосымша қаржы шығындары көтергісі келмеуі болып табылады.

Мүгедек адамдардың өз бизнесін және жұмыс орындарын құруын тежеуші фактор ақша қаражаты мен қажетті құзыреттердің болмауы болып табылады.

## Халықаралық тәжірибе

Мүгедектердің құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясын әлемдік ауқымда қабылдау қоғамның дамуындағы революциялық серпіліс болды, онда қолжетімділік мүгедек адамдардың азаматтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарын тиімді және тең жүзеге асырудың негізін қалаушы қағидаттар мен шарттардың бірі болып табылады.

### 1. Инфрақұрылымның қолжетімділігі

**Ұлыбритания** мүгедектігі бар адамдар үшін өмір сүретін ең қолайлы елдердің бірі болып саналады. Шамамен 10 млн адам халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтарына жатады (*бұл ел халқының алтыншы бөлігі*). **Қалалық инфрақұрылым, атап айтқанда жолдар мүгедек адамдардың мұқтаждықтары үшін кезең-кезеңімен жабдықталған.** Бейімделудің бірінші кезеңі мүгедектігі бар адамдар тұратын тығыздығы жоғары аудандарда өткізілді, кейіннен қаланың басқа аудандары да бейімделді. Бұдан әрі **көлік инфрақұрылымы** салонға көтерілу оңай болатын **арнайы платформалармен**, нашар көретін және зағип адамдарға арналған индикаторлар жүйесімен **жабдықталған.** Көбінесе мүгедектігі бар адамдар

Әлеуметтік орнықтылық және тұрақтылық жиі қолданатын маршруттар бейімделді. Қолжетімді ортаны ұйымдастыру мүгедек адамдарға белсенді және тәуелсіз өмір салтын жүргізуге мүмкіндік берді.

Алматыда объектілерді одан әрі бейімдей отырып, кезең-кезеңімен паспорттауды бастау қажет.

## **2. Жұмысқа орналастыру тәсілдері**

1) **Финляндияда** заңнамалық база халықты әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау, жұмыспен қамту, әлеуметтік сақтандыру және білім беру салаларына интеграцияланған оңалту жүйесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді. Мемлекет мүгедектер мен халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтарының шығындарының көп бөлігін өтейді. Мүмкіндігі шектеулі жандарды **кәсіби оңалтуға, кәсіби дамытуға** көп көңіл бөлінген.

Финляндияның «Кела» әлеуметтік сақтандыру басқармасы кәсіптік оңалтуға арналған шығындарды, яғни еңбекке қабілеттілігі мен еңбекақы төлеуге және көлік шығындарына арналған шығындарды толық өтей отырып, жалақы мүмкіндігін қалпына келтіруге бағытталған еңбек терапиясын ұйымдастырады және өтейді. Сонымен қатар сол адаммен байланысты жалпы жағдай, сондай-ақ жұмыс жасай алатын және одан күтуге болатын жұмысты орындау арқылы ақша табу мүмкіндігі ескеріледі.

Еңбекке жарамсыздықтың алдын алу және еңбекке және табыс табуға қабілеттілікті арттыру мақсатында жұмысқа орналастыру жөніндегі бюролар зейнетақы жүйесі шеңберінде еңбекке қабілеттілігіне қатер төндіруі мүмкін еңбек тәжірибесі ауруы, ақауы немесе мүгедектігі бар қызметкерлер мен кәсіпкерлер үшін оқыту курстарын ұйымдастырады.

2) **Германияда** бизнеспен айналысу үшін түрлі квоталар мен субсидиялар қарастырылған, сондай-ақ кәсіпкерлерге, жұмысқа орналастырушы мүгедек адамдарға жалақы сомасының 80% субсидияланады. Бизнесіні ашқан кезде мемлекет **үй-жайды белгілі бір мерзімге өтеусіз негізде береді**, жабдықты (құрал-сайман) сатып алуды субсидиялайды, қажет болған жағдайда «Біліктілік арқылы интеграциялау» қолдау бағдарламасы бойынша дағдыларға оқыту жүргізіледі. Қомақты субсидияларды мүгедек адамдарға көмектесетін қоғамдық ұйымдар, діни бірлестіктер алады.

Финляндияның тәжірибесі бойынша Алматыда еңбекке орналастыру тұрғысынан мүгедек адамдарға көмектесетін еңбек терапиясы мен қысқа мерзімді курстар бойынша қызметтерді ұйымдастыру мүмкіндігі бар. Германияның тәжірибесі бойынша бизнесті ашу мен қолдауға қаржылық көмек көрсете отырып, жалға берілетін үй-жайларды ұсыну мүмкіндігін қарастыруға болады.

## **Іс-қимыл жоспары**

### **1. Мүгедектіктің алдын алу**

Мүгедектіктің алдын алу көмек көрсету әдістерін ұдайы жетілдіруді және жұмыскерлердің біліктілігін арттыруды қоса алғанда, ерте диагностикалау мен оңалтуға бағытталған шаралар кешенін көрсетуді талап етеді.

#### *1) Ерте көмек көрсету*

Ерте араласу қызметтерін кеңейту, мұқтаж балаларды анықтау бойынша дәрігерлерді оқыту, сондай-ақ МСАК базасында денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қорғау саласындағы мамандардың жаттықтырушылар құрамы мәселелері **ғылыми, оқу-әдістемелік және практикалық орталық** ашу арқылы шешілетін болады.

Орталық 2023 жылы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс арқылы жергілікті бюджет қаражаты есебінен құрылатын болады.

Орталықтың басты міндеті - **дамуында ауытқулары бар балаларды уақытылы анықтау және осы дағдыларға МСАК дәрігерлері мен мұқтаж балаларға кешенді психо-түзету және оңалту көмегін көрсету бойынша мамандарды оқыту**. Кешенді қызметтермен 2023 жылы 300 баланы, 2025 жылға қарай 1 мыңнан астам баланы қамту жоспарлануда, олар нозология бойынша мүмкіндіктері шектеулі балалардың деректер банкін құрып, олардың қажеттіліктері мен даму серпінін көрсетеді.

Бұдан басқа, ЦП-ның әртүрлі формалары бар балаларды емдеудің бірыңғай хаттамасы әзірленеді және енгізіледі, бұл олардың сапалы абилитациясы мен оңалтуына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Орталықты ашу есебінен 2023 жылдың соңына қарай мынадай нәтижелерге қол жеткізілетін болады: қызметтермен қамтылған 300 баланың 30%-ы әлеуметтік бейімделетін және әлеуметтендірілетін болады, ЦП бар балалардың 20%-ында қозғалыс дағдылары қалыпқа келтірілетін болады, балалардың 10%-ында байланыс дағдылары қалыптастырылатын болады, психикалық дамуы артта қалған балалардың 70% - ында мүгедектігінің алдын алу жүргіледі.

2030 жылға қарай оқумен қамту 5,6 мың денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау және медицина қызметкерлерін құрайды (2023 ж. – 500 адам, 2024 ж. – 600 адам, 2025 ж. – 700 адам, 2026 ж. – 800 адам, 2027 ж. – 900 адам, 2028 ж. – 1000 адам, 2029 ж. – 1100 адам, 2030 ж. – 1200 адам).

Орталықта жүйелі деңгейде **қандай да бір қызметтердегі бағалауды ерте анықтау және айқындау**, балалардың автономияға дайындық деңгейіне мониторинг жүргізу, сондай-ақ инклюзивті мектепке дейінгі және мектеп мекемелерінде оқыту сапасына мониторинг жүргізу бойынша зерттеу жүргізілетін болады.

## Әлеуметтік орнықтылық және тұрақтылық

Мүгедектігі бар ересек адамдарды сапалы оңалту және олардың жай-күйінің нашарлауының алдын алу (мүгедектіктің екінші, бірінші топтарына көшу) үшін **алдын ала көмек бөлімшесі ашылады.**

Қала тұрғындарының қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін қала аудандары бойынша орталықтар немесе оның бөлімшелерін ашу тәжірибесі көбейтілетін болады.

### *2) Ведомствоаралық өзара іс-қимыл*

Ерте араласу жөніндегі жұмыстың әлеуметтік және экономикалық әсеріне әлеуметтік жұмыс және ведомствоаралық өзара іс-қимыл тетігін құру арқылы қол жеткізілетін болады.

2022 жылдың екінші жартыжылдығында мүгедектіктің алдын алуға және ерте араласудан, мектепке дейінгі және мектеп инклюзиясынан бастап кешенді көмекке мұқтаж балаларды үздіксіз сүйемелдеу жүйесін құруға бағытталған денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау және білім беру күштерін біріктіре отырып, стандарттарды бекіту бойынша ЕХӘҚМ-ге ұсыныстар енгізіледі және түпкілікті нәтиже ауыр патологиялары бар балаларды автономияға дайындау нормалары болады және қауіпті топтағы балалардың өмірлік қиын жағдайдан шығуы (мүгедектік факторларды алдын алу).

Осылайша, 2030 жылға қарай халықтың мүгедектігі 10%-ға (2023 жылы – 2%-ға, 2024 жылы - 4%-ға, 2025 жылы - 6%-ға) төмендетілетін болады.

**2. Әлеуметтендіру деңгейін арттыру үшін мүгедектігі бар адамдарды оңалту техникалық құралдарымен және қызметтерімен 100% қамтамасыз етуге қол жеткізу.**

### *1) Оңалту құралдарының сапасын жақсарту*

Республикалық бюджеттен кепілдендірілген сомаларға қосымша мемлекеттік сатып алу арқылы сапалы қымбат құралдарды (*кресло-арбалар, протездік-ортопедиялық және есту-протездік құралдар*) сатып алу үшін жергілікті бюджеттен қаржыландыру жүзеге асырылатын болады.

Бұл жеткізілетін оңалту құралдарының сапасын бақылауға, сол арқылы мүгедектігі бар адамдарды шынайы, сапалы және жаңа тауар жеткізу кепілдіктерімен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Мұндай қаражатпен жыл сайын 5 мыңнан астам мүгедектігі бар адам қамтамасыз етілетін болады.

Құралдардың сапасын жақсарту үшін техникалық ерекшелік мүгедек адамдардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып және қоғамдық ұйымдармен және сарапшылармен қосымша параметрлерді енгізу қажеттілігін талқылай отырып қалыптастырылатын болады.

Инновациялық технологиялардың дамуын ескере отырып, 2023 жылдың бірінші жартысында Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне мемлекеттік бюджеттен сатып алынатын оңалту құралдарының жекелеген түрлеріне қойылатын бірыңғай талаптарды айқындау, оның ішінде құралдарын жеткізушілер үшін бірыңғай талаптарды айқындау жөніндегі базалық әдістемелік ұсынымдарды жасау және жыл сайын жаңарту жөнінде

Әлеуметтік орнықтылық және тұрақтылық ұсыныстар енгізіледі, кейінен олар халықпен талқылауға шығарылатын болады.

## 2) *Инватакси қызметін оңтайландыру*

Биыл инватакси қызметін ұсыну үшін қосымша 54 автокөлік іске қосылады. Осылайша, тасымалдауды 100 машина жүзеге асырады.

Бұдан басқа, автоматтандыру бөлігінде инватакси қызметтерін ұсыну моделі қайта қаралатын болады және 2023 жылдың бірінші жарты жылдығында такси агрегаторлары қызметтері (транзакцияларды белгілей отырып) арқылы қызметті іске қосу жоспарлануда.

Осылайша, 2025 жылдың соңына дейін оңалтудың жеке бағдарламаларына мұқтаждарды **сапалы құралдармен және оңалту қызметтерімен (инватаксиді қоса алғанда) қамту** 100% - ды құрайды (2022 ж. - 85%, 2023 жыл. – 90%, 2024 – 95%, 2025 - 100%, 2030 – 100%).

Осылайша, 2025 жылдың соңына қарай оңалтудың жеке бағдарламаларына сәйкес мұқтаждардың **сапалы құралдармен және оңалту қызметтерімен қамтамасыз ету** 100% - ды құрайды (2022 ж. - 85%, 2023 ж. – 90%, 2024 – 95%, 2025 - 100%, 2030 – 100%).

**3. Кедергісіз орта құру.** Мүгедектігі бар адамдар үшін кедергісіз ортаны 75%-ға дейін қамтамасыз ету жөніндегі мақсатқа қол жеткізу үшін 2030 жылға қарай келесі шараларды кезең-кезеңімен іске асыру жоспарланған.

## 1) *Қалалық қолжетімділік бағдарламасы*

2023 жылы **инфрақұрылым объектілеріне қолжетімділіктің 2030 жылға дейінгі қалалық бағдарламасы** бекітіледі. Бағдарламада функционалын жетілдіре және қала аудандары бойынша тұрақты түрде өзектілендіре отырып, сондай-ақ бірінші кезекте назар аудару қажет аймақтарды белгілей отырып, қолда бар карталар базасында **интерактивті картаны** қамтитын болады.

Бағдарламада басты назар алғашқы 3 жылға (2025 жылға дейін) бағытталады болады, онда халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары үшін қолайлы орта құруда сапалы серпіліс жасалатын болады.

Жаңартылған интерактивті картаға бағдарлана отырып, бейімделмеген қоғамдық объектілер мен қоғамдық көлікке паспорттау, барлық жүріп-тұруы шектеулі жаяу жүргіншілер үшін жолдардың үздіксіздігін қамтамасыз ете отырып, аялдама пункттерін қоса алғанда, барлық жаяу жүргіншілер кеңістігінің қолжетімділігіне ревизия жүргізілетін болады.

Бірінші кезекте **2025 жылға дейін** ХҚКО, денсаулық сақтау, білім беру, спорт объектілері және басқа да мекемелер, сондай-ақ бұрын қолжетімділік картасына енгізілген объектілер жиі келетін объектілерге (*пандустар, көтергіштер, тактильді плиталар мен көрсеткіштер, мнемосхемалар, шақыру түймелері, тұтқалар орнату, кедергілерді жою*) бейімделуден өтеді.

## Әлеуметтік орнықтылық және тұрақтылық

Мәселен, 2025 жылға қарай қалалық әлеуметтік объектілердің 30% – ы бейімделетін болады (2022 жылы – 15%, 2023 жылы – 20%, 2024 жылы – 25%, 2025 жылы-30%).

Екінші кезеңде жаңа паспортталған объектілер толығымен бейімделетін болады.

**2030 жылға дейін** театрларда, музейлерде, кітапханаларда және басқа да мәдениет объектілерінде іс-шаралардың, оның ішінде спектакльдердің, телевизиялық бағдарламалардың және т.б. жүгіру жолдарының болуы және ымдау тіліне аударылуы ескере отырып, кейіннен бейімдеу арқылы паспорттау жүргізіледі. Осылайша, 2030 жылға қарай қалалық объектілердің 75% - ы бейімделетін болады.

Бұл жұмыс мүгедектігі бар адамдары бар қоғамдық ұйымдардың қатысуымен мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде орындалатын болады. Бұл ретте әкімдердің аудандық аппараттары толық жұмылдырылады.

### *2) Заңнамалық нормаларды жақсарту*

Объектілерді паспорттау мен бейімдеуден басқа, күш-жігер құрылыс нормаларын жақсартуға және қажет болған жағдайда пысықтауға бағытталатын болады.

Объектілерді бейімдеу қорытындылары бойынша әрбір аудан бөлінісінде қорытындылар қалыптастыра отырып және қоғамдық бірлестіктердің, сарапшылардың қатысуымен тұрақты аудит жүргізілетін болады.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс арқылы көшпелі тексерулерді жүзеге асыру үшін әдістемелік ұсынымдар қалыптастырылатын болады, сондай-ақ сәулет-құрылыс нормалары бөлігінде мамандарды оқыту және олардың біліктілігін арттыру бойынша жұмыс жүргізілетін болады.

**4. Жұмысқа орналастыру және кәсіпкерлік бастамаларды қолдау** арқылы мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну.

### *1) Жұмыс орындарына жұмысқа орналастыру*

Жұмыспен қамтуға тарту мемлекет субсидиялайтын уақытша және тұрақты жұмыс орындарына жұмысқа орналастыру арқылы жүзеге асырылатын болады.

Мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыратын ұйымдарда мемлекет осындай қызметкерлердің жалақысының кемінде 70%-ын субсидиялайтын болады. Жоспарланған жыл сайынғы қамту 500-ден астам адамды құрайды.

### *2) Оқытуды ұйымдастыру*

Финляндияның тәжірибесіне сүйене отырып, мүгедектігі бар адамдар одан әрі жұмысқа орналасу үшін практикалық дағдыларға оқытылатын болады.

## Әлеуметтік орнықтылық және тұрақтылық

Халықты жұмыспен қамту орталығы арқылы жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мүгедектігі бар тұрғындардың қысқа мерзімді біліктілігін арттыру және қайта оқыту курстары бойынша бағдарламалар, оның ішінде кейіннен жұмысқа орналастыра отырып, зағип жандарға массаж курстар, бухгалтерге, графикалық дизайнерге, аспазшыға, наубайшыларға, тігіншіге, шаштаразға, дәнекерлеушіге және басқаларға арналған курстары кеңейтіледі. Жыл сайын кемінде 100 мүгедектігі бар адамға оқу курстары ұсынылатын болады.

«Ten Qogam» орталығы арқылы жылына кемінде 700 адамның кәсіби дағдыларын дамыту бойынша кәсіби терапия және курстар қызметтері ұсынылады. Білім алған адамдарды жұмысқа орналастыру кемінде 60% - ды құрайтын болады. Қадамдық қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында 2024 жылға дейін «Ten Qogam» орталықтарын немесе қаланың әрбір ауданында бөлімшелер ашу жоспарлануда.

ЕХӘҚМ-ға skills.enbek.kz портал арқылы жүріп-тұруы шектеулі мүгедек адамдарға арналған қашықтықтан оқуға мүмкіндік беретін онлайн курстар бағдарламаларын кеңейту бойынша ұсыныстарға бастамашылық жасалады. Жыл сайын 100-ден астам мүгедектігі бар адам оқуға жіберіледі (*Smart skills, IT және телекоммуникация, HR және хатшылық, маркетинг және БАҚ және т.б. бойынша курстар*).

### 3) Кәсіпкерлік бастамаларды қолдау

Сондай-ақ, жұмыс мүгедектігі бар адамдарды өз бетінше жұмыс орындарын ашуға, бизнес-жобаларды іске асыруға және стартаптарды дамытуға қолдауға бағытталатын болады. Ол үшін жыл сайын кемінде 50 мүгедектігі бар кәсіпкерге бизнес ашуға гранттар (400 АЕК-ке дейін, 5 млн. теңге) берілетін болады.

## Қажетті ресурстар

Қолдау шараларын іске асыру үшін **2025 жылға дейінгі** қаражаттың **жыл сайынғы болжамды сомасы 18,3 млрд теңгені** құрайтын болады (*оның ішінде жергілікті бюджеттен – 12,2 млрд теңге*), сондай-ақ мүгедектікті төмендету және оңалту құралдарының сапасын жақсарту үшін 2023 жылдан бастап жергілікті бюджеттен қосымша **1,2 млрд теңге** сомасында қаражат бөлінетін болады.

*Анықтама үшін:*

- кедергісіз орта құруға - жыл сайын 1,1 млрд теңге;
- оңалту құралдарымен және қызметтерімен қамтамасыз етуге – жыл сайын 16 млрд теңге;
- жұмыспен қамту шараларына – жыл сайын 0,9 млрд. теңге;
- мүгедектіктің алдын алу және оған жол бермеу үшін – жыл сайын 0,3 млрд теңге.

Одан әрі, **2030 жылға дейін** қаражаттың талап етілетін көлемі жыл сайын шамамен **22-26 млрд теңгені** құрайды.

### **Күтілетін нәтижелер**

**1.** Объектілерді бейімдеу әлеуметтік маңызы бар жерлерге бару тұрғысынан барлығы үшін тең жағдай жасауға мүмкіндік береді. Кедергісіз жағдайлар жасаудың арқасында халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтарының өкілдері (ЖШТ-мүгедек адамдар, қарттар, балалары бар аналар, балалар) кез келген таңдалған бағыт бойынша, оның ішінде қоғамдық көлікте жүріп-тұруға мүмкіндік алады. Қоршаған орта ЖШТ өкілдері кеңістікте еркін жүре алатындай және сыртқы көмекке жүгінбестен немесе оны ең аз пайдаланбай қозғалатындай етіп жабдықталады.

**2.** Балалар мүгедектігінің алдын алудың, анықтау мен бағалаудың қалыптасқан жүйесі аурудың созылмалы түрге көшуінің алдын алу және мүгедектіктің ауырлығының алдын алу немесе дәрежесін едәуір қысқарту есебінен мүгедек балалардың санын едәуір төмендетуге мүмкіндік береді.

Жалпы, мүгедектіктің алдын алу және уақтылы түзету жөніндегі жүйелі жұмыстың арқасында 2030 жылға қарай балалардың мүгедектігі 10%-ке төмендейді.

**3.** Жоспарланған іс-шараларды іске асыру мүгедектігі бар адамдарды олардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық оңалту құралдарымен қамтамасыз етуге ғана емес, сондай-ақ мүгедектігі бар адамдардың тұрмыстық, қоғамдық, кәсіби қызметінде өзінің конституциялық құқықтарын толық көлемде іске асыру қабілетін қалпына келтіруге мүмкіндік береді, сол арқылы олардың қоғамға бейімделуін жеделдетеді. 2025 жылға қарай қолдауды толық қамтамасыз ету күтілуде.

**4.** Дағдыларға оқыту және қайта оқыту, өз бизнесін ашу үшін шаралар ұсыну арқылы мүгедектігі бар адамдардың дені сау адаммен тең құқықтары болады, қоғамға кірігу және лайықты орын табу мүмкіндігі кеңейеді. Қалада жұмыс берушілер мойындаған, қаланың экономикалық өміріне тартылған мүгедектігі бар адамдар үшін жағдай жасалатын болады.

### **4.2. Сапалы білім беру**

Жаһандық бәсекелестік пен болашақтың белгісіздігі дәуірінде басты назарды адамның өзіне, оның әлеуетін барынша дамытуға, адамдардың өмірді жақсартуға, жылдам және болжанбайтын өзгерістер жағдайында өзін-өзі дамытуға аударатын елдер жеңімпаз болып табылады. Бұл жаңа күн тәртібінде білім беру басты рөл атқарады. Қазақстанның 30 жылдан кейін алатын орны 2021-2030 жылдары біздің балабақшаларда, мектептерде, колледждер мен университеттерде, үздіксіз білім беру саласында не болатындығымен айқындалады.

Алматы еліміздің жоғары оқу орындары мен студенттерінің үштен бірі шоғырланған және еліміздің ең ірі ғылыми-білім беру орталығы болып табылады. Орта мектеп оқушыларының саны бойынша қала елімізде (Түркістан және Алматы облыстарынан кейін) 3-ші орын алады.



Әлеуметтік орнықтылық және тұрақтылық Оқушылардың мұндай контингенті мемлекеттік салымдар мен жеке сектордың инвестицияларын ынталандыра отырып, білім беру сапасына, кәсіби кадрларға және дамыған инфрақұрылымға үлкен сұраныс тудырады. Алматы жеке меншік балабақшалар (674), мектептер (91) және колледждер (60) саны бойынша республикада бірінші орын алады.

### I. Қадамдық қолжетімді сапалы мектептер, мектептегі білім берудің жаңа сапасы.


Алматы қаласында мектепте білім беру сапасын арттырудың негізгі факторлары: 1) **дамыған инфрақұрылым**: қолжетімді мектеп, заманауи кабинеттермен жабдықтау; 2) **кадрлық әлеуетті дамыту**; 3) **қаланың білім беру саясаты және басқару**; 4) **оқушылардың жетістіктерін бағалау**; 5) **қосымша білім беру және сыныптан тыс оқыту** болып табылады.

#### Ағымдағы жағдайды талдау

Алматы - халқы тез өсіп келе жатқан ірі мегаполис. Қаланың білім беру желісіне шамамен 320 мың оқушы контингенті бар 301 орта білім беру ұйымы, оның ішінде 210 мемлекеттік және 91 жеке меншік оқу орындары кіреді, онда 20 541 педагог еңбек етеді.

Соңғы 10 жылда жыл сайын оқушылардың саны табиғи өсім мен ішкі көші-қон есебінен орта есеппен 12-14 мың балаға өсіп келеді. Осы кезеңде **бірінші сынып оқушыларының саны мектеп түлектерінің санынан екі есе көп**. Бұл ретте қолданыстағы инфрақұрылым мектептердегі өсіп келе жатқан қажеттіліктен едәуір артта қалып отыр (17-сурет).

17-сурет. Оқушылардың оқу орындарына қатысты қозғалыс динамикасы



## 1. Инфрақұрылым

1) 2021-2022 оқу жылының соңына мектептерде оқушы орындарының тапшылығы 19,6 мың орынды құрайды. 210 мемлекеттік орта білім беру ұйымдарының 37-сі шамадан тыс жүктемесі көп, 17 мектепте бір сыныптағы оқушылар саны 40 адамнан асады.

Соңғы 5 жылда 4900 орындық 6 мемлекеттік мектеп пайдалануға берілді. Бұл ретте қала орталығындағы **жер учаскелерінің тапшылығы және жаңа аудандарда инженерлік инфрақұрылымның дамымауы** мектептердің қажетті санын енгізуге мүмкіндік бермейді. Бұдан басқа, Алматыда мектептер салуға жұмсалатын шығындардың да маңызы аз емес, олар басқа өңірлермен салыстырғанда орта есеппен екі есе қымбатқа түседі (атап айтқанда, жобалық қуаты 1200 орындық бір мектеп құрылысының құны – 5,2 млрд теңге, ал 3 га жер учаскесін орта есеппен 5 млрд. теңге сатып алу).

Сонымен қатар, қала әкімдігі **білім беруге жеке инвестицияларды тарту бойынша** ынталандыру шараларын қабылдауда. Соңғы 3 жылда қалада 34 жеке меншік мектеп іске қосылды, олардың ішінде «NGS», «Шоқан Уәлиханов мектебі», «High Tech Academy» сияқты халықаралық стандарт мектептері (IB және A-Level) неғұрлым көрнекі болып табылады.

2) Орын тапшылығы проблемасынан басқа, **білім беру процесінің ескірген инфрақұрылымы және оны баяу жаңарту проблемасы** бар. Материалдық-техникалық базаның ескіруі жаңа мектептер салу мен білім беру ұйымдарын жабдықтауға қарағанда тезірек жүріп жатыр.

Бүгінгі күні мемлекеттік мектептердің **70%-ында (140 мектеп)** жан басына шаққандағы қаржыландыру шеңберінде қаражаттың жеткіліксіздігінен **физика, химия, биология және робототехника пәндері кабинеттерін сатып алу мүмкіндігі жоқ**. Аталған кабинеттердің мемлекеттік стандарттарға сәйкестігі үшін қосымша қажеттілігі осы мектептер үшін 502 бірлікті құрайды. Осындай жағдай интерактивті панельдер бойынша қалыптасуда, аталған мектептер үшін қажеттілік 1044 бірлікті құрайды.

3) **Мектептерде қауіпсіздікті қамтамасыз ету** мәселесі де өзекті болып табылады. Бүгінгі күні 210 мемлекеттік мектеп 4 690 оның ішінде 2 880 - ішкі, 1810-ы сыртқы бейнебақылау камерасымен жабдықталған. Алматы қаласы Полиция департаментінің жедел басқару орталығына 203 мектеп (684 камера) қосылған. 15 интернатта 213 бейнебақылау камералары жабдықталған, олардың 143-і Алматы қаласы Полиция департаментінің жедел басқару орталығына қосылған. Қолжетімділікті бақылау жүйесі (турникеттер) 37 мектепте, 225 мектеп пен интернатта орнатылған.

Бұл ретте, мемлекеттік мектептер мен интернаттарда орнатылған барлық бейнекамералар ҚР ҰҚК төрағасының 2020 жылғы 27 қазандағы № 69-ке бұйрығымен бекітілген бейнемониторингтің ұлттық жүйесінің талаптарына сәйкес келмейді, сондай-ақ моральдық тұрғыдан ескірген.

## Әлеуметтік орнықтылық және тұрақтылық

Білім беру ұйымдарының қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі негізгі проблемалар: қолданыстағы бейнебақылау камераларының техникалық сипаттамаларының белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі (*сапасы төмен бейне материал, адамдарды тану мүмкін емес*); бейнебақылау камераларының жеткіліксіз саны (*соқыр аймақтардың болуы*) болып табылады.

### 2. Кадрлық әлеуетті дамыту

Білім беру процесіне қойылатын қазіргі заманғы талаптар және тиісінше технологиялық өзгерістер мектеп менеджментіне және мұғалімдердің біліктілік деңгейіне айрықша әсер етеді.

Педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыруды мынадай ұйымдар қамтамасыз етеді: «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ, Педагогикалық шеберлік орталығы, Білім беру жүйесі қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және қайта даярлау институттары.

2016-2021 жылдар аралығында қаланың **28,3 мың** педагог қызметкерлері біліктілікті арттыру курстарынан өтті. Бұл педагогтердің кәсіби құзыреттілік, цифрлық және функционалдық сауаттылық, икемді дағдылар деңгейін арттыруға мүмкіндік берді.

2021 жылдан бастап Алматыда оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға және ерте кәсіби бағдарлауға, сондай-ақ оқу процесін цифрландыру және мектептердің қаржылық дербестігі бойынша құзыреттілікті күшейтуге бағытталған білім беру қызметкерлерінің кадрлық әлеуетін дамытудың 3 жылдық кешенді бағдарламасы іске асырылуда. Бағдарлама 300 басшыны, 6 мың педагогты және 50 мың оқушыны қамтыған.

### 3. Қаланың білім беру саясаты және басқару

1) Басшылардың кәсіби дамуы **қаржылық менеджмент және стратегиялық жоспарлау саласындағы құзыреттерді арттыруға бағытталған**, бұл мектептерді басқару тәсілдерін өзгертуге мүмкіндік береді. Алматы қаласының мемлекеттік білім беру ұйымдары елімізде бірінші болып сметалықтан жан басына қаржыландыруға көшті. Жылдық қаржыландыру көлемінің өсуіне байланысты мектептің орташа бюджеті 2018 жылғы 225 млн.теңгеден 2021 жылы 519 млн. теңгеге дейін өсті. Бұл ретте, мемлекеттік мекемелер нысанындағы мектептердің ұйымдық-құқықтық нысаны ресурстарды, қаржыны және кадрларды тиімді басқару үшін мүмкіндіктерді шектейді.

Мемлекеттік мектептер менеджментін қаржыландыру дербестігі мен тиімділігінің өсуіне және білім беру процесінің сапасын арттыруға білім беру ұйымдарының басқарудың жаңа моделі - шаруашылық жүргізу құқығына (ШЖҚ) көшуі ықпал ететін болады. Осыған байланысты, барлық мемлекеттік мектептерді шаруашылық жүргізу кәсіпорындарына кезең-кезеңмен көшіру

Әлеуметтік орнықтылық және тұрақтылық жоспарлануда. 2022 жылы ШЖҚ-ға 76 мектеп, 2023 жылы – 99 мектеп, 2024 жылы - 29 мектеп өтеді.

2) Қаланың білім беру саясаты бағыттарының бірі **үштілділік бағдарламалары арқылы** оқушылардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады. 210 мемлекеттік мектептің 3-уінде физика, химия, биология және информатика пәндері бойынша үштілділік толық енгізілген, ал 171 мектепте ішінара енгізілген бағдарламалар іске асырылуда. Үштілділікті іске асырудағы негізгі проблема пән мұғалімдерін ағылшын тілінде оқытуға даярлау деңгейінің жеткіліксіздігі.


#### 4. Оқушылардың жетістіктерін бағалау

Бірқатар халықаралық зерттеулер, атап айтқанда Йель университетінің зерттеулері көрсеткендей, **мектептегі білім беруді дамытудың негізгі 5 тренді бар**, олар: **steam** бағдарламалары (Science, Technology, Engineering, Art, Mathematics (Ғылым, Технологиялар, Инжиниринг, Өнер, Математика), «ойын»), жеке оқыту бағдарламалары, «цифрлық азамат» тәрбиелеу және компьютерлік сауаттылықты арттыру, эксперименттік және қосымша оқытудың мектептен тыс бағдарламалары.

Бүгінгі күні PISA, PIRLS, TIMSS, ICT, ҰБТ, МОДО және халықаралық және республикалық олимпиадалардың жүлдегерлерінің саны сияқты білім беру сапасын бағалаудың түрлі құралдары бар. Қазақстан үшін білім беру сапасын бағалаудың маңызды құралы ретінде PISA қорытындысы анықталды. 2018 жылы Алматы қаласының оқушылары математикалық сауаттылық бойынша ел көшбасшыларының үштігіне кіріп, жаратылыстану-ғылыми сауаттылық бойынша бірінші орынға ие болды.

Сонымен қатар, Қазақстан мен Алматының көрсеткіштері ЭЫДҰ елдеріндегі орташа көрсеткіштен төмен болып қалуда (18-сурет). Мұның себептерінің бірі оқу сауаттылығының жеткіліксіз деңгейі, бұл пәнаралық байланыстары бар контекстік тапсырмаларды орындауды қиындатады.

18- сурет. PISA-2018 зерттеу нәтижелері



\*математикалық сауаттылық, жаратылыстану сауаттылығы, оқу сауаттылығы

## **5. Қосымша білім беру және сыныптан тыс оқыту**

Өзін-өзі дамытудың үздіксіз процесінің және жаңа функционалдық және коммуникативтік дағдыларды алудың негізі қосымша білім беру болып табылады. Қосымша білім беру - бұл баланың бос уақытының тиімді түрі, ол белгілі бір дәрежеде қауіпсіздікті және «сырттың» теріс әсерінен, әлеуметтік желілерге шамадан тыс бас алмай отыруынан қорғауды қамтамасыз етеді.

Қалалық қосымша білім беру жүйесі жалпы 30 мыңнан астам оқушыны қамтитын 61 ұйымнан (17 мемлекеттік, 44 жеке) тұрады.

Сонымен қатар, қосымша білім беру ұйымдары санының шектеулі болуына және үйірме қызметін ұйымдастыру үшін инфрақұрылымның жеткіліксіздігіне байланысты **мектептен тыс ұйымдарда оқушылардың жалпы санынан тегін қосымша білім берумен қамту 10% - ды құрайды.** Сондай-ақ, 7 аудандық оқушылар үйінің **материалдық-техникалық базасы мен мазмұны жаңартуды талап етеді.**

Қазіргі уақытта оқушылар сарайын қайта жаңғыртудың екінші кезеңі бойынша жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу жұмыстары жүргізілуде, оның шеңберінде балалардың қауіпсіздігін және жайлы болуын қамтамасыз ету үшін инженерлік жүйелерге жөндеу жүргізілетін болады. Бұдан басқа үлкен концерт залын, қысқы бақты, сондай-ақ обсерваторияны қалпына келтіру жұмыстары жоспарлануда.

Мектеп спорт алаңдары - сабақтан тыс уақытта балалардың бос уақытын өткізетін орындардың бірі. Алаңдарды жаңғырту балалардың бос уақытын спортпен айналысу үшін тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Алайда, барлық спорт алаңдары стандарттарға сәйкес келмейді және жақсартуды қажет етеді.

### **Халықаралық тәжірибе**

#### **1. Оқушы орындарының тапшылығы мәселесін шешу тәсілдері**

1) **Мәскеу** мектептерінің үштен бір бөлігі жеке инвестициялар есебінен салынауда. Мәскеудегі балабақшалар мен мектептерді тұрғын үймен қамтамасыз етудің міндетті талаптары 2013 жылы енгізіле бастады. Әлеуметтік инфрақұрылым объектілерімен қамтамасыз етілу нормативтері РФ Үкіметтің қаулысымен белгіленген. Осы нормативтерге сәйкес 1 мың тұрғынға ауданға байланысты жалпы білім беретін мектептерде 105-124 орын және балабақшаларда 46-63 орын болуы тиіс.

Жаңа тұрғын үй құрылысында мектептер мен балабақшалар салу міндеттері әрдайым құрылыс салушыға жүктеледі. Сонымен, қаржыландырудың үш негізгі тетігі бар:

- бірінші тетік шеңберінде құрылыс салушы объектіні өз есебінен тұрғызады және оны қалаға өтеусіз береді. Бұл бүкіл Жобаның өзіндік құнына және көбінесе объектінің 1 шаршы метрінің соңғы бағасына әсер етеді

- екінші тетік инвестицияның толық немесе ішінара қайтарылуына дейін дайын объектіні жалға беруді қарастырады;

Әлеуметтік орнықтылық және тұрақтылық

- үшінші тетік муниципалды бюджет есебінен мектеп немесе балабақша сатып алуды қамтиды.

Бұл ретте гибридті модельдер де бар. Мысалы, құрылыс салушы өз есебінен жобаны әзірлейді, объектіні коммуникацияларға қосуды және іргелес аумақты абаттандыруды қаржыландырады. Ал мектеп құрылысына тікелей қаражат жергілікті бюджеттен бөлінеді.

1) Бұдан басқа **Мәскеуде Үлкен Мектептер** құру жобасы іске асырылды. Егер 2010 жылы 1578 орта мектеп және 2045 балабақша жұмыс істесе, онда ірілендіру есебінен 10 жылдың ішінде олардың саны 537 Ірі Мектепке дейін қысқарды, оның ішінде мектепке дейінгі топтары бар 483 мектеп. Аталған мектептерді тиімді басқару бала саны көп және аз мектептердің жүктемесін тең бөлуге мүмкіндік берді.

Осылайша, қала ірі тұрғын үй кешендерін салу кезінде жаңа аудандардағы білім беру нысандарының қадамдық қолжетімділігі мәселесін шеше алды.

## **2. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру**

1) **Ұлыбританияда** мұғалімнің біліктілігін арттыру жүйесі педагогтің «жаңадан бастаушыдан» «сарапшыға» дейін дамуына жәрдемдесуге арналған. Оқытудың курстық жүйесі «мектептің қажеттіліктеріне бағытталған біліктілікті арттыру» моделінен төмен (*school-focused in-service education model*). Модель тыңдаушылардың жеке сұраныстарына емес, нақты мектептердің қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған. Аудиториядан тыс және аудиториялық оқыту нысандарының неғұрлым тығыз интеграциясы жүруде. Біліктілікті арттыру мекемелеріндегі оқытушылар көбінесе консультанттардың, мұғалімдердің шығармашылық жұмысын ұйымдастырушылардың рөлін атқарады. Оқытудың белсенді әдістері қолданылады. Оқу процесі көбінесе мектепке ауысады.

2) Ресей Федерациясында, атап айтқанда **Санкт-Петербургте** біліктілікті арттырудың жинақтаушы жүйесі қолданылады. Мұғалім қажеттіліктерді ескере отырып өзінің білім беру бағытын қалыптастырады. Өз пәнінің бағдарламасы бойынша жеке модульдерді игере алады. Модульдер жыл бойына жинақталады және толық оқу бағдарламасын береді, артықшылығы мектепте оқу процесінен қол үзбей оқу болып табылады.

## **3. Оқушылардың функционалдық сауаттылығы**

Білім беру жүйесін ұйымдастырудың көшбасшылардың бірі **Сингапур** болып табылады. 2010-2011 Дүниежүзілік экономикалық форумның Жаһандық Бәсекеге қабілеттілік туралы есебіне сәйкес Сингапур «Білім беру жүйесінің сапасы» позициясы бойынша 1 — ші орынды, Pearson Group (2012) Жаһандық білім беру сауалнамасына сәйкес - білім беру жүйесінің сапасы бойынша әлемде 5-ші орынды иеленеді. PIRLS, PISA, TIMSS мектеп

Әлеуметтік орнықтылық және тұрақтылық оқушыларының функционалдық сауаттылығын халықаралық зерттеулерде Сингапур әрдайым алдыңғы орында.

Сингапурда білім беру жүйесін дамытудың қазіргі заманғы кезеңінің негізгі мақсаты «әрбір адамды өмір бойы оқуға, жаңа білім мен дағдылар алуға, жаңа технологияларды игеруге, инновациялар мен кәсіпкерлік рухын дамытуға, тәуекелге баруға және жауапкершілік пен міндеттемелер алуға ынталандыратын» ынталандырушы орта құру болып табылады.

Сингапурдың білім беру жүйесінің ерекшеліктері:

- екі тілділік;
- оқушылардың қабілеттеріне сәйкес ағындарға бөлу;
- бірнеше тілде оқыту;
- ағылшын тілін, жаратылыстану ғылымдары мен математиканы оқуға баса назар аудару;
- техникалық білім берудің мықты жүйесі;
- көптеген тәуелсіз мектептердің болуы;
- Ұлттық білім беру бағдарламасы аясында Сингапурдың адамгершілік құндылықтары мен тарихын оқыту;
- Edusave стипендиялық қорын қамтитын күшті қаржыландыру бағдарламасы;
- он ірі халықаралық университеттердің филиалдарын тарту арқылы Шығыс Бостонны болуға арналған батыл жоспары;
- өмір бойы білім алу қажеттілігіне баса назар аудару;
- әр түрлі елдердің прогрессивті білім беру жүйелерінің ең жақсы ерекшеліктерін алу.

### **Іс-қимыл жоспары**

**1. Мектептердегі оқушы орындарының жетіспеушілігі мәселесін шешу үшін «Тапшылықты басқару» орта мерзімді саясаты іске асырылатын болады.** Болжам бойынша, бірінші сыныптардағы оқушылардың өсу қарқыны 2030 жылға дейін жыл сайын 12-14 мың бала деңгейінде сақталады. Орын тапшылығын төмендету үшін жыл сайын кем дегенде 6 жаңа мектеп енгізу қажет, бұл ретте жүктемені бір сыныпқа 25 оқушыға дейін төмендетуді қамтамасыз ететін деңгейге дейін төмендету үшін 2025 жылға дейін 46,3 мың орынға 71 мектеп және қосымша құрылыс салу жоспарлануда, оның ішінде:

- бюджет қаражаты есебінен 16,9 мың орындық 23 мектеп пен жапсаржай салу (2022 жылы – 9, 2023 жылы – 5, 2024 жылы – 4, 2025 жылы - 5);

- 3,4 мың орындық 1-2 қабатта мектептердің 6 филиалын орналастыру (2023 жыл - 1, 2024 жыл – 2, 2025 жыл - 3);

- меморандумдар шеңберінде 16 мың орынға арналған 16 мектеп пен қосымша құрылыстар салу (2023 жылы - 3, 2024 жылы – 5, 2025 жылы - 8);

Әлеуметтік орнықтылық және тұрақтылық

- 10 мың оқушыға арналған 26 жеке меншік мектеп ашу.

Аталған мектептердің құрылысы тапшылықты 68%-ға төмендетуге мүмкіндік береді.

Осы объектілердің құрылысы қазіргі заманғы құрылыс және әрлеу материалдарын, оның ішінде қазіргі заманғы оқу жабдығы мен жиһаздың толық жиынтығын қолдана отырып, құрылыстың бірыңғай стандартын көздейтін «Жайлы мектеп» ұлттық жобасына сәйкес іске асырылатын болады.

2030 жылға қарай Мәскеудің тәжірибесіне сәйкес Үлкен Мектептер үлгісінде 5 білім беру кластерін (Алатау, Алмалы, Бостандық, Медеу, Наурызбай аудандары) ашу жоспарлануда.

**2. Пәндік құзыреттер (физика, химия, математика, биология және т.б.) саласындағы барлық педагогтердің біліктілігін арттыру, функционалдық сауаттылықты, цифрлық құзыреттер мен икемді дағдыларын дамыту бағдарламалары жалғастырылатын болады. 2025 жылға қарай 7 мың мұғалім мен 50 мың оқушы оқудан өтеді.**

**3. Мектептің қаржылық дербестігін дамыту үшін қаржылық менеджмент, стратегиялық жоспарлау, цифрлық трансформация және білім беру бағдарламаларын әзірлеу саласында білім беру ұйымдарының басшыларына арналған бағдарламалар іске асырылатын болады. Сондай-ақ әлемнің жетекші мектептері мен білім беру орталықтарында академиялық тағылымдамалардан өтеді. 2025 жылға қарай 300 басшы оқудан өтеді.**

**4. Ұлттық бейнемониторинг жүйесінің талаптарын ескере отырып, мектептерде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін барлық мектептер мен интернаттарды қолжетімділікті бақылау жүйесімен (турникеттер), бейнебақылау камераларымен және Алматы қаласы Полиция департаментінің жедел басқару орталығына шығатын дабыл түймелерімен қамтамасыз етудің 2 жылдық бағдарламасы әзірленетін болады.**

**5. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру үшін білім беру ұйымдарының 100%-ы функционалдық сауаттылықты дамытуға «Almaty Sifrlыk Mektebi» виртуалды тренажерлері және цифрлық контенті бар дербес платформаға қол жеткізе алады.**

**6. 2025 жылға қарай мектептердің 100%-ы заманауи пәндік кабинеттермен жабдықталатын болады. Осы мақсатта 2023 жылы Алматы мектептерінің стандарты енгізіледі, онда осы бағыт бойынша сарапшылар пулын тарта отырып, қазіргі заманғы пән кабинеттерінің техникалық ерекшеліктері әзірленетін болады. Сонымен қатар, педагогтарды оқытудың тиісті бағдарламалары енгізілетін болады.**

**7. Оқытудың үш тілді бағдарламасын енгізу мақсатында 2025 жылдың соңына дейін қаланың полиорталықтарындағы 25 қатысушы мектеп 2030 жылға қарай физика, химия, биология, информатика пәндерін оқытуға толық кірісе отырып, үш тілді оқытуға көшуі үшін айқындалатын болады. Ол үшін пән мұғалімдерінің ағылшын тілін оқыту бойынша арнайы бағдарлама**



Әлеуметтік орнықтылық және тұрақтылық ұйымдастырылады. Бұдан басқа, мұғалімдер мен оқушылардың тіл иелерімен қарым-қатынасы және сабақтан тыс жұмыстарды ұйымдастыру мақсатында пәндерді оқыту үшін шет елдердің мамандарын тарту ұйымдастырылады.

**8.** 2025 жылға қарай оқушылар сарайын жаңғырту аяқталады және 3 мың баланы қамти отырып, Алатау, Бостандық, Наурызбай және Түркіб аудандарында кемінде 30 инновациялық бағдарлама енгізе отырып, **қосымша білім беруді дамыту жөніндегі 4 заманауи заманғы орталық** құрылады.

**9.** 2023 жылға қарай 24 мектептің спорт алаңдары жаңғыртылады.

**10.** 2025 жылға қарай мемлекеттік мектептердің **100%-ы басқарудың жаңа моделіне (ШЖҚ) көшеді**, бұл басқару мен жедел қызметте олардың дербестігін дамытуды қамтамасыз етеді.

**11.** 2030 жылға қарай қаланың 5 мектебінде **халықаралық оқыту стандарттары енгізілетін болады** – IB, A-Level, UWC, American Curriculum және басқалар. Бұл бастаманы іске асыруға педагог кадрларды қайта даярлау, жаңа білім беру ортасын әзірлеу және аккредиттеу рәсімі арқылы қол жеткізілетін болады.

### **Қажетті ресурстар**

Білім беру жүйесіне күрделі инвестициялардың жалпы көлемі 2030 жылға дейін **605 млрд.теңге** сомасында жоспарланып отыр, бұл ретте жеке инвестициялар 254 млрд. теңгені құрайды.

**2025 жылға дейінгі** іс-шаралар жоспарын іске асыру үшін шамамен **282 млрд. теңгені** қажет етіледі, (оның **124 млрд. теңгесі** жеке инвестициялар), оның ішінде:

– «**басқарылатын тапшылықты**» енгізу – **230 млрд. теңге** (оның ішінде 106 млрд. теңге бюджет қаражаты және 124 млрд. теңге жеке инвестиция);

– мұғалімдер мен жетекшілердің **біліктілігін арттыруға** – **5 млрд. теңге**;

– оқушылардың **функционалдық сауаттылығын дамытуға** және студенттерге арналған виртуалды тренажерлар мен тренажерларға қосылу арқылы халықаралық PISA зерттеулерінде Алматы қаласының позицияларын нығайтуға – **1 млрд.теңге**;

– **502 пән кабинетін**, 1044 интерактивті панельді сатып алуға – **8,5 млрд теңге**;

– барлық мектептер мен интернаттарға кіруді бақылау жүйесімен (турникеттермен), бейнебақылау камераларымен және Алматы қаласы Полиция департаментінің Жедел басқару орталығына кіруге болатын дабыл түймелерімен жабдықтауға – **4,5 млрд теңге**;

– **Оқушылар сарайын** жаңғыртуды аяқтау және қосымша білім беруді дамытудың заманауи орталықтарын құру – **31,9 млрд. теңге**;

– 24 мемлекеттік мектептердің спорт алаңдарын жаңғыртуға – **1,5 млрд. теңге.**

**2030 жылға дейін** шамамен **323 млрд. теңге** қажет болады (оның ішінде 193 млрд. теңге – бюджет қаражаты (құрылысқа 108 млрд теңге және жер сатып алуға 85 млрд. теңге) және **130 млрд. теңге** – жеке инвестиция).

### **Күтілетін нәтижелер**

**1.** Қолданыстағы инфрақұрылымды жақсарту бойынша қабылданған шаралар 2025 жылға қарай халық санының өсуін ескере отырып, студенттік орындардың тапшылығын **19,6 мыңнан реттелетін – 7,3 мыңға дейін, 2030 жылға қарай – 4,3 мыңға дейін қысқартуға мүмкіндік береді.**

Сондай-ақ, ата-аналар мен балалардың оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында тиімді кадр саясатын – тәжірибелі мұғалімдерді тарту арқылы қала орталығынан шалғайда орналасқан артық мектептерді дамыту және білім сапасын арттыру жағдайына келтірілетін болады.

**2.** Заманауи пән кабинеттері, PISA виртуалды тренажерлары арқылы білім беру инфрақұрылымын дамыту, функционалдық сауаттылық саласындағы мұғалімдердің біліктілігін арттыру PISA халықаралық салыстырмалы зерттеуі қаланың нәтижелерін жақсартып, республикалық рейтингте қаланы математикалық сауаттылық бойынша **2025 жылы 448-ден 514-ге дейін, оқу сауаттылығы бойынша 2025 жылы 424-тен 499-ға дейін және жаратылыстану-ғылыми сауаттылық бойынша 2025 жылы 431-ден 529-ға дейін** қала оқушыларының көрсеткіштерін бірінші орынға көтереді.

**3.** Білім беру объектілерінде балалар мен мұғалімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, мектептегі құқықтық тәртіпті және қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша Полиция департаментінің күштері мен құралдарының жедел әрекет етуін қамтамасыз етеді.

**4.** Студенттердің тиімділігін, білім сапасын және бәсекеге қабілеттілігін арттыру, оның ішінде жаратылыстану-ғылыми циклды пәндер бойынша үштілділік бағдарламалары **2025 жылға қарай ЖОО-ға грант бойынша түсетін түлектердің үлесін 65%-дан 67%-ға және 2030 жылға қарай 70%-ға дейін** ұлғайтады.

**5.** Халықтың орта білім беру сапасына қанағаттану деңгейі 2025 жылға қарай 80% құрайды.

## **II. Мектепке дейінгі ұйымдарда басқарылатын тапшылық принципін енгізу**

Алматы қаласының білім беру саласын дамытудағы маңызды міндеттердің бірі мектепке дейінгі жастағы балалардың мектепке бару үшін тең бастау мүмкіндіктерін жасау болып табылады. Әрбір бала мектептегі оқуға

Әлеуметтік орнықтылық және тұрақтылық сапалы дайындықтан өтуі, жан-жақты тұлғалық, адамгершілік және танымдық дамуы үшін табысты әлеуметтену дағдыларын меңгеруі керек.


### Ағымдағы жағдайды талдау

Бүгінгі таңда Алматы қаласында жалпы саны 75,5 мың баланы қамтитын 866 мектепке дейінгі ұйым (192 мемлекеттік және 674 жекеменшік балабақша) қызмет етеді.

Соңғы 5 жылда 0-ден 7 жастағы мектеп жасына дейінгі балалар санының жыл сайынғы өсімі шамамен 9 мыңды құраса, мектепке дейінгі ұйымдардағы балалар саны 64 мыңнан 75 мың балаға өсті.

Соңғы 5 жылда **3 пен 6 жас аралығындағы балаларды қамту 81%-дан 91%-ға өсті.**

19-сурет. 3 жасан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамту



Бұл динамика мектепке дейінгі мекемелер желісін (2017 жылдан бастап мектепке дейінгі ұйым 685-тен 866-ға дейін, оның ішінде мемлекеттік меншік 179-дан 192-ге дейін, жекеменшік 506-дан 674-ке дейін) кеңейту, сондай-ақ жекеменшік балабақшаларға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру есебінен қол жеткізілді (2017 жылдан бастап орын саны 13,7 мыңнан 35,7 мыңға дейін өсті).

Балабақшалардағы орын тапшылығы мәселесін шешуде **жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдар** маңызды рөл атқарды, 2010 жылдан бастап балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету бойынша «Балапан» бағдарламасының жүзеге асырылуы олардың қатарын арттыруға қызмет етті. Қазіргі таңда **балалардың 48% жекеменшік балабақшаларға барады.** Жекеменшік балабақшалар қызметінің тиімді көрсеткіші соңғы бес жылда мектепке дейінгі ұйымдар желісін кеңейту болып табылады.

## Әлеуметтік орнықтылық және тұрақтылық

1. Сонымен қатар табиғи өсім мен көші-қон есебінен қала аумағының және халық санының ұлғаюы **мектепке дейінгі білім беруге сұраныстың айтарлықтай артуына** алып келеді. Бүгінде 1 жастан 6 жасқа дейінгі балалар саны 43 мың баланы құраса, оның 18,8 мыңы 3 пен 6 жас аралығындағы балалар. Балабақшаға **ең жоғары қажеттілік қаланың** бастапқыда әлеуметтік инфрақұрылымы болмаған **жаңа аудандарында** – Наурызбай, Алатау аудандарында және жаңа тұрғын үй кешендерінің салынуына байланысты – Бостандық және Түркісіб аудандарында байқалады.

2. Сонымен қатар, **мектепке дейінгі ұйымдарда бейіндік білімі бар кадрлар тапшылығы** байқалады. Мұғалімдердің жалпы саны – 7 470, оның 65% профильді білімі бар, бұл балаларды тәрбиелеу мен оқыту сапасына әсер етеді. Бұл мәселені шешу үшін соңғы екі жылда педагогикалық колледждерде «мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы ұлғайтылды (2021 жылы – 150 орын, 2022 жылы – 225 орын).

### Халықаралық тәжірибе

Мектепке дейінгі білім беру үшін орын тапшылығы мәселесін шешудің сәтті мысалдарының бірі Еуропа елдері мен АҚШ тәжірибесі.

Қызметкерлерді тарту және оларға қолайлы жағдай жасау мақсатында әлемнің дамыған елдерінде **корпоративтік балабақшалар** кеңінен таралған.

Корпоративтік балабақша – бұл жұмыс беруші балалардың кеңседе немесе оның жанында уақытша тұруы үшін арнайы ұйымдастырған, ата-аналар баланы бірнеше сағат немесе күні бойы қалдыра алатын орын. Мектепке дейінгі білім беруді ұйымдастырудың бұл моделі Еуропа мен АҚШ-тың ірі компанияларында кең таралған. Корпоративтік балабақшалар мен балалар бөлмелері Google, Apple, BMW сияқты халықаралық алыптарда бар.

Әлемдегі ең ірі Bright Horizons корпоративтік балабақшалар желісінің мәліметтері бойынша, жұмыс істейтін ата-аналардың 94% жұмыс орнын жақын маңдағы балабақшаға ауыстыруға келіссе, 23% корпоративтік балабақшасы жоқ компанияларда жұмыс істеуден бас тартқан. 84% жағдайда корпоративтік балалар мекемесі жұмыс орнын таңдауда анықтаушы факторға айналады.

### Әрекет ету жоспары

1. 2025 жылдың соңына дейін 2,3 мың орындық **10** мемлекеттік балабақшаның **кезең-кезеңімен құрылысы** жүзеге асырылады.

2. **Құрылыс салушылармен жасалған меморандумдар** аясында 2025 жылдың соңына дейін 10 мың орындық балабақшалар салу, 2030 жылдың соңына қарай қосымша 5 мың орындық балабақшалар енгізу жоспарлануда.

3. Кәсіпкерлерді жеке балабақша ашуға ынталандырудың ең тиімді құралы мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру болып қала

Әлеуметтік орнықтылық және тұрақтылық береді, сонымен қатар 2025 жылға қарай 15 мың орын, 2030 жылға қарай қосымша 5 мың орын, барлығы мемлекеттік тапсырыспен 20 мың орынға арттыру жоспарлануда.

**4.** Әлемнің жетекші университеттерімен бірлесе отырып, 2025 жылға дейін Алматы қаласындағы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының **190 басшысы мен 400 әдіскерін қайта даярлау бағдарламасы** іске қосылады.

**5.** Конкурстық негізде іріктеліп алынған 50 басшыны Финляндия, Эстония және Израильдің жетекші әдістемелік және білім беру орталықтарында **академиялық тағылымдамадан** өткізу ұйымдастырылады.

**6.** Мектепке дейінгі білім берудің заманауи білім беру технологиялары және ерте жастағы балаларды дамытудың озық халықаралық тәжірибесі бойынша қала **педагогтарының 100% біліктілігін арттыру** ұйымдастырылады.

**7.** 2023 жылы мектепке дейінгі білім беру педагогтарының аттестаттау жүйесіне өзгерістер енгізілетін болады.

**8.** Мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбиешілер жалақысын кезең-кезеңімен көтеру қарастырылған.

- кезең-кезеңімен ЖМКС қосалқы станцияларын салуға, ақпараттық жүйелерді жарақтандыруға және автопаркті жыл сайын жаңартуға қажеттілік - 25-26 млрд. теңгені құрайды.

Диагностика және емдеу мәселелері бойынша дәрігерлер мен орта медициналық қызметкерлерді оқытуға, жоғарылатуға және қайта даярлауға 2023-2030 жылдарға қаржыландыру жыл сайын – 2,5 млрд. теңгені құрайды.

«Алматы денсаулық сақтау менеджерлері» бағдарламасы бойынша денсаулық сақтау менеджерлерін кезең-кезеңімен қайта даярлау жоспарлануда.

Бастапқыда оқыту АМСК басшылары үшін 2025 жылға дейін жалпы сомасы 1,1 млрд.теңгеге жүргізіледі, бұдан әрі менеджерлердің біліктілігін арттыру бағдарламасы 2030 жылға қарай қажеттілікті ескере отырып түзетіледі және екінші кезеңде көп бейінді клиникалардың басшыларын оқыту жыл сайын 500 млн. теңге сомасына жоспарланады. Осылайша, 2030 жылға дейін оқытудың жалпы бағдарламасына 21,6 млрд теңге жоспарланған.

### **Күтілетін нәтижелер**

Жоғарыда аталған барлық жоспарланған іс-шаралар салауатты өмір салтының алдын алу үшін алғышарттар жасауға, 2030 жылға қарай өмір сүру ұзақтығын **77,8 жасқа дейін** ұлғайтуға, жалпы өлім-жітім көрсеткіштерін, оның ішінде қан айналымы жүйесі ауруларынан болатын өлім-жітімді 2025 жылы 100 мың тұрғынға шаққанда 283,47-ден 267,3-ке дейін төмендетуге, қатерлі ісіктерді ерте анықтауды **29%-дан 33%-ға дейін** жоғарылатуға, балалар өлім-жітімі коэффициентін төмендету (1000 туылғандарға шаққанда 11,7-ден 10,1-ге дейін); мүгедектікті азайтуға, қала тұрғындарының өмір сүру сапасының параметрлерін жақсартуға мүмкіндік береді.

Заманға сай жарақтандырылған және дайын кадрлары бар әртүрлі меншік нысанындағы медициналық ұйымдардың ауқымды желілері:

- халықтың медициналық қызметтердің қолжетімділігі мен сапасына 2025 жылы 75,3% дейін және 2030 жылға қарай 83,2% дейін қанағаттануына;

- медициналық ұйымдарда емделушілер біркелкі іріктеледі, соның арқасында қызмет қолжетімділігі артады және көрсетілетін қызметтерді күту уақытын қысқартуға мүмкіндік береді.

#### 4.4. Жастардың дамуы мен өз қабілетін іске асыруы үшін теңдей мүмкіндіктер жасау

Жастарды қолдау – бұл еліміздің болашағына салынатын ұзақ мерзімді инвестициялар.

Қазіргі заманда **жастар тым осал**. Қарқынды технологиялық трансформацияның арқасында бүгінгі таңда колледждер мен ЖОО-да оқытылатын көптеген мамандықтар автоматтандырылуда немесе маңызды жоғалуда. Қысқаратын жұмыс орындары үшін бәсекелестік артқан жағдайда жастарға қиын тиеді.

Дүниежүзілік экономикалық форумның («Жұмыспен қамтудың болашағы-2020»<sup>60</sup> есебі) бағалауына сәйкес 2025 жылға қарай әлемде **85 млн.** жұмыс орны машиналармен алмастырылуы мүмкін. Бұл **сын-қатерге** бухгалтерлер, нотариустар, аудармашылар, кітапханашылар, банк операторлары, кассирлер, жүргізушілер және тағы басқа **мамандықтар ұшырауы мүмкін**.

Сапалы білімі мен мамандығының сұранысы жоқ, сондай-ақ басқа да факторларға байланысты жақында оқу бітіргендер, уақытша жұмыссыздар, сырттан келушілер, жас аналар, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған әлеуметтік немқұрайлы жастар, демобилизацияланған және басқа да жастардың не оқуы, не жұмысы жоқ (*ағылш. NEET – Not in Education, Employment or Training*). Жұмысқа орналаса алмау, табыс деңгейінің төмендігі, тұрғын үйдің жоқтығы және болашаққа деген сенімді жоғалту жастардың маргиналдандуы мен криминализациясын, әлеуметтік шиеленістің өсу қаупін арттырады.

Бұл сын-қатер Қазақстанның студенттік астанасы болып есептелетін (ЖОО мен колледждердің 255 мың студенті) және **14 жастан 35 жасқа дейінгі** жас қазақстандықтар қала халқының **40%** астам құрайтын Алматы үшін ерекше өзекті.

Жастардың құрамы **біртекті** емес және ол әртүрлі топтарды қамтиды – студенттік, жұмысшы, сырттан келуші, шығармашылық және т.б. Алматы қаласының жастар саясаты үшін барлық топтарға өзінің әлеуеті мен мақсаттарын іске асыра отырып, қоғам өміріне **белсене қатысуға** көмектесетін «**дұрыс**» **ортаны дамыту** аса маңызды. Жастардың әр санатының өзіндік ерекшеліктері, мүдделері мен дүниетанымы бар.

Бұл ретте, қазіргі заманғы қалалық инфрақұрылымды қалыптастыру маңызды, ол қаланың жас тұрғындарына жастармен бірлесіп және олардың болашақтары үшін жүзеге асырылатын әлеуметтік, мәдени, білім беру және басқа да жобаларды іске асыруға қатыса отырып, мегаполис өміріне араласуға

---

<sup>60</sup> [https://www3.weforum.org/docs/WEF\\_Future\\_of\\_Jobs\\_2020.pdf](https://www3.weforum.org/docs/WEF_Future_of_Jobs_2020.pdf)

Әлеуметтік орнықтылық және тұрақтылық мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта мұндай инфрақұрылым оқу орындарынан басқа жерлерде іс жүзінде жоқ.

Жастарды тарту және әлеуметтендіру жолдарын іздестіру, олардың қажеттіліктерін ескере отырып, әртүрлі санаттармен қалалық әкімшіліктің түсінікті және ашық байланыс жолдарын құру қажет. Жастардың барлық жас санаттары мен топтарының мониторингін қамтамасыз ете отырып, жас адамның өз өмір жолын таңдаудағы, ең алдымен жұмысқа орналасудағы, жеке әлеуетін іске асырудағы мүмкіндіктерін қолдау мен кеңейтудің тиімді схемаларын іске қосу маңызды.

### Ағымдағы жағдайды талдау

14-35 жас аралығындағы қала тұрғындарының саны 700 мыңнан асады, бұл қала тұрғындарының жалпы санының үштен бірінен асады. Әлеуметтік сауалнамалардың мәліметтері бойынша, қаланың жас тұрғындарының 70% Алматыда тұруды ұнатады, оны өмір сүруге қолайлы жағдай жасалған мүмкіндіктер қаласы деп санайды<sup>61</sup>.

1. Бұл ретте жастардың едәуір бөлігі үлкен қаладағы өмір қиындықтарын жеңе алмайды. Көбісі тұрақты, лайықты ақы төленетін жұмыс таба алмайды, ал кейбіреулері оқуды да, жұмыс істеуді де қаламайды. Мұндай жастар NEET санатына жатқызылады.

20-сурет. Жастар бойынша статистикалық мәліметтер



Ресми статистика бойынша<sup>62</sup>, Алматы қаласында 14-29 жас аралығындағы азаматтардың жалпы саны бойынша NEET үлесі 6,3% (440 мыңның 27,7 мыңы, 20-сурет) құрайды. Кейбір басқа бағалаулар бойынша NEET жастарының нақты саны 40 мың адамнан асады.

NEET жыл сайын ЖОО, оның ішінде өңірлерден келген түлектердің есебінен көбейіп отырады.

Алматы ең ірі білім беру орталығы және бүкіл Қазақстанның жастарын өзіне тартады. Қалада 36 ЖОО мен 94 колледж бар, онда 255 мыңнан астам

<sup>61</sup> «Қазақстан жастары – 2021» баяндамасынан

<sup>62</sup> Статистика департаментінің 2022 жылғы бірінші тоқсандағы ресми деректері

Әлеуметтік орнықтылық және тұрақтылық студент оқиды, оның ішінде 70% – өңірлерден келгендер. Алматының оқу орындарын жыл сайын **50 мыңнан** астам жас маман **бітіріп шығады**.

Жыл сайын басқа қаладан келген 35 мың түлектің 60%-дан **80%-ға дейіні** Алматыда қалуға тырысады, өйткені мұнда өмір сүру деңгейі мен өздерін дамытуға мүмкіндіктер көп. Бұл қаладағы **жұмыс орындары үшін қосымша бәсекелестік** тудырады. Жаңадан бітіруші түлектердің жалпы санының шамамен **12 мыңы** жыл бойы **жұмыс таба алмайды**.

**2. Ең басты сын-қатер білім беру сапасы болып есептеледі.** Ол сапалы адами капиталды қалыптастыратын табысты бәсекеге қабілетті тұлғаларды қалыптастыруда шешуші рөл атқарады.

«Атамекен» ҰКП білім беру бағдарламаларының рейтингінде жоғары білімі бар, ісін жаңа бастаған мамандардың табыстарындағы айтарлықтай айырмашылықтар көрсетілген. Оған мамандығы, оқу орнының рейтингі және дайындық деңгейі өте қатты әсер етеді. Статистика бойынша, магистратура түлектері бакалавриат түлектерінен орта есеппен 35%, ал докторантура түлектері 97% көп табыс табады. ЖОО бітіруші орта есеппен 89 күн жұмыс іздейді. Түлектері оқуды бітіргеннен кейін бірінші жылы жоғары жалақы алған ҮЗДІК-5 ЖОО-ның үшеуі Алматыда<sup>63</sup>.

Сонымен қатар, көптеген университеттер мен колледждер сапалы білім бере алмайды, ал қоғам ондай талап қоймайды, себебі **білімге емес, білім туралы дипломдарға сұраныс басым**.

Түлектердің бастапқы жалақы деңгейі бойынша ҚР Үздік-5 ЖОО:

1. Қазақстан-Британ техникалық университеті (Алматы) - 245,8 мың теңге;
2. Қазақ ұлттық өнер университеті (Нұр-Сұлтан) - 202,4 мың теңге;
3. Қазақстан-Неміс университеті (Алматы) - 196,3 мың теңге;
4. Қаржы академиясы (Нұр-сұлтан) - 196 мың теңге;
5. КИМЭП университеті (Алматы) – 187,8 мың теңге.

Осылайша, түлектердің көпшілігі негізінен жұмысқа орналаса алмайды. Алматы қаласы мониторинг және талдау орталығының зерттеулеріне сәйкес, NEET жастарының **57%-нің** (15,8 мың адам) **білім туралы дипломдары бар**.

**3. Жұмысшы мамандықтарының беделі төмендеуде.** Себебі жастар оларды перспективалы және жоғары табысты деп есептемейді. Бұл ретте, жұмысшы кадрларға деген ең көп сұраныс Алматы қаласында анықталған (**57%**).

«Атамекен» ҰКП-ның болжамы бойынша 2023-2024 жылдары кадрларға **ең көп қажеттілік** құрылыс, өңдеу өнеркәсібі, білім беру және сауда саласында байқалады, ал біліктілігі орташа және төмен

<sup>63</sup> [https://atameken.kz/university\\_ratings](https://atameken.kz/university_ratings)

Әлеуметтік орнықтылық және тұрақтылық мамандықтардан: аспаз, тігінші, сатушы, қосалқы жұмысшылар, слесарь-жөндеушілер көбірек қажетті болады<sup>64</sup>.

2022 жылы жұмысшы персоналдың орташа жалақысы **232 мың** теңгені құрады. Бұған hh.kz сайтындағы бос орындар туралы мәліметтер дәлел бола алады. Саладағы соңғы жыл жалақының оң динамикасын көрсетеді. Жалақының жылдық өсімі – **32,8%** құрады.

Нәтижесінде нарық тарапынан сұраныс пен білім беру жүйесі тарапынан ұсыныс арасында **дисбаланс** туындайды, оны жұмыс берушілер мен оқу орындарының оқушылардың өздерін тартуымен белсенді өзара іс-қимылы кезінде ғана жоюға болады.

**4. Әсіресе студенттік жатақханалардың жетіспеушілігі** (*тапшылық – 32 мың орын*) мен **қолжетімді жалдамалы тұрғын үй** мәселесі өзекті болып тұр. «Алматы жастары» тұрғын үй бағдарламасы бойынша бүгінгі күні 35 жасқа дейінгі адамдардан 17,5 мың өтінім келіп түсті, олардың 12,5 мыңының (70%) отбасы бар. Жылына барлығы 1000 өтінім мақұлданады және тұрғын үй сатып алуға жеңілдігі бар қаражатты барлығы бірдей ала алмайды.

**5. Нашақорлық** қазіргі кезде жастардың маңызды проблемасына айналды.

Мемлекет басшысы өзінің 2022 жылғы 1 қыркүйектегі халыққа Жолдауында **синтетикалық есірткілердің таралу проблемасына** ерекше назар аударып, соңғы үш жылда айналымнан алынатын тыйым салынған қаражат көлемі 10 есеге артқанын атап өтті. **Президент нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі кешенді жоспар әзірлеп, оны ұлт денсаулығына «үлкен қауіп»** деп атауды тапсырды.

Алматы үшін синтетикалық есірткінің таралу проблемасы **ерекше өзекті болып** тұр. «ЕсірткіSTOP» қалалық жобасының бастамашыл тобының зерттеу деректері бойынша Алматыдағы **әрбір 5-ші жасөспірім** кем дегенде бір рет синтетикалық есірткінің дәмін татқан. Мәселе есірткінің бұл түрі жылдар бойы **арзан әрі қолжетімді** болып бара жатқанына байланысты қиындай түсуде, ал бірінші қолданғаннан кейін **бірден тәуелділік** пайда болады.

Осылайша, жастардың жұмыстың, баспанының, дұрыс өмірлік бағдар мен қолдаудың болмауы салдарынан болашаққа деген сенімі неғұрлым төмен болса, сонымен ілесіп жүретін әлеуметтік қатерлер де соғұрлым жоғары болады.

### **Халықаралық тәжірибе**

Бүкіл әлемдегі жастар проблемаларының ұқсастығын ескере келе, ұсынылып отырған қаланы дамыту жоспарын әзірлеу кезінде Алматы

---

<sup>64</sup> «Атамекен» ҰКП-ның 2022-2024 жылдарға арналған кадрларға қажеттілікті талдау» есебіне сәйкес.

Әлеуметтік орнықтылық және тұрақтылық жағдайына бейімдей отырып, жастар саясатын іске асыруда шет елдердің тәжірибесі пайдаланылды.

**1. Жұмыс берушілерді ынталандыру арқылы жастардың жұмыспен қамтылуын арттыру** әлемде кең таралған тәжірибелердің бірі.

**Францияда** мемлекет жұмыссыздықтан және сырқаттанудан сақтандыру шығындарын 1 жылға дейінгі мерзімге өзіне алады, мамандығы немесе біліктілігі жоқ жастарды жұмысқа қабылдайтын компанияларды ынталандырады. Бұл жұмыс күшіне жұмсалатын шығындарды 20-25% төмендетеді. Сол сияқты **Испанияда** жастарды жұмысқа алатын немесе оқытатын кәсіпкерлер әлеуметтік сақтандыруға төмендетілген жарналар төлейді.

Жас мамандарға арналған жұмыспен қамту бағдарламасы кәсіптік оқыту бағдарламаларымен тығыз байланысты. Индустриалды дамыған елдердің көптеген қалаларында жастардың оқу орнынан кейін жұмысқа тұруын жеңілдетуге бағытталған шаралар қолданылады (тағылымдамадан өтуге субсидиялар, ең төменгі жалақы, кәсіпорындарға салық салудағы жеңілдіктер, кәсіпорындағы кәсіптік даярлау курстары).

**2. Алматы қаласы жастарының, соның ішінде студенттердің уақытша тұру мәселесін шешуде жалға берілетін тұрғын үйге жеке инвестицияларды тарту** тәжірибесі тартымды. Бүгінгі таңда барлық инвесторлар өз инвестициялары үшін жаңа сегменттерді таңдауда, олардың арасында дұрыс басқарылған жағдайда тұрғын үй немесе коммерциялық жылжымайтын мүліктен жоғары табыс әкелуі мүмкін студенттік тұрғын үй бар. **Лондондағы** студенттік жатақханалар PBSA - Purpose Build Student Accommodation жылжымайтын мүлік класына біріктірілген<sup>65</sup>.

Сондай-ақ, нарықта бастапқыда студенттер үшін салынбаған тұрғын үйлер ұсынылуда. Бұл класс НМО – Houses of Multiple Occupation көп қабатты коммуналдық пәтерлердің бір түрі, тек 3 айдан 12 айға дейін орташа мерзімді жалға алу. Екінші классқа co-Living бірлесіп өмір сүру жүйесін жатқызуға болады.

Студенттік жылжымайтын мүлікке салымдардың көп бөлігі АҚШ-қа – 57%, Ұлыбританияға – 27% және Германияға – 4% тиесілі. Мәселен, Ұлыбританияда Knight Frank<sup>66</sup> компаниясының деректері бойынша студенттік жатақханаларға салынған инвестиция көлемі өткен жылы 16,3 млрд долларды құрады. Бұл он жыл бұрынғыға қарағанда алты есе жоғары (2,5 млрд. доллар).

**3. Жастардың тұрғын үй проблемаларын шешуден басқа, әлемде жастардың өз қабілетін іске асыруы үшін инфрақұрылымдық және институционалдық жағдайлар жасауға** көп көңіл бөлінеді.

Мысалы **Страсбург пен Будапешттегі** Еуропалық жастар орталықтары (ЕЖО), **Хельсинкидегі «Нарри»** фин жастар ісі орталықтары

---

<sup>65</sup> Purpose Build Student Accommodation - мақсатты салынған студенттік жатақхана.

<sup>66</sup> <https://www.cre.ru/analytics/76791> дереккөзі

Әлеуметтік орнықтылық және тұрақтылық және т.б. айтуға болады. ЕЖО Еуропа Кеңесінің жастар саясатын іске асыру жөніндегі тұрақты құрылымдарының бірі. Оларда білім беру, жұмысқа орналасу кезінде қолдау көрсететін және бірге ілесіп жүретін консультанттар командаларының жұмысы үшін арнайы жабдықталған орындар бар.

Үндістанның **Бангалор** қаласында Mentor Together **тәлімгерлік ұйымы** жастардың мүмкіндіктерін кеңейту үшін жұмыс істейді: тәжірибелі тәлімгерлер жұмыссыз жүрген жастарға өздерінің әлеуетін түсінуге, жұмысты қалай таңдау керектігін және өзге жұмыс берушілер арасынан қалай ерекшеленуге болатындығына кеңес береді.

Балалар мен жастардың **бос уақытын ұйымдастыру үшін редевелопмент** тәжірибесі, яғни пайдаланылмай бос тұрған өндіріс ғимараттарын пайдалану тәжірибесі қызығушылық туғызуда. **Лонгбридж** қаласында (Ұлыбритания) ірі автомобиль зауыттарының бірінің орнында «Фабрика» (Factory) кешені – би студиялары мен спорт залдары, кітапхана мен дәмханалары, интернет-клубтары мен дыбыс жазу студиясы, дискобар және кинотеатры бар жастар орталығы салынды. Сондай-ақ, бүлдіршіндерге арналған шағын балабақшалар мен ойын-сауық бөлмелерін жабдықтауды жоспарлап отыр.

Осы және басқа да мысалдарды Алматы қаласында сәтті жүзеге асыруға болады.

### **Іс-қимыл жоспары**

Жастар саясаты саласындағы іс-қимыл жоспарының басты қағидаттары әрбір адамға қамқорлық жасау, жүйелілік және озық тәсілдерге бағдарлану, бірыңғай және теңгерімді инфрақұрылымды қалыптастыру, сондай-ақ өзара іс-қимылдың тиімді арналарын қалыптастыру болып табылады, оның ішінде әлеуметтік желілер мен мессенджерлерді қолдану.

Жастар, білім беру мекемелері, жұмыс берушілер, мемлекеттік органдар мен ҮЕҰ арасындағы **теңгерімді өзара әрекеттесу жүйесі** жастардың аяғынан тұруына, қажетті кәсіптерді үйренуге, перспективалы және қызықты мамандықты таңдауларына, жұмыс табуларына, қоғамдағы өмірге бейімделулеріне және өзін-өзі жүзеге асыруларына көмектеседі.

Іс-әрекет жоспарының жаһандық міндеттерінің бірі **NEET санатынан NEXТ санатына өту** – креативтілік, икемділік және ұтқырлық, бейімделу және прагматизм, дұрыс ойлау, жұмыс істейтін ниет және экономикалық еркіндікке ұмтылу сияқты дағдылармен сипатталатын цифрлық дәуірдің заманға сай жастарына айналдыру.

Ағымдағы жағдайды және халықаралық тәжірибені талдауды ескере отырып, **бірде-бір жас өз проблемасымен жалғыз қалмайтын**, қажетті әлеуметтік қолдау, жұмысқа орналасуға, мансап құруға, оқу мүмкіндіктеріне, мемлекеттік бағдарламаларға қатысты ақпарат ала алатын жүйені

Әлеуметтік орнықтылық және тұрақтылық қалыптастыруға мүмкіндік беретін төмендегідей **жобалар мен бастамаларды** іске асыру жоспарлануда:

1. Оқу орындарының түлектерін әлеуметтік бейімдеу және жұмысқа орналастырудың тиімді процесі үшін Жастар саясатын дамытудың мемлекеттік қоры негізінде 2022 жылы ЖОО, жұмыс берушілер мен мемлекеттік органдардың мансап орталықтарының өзара іс-әрекет жүйесін құра отырып, **Қалалық мансап орталығы** құрылатын болады.

2. ЖОО мен колледждерге түсу үшін, оның ішінде жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға, сондай-ақ кәсіпкерлік дағдыларға оқыту үшін 2022 жылдан бастап жыл сайынғы негізде **жастарға кәсіптік бағдар беру** ұйымдастырылатын болады.

3. 2023 жылдың басынан бастап жүзеге асырылатын **«Жаңа кәсіптер атласына»** сәйкес колледждердің **білім беру бағдарламалары** трансформацияланады.

4. Оқу орындарының түлектері мен жұмыссыз жастарды жұмысқа орналастыру үшін жылына 2 рет, сәуір және қазан айларында **Жалпы қалалық бос жұмыс орындары** жәрмеңкелерін өткізу жоспарлануда. Бұл іс-шаралар бірнеше күн ішінде еңбек нарығының барлық субъектілерінің: жұмыс берушілердің, оқу орындарының мансап орталықтарының, агенттіктердің және жұмысқа орналастыру жөніндегі интернет-ресурстардың, мемлекеттік органдардың қатысуымен өткізілетін болады. Жастардың бойында түйіндеме жасау, бос жұмыс орындарын іздеу және әңгімелесуден өту дағдыларын қалыптастыру үшін сарапшылар мен бизнес-тренерлерден мастер-класстар, тренингтер ұйымдастырылады.

5. Жылына **10 мыңнан астам жастарды жұмысқа орналастыру** мақсатында мынадай жұмыстар іске асырылады:

- ЖОО немесе колледждің әрбір екінші түлегін бірінші жарты жылда **50% дейін (60 мың теңгеге дейін)**, оқу орнын бітіргеннен кейінгі екінші жарты жылда **30% дейін (40 мың теңгеге дейін)** жұмысқа орналастыруды мемлекеттің субсидиялауы;

- жергілікті атқарушы органдардың **мемлекеттік тапсырыс** жобалары бойынша жұмыс орындарын құру;

- **«Алғашқы жұмыс орны»** бағдарламалары бойынша жұмыс тәжірибесі жоқ жастар үшін жұмыс орындарын құру. Аталған мемлекеттік бағдарламалар жастарды қажетті еңбек дағдыларына баулу және алғашқы жұмыс орнына бейімдеу үшін құрылған;

- **«Жастар практикасы»** жобасына сәйкес жұмыссыз түлектер үшін жұмыс орындарын құру. Бұл бағдарламаға 29 жасқа толмаған жас түлектер, жұмыс өтілі жоқ және үш жыл бұрын диплом алған азаматтар қатыса алады;

- **«Ұрпақтар келісімшарты»** бағдарламасы бойынша жас түлектер үшін жұмыс орындарын құру, зейнеткерлік жас алдындағы мамандардан жұмыс тәжірибесін алу;



Әлеуметтік орнықтылық және тұрақтылық

- «Қоғамдық жұмыстар» жобасы: жұмыссыз азаматтарды уақытша жұмыспен қамту үшін біліктілігі жоқ жастарға уақытша жұмыс орындарын құру;

- жұмыс беруші компаниялардың тұрақты жұмыс орындары.

**6.** Білімі жоқ NEET санатындағы жастарды жұмысқа орналастыру үшін, 2023 жылдан бастап еңбек нарығында сұранысқа ие өзекті, жаңа Атласқа сәйкес еңбек нарығындағы қажетті мамандықтар, ең алдымен, **сервисті, экономиканың IT секторына арналған**, сонымен қатар **құрылыс саласының жұмысшы мамандықтары** бойынша жылына **10 мың** жасты қамтитын оқыту бағдарламасын іске қосу жоспарланып отыр. Бұл шараны:

- өзекті мамандықтарды: мобилограф, бренд-менеджер, ландшафт дизайнері, стилист, сайт жасаушы, SMM-маман және т.б. оқыту үшін YEM, ЖОО, колледждерді және жеке компанияларды тарту арқылы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс негізінде **жаңа жобаларды іске қосу**;

- жеке оқу орталықтарының негізінде жүзеге асырылатын Халықты жұмыспен қамту орталығының қысқа мерзімді курстары негізінде **жұмысшы мамандықтарын** дайындау (дәнекерлеуші, арматуршы, визажист және т.б.) арқылы жүзеге асыру жоспарлануда.

**7.** «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» заңға сүйене отырып, **Оқу орындарында студенттерді оқыту, тұрғызу және оларға қызмет көрсету сапасының бірыңғай стандарты** әзірленеді, онда студенттерді толықтай қызметпен қамтамасыз ету үшін қалалық талаптар нақты жазылады.

**8.** Тәлімгерлік, акселерация, жұмысқа орналастыру, жеке және мәдени даму бағдарламалары бар **16 заманауи комьюнити-орталықтан тұратын желі** түрінде тарту және әлеуметтендіру нүктелері бар инфрақұрылым құрылатын болады. Бұл орталықтар 2025 жылдың соңына дейін қаланың барлық полиорталықты нысандарында, соның ішінде қолданыстағы нысандарды қайта дамыту арқылы да ашылатын болады.

**9.** Бүлдіршіндер топтары үшін 2023-2025 жылдары көрсетілетін қызметтер мен сервистің сапасын арттыру мақсатында **қаланың тұрғын аудандарында 150 Бос уақыт орталықтарының қолданыстағы желісін жаңғырту жоспарланған**. Бұл орталықтардың жастарға бос уақыттарын пайдалы өткізуге, қосымша дағдыларды қалыптастыруға, кәсіптік бағдар беруге және тәуелділіктің алдын алуға мамандануы жеке әлеуетін одан әрі дамытудың іргетасы мен траекториясын құруға мүмкіндік береді.

**10.** Қалалық жастар саясатын іске асыруға азаматтық сектор мен бизнес-қоғамдастықты тарту арқылы 2023 жылдың бірінші жартысында **комьюнити-орталықтар** резиденттерінің қажеттіліктерін тарту, талдау және бағалау үшін **клубтық карточкалық жүйе** енгізілетін болады. Карта көлік, қоғамдық тамақтану, спорттық және мәдени инфрақұрылымды пайдалану, оқыту, шеберлік сыныптары және т. б. үшін жеңілдік береді.

**11.** Жастар арасында **нашақорлықтың** алдын алу үшін қаланың **8 ауданында** 2022 жылдың екінші жартысынан бастап **«ЕсірткіSTOP» орталықтары** құрылады, оған жастармен жұмыс істеу үшін кәсіби кадрлар (психологтар, әлеуметтанушылар, жаттықтырушылар, реабилитологтар және т.б.) тартылатын болады. Орталықтардың дерекқорында әдістемелік база қалыптастырылады және жергілікті атқарушы, құқық қорғау органдары мен оқу орындарының өзара жүйелі іс-қимылы ұйымдастырылады.

**12.** Әлеуметтік-мәдени бағдарламалау аясында және жастардың **бос уақытын тиімді ұйымдастыру**, олардың мүдделерін қанағаттандыру үшін **жыл сайын мыңнан астам** мәдени, спорттық, волонтерлік іс-шаралар өткізілетін болады.

**13.** Алматы қаласының ЖОО мен колледждерінің әлеуетін студент жастарды әлеуметтендіру және бейімдеу мәселесінде біріктіру мақсатында, сондай-ақ денсаулыққа пайдалы бос уақытты ұйымдастыру және СӨС құндылықтарын ілгерілету үшін 2022 жылдың екінші жартысынан бастап **спорттың командалық түрлері:** футбол, баскетбол және волейбол бойынша **студенттік лигаларды** іске қосу жоспарлануда.

**14.** Қазақстан **Халқына жолдауында** ҚР Президенті Қ.К. Тоқаев студенттерді жатақханалардағы орындармен қамтамасыз ету үшін жүйелі шаралар қабылдауды тапсырды.

Осы проблеманы шешу үшін «Қаржы орталығы» АҚ субсидиялау тетіктеріне қосымша Алматы әкімдігі «Алматы Бизнес» бағдарламасы шеңберінде жоғары оқу орындарына жаңа объектілер салуға жәрдемдесу бойынша бірқатар шаралар қабылдайды:

- жер учаскелерін бөлу кезіндегі преференциялық режим;
- жергілікті атқарушы органның облигацияларын орналастыру арқылы БЖЗҚ қаражатын тарта отырып, жатақханалар салуға берілетін кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау тетігі;
- рұқсат құжаттарын алуда қолдау көрсету;
- жатақханалардың типтік жобаларын қолдану;

Осылайша, 2025 жылға дейін **12 мың орындық**, ал 2030 жылға дейін қосымша тағы **20 мың орындық** жаңа жатақханаларды іске қосу жоспарлануда.

**15.** Жастардың уақытша тұру мәселелерін шешу үшін 2025 жылдан бастап жеке инвестицияларды пайдалана отырып, **ленд-лордтар мен ко-ливингтер** типі бойынша бағдарламалар іске қосылады.

**Ленд-лорд** қағидасы жалға берілетін тұрғын үй салу және оны басқаратын **сервистік компанияны** ұйымдастыру.

**Ко-ливинг** қағидасы «бірге тұратын» көршілерді іріктеу, тұрғын үй іздеу, рейтингтер қалыптастыру, жалға берушілерді көлеңкелі аймақтан шығару, қауіпсіздік мәселелері мен алаяқтық проблемаларын шешу арқылы бірге тұру **онлайн-сервисін** құру арқылы іске асырылады.

### Қажетті ресурстар

Алматы қаласы жастарының дамуы және өзін-өзі дамытуы үшін тең мүмкіндіктер жасау жөніндегі жоспарды іске асыру үшін бюджеттік және жеке қаржы ресурстары шоғырландырылатын болады.

Ағымдағы бюджетті және инфляцияны ескере отырып, жастарды қолдаудың қолданыстағы шараларына **2025 жылдың соңына дейінгі қосымша шығындар жергілікті бюджеттен 18,3 млрд. теңге** қаржыға бағаланады:

- **4,5 млрд. теңге** – қысқа мерзімді кәсіби курстарда және соңынан жұмысқа орналастыратын заманға сай өзекті мамандықтарды оқытуға. Оның ішінде: *3 млрд. теңге* – төлемдерді 30 АЕК дейін өсіру арқылы қысқа мерзімді кәсіби курстарда оқытуға, *1,5 млрд. теңге* – қысқа мерзімді өзекті мамандықтар курсына оқытуға.

- **1,5 млрд. теңге** – «Белсенді жастар қаласы» жобаларының әлеуметтік және тәрбие блогын іске асыруға. Барлық қаражат мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында жүзеге асырылатын әлеуметтік жастар жобаларына қарастырылған.

- **5,3 млрд. теңге** – уақытша жұмыс орындарын құру арқылы жастарды жұмысқа орналастыруға. Оның ішінде: *3,6 млрд. теңге* – әрбір екінші қызметкердің жалақысын субсидиялауға, *1,7 млрд. теңге* – Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының желісі бойынша ағымдағы жұмыспен қамту шараларына.

- **6,3 млрд. теңге** – жастармен жұмыс істеу үшін инфрақұрылым құруға. Оның ішінде: *4,5 млрд. теңге* – **16 комьюнити-орталықтар** құруға және жыл сайын қызмет көрсетуге, *1,8 млрд. теңге* – **150 демалыс орталығын** жаңғыртуға және «ЕсірткіSTOP», «Қалалық мансап орталығы», «NEET проблемалар орталығы» жобаларының жұмысын қамтамасыз етуге.

- жатақхана құрылысына берілген несиелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау үшін жергілікті атқарушы органның облигацияларын орналастыру арқылы БЖЗҚ қаражатын тарта отырып, ұзақ мерзімді қорландыру механизмін қолдану жоспарлануда.

- **709 млн. теңге** – жастарды сегменттеуге және NEET санатына жататындардың санын көбейтпудің алдын алу шараларына. Оның ішінде: *415 млн. теңге* – «Мүмкіндіктер орыны» мобильді павильондарының жұмысын ұйымдастыруға, *92 млн. теңге* – жастарға кеңес беру үшін «жедел желі» телефонның жұмысын ұйымдастыруға, *202 млн. теңге* – жастардың әлеуметтік жобаларын іске асыруға.

**2026 жылдан 2030 жылға дейінгі кезеңде күтілетін қосымша шығындар – 32 млрд. теңге.**

### Күтілетін нәтижелер

Жастардың дамуы мен өз қабілетін іске асыруы үшін тең мүмкіндіктер жасау жөніндегі іс-әрекет жоспарының басты нәтижесі жас алматылықтардың әлеуметтік көңіл-күйін жақсарту, олардың қаланың және бүкіл қоғамның әлеуметтік-экономикалық өміріне қатысуы болуы тиіс.

1) 2023 жылдың басында «Жаңа кәсіптер атласын» қабылдауды, жастарды нақты нарыққа бағдарлауды және жұмыс берушілермен өзара іс-қимылды ескере отырып, колледждердің оқу бағдарламаларын трансформациялау арқылы **еңбек нарығында сұранысқа ие қазіргі заман мамандарын даярлау сапасын арттыру** күтілуде.

2) Қазіргі заманғы комьюнити-орталықтарда жастарды кәсіптік бағдарлау, тарту, ынталандыру, әлеуметтік, ақпараттық қолдау және Қалалық мансап орталығын құру өзекті мамандықтарға оқытуды ұйымдастыру **жыл сайын кемінде 10 мың адамды жұмысқа орналастыруға** мүмкіндік береді. Бұл қаланың экономикалық жағдайына оң әсер етеді. Осылайша, **өзекті мамандықтарға оқытылған** және жұмысқа орналасқан жастарды қамту 2030 жылға қарай шамамен **80 мыңға** жетеді.

3) ЖОО, демеушілердің қаражатын тарту және нормативтік-құқықтық қолдау арқылы әкімдік 2030 жылға қарай **студенттік жатақханаларда кемінде 32 мың қосымша орынды** қамтамасыз ете алады. Жалға берілетін тұрғын үйді салу және басқару үшін ко-ливинг қағидасын танымал ету, оның қосымшасын құру және инвесторларды тарту есебінен **24,4 мың отбасы үшін жалға берілетін тұрғын үй** пулы, оның ішінде 2025 жылға дейін 9 150 пәтер, 2030 жылға дейін қосымша – 15 250 пәтер беру ұйымдастырылады.

4) Іске асырылып жатқан «Алматы жастары» бағдарламасы 2030 жылдың соңына дейін белгілі бір дәрежеде жас отбасыларға қолдау көрсететін **9 мың жеңілдікті ипотекалық қарыз** беруге мүмкіндік береді.

5) Балалардың бос уақытын неғұрлым сапалы деңгейге көтеру және оларды дамыту үшін үздік әрі қауіпсіз ортаны қамтамасыз ету үшін **3 мыңнан астам баланы қамтитын Бос уақыт орталықтары желісі жаңғыртылатын** болады.

6) Жылына кемінде **1 мың** мәдени, спорттық, волонтерлік іс-шаралар өткізу арқылы жастарды **әлеуметтік-мәдени бағдарламалау** жастар өмірінің негізгі салаларында өз қабілетін іске асыруына ықпал ететін болады.

**Осылайша**, кешенді шараларды әзірлеу және қажетті инфрақұрылымды құру есебінен **тікелей немесе жанама әдістермен NEET** санатындағы жастардың үлесін 2025 жылы 6,3%-дан 4,5%-ға дейін және 2030 жылы **3%** дейін қысқарту арқылы **деструктивті және басқа да тәуекелдерді азайтуға** қол жеткізілетін болады.

#### 4.5. Алматы – мәдени астана

Алматы Қазақстанның мәдени астанасы. Тарихи тұрғыдан алғанда, маңызды оқиғалардың орталығы және еліміздің ең ірі қаласы болғандықтан Алматыда жаңа идеялар жүзеге асырылады, мәдени тұрғыда дамудың жаңа бағытын көрсетеді.

Қалада еліміздің жетекші театр-көркем, мұражай және кітапхана ұйымдары **шоғырланған**, көптеген мәдени шаралар өткізіледі.

Алматы қаласындағы көші-қон жағдайы (түрлі өңірлерден тұрғындардың келуі), осыған байланысты жаңа алматылықтар тағдырларының қалаға және оның болашағына қатысты екенін сезіндіру үшін, жұмыстың маңызды бағыттарының бірі мәдени бағдарламалау болып табылады.

Осы контекстегі **мәдени бағдарламалау** – бұл урбанизацияның әлемдік үрдістерінің үстемдігі және осыған байланысты біріздендіру аясында қалалық мәдени ортаның ерекшелігін, даралығын және бірегейлігін қорғау, сақтау және көбейту тәсілі.

Ол инфрақұрылымды дамытуды және болып жатқан оқиғаларды ғана емес, сонымен қатар **бірыңғай алматылық мәдени кодты** нығайтуға мүмкіндік беретін, қалалық бірегейлікті барынша сақтай отырып, тұрғындардың әртүрлі санаттары, қала әкімшілігі мен халық арасындағы коммуникация қағидасын өзгертуді де қамтиды. Мұндай тәсілді қолдану қызметтің бағыттары мен түрлерін нақтылауға, жаңа қала тұрғындарының сәтті түрде мәдени «сіңісуі» үшін экожүйе құруға мүмкіндік береді.

Қалалық мәдени бағдарламалаудың сапасы адам капиталының сапасына тікелей әсер ететіндіктен, ол базалық фактор ретінде қарастырылады, онсыз қаланың толыққанды, теңестірілген дамуы мүмкін емес.

#### Ағымдағы жағдайды талдау

Алматы еліміздің көпшілік шығармашылық, креативті қоғамдастық өкілдерінің тұратын жері. Қалада 14 шығармашылық Одақтың бас кеңселері орналасқан, олардың арасында одақ мүшелерінің көпшілігі Алматыда тұрақты тұратын суретшілер, жазушылар, композиторлар, дизайнерлер, сәулетшілер одақтары және басқа да бірлестіктер бар.

Мұнда Қазақстандағы ең танымал мәдени көрікті жерлер шоғырланған, олардың арасында Ықылас атындағы Халық музыкалық аспаптар музейі, Абай атындағы Қазақ ұлттық академиялық опера және балет театры, ҚР Орталық мемлекеттік музейі, ҚР Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер музейі, Алматы музейі және т.б. бар.

Қала халықаралық мәдени ынтымақтастықты қарқынды дамытуда. **ЮНЕСКО** шешімі бойынша Алматы 2017 жылы 72 елдің 180 қаласымен

Әлеуметтік орнықтылық және тұрақтылық қатар «Музыка» номинациясы бойынша «Әлемнің креативті қалалары» желісіне қосылды.

Бүгінде Алматыда **160** мәдениет мекемесі жұмыс істейді (21-сурет):

1-сурет. Алматы қаласының мәдениет мекемелері



Республикалық – 55 Қалалық – 53 Жеке – 52

Оның ішінде 27 музей, 34 кітапхана, 19 театр, 49 концерттік-ойын-сауық мекеме, 23 кинотеатр, 8 демалыс паркі

Қала аумағында **161 тарихи және мәдени ескерткіш**, оның ішінде 33 республикалық ескерткіш және 128 жергілікті маңызы бар ескерткіш орналасқан. Мемлекеттік мәдениет ұйымдарымен қатар **жеке** көркем галереялар мен эксперименттік театрлар дамуда, соның ішінде «АртиШок» эксперименттік театры», «Бункер арт-жертөлесі», «Жас Сахна», Esentai gallery, Kazarian Art center, Art Lane, Aspan gallery және т. б. бар.

Алайда, мұндай көрсеткішті қазір жоғары көрсеткішке жатқызуға болмайды. Мәселен, 1,2 млн халқы бар Қазанда 3 мың адамға 1 мәдени институттан келеді, ал Алматыда бұл 12 мың адамға 1-ді құрайды. Бүгінде Қазанда **400 астам** мәдениет мекемелері мен ұйымдары жұмыс істейді, **6 жыл ішінде барлық муниципалды мәдениет сарайлары жөнделді**, 8 жаңа нысан салынды.

2021 жылы Алматының қалалық мәдениет объектілеріне **4,5 млн. адам келді**. Келушілер саны бойынша ең ҮЗДІК-3 хайуанаттар бағы, Республика сарайы және Орталықтандырылған кітапхана жүйесі кіреді.

Мәселен, 2021 жылы Алматы қаласындағы кітапханалардың 34 филиалына келушілер саны **3 млн. тұрғынды**, ал осы кезеңде Мәскеу қаласындағы 281 филиалға келушілер саны барлығы **15,2 млн.** құраған.

Сонымен қатар, сарапшылардың пікірінше, мұндай **жоғары көрсеткіштер нақты көріністі көрсетпейді**, өйткені олар ескірген есептеу әдіснамасына сүйенеді. Нысаналы көрсеткіштерді уақтылы түзете отырып,

Әлеуметтік орнықтылық және тұрақтылық осы жоспарды іске асыру барысы бойынша **жүйелі зерттеу, халықтың сұраныстарына талдау жүргізу және мегаполистің мәдени кеңістігін картаға түсіру** қажет.

Соңғы 5 жылда кітапхана кеңістігінің 85% жаңғырту есебінен Орталық кітапхана жүйесіне келушілер санын арттыру мүмкін болды. Жамбыл атындағы кітапханы модернизациялағаннан кейін күнделікті келушілер **420-дан 1200 адамға дейін өсті**.

Әйтсе де, әлі күнге дейін **Бірыңғай оқырман билеті** енгізілмеген, кітапхана жүйесін **цифрландыру жүргізілмеген**. Сондай-ақ, **дамушы аудандарда кітапхана орындары жетіспейді**. Егер Мәдениет және спорт министрлігінің қолданыстағы нормативтерін ұстансақ, Алматыда кем дегенде **65 жаңа кітапхана филиалын** ашу қажет. Бұл оқырманның кітап оқитын орны ғана емес, оқырман, оның эмоциялары және ақпаратпен бөліскісі келетін көп функциялы қоғамдағы «өмірлік орыны». Қазіргі заманғы кітапханалар өз формасында тек кітаптарға қол жетімділік қана емес, сонымен қатар нетворкинг мүмкіндігі бар сервис, медиа кітапхана, презентация алаңдары, түрлі іс-шаралар және т. б.

Қаланың **27 мұражайының** даму әлеуеті зор. Мұражайлардың саны мен басқа қалалардың халқын салыстыратын болсақ, онда 1,6 миллион халқы бар Барселонада **50-ден астам мұражай**. Алматы музейлерінің аздығынан басқа тағы бір проблемасы бар: олардың барлығында жаңа тәсілдерді қолданбай, әлеуетті келушілермен байланыс орнатудың тиімсіз арналарын пайдаланатын консервациялау функциясы бар. **Мұражайлардың 80%-ы** 5 жылдан астам экспозицияны өзгертпеген. **Мұражай кеңістігінің 70% жөндеуді, жабдықтарды ауыстыруды, қайта экспозициялауды және жөндеуді қажет етеді**.

Сондай-ақ, **Алматы қаласының мемлекеттік архиві** да назар аударуды талап етеді. Цифрланған құжаттардың саны барлық сақтаудағы құжаттардың жалпы көлемінің **барлығы 3,4%** құрайды. Техникалық жарақтандырудың қанағаттанғысыз болуы, арнайы жабдықтың болмауы құжаттарды, әсіресе тозғандарын цифрландыру процесін қиындатады. Бүгінгі таңда сақтау алаңының **75%** толтырылған. Сақтауды толық цифрландыру және қосымша орындар салу қажет.

Қазіргі әлемде мәдениет саласындағы өзгерістер, сәйкесінше, қоғамдық өмірде өте тез өзгеруде. Мәдени дамудың әлемдік деңгейіне жету үшін Алматы таяу жылдары мәдениет саласындағы **негізгі проблемалар мен сын-қатерлерді** шешуі қажет:

### **1. Мәдениет объектілерінің жетіспеушілігі**


Мәдени активтендіру бағдарламасымен және микрокультуралық (вернакулярлық) ортаны қалыптастырумен жаңа объектілерді ашу (көпорталық қағидасын сақтай отырып) қажеттілігі бар. Мысалы, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің мемлекеттік мәдениет

Әлеуметтік орнықтылық және тұрақтылық ұйымдарының үлгі штаттарын реттейтін № 121 бұйрығына сәйкес әрбір 20 мың тұрғынға жаңа кітапхана ашылуы тиіс, алайда, халық тығыз орналасқан кейбір аудандарда олар мүлдем жоқ.

## 2. Қаланың әртүрлі бөліктерінде мәдениет объектілерінің біркелкі орналаспауы.

Мәдениет объектілерінің негізгі бөлігі қаланың орталығында шоғырланған (22-сурет). 160 мәдениет мекемесінің 98 орталық екі ауданда орналасқан. Бұл ретте 500 мыңға жуық тұрғыны бар жаңадан қосылған Наурызбай және Алатау аудандарында барлығы 12 мәдениет объектісі бар.

22-сурет. Алматы аудандарының мәдениет объектілерімен қамтамасыз етілуі



Алатау ауданы – 4 (қала 4). Тұрғындар саны 318 000 мың адам  
 Әуезов ауданы – 4 (республика 1, қала 3). Тұрғындар саны 311 817 мың адам

Наурызбай ауданы – 1 (қала 1). Тұрғындар саны 171 249 мың адам  
 Бостандық ауданы – 8 (республика 2, қала 6). Тұрғындар саны 368 048 мың адам

Жетісу ауданы – 2 (қала 2). Тұрғындар саны 174 582 мың адам  
 Түркісіб ауданы – 10 (республика 1, қала 9). Тұрғындар саны 247 000 мың адам

Алмалы ауданы – 34 (республика 21, қала 13). Тұрғындар саны 225 298 мың адам

Медеу ауданы – 41 (республика 17, қала 14, жеке 10). Тұрғындар саны 226 948 мың адам

## 3. Қолданыстағы инфрақұрылым реновацияны қажет етеді.



Әлеуметтік орнықтылық және тұрақтылық

Бүгінде мәдениет мекемелерінің 70% тозған. Цирк, Мемлекеттік қуыршақ театры, Хайуанаттар бағы ғимараттарын күрделі жөндеу, қалалық Архивті кеңейту, Республика сарайының сахналық жабдығын ауыстыру, қаладағы 6 музейдің толық рэкспозициясы, кітап кітапхана қорын жаңарту және өзектендіру және басқа да елеулі реновацияны тек кеңестік құрылыс ғимараттары ғана емес, сондай-ақ жақында салынған «Алатау» дәстүрлі өнер театры (2016 ж.) талап етеді.

**4. Мәдени-демалыс орталықтарының ескірген форматтары** олардың қызметі бойынша «монетизациялау» жоқ екенін көрсетеді, бұл өзін-өзі қамтамасыз ету мәселесі жоқ дегенді білдіреді. Қалалық мәдени ұйымдар өздерінің операциялық шығындарын өздігінен жаба алмайды. Музейлер, театрлар, концерттік ұйымдар қорғалу функциясы бар пассивті «классикалық» мекемелер қызметін атқаруда. Әдеттегідей, мәдени мұраны ұсыну маркетингі жоқ, репертуар аз жаңартылады, креативті эксперименттерді ұсыну кем және т. б. Мысалы, музейлер әлі де 20 ғасырдың 70-жылдарының стандарттары бойынша «өмір сүреді», бұл жас ұрпақтың **менталды бас тартуына** не себеп болады. 2021 жылы келушілер саны небары 50 мың адамды құрады, ал операциялық шығыстарды жабу үшін оны 6 есе ұлғайту қажет.

**5. Қала тұрғындары мен қонақтары үшін мәдени іс-шаралардың алуан түрлілігінің жеткіліксіздігі.** Алматының тұрақты «брендтік» іс-шаралары жоқ. Мәдени іс-шаралардың **70%** концерттер құрайды, тиісінше, мәдени бағдарламада тепе-теңдік тудыратын басқа форматтар бар. Сонымен қатар, іс-шаралар күнтізбесін қалыптастырудағы жүйесіздік, байланыс және PR саласындағы мәдени бағдарламаны алға жылжытуда бірыңғай стратегияның болмауы, сондай-ақ тұрғындармен кері байланыстың болмауы сұранысты ынталандыруға және келушілердің, соның ішінде туристердің жеткілікті санын анықтауға мүмкіндік бермейді. Қайталанатын жағдай - алдын ала жоспарлаудың болмауы, әдетте, медиа-сүйемелдеудің және қала тұрғындарын ақпараттандырудың тиімсіздігіне әкеліп соғады.

**6. Цифрландыру қарқыны аз.** Бүгінгі таңда мәдениет саласы объектілері жаңа цифрлық технологияларды енгізуді қажет етеді. Бірыңғай клиенттік база, төлем жүйелерінің интеграциясы, музейлердің цифрландырылған экспонаттарына қол жетімділік жоқ. Қызмет көрсету алгоритмі ескірген.

### **Халықаралық тәжірибе**

Көрсетілген проблемаларды шешу жөніндегі әлемдік тәжірибені талдау мәдени-тарихи объектілерді жаңғырту, жаңа мәдени көрікті жерлерді құру, тұрақты халықаралық іс-шараларды өткізу, креативті индустрияға инвестициялар салу - осының барлығы көптеген қалалардың билік орындарына туристер мен инвесторларды тарту есебінен қалалық ортаны

**қалпына келтіру және экономикалық даму** жолында нақты және табысты кадамдар жасауға мүмкіндік бергенін көрсетеді.

**1.** 1990 жылдардағы Еуропа мен АҚШ «креативті» немесе «атаулы» қалалардың бумы қалалық ортаның өткір **әлеуметтік-экономикалық мәселелерін мәдени стратегиялардың** көмегімен шешудің мысалы бола алады. Осылайша, Франкфурт, Бильбао, Глазго және басқа да көптеген «депрессиялық» қалалар **мәдени саясатта қала имиджін** тиімді пайдалану арқасында жаңа өмір мен дамуға жаңа серпін алды. Испанияның Билбао қаласында орналасқан Гуггенхайма Нью-Йорк музейінің филиалы осындай мәдени жобаның мысалы бола алады. Осы музей қаланың экономикалық және әлеуметтік дамуына қолайлы жағдай жасай отырып, тез арада туристік Меккеге айналды (яғни, өндірістің бір бөлігі).

**2. Халықаралық деңгейдегі ауқымды іс-шараларды** өткізу тұтастай ел үшін де, іс-шара өткізілетін өңір үшін де зор мүмкіндіктер береді. Осындай іс-шараларды өткізу туризм, қала инфрақұрылымы, әлеуметтік және басқа да салаларға серпіліс береді.

Мысалы, **Будапешт қаласы** ұзақ уақыт бойы көптеген ішкі және сыртқы туристерді тартатын жыл сайынғы фестивальдерді ұйымдастырумен айналысып келеді. Олардың қатарына мемлекетке беделді және экономикалық пайда әкелетін Көктемгі және Күзгі фестивальдар, Будапешт жәрмеңкесі және бесінші ірі Сигет (Sziget) музыка, мәдениет және өнер фестивалі жатады. Іс-шара өтетін аптада қалаға бүкіл әлемнен орта есеппен **500 мың** адам келеді. Будапешт өзін Еуропаның жетекші мәдени астаналарының бірі ретінде көрсетуге тырысып, ұзақ уақыт бойы **«фестивальдар қаласы»** ретінде танылып келеді.

Бүгінгі таңда әлемде **іс-шаралар экономикасына** маманданған және одан түсетін табыстан өмір сүретін бірнеше ондаған қалалар бар. Давостағы жыл сайынғы экономикалық форум, Берлиндегі, Канндағы кинофестивальдер әлемге әйгілі іс-шаралар. Мысалы, Канн қаласының вице-мэрі Фрэнк Чиклидің айтуынша, «барлық факторларды, соның ішінде фестиваль күндері келетін туристер ағынын ескеретін болсақ, онда ол жыл сайын шамамен 825 млн. еуро әкеледі».

**3. Лондондағы** Idea Store кеңістігі кітапхана және ақпараттық қызметтердің жұмысын жақсартуға бағытталған. Нысандар кітапхана қызметі мен білім беру секторының ең жақсы үлгілерін көрсететін, жаңа келген оқырмандарды қызықтыратын және ескі оқырмандарды сақтап қалатын қызықты түрде қызметтерді ұсынуға арналған. Жобалау кезінде *«Біз күнделікті өмірде баратын жерлерімізге барғымыз келеді», «Бізге өзімізді жақсы сезінетін орын керек»* сияқты қоғамдық пікірді тыңдай отырып, авторлар қанағаттандырылуы керек негізгі қажеттіліктерді атап өтті. Дәстүрлі кітапханалық қызмет көрсетуден басқа, Idea Store **білім беру бағдарламаларының** ауқымды таңдауын, сондай-ақ басқа да қызметтерді

Әлеуметтік орнықтылық және тұрақтылық ұсынады: мансап жасауды қолдау, тренингтер, конференц-залдар, кафелер, өнер сабақтары және т.б. Бұл іс-шаралар бейресми қарым-қатынас аясында сауда үлгісі бойынша әзірленген бөлмелерде өткізіледі.

**4.** Бүгінде әлемдік мегаполистер өздерін инклюзивті және инновациялық мәдени орталықтар ретінде танытуда. Мәдени туризм мәселелері алдыңғы қатарға шығуда. **Лондон** жыл сайын осы бағытты дамыту үшін **11 млрд. доллар табыс** табады, Венада 3 туристің 2-і **өнер мен мәдениетті** сапарының себебі деп атайды. Ірі іс-шараларды өткізу қалаларды жандандыру мен дамытуда да маңызды рөл атқарады, туристік аумақтың тартымдылығын арттыруға айтарлықтай үлес қосады, көбінесе қаланың брендингтік науқанының бастауы болады. Жыл сайын **Әзербайжанда** өтетін **«ЖАРА»** музыкалық **фестивалі ТМД аумағындағы** осындай іс-шараның мысалы бола алады. Фестиваль өтетін күндері 150 астам әртіс, күніне **12 мыңнан астам көрермен** және Ресей мен ТМД елдерінен **150 млн. астам телекөрермен** жиналады.

### **Іс-қимыл жоспары**

Қала аумақтарына кешенді және ойластырылған мәдени бағдарламалауды енгізу жоспарлануда. Кешенділік селективтілікті қоспағанда, барлық қатысушылармен жұмыс жүргізуді, сондай-ақ жаңғыртудың, цифрландырудың барлық мәселелерін енгізу мен пысықтауды, ұсынылатын қызметтердің сапасын жақсартуды және қызықты мәдени-демалыс ұсыныстарын ұлғайтуды көздейді. Мәдени бағдарламалау-тұрғындармен байланыс құралдарының бірі, белгілі бір орынға шығармашылық жағдай жасайды. Бағдарламалау экономикалық инвестицияларды ұлғайту және тұрғындар арасындағы әлеуметтік байланыстарды нығайтуға, сондай-ақ белгілі бір аумақтың өзіндік және негізгі құндылықтарына басты назар аудара отырып, қауымдастықтар мен олардың кеңістігін жандандыруға көмектеседі. Бұл тәсіл осы немесе басқа микроаумақтың қалай өмір сүретінін, оның қала контекстінде қандай орын алатындығын, оның әлеуеті қандай екенін және болашақта аумақты дамыту тұжырымдамасында оның өткенін ескеру керектігін түсінуге мүмкіндік береді.

**1.** Мәдени бағдарламалау аясында **«микрокультуралық» бағдарлама** жоспарланған, бұл ықшам әрі тұрақты жобалармен мәдени іс-шаралар өткізуді білдіреді. Мұндай тәсілді вернакулярлық аудандарды дамыта отырып енгізу жоспарлануда. **Тұрақты қоғамдастықтар мен әлеуметтік қатысуды** ұйымдастыру үшін жағдайлар жасалатын болады.

Қалада **қазіргі заманғы өнер мен қазіргі заманғы музыканың** (outdoor және indoor) **12 көпфункционалды орнын** құру жоспарлануда. Мұндай орындар адамдар көп жиналатын жерлерде жайлы жағдай жасау үшін өз бетінше орындаушылар мен тұрғындардың шығармашылық идеяларын

Әлеуметтік орнықтылық және тұрақтылық білдіруге арналған еркін сахналық орындар болады. Сондай-ақ, бұл кешенде бояуға арналған қабырғалары бар Street Art әртістеріне арналған орындар да болады.

Жер болмаған немесе жаңа объектілерді салу мүмкін болмаған кезде қала бойынша қозғала алатын **мобильді модульдік шешімдер** (арт-аляндар, сахна, кітапханалар) пайдаланылатын болады.

Балалардың шығармашылық үйірмелерін қосымша білім беру тәртібімен дамыту жеке бағыт болады, осылайша өсіп келе жатқан ұрпаққа кең творчестволық дамудың ауқымдығын қамтамасыз етуге барынша мүмкіндік беріледі. Осы мақсатта балаларға мәдениет нысандарына және арнайы қаржыландыруға қол жеткізуге мүмкіндік беріледі.

2023 жылдан бастап қала үшін жаңа экожүйенің жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін 4 маусымға бөлінген гранттарды іске қосу жоспарлануда: көктем, жаз, күз, қыс. Маусымдар бойынша бөлу жылдың әрбір уақыты үшін спецификалық бағдарламаны қалыптастыру үшін қажет, бір алаң ауа райына байланысты тұрып қалмай, би алаңынан мұз айдынына ауысуы мүмкін. Қаржылық қолдаудың нақты механизмдері есебінен тұрғындарды жаңа кеңістікті пайдалануға тарту жоспарлануда.

**2. Жаңа нысандар құрылысы** қала мәдениетін дамытудың инфрақұрылымдық драйверлеріне айналады.

1) **Қазіргі заманғы өнер мұражайы – Almaty Museum of Arts** қала мен елдің әлемдік мәдени кеңістікке интеграциялануына ықпал ететін болады. Музей құрылысын 2024 жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланған.

2) 2025 жылға дейін концерттерді, шоуларды, фестивальдерді, салтанаттарды, конференцияларды, спорттық іс-шараларды және т. б. өткізуге арналған жоғары технологиялық трансформацияланатын залы бар қазіргі заманғы кешен - 11 мың орындық **көпфункционалды Концерт-холлды** жобалау мен салуды аяқтау жоспарлануда.

3) 2025 жылдың соңына дейін Алатау ауданы аумағында қаланың солтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан «Боралдай сақ қорғандары» археологиялық паркі базасында **Сақ мәдениеті орталығының** құрылысы жоспарланған.

4) Қолданыстағы нормативтер бойынша тапшылықты жою аясында 2030 жылға дейін қаланың жаңа аудандарында **кітапханалар** (мобильді және стационарлық) **мен музейлердің 50 филиалын** іске қосу жоспарлануда.

**3. Цирк, «Алатау» дәстүрлі өнер театры, Мемлекеттік қуыршақ театры** ғимараттарына, тіршілікті қамтамасыз ету объектілеріне, Хайуанаттар бағының қоршаулары мен кіреберісіне күрделі жөндеу жүргізілетін болады. Алматы қаласының Мемлекеттік архивін кеңейту, Республика сарайының сахналық жабдықтарын ауыстыру аяқталды.

**4. Алматы қаласының креативті индустриялар өкілдерінің жоғары кәсіби деңгейі, бірегей табиғи ландшафты, тарихы, мәдени және туристік**

Әлеуметтік орнықтылық және тұрақтылық орталығы бар, сондықтан **ірі халықаралық мәдени іс-шараларды** өткізуден түсетін экономикалық тиімділік пен инвестициялық тартымдылықты болжауға мүмкіндік беретін сапалы ивенттерді өткізуге сұранысы жоғары.

2023 жылы Алматының **жаңа іс-шаралар күнтізбесін** кеңейту және бекіту жоспарлануда. Рейтингілік іс-шаралар санын **жыл сайын 20 дейін** ұлғайта отырып, халықаралық деңгейдегі **тұрақты (алматылық) іс-шараларды** ұйымдастыру және өткізу жоспарланған. «The Spirit of Tengri» халықаралық заманауи этникалық музыка фестивалі, халықаралық «FILM FESTIVAL» халықаралық цирк өнері фестивалі және т.б. сияқты іс-шараларды өткізу Алматы қаласын туристік дестинацияға айналдыруға және жергілікті ғана емес, сонымен қатар шетелдік қонақтарды да тартуға мүмкіндік береді.

**5. Келушілерге қызмет көрсету сапасын арттыру.** Техникалық өзгерістерден басқа, мәдени объектілер **ментальді реновациядан** өтеді – бұл сервистік модельге толық көшуді, қызметкерлерді жаңа стандарттар мен дағдыларға, клиентке бағдарланған коммуникацияға оқытуды білдіреді. 2023 жылы біліктілікті арттыру бағдарламасы әзірленеді, халықаралық тәжірибе алмасу күшейтіледі. Комплаенс-қызметті және бренд-менеджерлерді енгізу жоспарлануда.

**6. Мәдениет объектілері мен мекемелерін цифрландыру.** Цифрландыру мәдени қалалық институттарды жоспарланған жаңғыртудың ажырамас бөлігі болып табылады. Архивтерге цифрлау жүргізілуде, қызмет көрсетуді автоматтандыру, музей контентін цифрлау жоспарланған, негізгі (кластерлік) объектілерді технологиялық жаңғырту жүзеге асырылатын болады. Бірыңғай цифрлық сервистерді енгізу жоспарлануда: **бірыңғай мәдени сити-пассаж, бірыңғай оқырман билеті, қолданыстағы төлем жүйелерімен интеграциялау.**

**7. 2030 жылдың соңына дейін мәдени-демалыс орталықтары кешенді, оның ішінде балалардың қажеттіліктеріне бағдарланған кешенді ревитализациядан өтеді.**

Музейлердің толық реэкспозициясы, репертуардың жаңартылуы ғана емес, сонымен қатар жұмыстың ішкі алгоритмдері де өзгертіледі. Ұсынылған мазмұнды ескере отырып, мәдени орындар барлық жас санаттарына қарай бағдарланып жұмыс істейтін болады. Консервативті және жабық институттардан мәдени нысандар қалалық мәдени орындарға - комьюнити спейстерге айналады. Сақтау қызметтері жұмыс істейді, бірақ басқа қызметтер де маңызды болады. Ақпаратты беру форматы дәріс түрінен иммерсивті түрге өзгертіледі. Өскелең ұрпақ арасында аудиторияны көптеп тарту үшін геймификацияны енгізу жоспарлануда.

**8. 2030 жылға дейін кедергісіз ортаны қамтамасыз ете отырып, барлық қалалық мәдениет объектілерін жаңғыртуды толық аяқтау жоспарлануда.** Инклюзивтілік контексті кеңістіктік шектеулерді алып тастау

Әлеуметтік орнықтылық және тұрақтылық ғана емес, сонымен қатар мәдени бағдарламаны ұсыну форматтарын ескеру деп түсініледі – мәдени мекемелердің репертуары мен бағдарламасында ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін арнайы көрсетілімдер, сеанстар болады.

**9.** Монетизациялауға жағдай жасау, мәдениет объектілерінің өзін-өзі ақтауға шығуы үшін **мәдени мұраны маркетингтік «нысанда» ұсыну бойынша** жұмыс жүргізілетін болады. Мәдени мұраны зерделеу, тарихи орындарға бару қала халқын тұтынудың құрамдас бөлігі, отбасылық бюджет шығыстарының тұрақты бабы және туристер үшін тартымды өнім болуға тиіс. Қала тұрғындары мен қонақтарына ұсыныстарды қалыптастыру тәсілдері қайта қаралады, қоғамдық пікірді сұрау ескеріле отырып, жеке **маркетинг-стратегия**, тұрғындар мен қонақтарға ұсынылатын мәдени демалыстың алуан түрлілігін тұтас қабылдауды қалыптастыру үшін бірыңғай айдентика әзірленеді және енгізіледі.

**10.** Мәдени кластерді ынталандыру механизмдері әзірленуде. Креативті индустрия және мәдени кәсіпкерлік өкілдеріне арналған шағын гранттар бағдарламасы іске қосылады. Ол музыка, қолданбалы және қазіргі заманғы өнер, театр, кино, дизайн және басқа да салаларды қамтуға тиіс. Гранттар «төменгі және көлденең» бастамаларды дамытуға мүмкіндік береді, жаңа ерекше көзқарастар мен мүдделі қатысушылардың пайда болуына негіз қалыптастырады.

**11.** Белгіленген мақсаттарды тиімді іске асыру үшін әлемнің жетекші мәдени орталықтарында оқыта отырып **жаңа дағдылар мен құзыреттер** үйрету арқылы, мәдениет саласы қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жүйесі енгізілетін болады. Жыл сайын мәдениет саласының 150-ге жуық қызметкері өздерінің кәсібилігін арттыра алады және бұл мәдениет саласы үшін қосымша ынталандыру болады.

**12.** Мәдениет саласындағы жеке бастамаларды қолдау және шағын мәдени орындарды дамыту үшін көп салалы орталықтарда «Мәдениет» бөлімін **«Халық қатысатын бюджет»** жобасына енгізу керек.

### **Қажетті ресурстар**

Мәдениетті дамыту бойынша жоспарларды іске асыру үшін жергілікті бюджеттен 2030 жылға дейін **111,6 млрд. теңге** (2023 жылдан 2025 жылға дейін – 73,6 млрд. теңге, 2026 жылдан 2030 жылға дейін – 38 млрд. теңге) сомасында қаржыландыру қажет. Бұдан басқа, 2030 жылға дейін қосымша **20 млрд. астам жеке инвестиция** тарту жоспарлануда.

**2025 жылдың** соңына дейін кітапханалар құрылысына 14 млрд. теңге, «Сақ мәдениеті орталығының» құрылысына 15 млрд. теңге, циркті жаңғыртуға 11,8 млрд. теңге, Республика сарайын жаңғыртуға 2,4 млрд. теңге, хайуанаттар бағының жаңа нысандарын салуға 2,7 млрд. теңге, «Алатау» театрын күрделі жөндеуге 550 млн. теңге, «Райымбек батыр» мемориалдық кешенінің құрылысына 2 млрд. теңге, музейлердің реэкспозициясына 1,5 млрд. теңге,

Әлеуметтік орнықтылық және тұрақтылық архивті жаңғыртуға 1,3 млрд. теңге, кітапханаларды цифрландыруға 1 млрд. теңге және бағдарлама көрсеткіштеріне қол жеткізуге байланысты басқа мақсаттарға 10 млрд. теңге қаржыландыру жоспарланған.

**2030 жылға** дейін кітапханалар құрылысына 6 млрд. теңге, ведомстволық бағынысты ұйымдардың мәдени нысандарын жөндеуге және жаңғыртуға 5 млрд. теңге, музейлердің реэкспозициясына 1,5 млрд. теңге және бағдарлама көрсеткіштеріне қол жеткізуге байланысты басқа мақсаттарға 9 млрд теңге қаржыландыру жоспарланған.

**Жыл сайын** халықаралық іс-шараларға **2 млрд. теңгеден** жоспарланған.

**Креативті индустрия және мәдени кәсіпкерлік өкілдеріне арналған гранттар бағдарламасына жыл сайын 500 млн. теңге бөлінеді (1 грант есебінен – 1 миллион теңге),** бұл кәсіби сектор тарапынан жыл сайын 500 дейін төменгі бастамаларды ынталандыруға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, 8 аудандағы шағын алаңдардың жыл сайынғы барлық маусымда жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін **жылына 800 млн. теңге** қарастырылған.

**«Алматы бизнес»** бағдарламасы арқылы жеке бастамаларды қаржыландыру мүмкіндігін беру кәсіпкерлердің **мәдениет саласына жеңілдікпен несиелеуге және оқытуға** қол жеткізуіне жол ашады.

Мемлекеттік қаражат көлемі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті қаржы жылдарына арналған республикалық және жергілікті бюджеттердің бекітілуіне және нақтылануына қарай нақтыланатын болады.

### **Күтілетін нәтижелер**

Алматы қаласы бірнеше кезеңде қолданыстағы мәдени инфрақұрылымды толығымен жаңартады. 2025 жылға дейін - 60%, **2030 жылға дейін - 95-100%.** Бұдан басқа, Almaty Museum of Arts заманауи өнер мұражайы, 11 мың орындық көпфункционалды концерт-холл, «Боралдай сақ қорғандары» археологиялық паркі базасында сақ мәдениеті орталығы сияқты жаңа **халықаралық деңгейдегі зәкірлік объектілер** пайда болады.

Заманға сай инфрақұрылымның пайда болуы қалаға халықаралық іс-шаралар саны мен аудиторияны қамту бойынша Орталық Азияда **көшбасшы** болуға мүмкіндік береді. «The Spirit of Tengri», «Almafest», «Ұлы дала», «Almaty Film Festival» сияқты тұрақты ивенттердің саны **20** жетеді деп жоспарлануда.

Маңызды басымдықтардың бірі сервисті жақсарту. Барлық қалалық мәдени институттар ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін бейімделіп, қызмет көрсетуді цифрландыру және автоматтандыру жүргізілетін болады. Іс-шараға билет сатып алу оңайырақ болады, ал пайдаланушыларда **бірыңғай мәдени сити-пас жүйесін** енгізу арқасында бонустар пайда болады.

**2025 жылға қарай қалалық мәдени күн тәртібін қалыптастыру тәсілі қайта қаралатын болады.** Музейлердің реэкспозициясы, театрлардың репертуары жаңартылады. Бұл өзгерістер тек визуалды өзгерістерді ғана емес, сонымен қатар орындарды пайдалану моделін, қызметкерлермен жұмыс жасауды да білдіреді.

Халықпен өзара іс-қимылдың жаңа моделін қалыптастыру және өзекті қажеттіліктерді жинау үшін коммуникация арналарын жолға қою орын алады. Мұндай шаралар қалалық мәдени бағдарламаны әртараптандыру, оны халықтың барлық топтары үшін қолжетімді және тартымды ету үшін қабылданатын болады. Шағын Гранттар бағдарламасы есебінен мәдени бастамаларды ынталандырудың нақты тетіктері пайда болады. **Қала тұрғындары ұсыныстар беріп қана қоймай, қаланың мәдени өмірін қалыптастыруға да қатыса алады.** Мұндай тәсілдер 2030 жылға дейін тұрғындардың мәдени өмірге қатысуын **50% дейін** арттыруға мүмкіндік береді. Жыл сайын мәдени нысандарға бару саны едәуір артады.

Ұйымдар атауы	Келушілер саны		
	2021 жылы	2025 жылы	2030 жылы
Музейлер	50 000	100 000	300 000
Кітапханалар	2 000 000	2 500 000	3 500 000
Хайуанаттар бағы	700 000	1 000 000	1 700 000
Цирк	80 000	150 000	250 000
«Алатау» театры	60 000	120 000	150 000
Республика сарайы	600 000	800 000	1 000 000
Қуыршақ театр	70 000	140 000	180 000

**2030 жылға қарай** қала аудандары бойынша мәдени кеңістіктер саны теңесетін болады. Ауқымды, жаһандық сипаттағы ғана емес, күнделікті қолдануға бағытталған **жаңа тартылыс орындары** пайда болады. Әр түрлі іс-шараларға арналған заманға сай алаңдар, комьюнити спейс типіндегі кітапханалар және шығармашылық зертханалар жаңа вернакулярлық аудандарды қалыптастыруға бағытталатын болады. Аудан аумағындағы мәдени бағдарламалардың тепе-теңдігі Алматыға тән ішкі маятникті көші-қонның төмендеуіне әсер етеді.

Қала халықаралық ынтымақтастықты нығайтуды жалғастырады. Алматының бауырлас қалалары - Тусон, Ренн, Тегу, Мәскеу, Қазан, Минск, Бішкек, Вильнюс, Стамбул және басқа қалалар. Алматы 2017 жылдан бастап **«Креативті қалалар» желісіне** қосылды және 2030 жылға қарай **ЮНЕСКО Креативті қалалар желісінің кездесуін ұйымдастырушы қала** мәртебесіне ие болады.



Белсенділікті арттыру, іске асырудағы нақты және адамға бағдарланған тәсіл, инфрақұрылымды жаңарту тұрғындардың өмір сүру жайлылығын, мәдени институттар мен пайдаланылмайтын қалалық кеңістіктердің инвестициялық тартымдылығын арттыруға, жаңа «тартылыс орталықтарын» қалыптастыруға мүмкіндік береді. Жалпы, бірегей Алматы мәдени кодына негізделген бірыңғай қалалық мәдени күн тәртібі құрылады. Көпжоспарлы мәдени өмір ірі мегаполистің ажырамас бөлігіне айналады, **Алматы айқын мәдени бейнесі бар қалаға айналатын болады.**

#### **4.6. Дене шынықтыру және спорт қалалықтардың салауатты өмір салтының негізгі құрамдас бөлігі**

Дене шынықтыру және спорт халықтың барлық жас топтарын қамтитын сауықтыру құралы ғана емес, сондай-ақ қала тұрғындарын әлеуметтендірудің тиімді құралына және қоғамдық белсенділік мәдениетін қалыптастырудың міндетті элементіне айналады.

**Белсенді салауатты өмір салты** қоғамның тұрақты дамуының негізі болып саналады, оған **қала тұрғындарының өмір сүру сапасы** мен оның ұзақтығы тікелей байланысты.

Бүгінде алматылықтардың басым бөлігі жетістік үшін емес, өздерінің үйлесімді дамуы үшін спортпен шұғылданады. Мұнда бір жағынан қала мен ел үшін патриотизм мен мақтаныш сезімін тудыратын, екінші жағынан халықты дене шынықтырумен айналысуға итермелейтін спортшыларымыздың жетістіктері маңызды рөл атқарады. Қоғамымыздағы үлкен спорттың танымалдылығы – бұқаралық спортты дамыту үшін қолайлы фактор.

2020 жылғы пандемиядан кейін салауатты өмір салты үрдісі одан да танымал болды. Коронавирус пандемиясы кезінде қорғансыздық танытқандықтан көптеген адамдар спортпен белсенді түрде шұғылданып, салауатты өмір салтына көшті, зиянды әдеттерден және тәуекелшіл мінезден бас тартты. Экологиялық проблемалары бар үлкен қала жағдайында бұл **өмірлік қажеттілікке** айналды, тұрғындарды әлеуметтік әл-ауқат пен жеке денсаулықтың жоғары стандарттарын ұстануға қарай бағыттайды.

Қалада қалыптасқан салауатты өмір салтын ұстану, оның негізгі компоненттері дене шынықтыру және спорт болып табылады, спорт инфрақұрылымын жаңарту және кеңейту, бұқаралық спорт үшін лайықты жағдай жасау, сондай-ақ жеке бастамаларды ынталандыру және қолдау өте маңызды. Бұл жерде халықтың қандай топтары осы процестерге тартылғанын, дене шынықтыру мен спортпен қайда және қалай айналысатынын түсіну және осыны ескере отырып, міндеттерді іске асыру мерзімдері бойынша нақты тұжырымдау маңызды. Бұған кластерлік тәсіл көмектесе алады (23-сурет).

Қаланың негізгі міндеті қала тұрғындарының дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде айналыса отырып, өздерінің дене пішінін сақтай

Әлеуметтік орнықтылық және тұрақтылық алатын ең қолайлы жағдайларды жасау. Сонымен қатар, инфрақұрылымның нақты қолжетімділігі өте маңызды, ол табыс деңгейіне және тұрғылықты жеріне қарамастан, барлық тұрғындардың дене шынықтырумен айналысуға мүмкіндік береді. **Спорттық инфрақұрылымның дамуы** жаңа жұмыс орындарының ашылуына әсер етеді, ал спорттық іс-шаралар үлкен экономикалық маңызы бар және экономиканың аралас секторлары үшін мультипликативті әсерге ие ойын-сауық индустриясын құруға ықпал етеді.

Осы бағыттағы әрекеттердің жетістігі салауатты өмір салты идеологиясының кеңінен танымал болуына байланысты.

23-сурет. Алматыдағы «Салауатты өмір салты» стратегиясы


## АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДАҒЫ «САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫНЫҢ» СТРАТЕГИЯСЫ

### БУҚАРАЛЫҚ СПОРТ

Үйде, саябақта, аулада, мектепте дене шынықтыру - өз бетімен немесе ең аз сыртқы көмекпен.  
2-99 жас. Тегін

**Инфрақұрылым:** балабақшаларға, мектептерге арналған спорт залдары, work out, жүгіру/велосипед тебу/скандинавиялық жүріс бекеттері, саябақтар мен полиорталықтардағы жолдар, аулалардағы спорт алаңдары.

### САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ



**Инфрақұрылым:** спорт мектептері, спорт клубтары, Федерация базалары, кәсіпқой спорт құрылымдары, суперкешендер.

**Инфрақұрылым:** ДШСК, фитнес орталықтары, спорт нысандары, суперкешендер.

### ЖОҒАРЫ ЖЕТІСТІКТІ СПОРТ

Кәсіби дайындық және кәсіби жарыстарға қатысу командалар. Ел мақтанышы және адамдарды шабыттандыру. Ивенттер мен оқиғалық туризм. Барлық кластерлер үшін жаттықтырушылар мен менеджерлерді оқыту  
10-30 жас. Мемлекет есебінен төлеу / федерациялар / клубтар / демеушілер

### ӘУЕСҚОЙ СПОРТ

Белгілі бір спорт түрі бойынша сабақтар/атлетика секцияларда, спорт клубтарында, командалар, қауымдастықтар, лигалар, кәсіпқойлар жетекшілігімен ұйымдастырылған - белгілі бір нәтижелерге қол жеткізумен.  
5-60 жас. Жан басына шаққандағы және отбасын қаржыландыру есебінен төлеу

### НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

1. **Стратегия: кластерлер арасында тепе-теңдікті құру.** Дамыған қалаларсыз бірі бірінсіз болмайды!
2. Анықталған кластерлер бойынша **инфрақұрылымды талдау**  
Талдаудың жалпы **МАҚСАТЫ:**
  - көрсетілген кластерлер бойынша инфрақұрылым қолжетімділігі мен жеткіліктілігін талдау;
  - қолда бар инфрақұрылымды күрделі жөндеу емес, трансформациялау мүмкіндіктерін талдау
  - бар нысандарда көп функциялылық потенциалын талдау. Негізгі көп функциялы болса, соғұрлым ұтымды
  - кластерлер және спорт бойынша ақырғы пайдаланушылар жағынан инфрақұрылымға сұранысты талдау.
  - Әрбір кластерде 2030 жылға дейінгі даму басымдықтарын анықтау;
  - Кластерлер және инфрақұрылым бойынша қаржыландыру ағымдарын анықтау және қоғамға жеткізу.

## Ағымдағы жағдайды талдау

Алматы әрқашан елдегі көптеген бастамалардың тенденциясын белгілеп келеді және спорттық жетістіктері мен спорт нысандарының саны бойынша мойындалған көшбасшы болып қана қоймай, сонымен бірге әлемдегі ең дамыған «салауатты» қалалардың деңгейіне жетуге ұмтылады.

Қалада **спорттың 78 түрі** мақсатты түрде дамып келеді. 15 қалалық спорт ұйымдарында 913 жаттықтырушы мен оқытушының жетекшілігімен 13 мыңнан астам спортшы жаттығады. Спорттың 104 түрі бойынша 93 федерацияда 5175 маман жұмыс істейді және аккредиттелген.

Бүгінгі таңда дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде (аптасына бір рет) шұғылданатын азаматтардың саны, Спорт басқармасының мәліметі бойынша, 34% немесе **660 мың** адамды құрайды. Оның ішінде мектеп бағдарламасына тартылған 305 мың бала мен жасөспірімдер, 90 мыңға жуық студент, 70 мың колледж студенттері, 14 мың спорт мектебінің

Әлеуметтік орнықтылық және тұрақтылық оқушылары, сондай-ақ фитнес клубына жазылу иелері бар. Әйтсе де, бұл әдістеменің дұрыстығы күмәнді, әрі деректер тәуелсіз зерттеулермен ешқашан расталмаған. Тиімді шараларды әзірлеу және қажетті нәтижелерді алу үшін сенімді бағалау әдістерін пайдалана отырып, жаңартылған және тексерілген статистикалық ақпаратты пайдалану өте маңызды. Осылайша, әлемдік тәжірибе бойынша аптасына кемінде **3 рет 2 сағаттан** айналысатындар дене шынықтыру және спортпен тұрақты айналысады деп есептеледі.

Қазақстан мен Орталық Азия өңірлерінің қалаларына келетін болсақ, Алматыда дене шынықтыру мен спортты дамыту үшін елеулі базалық жағдайлар бар.

**2021 жылы** балалар мен жасөспірімдерге арналған пилоттық тегін спорт бағдарламасы іске қосылды, оған бүгінгі таңда **44 мың** адам қатысуда.

Алматы дәстүрлі түрде ел біріншілігінде сенімді түрде көш бастап келеді. Қаланың спортшылары – чемпионаттар мен спартакиадалардың жеңімпаздары – Қазақстанның Олимпиада құрамасының 30 пайызын құрайды.

Ерекше қажеттіліктері бар және мүмкіндігі шектеулі ересектер мен балаларды қолдауға үлкен мән беріледі, олар үшін «Алматы» спорт клубы арнайы жұмыс істейді, мұнда 694 параспортшының қатысуымен спорттың 19 түрі дамуда, сондай-ақ басқа да спорт нысандарында жағдай жасалған.

Сонымен қатар, Алматы қаласында саламатты өмір салтын насихаттау бойынша қабылданып жатқан шараларға және спортпен айналысуға жасалған жағдайларға қарамастан **күш пен ресурстарды қажет ететін шешілуі керек мәселелер бар:**

**1. Дене шынықтырумен және спортпен айналыспайтын азаматтардың үлесі жоғары. Мониторинг және талдау орталығының мәліметінше, олардың 70% дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде айналыспайды немесе психикалық тұрғыда онша айналысқысы келмейді.**

**2. Қала халқының қарқынды өсуі қолданыстағы спорт инфрақұрылым жүктемесін арттыруда. Бүгінгі таңда қалада жалпы ауданы 81 500 шаршы метрге жуық 3,6 мыңға жуық жабық спорт нысандары мен 2,4 мыңнан астам ашық спорт алаңдары болса, әлі де 65 мың шаршы метр жабық спорт алаңдары жетіспейді. Спорт алаңдары және 500-ден астам көше алаңдарын жөндеу қажет;**



**3. Қала аудандарында спорт ғимараттарының біркелкі бөлінбеуі** байқалады, орталық бөлігінде көп шоғырланған және қосылған аудандарда аз қамтамасыз етілген. Алатау, Жетісу, Наурызбай және Түрксіб аудандарында қала халқының 45% тұрады. Бұл ретте осы аудандарда 36% футбол алаңдары (1096-ның 392-сі), 29% бассейндер (140-тың 41-і), 22% қаладағы дене шынықтыру-сауықтыру залдары (493-тің 110-ы) орналасқан.

#### Халықаралық тәжірибе

Әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінде дене шынықтыру-сауықтыру және спорт қызметін дамытуда мемлекет пен қоғамдық және жеке ұйымдардың күш-жігері үйлесімді бірігеді.

**Салауатты өмір салты** (дене шынықтыру және спортпен айналысу) саламатты қоғам мен қуатты мемлекеттің дамуына ықпал ететін қоғамдық әлеуметтік құбылысқа, біріктіруші күшке және ұлттық идеяға айналды.

**1. ДСҰ тұжырымдамасы «Еуропадағы салауатты қалалар»** - салауатты қалалық ортаны дамыту бойынша табысты жұмыстардың бірден-бір дәлелі. Бұл тұжырымдаманың ең маңызды бағыты **«денсаулық пен әл-ауқат деңгейін арттыруға ықпал ететін барлық азаматтар үшін қолжетімді әлеуметтік, физикалық және мәдени ортаны»** құру қажеттілігі болып табылады. Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін қала билігі **қала тұрғындары үшін қолжетімді спорт инфрақұрылымын** қамтамасыз етпей, барлық азаматтардың спортпен, әсіресе ашық ауада айналысуына мүмкіндік бермей, салауатты және белсенді өмір салтын насихаттамай белсенді жұмыс жасай алмайды.

Айта кету керек, **Валенсия, Мадрид, Лиссабон, Цюрих және Вена** сияқты қалалар ДСҰ-ға сәйкес ең сау қалалар рейтингінің алғашқы қатарында, сондай-ақ халықтың жан басына шаққандағы спорттық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілуі бойынша ғана емес, сондай-ақ қала тұрғындарының дене шынықтыру мен спортқа қызығушылық деңгейі бойынша, яғни халықтың салауатты өмір салтына ментальді тартылуы бойынша да көшбасшылар болып табылады.

Мысалы, **Санкт-Петербург** қаласында **8** мыңнан астам спорт объектілері болған жағдайда спорттық-бұқаралық іс-шараларға қатысушылардың саны жылына **1,5** млн. адамнан асады. Алматыда бұл көрсеткіш **250** мың қатысушыны құрайды.

Спортты мемлекеттік қолдау, қоғамға спортқа деген қызығушылық, спорттық іс-шаралар саны, спорттық ғимараттардың болуы сияқты критерийлер бойынша, сондай-ақ **Формула-1 Гран-При**, теннистен **Австралия ашық чемпионаты** сияқты жыл сайынғы ірі іс-шараларды өткізу тәжірибесінің арқасында **Мельбурн** әрқашан әлемдегі ең сау қалалардың қатарында

**Мадрид**, басқалармен қатар, әлемдік деңгейдегі футбол қаласы ретінде танымал. Мадридтегі аты аңызға айналған **Сантьяго Бернабеу** стадионы, онда Корольдік **Реал Мадрид** ойнайды - бұл Испанияның ғана емес, бүкіл әлемнің ең көрнекті спорт нысандарының бірі.

**Бостон-АҚШ**-тың ең танымал спорт қалаларының бірі, **Бостон Брюинс** (6 Стэнли Кубогы) және **Бостон Селтикс** (17 НБА атағы) сияқты командаларға ие, танымал **Бостон марафонын** өткізеді.

**2.** Соңғы бірнеше онжылдықтар көптеген елдерде заманауи спорт нысандарын жаңғырту және салу кезеңіне айналды. Жабық спорт нысандары қазір ірі спорттық жарыстарды өткізуге және кәсіби спортшыларды дайындауға ғана емес, сонымен қатар бұқаралық және балалар спортын дамытуға бағытталған. Мысалы, Қытайдың **Шанхай**, **Чэнду**, **Шэньчжэнь** сияқты дамыған қалаларында қазірдің өзінде орта есеппен әрбір 10 мың адамға б-дан астам стадион, бір адамға спорт алаңы 1,03 шаршы метрден келеді. **Бостонда**, **Торонтода** және **Лос-Анджелесте** салауатты өмір салты культі спорт инфрақұрылымының көптігімен үйлеседі - қоғамдық баскетбол алаңдарынан бастап әрбір ЖОО-дағы, аудандағы немесе округтегі заманауи спорт кешендері. Ал бұл нысандарда спорттық-сауықтыру шараларын ұйымдастырып, өткізу халықтың спортқа деген қызығушылығын арттырып, салауатты өмір салтына қосылуға ықпал етуде.

**3.** Қазіргі заманғы мәдениеттегі іргелі өзгерістерді көрсететін жоғары жетістіктер **спортына деген қызығушылықтың орасан зор өсуі** де жалпы әлемдік үрдіс болып табылады. Ауқымды жарыстар спортты, әсіресе бұқаралық спортты дамытуға үлкен серпін береді және, ең бастысы, елдер арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға ықпал етеді. Спортқа, дене шынықтыруға және салауатты өмір салтына деген жалпыға ортақ қызығушылықтың ең жоғары мәні маңызды спорттық оқиғалар кезінде байқалады, әсіресе егер бұл ел аумағында болса.

Сарапшылардың пікірінше, халықаралық жарыстарды өткізу алдағы он жылда қаланың инфрақұрылымын салуға және одан әрі дамытуға оң әсерін тигізуі мүмкін, сонымен қатар жергілікті халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға және экономиканың өсуіне ықпал етеді. Мұндай инвестициялар мен күрделі салымдар қала ортасының сапалы жаңаруына әкеледі.

Мәселен, итальяндық доломиттердегі шағын **Ортизеи ауылы (Val Gardena)** ұзақ уақыт бойы белгісіз болды және бірте-бірте қурап қалды. 1970 жылы сол жерде тау шаңғысы бойынша әлем чемпионаты өтті, ол аймаққа тыныс беріп, Валь Гардена курорттарының аумағындағы танымалдылығын күрт арттырды.

**Оңтүстік Корея** әлем чемпионатынан кейін салынған инфрақұрылымды және елдегі осы спорт түріне деген қызығушылықты пайдалана отырып, футболды дамытуда серпін жасап, аймақтағы көшбасшылардың біріне айналды және осы елдің ойыншылары әлемдегі ең жақсы футбол клубтары арасында үлкен сұранысқа ие болды.

Ірі спорттық іс-шараларды өткізгеннен кейін қалған мұра айтарлықтай пайда әкеледі. Ауқымды спорттық іс-шараны өткізетін елде сауда көлемі 30%-ға күрт және тұрақты өсуі байқалады. (*М.Шнигель FRB SF, Э.Роуз UC Berkeley 2009*), сонымен қатар қонақ үй бизнесі, көлік және мәдениет салаларында көптеген жұмыс орындарының құрылуымен бірге жүреді. Осылайша, **2014 жылы Бразилияда өткен әлем чемпионаты** кезінде әртүрлі салаларда 1 миллионға жуық жұмыс орны (оның 710 мыңы тұрақты) құрылды.

Жоғары жетістіктер спорты және ірі құрылыстардың құрылысы бұқаралық спортпен тығыз байланысты, ол, әдетте, спорт резервін жеткізуші болып табылады. Осылайша, спортшылардың ірі халықаралық жарыстарда сәтті өнер көрсетуі көбінесе елдегі бұқаралық спорттың дамуына байланысты. **Г.Головкин, Ж.Әлімханұлы және Е.Рыбакинаның** жеңістері тұрақты негізде мыңдаған баланы спортқа алып келеді. Өз кезегінде, Ресейде **мәнерлеп сырғанау** - бұл нағыз халықтық спорт, ал мұздағы жұлдыздардың қатысуымен жасалған теледидарлық жобалар бүкіл ел бойынша миллиондаған көрерменнің назарын аударады

Жалпы, жұлдыздар салауатты өмір салтына баулып, **СӨС-ның амбассадоры** болып, айналасында дені сау, табысты және заманауи адамдар қауымдастығын құруға көмектеседі. Әлемдік тәжірибе жалпы **спорттық әлеуетті дамыту мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі** екенін көрсетіп отыр. Бұл ретте, мектептер мен жоғары оқу орындарында **спорттық іс-шараларға қойылатын талаптарды арттыру**, олардың лигалар мен жарыстарға қатысуын ынталандыру арқылы балалар мен жастардың дене тәрбиесіне ерекше көңіл бөлінеді. **Жоғары жетістікті спортқа жол мектептерден басталып, колледждер мен университеттер арқылы жалғасады.** Мысалы, АҚШ спорт дәстүрлі түрде мықты әлеуметтік көтергіш болды, әсіресе әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан шыққан жастар үшін қолайлы. Ал **Қытайда** дене дайындығы мемлекеттік спорттық нормативтерге сай келетін студенттер **95%-дан** астамды құрайды. **Германияда** спорттық әлеуетті дамытудың басты демеушісі мемлекет болып табылады. Қаржыландыру тек мемлекеттік бюджеттерден тікелей бөлінген қаражат есебінен ғана емес, сонымен қатар **жанама қаржылық қолдау**

Әлеуметтік орнықтылық және тұрақтылық арқылы да жүзеге асырылады: мысалы, коммерциялық емес спорт клубтарын салық жинаудан босату.

**4. Экономикалық дамыған шетелдерде спорт анағұрлым маңызды орын алатын әлемдік экономиканың маңызды секторына айналды. ЕО-да спорт индустриясы көлемі бойынша ауыл шаруашылығының, орман шаруашылығының және балық шаруашылығының ЖІӨ-ге қосқан үлесімен салыстыруға болады. Жаһандық бұқаралық спорт нарығының кірісі 2012 жылы 75 миллиард долларға бағаланды. 2014 жылы ол қазірдің өзінде 145 миллиард долларды құрады. Ал 2020 жылға қарай әлемде спорт саласының жылдық айналымы 750 миллиард доллардан асты. Еуропа мен АҚШ-тың спорт индустриясы ең дамыған деп саналады. Коронавирус COVID-19 пандемия тудырған дағдарысқа дейін Еуропадағы спорт ЕО-ның жалпы ЖІӨ-нің 2,1%-дан астамын құрады. Дамыған елдерде спорттың жалпы ішкі өнімдегі үлесі 3%-ға жетсе, Қазақстанда бұл жалпы ішкі өнімнің (2019 жылға) 0,23%-ын ғана құрайды.**

**5. Әлеуметтік желілердің ресурстары мен мүмкіндіктерін пайдалана отырып, салауатты өмір салтын насихаттау мен заманауи әдістеріне ерекше назар аударылады. Халықтың көпшілігі әлеуметтік желілер мен интернетті пайдаланушылар болғандықтан осы әдістерді спорт индустриясында ілгерілету кезінде дұрыс пайдаланған жағдайда тиімділік максималды болады. Әлеуметтік желілер арқылы дамыту айтарлықтай шығындарды қажет етпейді, бірақ өте тиімді. Криштиану Роналдудың 700 миллион астам(!) оқырманы бар, Леброн Джеймстің 250 миллион, Конор Макгрегор 100 миллионнан астам оқырманы бар. Қазақстандық спортшылардың ішінде Геннадий Головкин ең көп жазылушыға ие - 4,2 миллион. Бұл спортшылар, шын мәнінде, жеке жоғары тиімді бұқаралық ақпарат құралдары, қоғамдық пікірге айтарлықтай әсер ете алатын, миллиондаған адамдарды салауатты өмір салтын ұстануға итермелейтін инфлюэнсерлер.**


Осылайша спортты халықаралық ұйымдар экономикалық дамудың тиімді құралы ретінде мойындап, сонымен бірге жоғары сапалы адами және әлеуметтік капиталды жинақтауға, әлеуметтік мобильділікке және кедейшілікті жоюға ықпал етеді. Мемлекеттің рөлі осы бағытты дамыту үшін ынталандыру және қолайлы жағдай жасау болып табылады. Ауқымды халықаралық спорттық іс-шаралар мен жарыстар қаланы ілгерілетуге және спорт пен туризм индустриясын дамытуға тамаша мүмкіндіктер бере алады. Бұл ретте, олар ағымдағы әлеуметтік-экономикалық жағдаймен тығыз байланыстырылып ұзақ мерзімге жоспарланғанда жақсы әсерге ие болады.

### **Іс-қимыл жоспары**

Салауатты өмір салты азаматтардың одан әрі дамуы үшін жаңа идеологияға және жалпықалалық мәдениетке айналуы тиіс. Халықаралық талаптарға сай көше және спорт инфрақұрылымын жаңғыртуды

Әлеуметтік орнықтылық және тұрақтылық қамтамасыз етуге, бұқаралық және әуесқой спортты қолдауға, қалада халықаралық спорттық жарыстар мен бұқаралық спорттық іс-шараларды өткізуге күш жұмылдырылатын болады.

25-сурет. Алматыдағы спорттық іс-шаралардың саны



Жоғарыда аталған мақсаттарға қол жеткізу үшін келесі жұмыс бағыттары белгіленді:

1. Спорттық инфрақұрылымның жеткілікті мөлшері кез келген қаланың спорттық әлеуетін дәйекті және жан-жақты дамытудың міндетті шарты болып табылады. **Жаяу қашықтықта жаңа дене шынықтыру және спорт нысандарын салу**, сондай-ақ **қолданыстағы спорт инфрақұрылымын** халықаралық стандарттарға сәйкес жабдықтармен жаңғырту және бұл нысандарды ерекше қажеттіліктері бар адамдарға бейімдеу жоспарлануда. Бұл нысандар негізінен қаланың жаңа полиорталықтарында орналасатын болады.

2025 жылдың соңына қарай бюджет қаражаты есебінен инфрақұрылымы ерекше қажеттіліктері бар адамдарға бейімделген **11 дене шынықтыру-сауықтыру кешенін** және жеке инвестициялар есебінен **5 дене шынықтыру-сауықтыру кешенін** салу жоспарлануда. Бұдан әрі 2030 жылға қарай қалада бюджет қаражаты есебінен әрқайсысының ауданы 5 мың шаршы метр болатын жылына кемінде **3 дене шынықтыру-сауықтыру кешені** салынатын болады, бұл қаланың әртүрлі аудандарының тұрғындарын әмбебап спорт инфрақұрылымымен толық қамтуға біртіндеп қол жеткізу үшін қажет.

Алатау ауданында 2025 жылдың соңына қарай Almaty Arena HUB (Мұз аренасы, трек, ашық футбол стадионы) инфрақұрылымын пайдалана отырып, 1 мың көрерменге арналған жеңіл атлетика манежі салынады. 2025 жылдан кейін халықаралық стандарттар бойынша Орталық стадионды 40 мыңға дейін отыратын орынды етіп, сондай-ақ жұмыс істеп тұрған басқа да спорт объектілерін ұлғайта отырып, жаңғырту жүргізіледі.

2. Алматы қаласы үшін балалар мен жастардың физикалық дамуы мәселесі ерекше өзекті болып табылады. Командалық спорт түрлерінен: футбол, баскетбол, волейбол, хоккей және киберспорт түрлері бойынша



5 мектеп және 5 студенттік лиганы құру арқылы **оқушылар және студенттер спортын** дамыту бойынша жұмыс айтарлықтай күшейтілетін болады.

Для детей будут созданы максимальные условия для всестороннего развития. Для этого будут обеспечены доступность объектов культуры и спорта и специальное финансирование.

**3. Кибер және көше спортына** ерекше көңіл бөлінетін болады. Халықаралық деректерге сүйенсек, қалалық спорттың танымалдығы жасөспірімдер арасында өте жылдам өсуде. Қолжетімділік және өзін-өзі көрсету мүмкіндігі аз қамтылған және қолайсыз отбасылардан шыққан жастардың **қалалық спортқа** деген қызығушылығын түсіндіреді. Қала көше және экстремалды спорт қоғамдастықтарының дамуына қолдау көрсетеді. Ол үшін мыналарды **салу жоспарлануда**:

1) 2025 жылдың соңына қарай қаланың саябақ аймақтарында арнайы берік жабыны бар 30 шақырым **жүгіру жолдары**;

2) 2025 жылдың соңына қарай қала бойынша қосымша 60 шақырым және 2030 жылға қарай 125 шақырымға дейін қосымша **веложолдар**;

3) 2023 жылы халықаралық жарыстарды өткізу талаптарына сәйкес келетін **жылжымалы өрмелейтін қабырға мен скейтпарк**;

4) 2025 жылдың соңына қарай 16 стритбол, **стрит воркаут және Open Air фитнес және BMX тректері**.

**4.** Алматының спорт қаласы ретінде тартымды имиджін қалыптастыру мен ілгерілету және оны халықаралық спорт күнтізбелерінде сенімді бекіту мақсатында қала **жыл сайын кемінде 35** халықаралық деңгейдегі ірі спорттық және спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізуді жоспарлап отыр. 2030 жылға қарай мұндай шаралардың саны жылына **40-қа дейін** артады. Рейтингтік спорттық және бұқаралық іс-шаралар экономикалық өсудің тиімді катализаторы ретінде туризмді дамытуда маңызды рөл атқарады.

Алматы 2028 жылғы қысқы Жасөспірімдер Олимпиадасына дейін **SportAccord Asia** спорт және спорт индустриясының ірі өңірлік саммитін, сондай-ақ World Urban Games, World Combat Games, FISE Action Sports Festival World Series, әлемдік сериясы сияқты ауқымды **мультиспорттық іс-шараларды** өткізу орны ретінде ұсынылатын болады.

Сонымен қатар келесі шаралар **тұрақты** өткізілетін болады:

1) **әлем чемпионаттары мен әлем кубоктары** деңгейіндегі спорттық жарыстар (шорт-трек, керлинг, шаңғымен секіру және басқа да спорт түрлері);

2) 60 миллион көрермені бар **Eurosport** тікелей эфирінде көрсетіле отырып, «Алматы туры» UCI демеушілігімен халықаралық көпкүндік **кәсіби веложарыс**.

3) FIBA 3\*3 Asia Zone Qualification/Subzone Quest, жеңіл атлетикадан F.Қосанов мемориалы, үлкен теннистен ATP 500 рейтингтік турнирі сияқты **халықаралық спорттық турнирлер**;

4) шайбалы хоккей, еркін күрес, көркем гимнастика және шахмат, үстел

Әлеуметтік орнықтылық және тұрақтылық теннисі, киберспорт және басқа да спорт түрлерінен халықаралық спорттық жарыстар.

Сондай-ақ, осындай маңызды оқиғалар тұрақты түрде ұйымдастырылады:

1) 20 мыңға дейін қатысушылары бар әлемге әйгілі **Алматы марафоны**;

2) **Young Runner Half Marathon** полумарафоны;

3) **RedBull Soap Race** және **RedBull 400** креативті іс-шаралары;

4) **Irbis Race** экстремальды тау марафоны;

5) Сонымен қатар **Almaty Urban Fest, Alatau Run, Almaty Mountain Sports Games** көпшілік жүгірулер мен веложарыстар.

Бұл іс-шаралардың кейбірі қазірдің өзінде дәстүрлі іс-шаралар - қаланың «визиттік карталары», басқалары жақын арада осындай болады. Бұл ретте жоспарланған бұқаралық спорттық іс-шаралар жаңашылдық пен бірегейлікке бағыттталып, бұқаралық ақпарат құралдарының үлкен аудиториясын қамтып, оқиғалық туризм форматына айналады. Бұдан басқа, **Ұлы дала** ойындары және **Қансонар** сияқты **ұлттық спорт түрлері** бойынша көбірек іс-шаралар өткізілетін болады.

Осының барлығы қала тұрғындары тарапынан дене шынықтыру мен спортқа деген қызығушылықтың еселеп артуына ықпал ететін болады.

**5.** Салауатты өмір салтын және спорт индустриясын белсенді ілгерілету, оның ішінде жеке демеуші инвестицияларды тарту және мемлекеттік-жекеменшік әріптестік бастамаларын қолдау, сонымен бірге спорттық инфрақұрылымды тиімді басқару және спорттық іс-шараларды кәсіби ұйымдастыру ретінде **спорттық маркетингі, телевизия мен стримингі, спорт тауарларын сатуды, спорттық медицинаны, сондай-ақ спорттық медицинаны дамытумен тікелей байланысты болады.** Бұл халықтың спортқа және салауатты өмір салтына деген қызығушылығын арттыруға ғана емес, сондай-ақ перспективті технологиялар мен инновацияларды енгізуге және қолдануға, сондай-ақ **жаңа жұмыс орындарын** құруға ықпал етеді.

**6.** Спорттық білім беруді жүйелеу бағыты бойынша нақты қадамдар жасалатын болады. Спорт және салауатты өмір салты саласына жауап беретін **жаттықтырушылар мен мамандардың** құзыреттілігін арттыру және уәждеу үшін біліктілікті арттыру бойынша жеке бағдарлама әзірленетін болады. **Үздік әлемдік тәжірибелерді**, оның ішінде **шетелдік оқу орталықтары** (Лафборо, Лейпциг, Сидней, Копенгаген университеттері және т.б.) базасында зерделеуге ерекше назар аударылатын болады. Тәжірибе алмасу тәртібімен спорт функционерлерінің халықаралық салалық конференциялардың, форумдар мен кездесулердің жұмысына қатысуы қамтамасыз етілетін болады.

Қаланың бірқатар жетекші жоғары оқу орындарында дене шынықтыру және спорт кафедраларын ашу және салауатты өмір салты коучингі саласындағы (health and wellness coaches, нутрициологтар және т.б.)

Әлеуметтік орнықтылық және тұрақтылық стихиялық және ескерілмеген мамандардың, нұсқаушылардың, тәлімгерлердің және басқалардың құзыретін бағалау және сертификаттау жүйесін енгізу мәселелері қосымша зерделенетін болады.

Спорттық Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру арқылы еріктілер-коучтер мен тәлімгерлерді қолдау жүйесі құрылады, олар азаматтардың бұқаралық спортқа және тұрақты дене белсенділігіне қатысуын көтермелейтін және қолдайтын болады.

Барлық осы іс-шаралар жаттықтырушы мен спорт нұсқаушысы мамандықтарының беделін қайта қалпына келтіреді, сондай-ақ саланың кадрлық әлеуетін күрт арттырады.

Осы жоспарды іске асыру барысында тартылған тұрғындардың санын және өзара байланысты үш кластердің - бұқаралық спорт (дене шынықтыру), әуесқой спорт және жоғары жетістіктер спортының сипаттамаларын анықтау үшін **халықаралық тәжірибені ескере отырып** зерттеу жүргізілетінін атап өткен жөн.

Зерттеу нәтижелері бойынша инфрақұрылымның ағымдағы жай-күйін сипаттайтын және жеке алынған спорт объектісінің мәртебесін көрсететін **интерактивті карта** жасалады (қандай кластерге бағдарланған, жұмыс істейтін, жобада салынып жатқан, инклюзивтілік, санитариялық инфрақұрылыммен (санитариялық тораптармен, себезгі бөлмелерімен, киім шешетін бөлмелермен). Карта мегаполис тұрғындары үшін ыңғайлы навигацияға айналады және болашақта қала аудандарын спорттық инфрақұрылыммен қамтамасыз етуде барынша біркелкілікке қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері бойынша инфрақұрылымның ағымдағы жай-күйін сипаттайтын және спорт объектісінің мәртебесін көрсететін (қандай кластерге бағдарланған, жұмыс істейтін, жобада салынып жатқан, инклюзивтілік, санитариялық инфрақұрылыммен (санитариялық тораптармен, себезгі бөлмелерімен, киім шешетін бөлмелермен) **интерактивті карта** жасалады. Карта мегаполис тұрғындары үшін ыңғайлы навигацияға айналады және болашақта қала аудандарын спорттық инфрақұрылыммен қамтамасыз етуде барынша біркелкілікке қол жеткізуге мүмкіндік береді.

### **Қажетті ресурстар**

Саланы заманауи спорт инфрақұрылымымен қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді қаржыландыру үшін жаңа спорт нысандарын салуға және қолданыстағы инфрақұрылымды жөндеуге жылына шамамен **10 миллиард теңге**, сондай-ақ БЖСМ-нің спорттық құрал-жабдықтарын жаңғыртуға жылына **2 миллиард теңгеге** дейін қажет болады.

Алдын ала есептеулер бойынша халықаралық деңгейдегі спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізуге жылына шамамен **4,2 млрд теңге** көлемінде қаражат қажет.

## Әлеуметтік орнықтылық және тұрақтылық

Осылайша, 2025 жылдың соңына қарай осы бағдарламаны іске асыру үшін мемлекеттік бюджеттен шығыстардың жалпы көлемі **35 млрд. теңгеге** бағаланып отыр. Жеке инвестицияның болжамды көлемі **15 млрд. теңгені** құрайды деп күтілуде, олар негізінен спорттық инфрақұрылымды: спорттық-бұқаралық объектілерді – Фок, мұз айдынын, сондай – ақ көше инфрақұрылымын-жолдарды, алаңдарды және т.б. салуға және жөндеуге және жаңғыртуға бағытталатын болады.

Бұдан әрі **2030 жылға қарай** қажетті бюджет көлемі шамамен **140 млрд** теңге бюджет қаражатын құрайды, оның ішінде Орталық стадионды қайта жаңғыртуға **50 млрд теңге** көлемінде шығындар қарастырылған.

Жыл сайын жаттықтырушылар мен спортшылардың еңбекақысын арттыруға, сондай-ақ біліктілікті арттыру бағдарламаларын қаржыландыруға қосымша қаражат бөлінетін болады.

Салынған қаражат қала тұрғындары үшін қолжетімді спорт инфрақұрылымының болуын қамтамасыз етуге және халықтың барлық топтары үшін дене белсенділігінің әртүрлі түрлерінің жеткілікті санын ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Осылайша, қала тұрғындарын дене шынықтыру және спортпен жүйелі түрде айналысуға тарту үшін қолайлы жағдай жасау.

### Күтілетін нәтижелер:

**1. Жаңа спорт ғимараттары салынады және қолданыстағылары жаңартылады**, негізінен олар жетіспейтін жерлерде ашық спорт және ойын алаңдарының саны ұлғайтылады. Жабық спорт нысандарының санын көбейту 2025 жылдың соңына дейін спорт нысандарының **тапшылығын 70 мың шаршы метрге** азайтады. Осылайша халықты спорттық-сауықтыру инфрақұрылымымен қамтамасыз ету көрсеткіші **1000** адамға шаққанда **75%-ды** құрайтын болады. 2030 жылға қарай тапшылық **100 000 шаршы метрге** қысқарады, ал халықты спорттық инфрақұрылыммен қамтамасыз ету қазірдің өзінде **80%** құрайды. Қалада белсенді уақыт өткізу, дене шынықтыру және спортпен шұғылдану, денсаулықты нығайту үшін кең мүмкіндіктер пайда болады. Осының бәріне, оның ішінде **мемлекеттік-жекешелік** серіктестік үлесін ұлғайту, сондай-ақ **жеке инвестицияларды тарту** есебінен қол жеткізілетін болады;

**2. Салауатты өмір салты және спортпен шұғылдану қалалық әлеуметтік мәдениеттің маңызды элементі** болады. Ал спорттық-бұқаралық іс-шаралар мен халықаралық спорттық іс-шараларға қатысу қала тұрғындарының белсенді демалысының нысаны болады және **«спорт-туристердің»** қосымша легін тартады. Халықты (оның ішінде ерекше қажеттіліктері бар адамдарды) жүйелі дене шынықтырумен және спортпен **қамту деңгейі** 2025 жылдың соңына қарай **40%-ға** және 2030 жылға қарай **50%-ға** дейін өседі. Бұл ретте 2025 жылдың соңына қарай балалар мен

Әлеуметтік орнықтылық және тұрақтылық жастардың **35%-ын**, 2030 жылға қарай **50%-ын** тұрақты дене шынықтырумен және спортпен қамту жоспарлануда.

**3.** Халықаралық жарыстарға қатысушы қала спортшыларының, сондай-ақ ұлттық құрама мүшелерінің саны мен сапалық деңгейі артады. Осының арқасында қала спортшылары жеңіп алған **Олимпиада лицензияларының саны** 2024 және 2026 жылдардағы келесі Олимпиадалық старттарға **30%-ға** артады.

Қалалықтар үшін қолжетімді инфрақұрылыммен қамтамасыз ету және халықтың әртүрлі топтары үшін дене шынықтырудың алуан түрлерін ұйымдастыру қалалықтардың дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде шұғылдануларына қолайлы жағдай туғызады.

Қалалықтар салауатты өмір салтын белсенді ұстануға мүмкіндік алады. Бұл Алматының өңірдегі үздіктердің біріне айналуына және қалалықтардың өмір сапасын арттыру бойынша мақсатты түрде жұмыс жүргізудің табысты үлгісіне айналуына мүмкіндік береді.

Салауатты өмір салтын және спортты насихаттау бойынша жұмыстар азаматтардың әл-ауқатын және медициналық қызмет көрсету сапасын арттыру шараларымен қатар алматылықтардың орташа өмір сүру ұзақтығын **2025 жылы 76,7 жасқа, 2030 жылы 77,8 жасқа** дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

## **V-Мақсат. ЖАСЫЛ АЛМАТЫ**

Экономиканың, халықтың әл-ауқаты мен тұтынуының өсуі адамның қоршаған ортаға теріс әсерін күшейтті. Қаланың тау етегіндегі қазаншұңқырда орналасуы Алматының ахуалын күрделендіре түседі.

Атмосфералық ауаның экологиялық жай-күйі сын-қатер туғызып отыр, оны жақсарту үшін жүйелі шаралар қабылдау қажет.

Алматы қаласының ауа бассейнінің ластану деңгейін ластаушы заттар шығарындыларының қалыптасуына, қаланың табиғи экожүйелерінің орнықтылығын жақсартуға әкелетін себептерді реттеу арқылы төмендетуге болады.

### **5.1. Алматы қаласындағы атмосфералық ауа сапасын жақсарту**

Ауаның ластануының жоғары деңгейі қаланың басты мәселелерінің бірі және қала тұрғындарының да, қала қонақтарының да Алматының өмір сүру сапасын теріс қабылдауының негізгі факторы болып табылады.


Алматы ауасы ластануының негізгі себептері - қалада нашар отынмен жұмыс істейтін ескі автомобильдер үлесінің көптігі, жылу электр станциялары (ЖЭО-2,3), Алматы қаласы мен Алматы агломерациясындағы газдандырылмаған үйлер мен саяжайлар, ірі өндірістік кәсіпорындар, сондай-ақ ауаның қозғалысына кедергі келтіретін құрылыстар.

#### **Ағымдағы жағдайды талдау**

«Қазгидромет» РМК мәліметтері бойынша соңғы 5 жылда (2017-2021 ж.ж.) ауаның ластануының тұрақты жоғары деңгейі Нұр-Сұлтан, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Өскемен, Қарағанды, Балқаш, Теміртау, Шымкент қалаларында байқалуда.

Алматы қаласының ауасының ластану деңгейі соңғы жылдары біршама **тұрақтанды**, бірақ әлі де жоғары болып тұр. Атмосфераның ластану индексі 2020 және 2021 жылдары 7-ні құрады (26-сурет).

*26-сурет. ҚР басқа қалаларымен салыстырғанда Алматы ауасының ластану индексі*



Ауаның ластануының денсаулық пен көңіл-күйге әсері бөлшектердің химиялық құрамына, шығу тегіне, өлшеміне және тығыздығына байланысты әртүрлі болуы мүмкін. Табиғаты бойынша бұл аздап тітіркендіргіш әсер де, өткір токсикалық улану да болуы мүмкін.

Ең қауіптілері – тыныс алу жолдарына оңай енетін өлшемі 10 мкм (PM10) және өкпеге терең енетін 2,5 микроннан (PM2.5) аз шаң бөлшектері.

Бүгінгі күні PM2.5 ұсақ шаңның орташа тәуліктік мөлшерінің нормасы 35 мкг/м<sup>3</sup> жоғары емес мөлшерде белгіленген. Сонымен қатар, Алматыда бұл көрсеткіш жыл сайын өсіп келеді, соңғы үш жылда бұл көрсеткіш 20%-ға өсіп, 36 мкг/м<sup>3</sup> құрады.

Жылыту кезеңінде қолайсыз ауа-райы жағдайында ең жоғары бір реттік концентрациялар (160 мкг/м<sup>3</sup>) 6 есеге дейін (қаңтар – 1008 мкг/м<sup>3</sup>) асады. Артық азот диоксиді (NO<sub>2</sub>) (максималды бір реттік – 200 мкг/м<sup>3</sup>) – 4,2 есеге дейін (844 мкг/м<sup>3</sup>).

Халықты ауа сапасы туралы нақты режимде хабардар ету үшін 45 датчик қаланың 49 LED экранына ақпарат жібереді.

Жасыл қорды одан әрі тұрақты сақтау мен дамыту және су ресурстарын ұтымды пайдалану үшін жүйелі шаралар қабылдануда. Жасыл кеңістіктер автомобиль жолдары бойындағы шаңды басу, шуды азайту, микроклиматты жақсарту, ауа алмасуды жақсарту процесіне қатысады.

Қаланың атмосфералық ауасы көліктерден, энергетикалық кәсіпорындардан және басқа да өнеркәсіптік объектілерден (жиһаз, ағаш өңдеу өнеркәсібі, цемент өндірісі, пластмасса бұйымдары, резеңке өңдеу, бояу цехтары, техникалық қызмет көрсету станциялары, шиналарды арматура және т.б.) және жеке сектордың жылу құрылғыларының шығарындыларымен ластанады.

2021 жылы ластаушы заттар шығарындыларының жалпы көлемі шамамен 127 мың тонна/жыл құрады, оның ішінде: 70 мың тонна – көліктерден, 46 мың тонна – стационарлық көздерден (оның 36 мыңы ЖЭО-2); 11 мың тоннаға жуық жеке сектордан (газдандырылған жеке тұрғын

үйлерден (134 мыңнан астам үй) шығарындылар – 10,3 мың тонна, қатты отынды пайдаланатын жеке тұрғын үйлерден және саяжайлардан (3241 бірлік) шығарындылар – 867 тонна).

**1. Автокөліктердің шығарындылары** ауаның ластану деңгейіне кері әсер етеді. 2022 жылғы мамыр айындағы жағдай бойынша қалада 548 мың бірлік автокөлік құралдары (*3-қосымша*) тіркеуде. Сонымен бірге қалаға күн сайын қала маңынан және өзге өңірлерден 230 мыңнан астам автокөлік кіреді.

Сонымен қатар, автомобильдер паркін жаңарту қарқынының өсуі, 0-3 Еуро санатындағы автомобильдерді пайдаланудан шығару, электромобильдер санының көбеюі, шағын көлік құралдарын (электровелосипедтер, электромопедтер, электросамокаттар) пайдалануды жандандыру байқалады.

Автокөліктердің шығарындыларының теріс әсерін азайту үшін уыттылық пен түтін нормаларын бақылау күшейтілді. 2021 жылы Алматыда қаланың кіреберістеріне 19 стационарлық экологиялық посттар орнатылып, 3 жылжымалы экологиялық пост, 1 жылжымалы экологиялық зертхана сатып алынды. Экопосттардың жұмысын талдауда тексерілген автокөліктердің 20%-ға жуығы белгіленген нормативтерге сәйкес келмейтін пайдаланылған газдардағы ластаушы заттардың құрамын көрсетті (2022 жылдың 7 айында тексерілген 126,3 мың автокөліктің 24,3 мың бірлігінде артық мөлшері анықталды).

**2. Атмосфералық ауаға ластаушы заттардың шығарындыларының ең елеулі стационарлық көзі – 2-ЖЭО**, мұндағы негізгі отын – күлділігі 42%-ға дейінгі Екібастұз көмірі. 2021 жылы бұл кәсіпорын 38 мың тоннадан астам ластаушы заттарды шығарды, бұл ластаудың барлық стационарлық көздерінен шығарындылар көлемінен асып түседі. Алматы облысы Өтеген батыр елді мекенінде солтүстік бағытта қалаға жақын орналасқан «АлЭС» АҚ 3-ЖЭО негізгі отыны да күлділігі 39-41% көмір және мазут болып табылады, ауаға жылына 12,2 мың т/жыл шығарды.

2-ЖЭО және 3-ЖЭО-ның қоршаған ортаға әсерін барынша азайту мақсатында «СамұрықЭнерго» АҚ оларды табиғи газға көшіру үшін қажетті құжаттаманы әзірлеуде.

**3. Алматыда жеке тұрғын үй секторын газдандыру деңгейі 99,2%-ға жетті**, 1 054 үй газ желілеріне қосылмаған, оның ішінде 584 үйді қосу мүмкіндігі бар (оның ішінде халықтың әлеуметтік осал топтарының 152 үйі (ХӨОТ), 470 үйдің магистральдық желілерінің болмауына байланысты қолжетімді емес.

Сонымен қатар, Алматы агломерациясы әуе бассейнінің ластануының жоғары деңгейін қалыптастыруға үлкен әсер етеді, онда магистральдық газ құбырының болмауына байланысты 82 мыңға жуық үй газдандырылмаған.<sup>67</sup>

<sup>67</sup> Толық ақпарат алу үшін 1.3.бөлімді қараңыз «ТКШ-дағы қызмет сапасын арттыру»



### Халықаралық тәжірибие

